



“Мәдени мұра”

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды

Астана

2011

«МӨДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Әшімбаев Мәулен, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбаев Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхаммадиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шаймерденов Ербол
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Қазақ
мақал-мәтелдері
(Қытай қазақтарының
мақал-мәтелдері)*



УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Б 12

*Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Күзембаева С.А.,
Әлібеков Т., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Н. Ақыш, Т. Әлібеков (*жауапты редактор*), С. Қасқабасов, С. Қорабай

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Т. Әкімова (*жауапты шығарушы*), А. Оралбек, Қ. Орынғали

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2011.
Т. 67: Қазақ мақал-мәтелдері (Қытай қазақтарының мақал-
мәтелдері). — 464 бет.

ISBN 978-601-292-228-8

«Бабалар сөзі» сериясының 67-томына Қытай қазақтарының мақал-
мәтелдері енді.

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-292-228-8 (т. 67)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2011
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2011

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша орындалып жатқан «Бабалар сөзі» атты жүз томдық қазақ фольклорының ғылыми басылымы сериясын тұңғыш рет дайындап, жариялау жұмысын жалғастырады. Атап айтқанда, топтама бойынша бүгінге дейін хикаялық дастандардың — он үш, діни дастандардың — жеті, ғашықтық дастандардың — он бір, тарихи жырлардың — он бір, батырлар жырының — жиырма, жұмбақтардың — бір, мақал-мәтелдердің — екі томы баспаға ұсынылды.

Ұлттық фольклорымыздың көркем де маңызды саласы — мақал-мәтелдер болып саналады. «Бабалар сөзі» сериясының биылғы жылы жоспарланған бірнеше томы осы жанрға арналып отыр. Нақты айтқанда, мақал-мәтелдердің беташар 65-томы Қазақстанда 1935 жылдан бері белгілі ақын Ө.Тұрманжанов жинап, жариялаған «Қазақ мақал-мәтелдері» атты жинақ бойынша дайындалды. Серияның 66-томы көне түркі заманының Білге қаған, Тонкөк, Күлтегін жазба ескерткіштеріндегі және ортағасырлық түркі ғұламалары: Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари т.б. еңбектеріндегі мақал-мәтелге айналған даналық сөздерді теріп, жеке жинақ етіп бастырған ғалым Ә.Құрышжановтың «Сөз атасы» жинағы, сондай-ақ XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ ағартушылары: М.Қ.Бабажанов, Ш.Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, М.Ешмұхамедов, М.А.Ысқақбаласы, А.Баржақсыбаласының және орыс халқының педагог-ағартушы, зерттеушілері: В.В.Катаринский, Н.Н.Пантусов, А.В.Васильевтің т.б. жинап, мерзімді баспасөзде, түрлі жинақтарда жарияланған

халық туындылары негізінде берілді. Ал оқырманға ұсынылып отырған кезекті 67-томға — Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтар арасынан жиналған және сонда жарық көрген мақал-мәтелдер үлгілері топтастырылған.

Тәуелсіз Қазақстанның шығыстағы көршісі — Қытай елінде бүгінгі таңда бір жарым миллиондай қандастарымыз тұрады. Бұлар да Қазақстанның тәуелсіздік алуына еңбек сіңірген біртұтас қазақ ұлтының азаматтары. Олардың ұлттық өркендеуі, тарихы мен мәдениетін қастерлеуі кейбір мәселелерде бізге де үлгі боларлықтай жағдайда. Сырттағы бауырларымыздың ата дәстүрін, әдет-ғұрпын биік дәрежеде сақтап келуі — ана тілінде білім алып, тұрмыста қазақша сөйлесуінің арқасында жүзеге асырылып отыр. Қазақтың халық әдебиетінің кейбір үздік үлгілері осы өлкеде жасалып, біздің заманымызға жетті. Ресми деректер бойынша Қытайдағы диаспора өкілдерінде жиналып, жүйеленген халықтық мұраларымыздың жалпы көлемі 10 томнан, ал мақал-мәтелдер үлгілері 5000-нан асатыны айтылады. Осындай рухани қазынаны ғылыми тұрғыдан игеріп, егеменді елімізде жарыққа шығару ісі — «Мәдени мұра» бағдарламасының басты қағидаларының бірі. Жалпы, бұл Қытай қазақтарына ғана емес, дүниежүзінің барлық түпкірінде: Түркия мен Иранда, Ресей мен Түркіменстанда, Өзбекстан мен Моңғолияда т.б. елдерде тұратын күллі қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне жасалатын болашағы зор рухани елшілдік өнеге. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының ІІ құрылтайында сөйлеген сөзінде «Тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны ата жұртқа және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа», — деп атап көрсеткен.

Осы жылдар ішінде «Бабалар сөзі» сериясының он томы (23-32-томдар) «Қытайдағы қазақ фольклоры» деген аталыммен («Хикаялық дастандар» — 23,24-томдар; «Ғашықтық дастандар» — 25,26,27-томдар; «Тарихи жырлар» — 28,29,30-томдар; «Хикаялық дастандар» — 31-том; «Шежірелік дастандар» — 32-том) дайындалып жарыққа шықты. Олар-

ды баспаға әзірлеуде жазушы, ҚХР-ның Фольклор зерттеу қоғамының мүшесі, профессор О.Егеубаевтің еңбегін ерекше бағалаймыз.

2010 жылы серияны әзірлеушілер көрші елдегі қазақ мәдениеті тақырыбына қайта оралып, олар қолданылатын мақал-мәтелдердің ғылыми басылымын дайындады. Ол «Қытай қазақтарының мақал-мәтелдері» деген атаумен, алдыңғы томдардағы «Қытайдағы қазақ фольклоры» аталымының заңды жалғасы ретінде іске асырылып отыр. Томдағы материалдардың ғылыми ерекшелігі — оның негізгі мәтіндері ҚХР-ның аумағында тұратын тұрғылықты қазақ халқының өкілдерінен жазылып алынған, жергілікті баспаларында шыққан басылымдары бойынша жариялануы. Олардың ішіндегі ең маңыздысы — «Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі» деген атпен 2009 жылы Үрімжі қаласында 2000 данамен жарық көрген жаңа басылымы. Томның материалдары осы кітап бойынша жасалды, ол туралы басылымның соңында жазылған «Түсініктеме» бөлімінде айтылады.

Ескертетін жағдай — мәтіндер Қытай қазақтары ғана иеленетін мұралар емес, барша ұлтымыздың қазынасы. Олар Шыңжанның, Анатолиның, Байөлкенің, сондай-ақ Ресейдің Астрахань және Омбы өңірлерінде қолданылып жүрген мақал-мәтелдер үлгілері. Оларда қазаққа ортақ дүниетаным мен ұлттық болмыс бейнеленген, екінші жағынан, мәтіндері өздерінің әліпбиінде жазылып, жарияланған. Сондықтан томда берілген мақал-мәтелдердің түпнұсқалары мұсылман халықтарының дәстүрлі әліпбиі — араб қарпінде басылған. Басылымды дайындау барысында оларды біздің қазіргі ресми әліпбиге (кирилшеге) түсіру жұмысы жасалды.

Қазақ мақал-мәтелдерінің аймақтық белгілері Қазақстанның оңтүстік өңірі және Өзбекстанның Ташкент, Сырдария, Арал аумағындағы үлгілерін жинап бастырған фольклортанушы Қ.Саттаровтың «Ақылдың көзі» атты фольклорлық жинағында алғаш рет көрініс тапқан еді. Бұл басылым сол дәстүрдің өзіндік жалғасы іспетті.

Топтаманың принциптеріне сай беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етілген. Томның ғылыми қосымшаларын томға енген мәтіндерге түсініктеме,

сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни атаулардың түсініктері, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіні құрайды.

Томның жалпы көлемі — 29 б.т.



МƏТИНДЕР



А

1. Ағайын — ащы,
Мал — тұщы.
2. Ағайын бірі өлімде, бірі тіріде керек.
3. Ағайынды алтау болса, адам тимейді,
Тұра жүрсең, лебізің күймейді.
4. Аға алғанша, жеңге жегенше.
5. Аға болсаң, ақыл айт,
Ақыл айтсаң, мақұл айт.
6. Аға бордан, іні зордан.
7. Ағайын — ағайынның айнасы.
8. Ағайынның азары болса да, безері болмайды.
9. Ағайынның жақын болуы қатыннан,
Алыс жердің жақын болуы атыңнан.
10. Ағайынның қадірін
Қаралы боп байқадым.
Ата-ананың қадірін
Балалы боп байқадым.

11. Ағайынның моншағын
Күндіз ұрлап, түнде тақ.
12. Ағайынның ұрысы — торқаның жыртысы.
13. Ағайын тату болса, ат көп,
Абысын тату болса, ас көп.
14. Ағайын, туыстың қызығы — алыс-беріс.
Құдалықтың қызығы — барыс-келіс.
15. Ағайынды жатқа сатқан жаман,
Биесін атқа сатқан жаман.
16. Ағайынды үшеудің
Қолқа, бауыр, жаны бар.
Ағайынды екеудің
Өкпе, бауыр, жалы бар,
Жалғыздың шығар-шықпас жаны бар.
17. Ағайын жазаға қиса да, өлімге қимайды.
18. Ағайын жақсы деме, түйіп кетеді.
Ағаштан құман қойма, күйіп кетеді.
19. Ағайын жақында болса, тістескен,
Алыста болса, кісінескен.
20. Ағайын көңіл қалдырса,
Алыстан жақын іздейсің.
21. Ағайын малы ауысса,
Ауылына айдап қой.
Айдауға қолың тимесе,
Ауылыңа байлап қой.
22. Аға өлсе, іні мұра,
Ат өлсе, сауыр мұра.

23. Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.
24. Ағаш бесікке түскен
Жер бесікке де түседі.
25. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін үйрен.
26. Ағаш еккеннің аты қалар.
27. Ағайыным барда, дұшпаным жоқ деме.
Абысыным барда, күндесім жоқ деме.
28. Ағайының есейіп жау болады,
Жауың кәртеіп дос болады.
29. Ағалағаннан аялаған артық.
30. Ағаның ініні жеңгені —
Еңкейіп үйге кіргені.
Інінің ағаны жеңгені —
Қайырылып сәлем бергені.
31. Ағаңның үйі — ақ жайлау.
32. Аға өлсе, жеңге мұра.
33. Ағашты желім қосады,
Ағайынды келін қосады.
34. Ағаштың жақсысы — шынар,
Адамның өңсізі — шыбар.
35. Ағаштың қисығы тезге түседі,
Жігіттің қисығы көзге түседі.
36. Ағаштың тоны — қабығы,
Құстың тоны — мамығы.

37. Ағаштың тірегі — тамырын терең тартқаны.
Адамның тірегі — достарын тең тапқаны.
38. Ағаш ұстаған жерінен сынбайды.
39. Ағашы аласа болса да, алмасы тамаша.
40. Ағаш мықтысы дауылда сыналады,
Адам мықтысы ауырда сыналады.
41. Ағаш он жылда, адам жүз жылда жетіледі.
42. Ағаш та бір жерде көгереді.
43. Ағаш тамырдан өседі,
Ақыл сабырдан өседі.
44. Ағаштан ат мінбе,
Жаманнан дат ілме.
45. Ағаштан құман болмас,
Алаштан туған болмас.
46. Ағаштан оқтық та, боқтық та шығады.
47. Ағаш түзу болса, көлеңкесі қисық болмайды.
48. Ағашты балта бұзады, үстірік түзейді.
49. Адалдыққа қаталдық жағады.
50. Адалдық ойласаң, бал жұтасың,
Арамдық ойласаң, қан жұтасың.
51. Адалдықтың адымы алты құлаш,
Арамдықтың адымы жарты құлаш.
52. Адалдың арқаны үзілмейді,
Қара су сүзілмейді.

53. Адал еңбек аздырмас,
Арамдық бойды жаздырмас.
54. Адал келін ұлға серік,
Арам келін сұмға серік.
55. Адал тірлік етпесең,
Ұрлық етіп ас жейсің.
Ұрлық етіп ас жесең,
Бара-бара тас жейсің.
56. Адам — адамға қонақ,
Жан — денеге қонақ.
57. Адам аласынан сөз аласы жаман.
58. Ағын суда арам жоқ.
59. Ағын су бал татыр,
Ақ шабағы май татыр.
60. Адал адамның аты арып, тоны тозбас.
61. Адал ақынның ауызы бал,
Арамза ақынның ауызы дал.
62. Адалбақан ашасыз болмас.
63. Адал болсаң, ант ішпе!
64. Адал болсаң, арада боласың,
Арам болсаң, далада қаласың.
65. Адалдан тапқаның өміріңе жетеді,
Алдап тапқаның селге кетеді.
66. Адам болатын бала алысқа қарайды.
67. Адам болатын жігіт —
Өуелі өз намысын билейді.

- Сонан соң ауылын билейді,
Сонан соң аймағын билейді.
68. Адам болсаң, адамға табынба,
Итке құйрық болып тағылма.
69. Адам болсаң, ақылыңа сүйен,
Ақымақ болсаң, сақалыңа сүйен.
70. Адам болып жүргенің адамдықта,
Тонды тастап қашарсың жамандықта.
71. Адам болып туған соң, адамша өлу керек.
72. Адам бір терінің ішінде толады да, солады.
73. Адамгершілік опалыққа тұрақтайды.
74. Адамға ыстық туған топырақ қана,
Отанның қадірін білген адам ғана.
75. Адам аласынан сөз аласы жаман,
От шаласынан сөз шаласы жаман.
76. Адам аласы ішінде,
Мал аласы сыртында.
77. Адам әдет етеді,
Әдет түпке жетеді.
78. Адам баласы әдемі киімімен жақсы болмайды,
Әдепті, біліммен жақсы болады.
79. Адам бермейді емес, сұрауы жетпейді.
80. Адам биік болса да, заң астында,
Тау биік болса да, тау астында.
81. Адам болар баланы толықпаған жас деме,
Жамандығын көргенше, жолдасыңды қас деме.

82. Адамды заман билейді.
83. Адамдықтан үлкен ат жоқ,
Наннан үлкен ас жоқ.
84. Адамдықтың белгісі — иіліп сәлем бергені.
Шын достықтың белгісі — көп кешікпей келгені.
85. Адамды ой арытар,
Атты той арытар.
86. Адамды сыбыс аздырар,
Атты мініс аздырар.
87. Адам жасында тойшыл, қартайғанда ойшыл.
88. Адам жұтамай, мал жұтамайды.
89. Адам деген ардақты ат.
90. Адам деген ат адамға лайық.
91. Адам демек — ақиқат демек.
92. Адам денесінде қолдан басқа арам жоқ.
93. Адамды азық арытады,
Атты қазық арытады.
94. Адамды арман қосады,
Алшақты дәрмен қосады.
95. Адамды асырасаң,
Аузы-мұрның қан болар.
Айуан асырасаң,
Аузы-мұрның май болар.
96. Адамды екі нәрсе қартайтпайды:
Бірі — жақсы мінез, бірі — жақсы сөз.

97. Адамды жынды десе,
Күнінде бір жапырақ еті жынды болады.
98. Адамнан адамның парқы бар,
Ол тек білімінен жарқырар.
99. Адамнан алған түйеден,
Алладан алған ешкі артық.
100. Адамның аяғы жерді шарласа,
Қиялы көкті шарлайды.
101. Адамның балалық шағы — патшаның тағы.
102. Адамның бір жақсысы көзінен,
Бір жаманы сөзінен білінеді.
103. Адамның жамандығы — надандығы,
Аттың жамандығы — шабандығы.
104. Адамның жаманы болмайды,
Тартып сыр тартсаң,
Аттың жаманы болмайды,
Асырап бабын тапсаң.
105. Адамның жүрген жері — абат.
106. Адам жүрген жермен адам жүреді,
Біреу білмегенді біреу біледі.
107. Адам жылқы мінезді.
108. Адам кейде көл, кейде шөл.
109. Адам кейінгіні көріп қартаяды.
110. Адам көңілден азады, тілден жазады.
111. Адам көркі — шүберек,
Ағаш көркі — жапырақ.

112. Адам көркі ішінде.
113. Адам қатесіз болмас,
Көл бақасыз болмас.
114. Адам құлақтан азады, қөңілден семіреді.
115. Адамнан адамның артығы — ақыл мен білімде.
116. Адамның тіршілік шөлмегі шағылмайынша,
Тіршілік шарабы төгілмейді.
117. Адам ойға тоймас,
Бөрі қойға тоймас.
118. Адам өз қалпынан асқан күні —
Пәлекеттің басқан күні.
119. Адам өлген күні өлмейді,
Ұмыт болған күні өледі.
120. Адам өмірі — арпалыс.
121. Адам өміріндегі аяулы жемісі — абыройлы аты.
122. Адам сөзбен татиды,
Тамақ тұзбен татиды.
123. Адам сөзінен жазады,
Сиыр мүйізінен жазады.
124. Адам сөйлескенше,
Жылқы кісінескенше.
125. Адамның жүрген жері — Гүлстан.
126. Адамның көзі алдында, міні артында.
127. Адамның күні адаммен.

128. Адамның мәні сөзінен,
Астың дәмі тұзынан.
129. Адамның оң беті ішінде.
130. Адамның өсуінен,
Арқанның есуінен.
131. Адамның соры — көрінбейтін көлеңке.
132. Адамның тізгіні — ақыл.
133. Адам тағдыры — тәрбиеден.
134. Адам тастай берік, көлдей нәзік.
135. Адам туа білмейді, қуа біледі.
136. Адам туа жаман емес, жүре жаман.
137. Адам ұйымшыл, мал үйіршіл.
138. Аласқанда жұлдыз айдай,
Қарын ашқанда көже майдай.
139. Аласқан қаңғи береді,
Ұйқышыл қалғи береді,
Ақылсыз кәрі алжи береді.
140. Аласқанның алды — жар, арты — соқпақ.
141. Аласқанның алды — жөн, арты — соқпақ.
142. Аласқанның алды — оң.
143. Аласқанның артындағысы біледі,
Жаңылғанның жанындағысы біледі.
144. Аласқанның міні жоқ,
Қайтып үйірін тапқан соң.

- Ашылғанның шамы жоқ,
Өзін-өзі жапқан соң.
145. Адаспайым деген адам
Тал түсте адасады.
146. Адассаң, аймағыңмен.
147. Адассаң, елмен адас.
148. Адыраңбай жеңілгенін де, жеңгенін де білмейді.
149. Адырында арқар көп,
Адамында дарқан көп.
150. Ажалды киіктің аяғы тыныш жатпайды.
151. Ажалды қарға бүркітпен ойнайды.
152. Ажалды өле ме, ауру өле ме?
153. Ажалды тышқан аш мысыққа тап болар.
154. Ажал емнен, ашу кеңнен қашады.
155. Ажал емшіден қашар,
Ашу мінезден қашар.
156. Ажал жұтымнан,
Жан күтімнен қашады.
157. Ажал қиуадан келіп,
Қимасыңды алады.
158. Ажал қойса да, жас қоймайды.
159. Ажал тау сыртында емес, ту сыртыңда.
160. Ажал төрелеп келсе, кәріге,
Төтелеп келсе, жасқа келеді.

161. Ажал ажарына да қарамайды,
Базарына да қарамайды.
162. Ажал ақылдының алдында бас иеді,
Ақылсыздың басына тас үйеді.
163. Ажал ақымақ үшін алтау,
Ақылды үшін біреу.
164. Ажал ақымға тоқтайды,
Тіл алғыш мақұлға тоқтайды,
Ашу ақылға тоқтайды.
165. Ажалды ана жеңеді,
Ана жеңбесе, бала жеңеді.
166. Ажалды киік адырға қашады.
167. Ажалы жеткен ауырмай өледі.
168. Ажарлы мал базарлы.
169. Ажарына қарай атын ал,
Базарына қарай затын ал.
170. Ажығұнықты ары құла десең, бері құлайды.
171. Аз ас, көп ниет.
172. Аз асқа жасауыл болма,
Көп асқа бөгеуіл болма.
173. Аз ассаң, аз пысады,
Көп ассаң, көп пысады.
174. Аз болса да мәз болсын.
175. Аз ешкінің көсемі көп,
Аз ауылының шешені көп.

176. Аз ғана асым,
Даусыз басым.
177. Азға қанағат,
Көпке шүкір.
178. Азған денеге ауру үйір.
179. Азамат ердің ішінде ат басындай шер өсер.
180. Азансыз молла болса да,
Қазансыз қатын болмайды.
181. Азаныңа келмеймін,
Қазаныңа келемін.
182. Аз қойда айран бар да, өре жоқ.
183. Аз тапсаң да, алал тап.
184. Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
185. Азығы жоқ ит — бөрі болар.
Азығы жоқ жігіт — ұры болар.
186. Азығымен жер мүсінді,
Еңбегімен ер мүсінді.
187. Азығың, наның көп болса,
Ағаштың түбі бейістей.
Бір тістем наның жоқ болса,
Шаттықтың өзі кейістей.
188. Азынаған айғырдың үйірін көр,
Менменсіген жігіттің үйін көр.
189. Азған жанға жын жолдас.

190. Азғын заман кезіксе,
Ер басынан күн кетер.
Шайтан патша билесе,
Қауымы елді жын етер.
191. Аз да болса, саз болсын.
192. Аз да бітер, көп те бітер,
Татулыққа не жетер.
193. Азды аяған көптен құр қалар.
194. Азды көпке қосқанның арманы жоқ.
195. Аздың азаншысы болғанша,
Көптің қазаншысы бол.
196. Аздың алтыны болғанша,
Көптің көмірі бол.
197. Аздың атасы бір,
Көптің батасы бір.
198. Аз жеген көп жер,
Көп жеген несін жер.
199. Аз қайғыны ас басады,
Көп қайғыны дос басады.
200. Ай артынан ай туады,
Атқа мінсе, жеткізбес.
Жыл артынан жыл туады,
Желге мінсе, жеткізбес.
201. Ай астында жаңа жоқ.
202. Ай бетінде де сепкіл бар.
203. Ай-айдың оты басқа.

204. Айда бол, ас ішкенде пайда бол.
205. Айдағаның бес ешкі,
Бісқырығың жер жарар.
206. Айдаһар асқынса, айға ұмтылар,
Ақымақ асқынса, анасына ұмтылар.
207. Айдаһардың аузынан қалсаң,
Жыланның шаққанына қуанарсың.
208. Айдалада атқан оқ,
Ажалдыға тиеді.
209. Айдалада қалғанға да қайырым етеді.
210. Айдап салдан аз өлер,
Көре салдан көп өлер.
211. Ай деген немене?
Ат басын бұрғанша.
Жыл деген немене?
Жылқы аунап тұрғанша.
212. Ай десе — аузы,
Күн десе — көзі.
213. Айдың басынан қорықпа,
Бесінен қорық.
214. Айбынды салтын ел бұзбас,
Адамдық антын ер бұзбас.
215. Айға бойымыз жетсе,
Күнге қолымыз жетеді.
216. Айға жетпес асыңды
Ауылдастан аяма.

217. Айғырды аладан салсаң,
Атты аладан мінесің.
Айғырды құладан салсаң,
Атты құладан мінесің.
218. Айғырды неден салсаң,
Атты содан мінесің.
219. Айғыр жалынды болса — айғыр,
Жалынсыз болса — азбан.
220. Айғыр қойсаң, үндіден қой,
Қошқар қойсаң, жүндіден қой.
221. Айғыр өлсе, сәуірік мұра,
Аға өлсе, қайны мұра.
222. Айғыр-үйірлі жылқыдан
Сарытабан ат артық.
223. Айғырыңа биең сай,
Артқаныңа түйең сай.
224. Ай қораланса, арысыңды сайла,
Көктемде қонысыңды сайла.
225. Айла — алтау, ақыл — жетеу.
226. Айлалы батыр алдырмас.
227. Айлалы түлкі алдырмас.
228. Айламен арыстан ұстаған,
Күшпен тышқан ұстай алмайды.
229. Айлас қатын — мұңдас.
230. Ай менен ай шамалас.

231. Ай мінбей, атыңды мақтама,
Жыл тұрмай, қатыныңды мақтама.
232. Айналдырған ауру алмай қоймайды.
233. Айдың он бесі жарық, он бесі қараңғы.
234. Айдың шалқалап туғаны,
Боран-шашынның болғаны.
235. Ай жарқырап, Күн болмас,
Өтірік жарқырап, шын болмас.
236. Ай жарығы әлемге,
Шам жарығы түбіне.
237. Ай жарық, қоян арық.
238. Ай жүрсең де, аман жүр.
239. Ай көрмесе, ағайын жат,
Жыл көрмесе, жегжат жат.
240. Ай көріп, Күн ал.
241. Ай қамын алты рет ойласаң,
Жыл қамын он рет ойла.
242. Айтқаны өтіп, айтқаны жетіп.
243. Айтқызған жаманның ісі,
Қамшылатқан шабанның ісі.
244. Айтқызып істеген адамда қасиет жоқ.
245. Ай — толғанның белгісі,
Жігіт — болғанның белгісі.
246. Ай — толғанын білмес,
Жігіт — болғанын білмес.

247. Айтпайын десем,
Ақым кетіп барады.
Айтсам, ағайынның көңілі қалады.
248. Айтпаса, жүректен кетеді,
Тартпаса, білектен кетеді.
249. Айтпас жерде аузыңды жап.
250. Айтпас жерде аузыңды тый,
Қышынбас жерде қолыңды тый.
251. Айналыш та болса жол жақсы,
Ақсақ та болса қыз жақсы.
252. Айран ас болмас,
Надан бас болмас.
253. Айран ұйытса, іріткен,
Тері илесе, шіріткен.
254. Айранша ұйып, тостағанша толатын кез болады.
255. Айран ішкен құтылар,
Шелек жалаған тұтылар.
256. Айтар ақылы жоқтың,
Табар ақылы жоқ.
257. Айт аттынікі,
Той тондынікі.
258. Айтқан жерде пәле жоқ.
259. Айтқан сөз атылған оқпен тең.
260. Айыбы бар адам жыннан қалмайды.
261. Айыбы бар адам кеңестен қалмайды.

262. Айында келгенге аяқ,
Күнінде келгенге таяқ.
263. Айтсаң, сөзіңде тұр.
264. Айтсаң, сөзіңе жет,
Мінгес те, үйіңе жет.
265. Айтсаң, уәдеге жет,
Уәдесіз Аллаға шет.
266. Айтсаң ұғар кереңге,
Не айтайын береңге.
267. Айтұшы ақылды болса,
Тыңдаушы дана болады.
268. Ай түнде керек,
Ақыл күнде керек.
269. Айтысқан соң дау болады,
Атысқан соң жау болады.
270. Айтысқан соң дау емес пе,
Алысқан соң жау емес пе.
271. Айыпты айып жусын,
Ашуды ақыл қусын.
272. Айыр пішен қасында,
Кісен кереге басында.
273. Айырылар дос аяулыңды сұрайды.
274. Айрылар дос ердің артқы қасын сұрар.
275. Айрылған азады,
Қосылған озады.

276. Айырылма үйіріңнен,
Айырылсаң үйіріңнен,
Екі қолың кетпес бүйіріңнен.
277. Айыр інген кез келсе,
Мұрындығы қалар жырылып.
278. Ақ дегені — алғыс,
Қара дегені — қарғыс.
279. Ақ Еділдің өзі болмасақ та, құлағымыз.
Ақылды бастың өзі болмасақ та, бұлағымыз.
280. Ақ жүрген адам азбас.
281. Ақиқат жолында азап шеккен абырой.
282. Ақиқаттың алды ашық,
Арамдықтың алды тұман.
283. Ақ ит, қара ит — бәрі бір ит.
284. Ақ киім — кірлегіш,
Ақ көңіл — кешіргіш.
285. Аққа зауал жоқ,
Ақ иіліп сынбайды.
286. Аққа қара жоқ,
Қараға шара жоқ.
287. Аққа Құдай жақ.
288. Ақ айраның болмаса,
Тілге ақ бозың болсын.
289. Ақ бөкенді жатыр деме,
Көшпенді елді отыр деме.

290. Ақ пен қара жарысар,
Аққа Құдай болысар.
291. Ақсағын қойып, сауын бақ.
292. Ақсақ ит сау иттен сауға тілейді.
293. Ақсақ иттің көңілі ар жаққа.
294. Ақсақ қой ауыл қасында,
Иә, құдық қасында.
295. Ақсақ қой әлденгенше,
Сау қой сөлденеді.
296. Ақсақ қой жатып семіреді.
297. Ақсақ қой өршіл,
Жаман адам төршіл.
298. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.
299. Ақсақ малдың ақырына бақ.
300. Ақсақ түйенің аузына
Жел айдаған қаңбақ түсер.
301. Ақ қалпақты көрінсе,
Ата екем менің демейім бе.
Ақ жаулықты көрінсе,
Енекем менің демейім бе.
302. Ақ қойымның асығы болсаң, ақ сөйле.
303. Аққу көкке, көбелек шөпке.
304. Аққу ұшса, көлге қонады,
Сұмырай ұшса, шөлге қонады.

305. Ақпа құлаққа айтқан сөз ағып кетеді,
Құйма құлаққа айтқан сөзді құйып кетеді.
306. Ақпанға алданған малынан айырылар,
Дұшпанға айырылған жанынан айырылар.
307. Ақпан-тоқпан алты күн,
Айғайласа, қатты күн.
308. Ақпейіл еліне ерке,
Аққу көліне ерке.
309. Ақ пен қара жарысар,
Аққа әділдік болысар.
310. Ақтан жабысқан пәледен сақтан,
Аяқ астынан шыққан жаладан сақтан.
311. Ақ түйенің қарны ақтарылып.
312. Ақты қаралаған өзін жаралайды.
313. Ақтың еті ыстық,
Қараның оты ыстық.
314. Ақ үйге бермейтін қос бар,
Туысқа бермейтін дос бар.
315. Ақ үйдің айбары бар,
Қара үйдің қарын-қарын майлары бар.
316. Ақша байлығы көргенше,
Ақыл байлығы өлгенше.
317. Ақшаға арыстан сүті де табылар.
318. Ақша қарда көп жүрсең,
Көзің бір күн қарығар.
Алыс жерде көп жүрсең,
Көңілің бір күн тарығар.

319. Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.
320. Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ,
Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ.
321. Ақ сәлделі қожадан
Ақ жаулықты қатын артық.
322. Ақ сөз ащы болады.
323. Ақ сұңқардың баласы
Алдына қоймай ас жемес.
Анық жақсы баласы
Адамнан туса жат демес.
324. Ақ сұңқар ұшамын деп мақтанба,
Алдыңда асқар таулар бар.
Арғымақ жүйрікпін деп мақтанба,
Алдыңда талай өрлер бар.
325. Ақтаған тарың таусылар,
Ақиған көзің басылар.
326. Ақыл — дария,
Алсаң да, таусылмайды.
Жер — қазына,
Саусаң да, таусылмайды.
327. Ақыл — дария, ой — теңіз.
328. Ақылды адам айтқызбай біледі,
Ақ сұңқар қақтырмай іледі.
329. Ақылды адам аптықпай, шыдап сөйлейді,
Жаңғыртып екі айтпай, бір-ақ сөйлейді.
330. Ақылды адам батпақ-ақ,
Ақылсыз адам сасқалақ.

331. Ақылды адамның тілін алсаң,
Хош иісті гүлін аласың.
332. Ақылды азаматтың: қолы — қару,
Басы — сандық, тілі — кілт.
333. Ақылды алға тартады,
Ақылсыз жарға тартады.
334. Ақылды әйел — ерінің өлең жазған хатирасы.
Ақылсыз әйел — ерінің басын ауыртар сақинасы.
335. Ақылды бала сабаққа үйір,
Ақымақ бала тамаққа үйір.
336. Ақыл — алтау,
Ой — жетеу.
337. Ақыл алты басты,
Нәпсі жеті басты.
338. Ақыл арымас, алтын шірімес.
339. Ақыл ауыздан, мерей көзден.
340. Ақыл ащы, жеміс тәтті.
341. Ақыл ашуды қаймықтырады,
Ашу ақылды қамықтырады.
342. Ақыл байлық — азбас байлық.
343. Ақыл бітпес дәулетке,
Дәулет бітпес келбетке.
344. Ақылдассаң, шешерсің,
Ақылдаспасаң, кем кесерсің.
345. Ақылды жеңілсе, таласа бермейді,
Ақылсыз жеңілсе, араша бермейді.

346. Ақылды жігіт әр істің тегін ойлайды,
Ақылсыз жігіт түсетін жемін ойлайды.
347. Ақылды жігіт күндей жарқырайды,
Ақылсыз жігіт күлдей бұрқырайды.
348. Ақылды жігіт — ойшыл,
Ақылсыз жігіт — тойшыл.
349. Ақылды кәрия — ағып жатқан дәрия.
350. Ақылды кеңнен толғап ұғындырады,
Шадыр мінез шап етіп суындырады.
351. Ақылды мақтанса, істі тындырар,
Ақылсыз мақтанса, аяғын сындырар.
352. Ақылдыны алысым деме,
Ақылсызды жақыным деме.
353. Ақылды болсаң, азбайсың,
Білімді болсаң, маздайсың.
354. Ақылдыға бақ қонса,
Көбейтеді достарын.
Ақымаққа бақ қонса,
Күйретеді достарын.
355. Ақылдыға ишарат, ақымаққа таяқ.
356. Ақылдыдан құрдасың болса,
Құдаңнан артық жоқтасар.
Ақымақтан құрдасың болса,
Кезіккен жерде боқтасар.
357. Ақылдыдан шыққан сөз
Аңсағанға болсын кез.
358. Ақылды досың болса, адаспайсың.

359. Ақылды ердің ішінде
Алтын ерлі ат жатар.
Ақылды әйел ішінде
Алтын бесікті ұл жатар.
360. Ақылды жауыңнан қорықпа,
Жарымес досыңнан қорық.
361. Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.
362. Ақыл-ойды сабақ өсіреді,
Адамды заман өсіреді.
363. Ақыл сөзді алпыс рет айтсаң да, артықтығы жоқ.
364. Ақылсыз адам айқайлай келеді,
Жан-жағын шайпай келеді.
Ақылды адам жай-жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.
365. Ақылсыз адам менмен келер,
Ақылды адам кеңнен келер.
366. Ақылсыз айтпасаң, білмес,
Ашпасаң, көрмес.
367. Ақылсыз атасын танымайды,
Ақымақ қатесін танымайды.
368. Ақылсыз бас аяққа тыным бермейді,
Ақымақ айғыр саяққа тыным бермейді.
369. Ақылдының алды — ағып жатқан дөрия,
Ақылсыз адамның алды — қу тақыр,
шөл жазира.
370. Ақылдының алдымен жүр,
Ақымақтың артымен жүр.

371. Ақылдының сөзі қысқа,
Айта қалса, нұсқа.
372. Ақылды өтірік шаршатады.
373. Ақылды үйленгенше,
Ақымақтың баласы ержетеді.
374. Ақылды ісіне сенеді,
Ақымақ түсіне сенеді.
375. Ақыл — жастан,
Асыл — тастан.
376. Ақыл — жастан,
Қына — тастан.
377. Ақыл — жас ұланнан,
Жүйрік тай — құлыннан.
378. Ақылы жоқ адамға
Адырайған көз бітер.
Дуасыз жоқ ауызға
Сылдыраған сөз бітер.
379. Ақылы жоқ жаманға ауылы, малы бұралқы.
380. Ақылы көрдің — көзі көр.
381. Ақылың ағаңда болса,
Құндызың жағаңда болсын.
382. Ақылың болса, ақылға ер,
Ақылың болмаса, нақылға ер.
383. Ақылың болса, арыңды сақта,
Ар, ұят керек әр уақытта.
384. Ақымақ адам епшіл келеді,
Ақылды адам көпшіл келеді.

385. Ақымақ — ақымақ емес,
Ақымақты ақымақ қылған ақымақ.
386. Ақылсыз бастан мақұл сөз шықпас.
387. Ақылсызға қонған бақ
Түбі тесік қанар қап.
388. Ақылсыздың биі болғанша,
Ақылдының құлы бол.
389. Ақылсыздың мені зор,
Тәкаппардың сені зор.
390. Ақылсызды жұмсасаң,
Артынан өзің барасың.
391. Ақылсыз жігіт аптығар,
Арыс жауды жеңгендей.
Айласыз келін шаптығар,
Айғыр бол деп бергендей.
392. Ақылсыз жігіт — ауыздықсыз ат.
393. Ақылсыз сәнқой жігіттен
Ақылды тонды артық.
394. Ақыл — тозбайтын тон,
Білім — таусылмайтын кен.
395. Ақыл толғанбай тумайды,
Ана толғатпай тумайды.
396. Ақылы аздың азабы көп.
397. Ақымақ қыз анасын билейді,
Анасына билік тимейді.
398. Ақымақтық аңқаулықпен дос,
Жаңғалақтық жалқаулықпен дос.

399. Ақымақтың айтқаны келмейді,
Сандырағы келеді.
400. Ақымақтың ақылы білегінде,
Ақылдының ақылы жүрегінде.
401. Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді,
Ырысы қайтқанның иті ұры кеткен соң үреді.
402. Ақымақтың ала-құласы болмайды.
403. Ақымақтың достығы,
Шекпенің жыртылып, шенің алынғанша,
Немесе асың таусылып, атың арығанша.
404. Ақымақтың досы көп.
405. Ақымақтың сөзін ақылменен тыңда.
406. Ақымақ бастан ақыл шықпас,
Ақыл шықса да, мақұл шықпас.
407. Ақымақ болса туысың,
Ақы беріп, бауыр қыл.
Ақылын тауып, Алашты
Араз қылма, ауыл қыл.
408. Ақымақ бұзуға бар, түзеуге жоқ.
409. Ақымақ естіні жерлейді,
Өз мінін көрмейді.
410. Ақымақ жауынды күні суға түсер.
411. Ақымаққа айтқан сөз
Ағып жатқан сумен тең.
Ақылдыға айтқан сөз
Қолға ұстаған түмен тең.

412. Ақымаққа арқан көрсетсең, асылып өледі.
413. Ақымаққа арнап заң жазылмас.
414. Ақымаққа күнде той,
Ақылдыға күнде ой.
415. Ақыннан тақпақ қалады,
Арсыздан шатпақ қалады.
416. Ақын тілді келеді,
Ат тұяқты келеді.
417. Ақысын берсе,
Қоқысын шығарар.
418. Ала келмен іс бітпес.
419. Ала қанат сауысқан
Жер әлемді тауысқан.
420. Алақаннан жем жеген құс алысқа ұшпайды.
421. Ала қарға — азаншы,
Қара қарға — қазаншы.
422. Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды.
423. Алаңғасар адамнан ақау шықпай қалмайды.
424. Аларман — арыстан,
Берермен — тышқан.
425. Аларманға келгенде,
Алман-жалман.
Берерменге келгенде,
Безгек пенен түйнек.
426. Аларманның бетіне қарама,
Алар малдың бетіне қара.

427. Аласыға алтау аз,
Бересіге бесеу көп.
428. Аласысы бар зор келеді,
Бересісі бар қор келеді.
429. Алатау ашамнан келмейді.
430. Ақын болу өз еркің,
Азамат болу борышың.
431. Ала болсаң, азасың,
Ынтымақты болсаң, озасың.
432. Алаботаға ат бекітпе.
433. Алаған қолым береген.
434. Ала жағым кетсе де,
Айта жағым кетпесін.
435. Ала жібін аттамасам,
Даудың менде несі бар.
Ел шетіне түнемесем,
Жаудың менде несі бар.
436. Алаяқтан ақылшың болмасын,
Кеңірдегі зордан бақыршың болмасын.
437. Алғаның жаман болса, көңілің жарым.
Атың жаман болса, талар қарың.
438. Алғаш мерген болғанда,
Қасқыр аттым деймісің.
439. Алғыс алған аман,
Қарғыс алған жаман.
440. Алдаған алмай тұрып сенбейді.

441. Алдамшы балшы болғанша,
Абыройлы жалшы бол.
442. Алданғанның алды жар,
Оған қылар не лаж бар.
443. Алданудан сақтану — ақылдылық.
444. Алдияр, алдияр десең — дандияр (далияр).
445. Алдыңа жүрсең, артыңа қара.
446. Алдыға қарап, пікір ет,
Артқа қарап, шүкір ет.
447. Албары қонақ аштан өледі.
448. Алған бір жазықты,
Көреген екі жазықты.
449. Алғанда бисмилла,
Қайтарғанда астағпұралла.
450. Алған жерді жамандап,
Артықты қайдан табарсың.
Ақ тоныңды жамандап,
Асылды қайдан табарсың.
451. Алғаны жақсы жігіттің
Өрқашан ісі оңдайды.
Алғаны жаман жігіттің
Ісінің сөті болмайды.
452. Алғаның жақсы болса,
Ат үстінен дүбір ет.
Алғаның жаман болса,
Үйге кіріп сыбыр ет.
453. Алла бар деп аш қалма,
Атым бар деп кеш қалма.

454. Алла бермегенді
Молла бермейді.
455. Аллаға жағайын десең,
Азаның болсын.
Қазыға жағайын десең,
Қазаның болсын.
456. Алланың атын сатып, молла семіреді,
Ханның атын сатып, қазы семіреді.
457. Аллаңнан ойбайым жақсы.
458. Алма ағаш жемісімен тәтті,
Сүйгенің ақыл, жұмысымен тәтті.
459. Алмақтың да бермегі бар.
460. Алмақтың да салмағы бар.
461. Алманы уағында жемесең, шіриді,
Сүтті уағында ішпесең, іриді.
462. Алмас қанат қанша ұшса да, майырылмас,
Адал махаббат қанша кесе де, айырылмас.
463. Алдымен өзімді, сонан соң келесімді жарылқа.
464. Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш.
465. Алдыңғы арба қалай жүрсе,
Соңғы арба солай жүреді.
466. Алдыңғы түйе итіншек,
Артқы түйе тартыншақ.
467. Алдыраған анасының қойнын ашыпты.
468. Алдырар күні жаздырар.

469. Алжыған арыстанның сақалын қоян жұлар.
470. Алқызыл гүл — жердің сәулеті,
Асыл жар — ердің сәулеті.
471. Алпыстан кейін шал ерке,
Алтыға дейін бала ерке.
472. Алса — құсым,
Алмаса — желпуішім.
473. Алса — құсым,
Алмаса — жылпосым.
474. Алтаумын деме,
Жетеуге жолығасың.
475. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
476. Алты ай баққан арықты
Бір күн ұрындырған өлтірер.
477. Алты аласы, бес бересі жоқ.
478. Алты жыл аш болсаң да,
Атаңның салтын ұмытпа.
479. Алты күн аш болсаң да,
Атаның әдетін қойма.
480. Алтынды дат баспайды,
Ақылдыдан бақ қашпайды.
481. Алмас қылыш майданда серік,
Асыл сөз майданда да, сайранда да серік.
482. Алмастың жауы — қорғасын.

483. Алмастың жауы — құр тас.
484. Алмасың болса — мойным бар,
Асылың болса — қойным бар.
485. Алпыс екі тамырың беліңде болсын.
486. Алпыс күн аспанға қарағанша,
Алты көш те айдынға құла.
487. Алпыс күн тасыған су
Алты күнде қайтар.
488. Алпысқа келгенде арпаның кебегі
алтын көрінеді.
489. Алпыста ақылшың болса,
Басыңа дау қонбайды.
490. Алтынды еріте білмеген ірітер,
Теріні илей білмеген шірітер.
491. Алтынды көріп азба,
Біреуге көр қазба.
492. Алтынды тану оңай,
Адамды тану қиын.
493. Алтын ерің атқа тисе,
Алтынын ал да отқа сал.
494. Алтын жер астында емес, тер астында.
495. Алтын жерде жатпайды,
Жаман ұста суын таппайды.
496. Алтын жүзікке — жақұт көз.
497. Алтын жығаң болса да,
Жаға менен жең керек.

498. Алтын көріп азба,
Күміс көріп қозба.
499. Алты қатын асқа барса,
Әрқайсысы өзінің мұңын айтады.
500. Алтын ақпайды,
Дау шірімейді.
501. Алтын басты әйелден
Бақыр басты еркек артық.
502. Алтын басың аман болса,
Алтын табақтан су ішерсің.
503. Алтын белдік — бел сәні,
Алтын жиһаз — ел сәні.
504. Алтын да тас, тас та тас,
Алтындай болмас басқа тас.
505. Алтынды ала білген — бөле біледі.
506. Алтынды еріте білмеген күл етеді,
Жібекті түте білмеген жүн етеді.
507. Алтын шыққан жерді терең қаз.
508. Алты ұл туған ананы
Ханым десе болады.
Кезек сыйласқан ағайынды
Жаным десе болады.
509. Алуан-алуан жүйрік бар,
Әліне қарай жүгірер.
510. Алушыны аңдушы жеңеді.
511. Алшын жеген мал:
Не тойынады, не сойылады.

512. Алып алтау, жеп жетеу болмас.
513. Алыс болса да, білген жолыңмен жүр.
514. Алыс жол атты сынайды,
Ауыр жүк ерді сынайды.
515. Алтын көріп періште жолдан шығыпты.
516. Алтын күркелі күйеу,
Шөп күркелі қайыннан дәметеді.
517. Алтыннан шыққан асыл емес,
Шеберден шыққан асыл.
518. Алтынның буымен жез жарқырайды.
519. Алтын тапсаң, санап ал.
520. Алтын тонды шенің болғанша,
Алақандай жерің болсын.
521. Алтын тон кесең, атаңды ұмытпа,
Тоғайға барсаң, балтаңды ұмытпа.
522. Алтын тыққан жерді белден қаз.
523. Алыстан ердің дарпы бар,
Қасына келсең, баладай.
Алыстан таудың дарпы бар,
Қасына келсең, обадай.
524. Алыстан көрсең алдырмайсың,
Досыңды жауға қалдырмайсың.
525. Алыстан шабынған бураның күші қайтар.
526. Алыстан шабынған ердің күші қайтар.

527. Алыста таудың даңқы бар,
Қасына келсең обадай.
Алыста ердің даңқы бар,
Қасына келсең баладай.
528. Алысты жақындататын ат,
Жақынды алыстататын жат.
529. Алысты жақын қылған ат әулие,
Алашты жақын қылған қыз әулие.
530. Алысқа кеткеннен ақыл сұрама.
531. Алысқан жауға арқанды көрсетпе.
532. Алыспақ бар,
Атыспақ жоқ.
533. Алыссаң, атаң да болса жық,
Аясаң, көтеріп жібер.
534. Алыстағы аз несібеден сақта.
535. Алыстағы дұшпаннан
Қасыңдағы қас жаман.
536. Алыстағы жаудың дүбірінен қорықпа,
Қасыңдағы жаудың күбірінен қорық.
537. Алыстағы жауыңнан
Айнып кеткен дос жаман.
538. Алыстағы су шөліңді қандырмас.
539. Алыстан арбалағанша,
Жақыннан дорбала.
540. Амалын тапқан арыстанды соңынан ертеді.

541. Аmandықтың қадірін алдырғанда,
Денсаулықтың қадірін ауырғанда білесің.
542. Аман ердің аты шығады.
543. Аманатқа қиянат — зор ұят.
544. Аман болса бұл басым,
Тағы шығар бұл шашым.
545. Ананың сүті — бал,
Баланың тілі — бал.
546. Ананың тілін алмаған азапқа қалады.
547. Анаң бір қолымен ұрар,
Бір қолымен сылар.
548. Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да,
Қарызынан құтыла алмайсың.
549. Анаңнан асар аяулың жоқ,
Әкеңнен асар қамқоршың жоқ.
550. Анаң үшін аянба, ант ұрады.
551. Ана сүті бой өсіреді,
Ана тілі ой өсіреді.
552. Анасыз адам батасыз,
Білімсіз адам санасыз.
553. Анасын ембеген бала оңбайды,
Енесін ембеген мал оңбайды.
554. Анаға баланың алалығы жоқ.
555. Ана жақсылығын ауырсаң білесің,
Қайын жақсылығын қыдырсаң білесің.

556. Ана қарғысы — боқ,
Ата қарғысы — оқ.
557. Аналы баланың өзі артық,
Анасыз баланың көзі артық.
558. Ананың алақаны — балаға аялы қоныс.
559. Ананың көңілі балада,
Баланың көңілі далада.
560. Ананың махаббаты ажалды да жеңеді.
561. Ант ішкенге сенбесең,
Қан ішкенге жолығарсың.
562. Ант ұрмай ат сүрінбес.
563. Аңғал алдындағы орды,
Ашыққан қарға торды көрмейді.
564. Аңғырт бөрі қой үркітеді,
Абайсыз ұры қолға түседі.
565. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.
566. Аңды иә көрінбеген атады,
Иә ерінбеген атады.
567. Аңдысқан ауыл болмас.
568. Аңдысқан ауыл болмас,
Ерегескен ел болмас.
569. Аң жаманы інінде,
Ер жаманы үйінде болады.
570. Аң кезеңге, су төменге ұмтылады.

571. Аң — көздің құрты.
572. Анасын көріп қызын ал,
Аяғын көріп асын іш.
573. Анасын сыйламаған адам
Басқаны сыйлап жарытпас.
574. Анасын сүйгеннің баласын сүй.
575. Анасының киген тонын баласы да киеді.
576. Андыз болса, ат өлмес,
Айыр болса, ер өлмес.
577. Андызды жерде ат өлмейді,
Үйірлі жерде ер өлмейді.
578. Аңшыдан сыралқы,
Батырдан олжа.
579. Аңшылық жан семіртеді.
580. Аңшы мүшелес, бай кіселес.
581. Аңшының кешіккенінен дәмет.
582. Аңшының қаршығасы болса,
Қоянның Тәңірісі бар.
583. Апайының кигенін сіңілісі де киеді,
Екеуінің тойы бір күнде болмайды.
584. Аңқау аңдамайды,
Әңгі тыңдамайды.
585. Аңқау астындағы атын алты ай іздепті.
586. Аңқау астыңа, арамза үстіңе қарайды.

587. Аңқау елге арамза молда.
588. Аңқау құс торға аунайды,
Аңқау адам күлге аунайды.
589. Аң қызығы алғанша,
Жан қызығы өлгенше.
590. Аңның жайын мергеннен сұра,
Адамның жайын көргеннен сұра.
591. Аңсағанға сусаған.
592. Аң таппаған атынан көреді,
Ата алмаған оғынан көреді.
593. Апама да барайын, тайымды үйретейін.
594. Апат айтып келмейді.
595. Апат алпыс түрлі,
Жұт жетпіс түрлі.
596. Арамза сұлу сөйлейді,
Ақкөңіл шынын сөйлейді.
597. Арамза туған мал өспес,
Араздық қылған ел өспес.
598. Арам жесең, тоя же.
599. Арам құлық елден кеткізер,
Адал еңбек елге жеткізер.
600. Арамнан алған түйеден
Адалдан алған ешкі артық.
601. Арамның ісі өрге баспайды,
Өрге басса да, өрден аспайды.

602. Арам шөп егінді аздырады,
Еріншектік ерді аздырады.
603. Арам шөпті мал жейді,
Арам асты ез жейді.
604. Аран үшін арын сатқан оңбас,
Арам үшін жанын сатқан оңбас.
605. Араға түссең балаға,
Бала кетер далаға.
606. Арадағы сөздің аттамасы көп.
607. Арам, арам түбі — реніш,
Адал, адал түбі — кеніш.
608. Арамдықтың арқаны қысқа.
609. Арамдықтың өрісі — алты-ақ адым.
610. Арамды Құдай табады,
Момынды қайыр табады.
611. Арамзаның пышағы алқымынан тозады,
Ақкөңілдің пышағы ұшынан тозады.
612. Арғымақ атқа тай төлеу.
613. Арғымақ аттың баласы
Аз оттап, көп жусайды.
Асыл ердің баласы
Аз сөйлеп, көп тыңдайды.
614. Арғымақ аттың құйрығы —
Өрі жібек, өрі қыл.
Ер жігіттің белгісі —
Өрі мырза, өрі құл.

615. Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз,
Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз.
616. Арғымақ жалсыз, ер малсыз,
Туысқан болмас кермалсыз.
617. Арғымақты байтал бастайды,
Аруақты шайтан бастайды.
618. Арғымақты жамандап,
Қане, тұлпар тапқаның?!
Ағайынды жамандап,
Қане, туыс тапқаның?!
619. Арғымақты жамандап,
Тұлпарды қайдан табарсың.
Ақ түйғынды жамандап,
Сұңқарды қайдан табарсың.
620. Арғымақтың баласы,
Арыса, сыны қайтар ма!
Асыл заттың баласы
Дұшпанға сырын айтар ма!
621. Араны ашылған қыран не аңды алады,
Не аңшының өзін алады.
622. Арасына түссең, қалмассың бүтін.
623. Арашаға қоймаған,
Арашыға зар болар.
624. Арба иесі көпшіктер,
Кигіз иесі білектер.
625. Арба сынса — отын,
Өгіз өлсе — соғым.
626. Арғымақ арыса да —
Шұлғығанын қоймайды.

627. Арғымақ ат жабы болмайды,
Жалы кетіп арыса да.
Назары аштың көзі болмайды,
Бақ пен Қыдыр дарыса да.
628. Арғымақ атқа — алтын қасты ер керек:
Арқалап отын тасыған,
Арқасы терге сасыған.
629. Арқан бойы жердің — тұсау бойы төтелігі бар.
630. Арқанды ат — қазығына оралар.
631. Арқанның батқанын иесі емес, түйесі білер.
632. Арқардың ойға көшкені,
Қыстың тауға түскені.
633. Арқасына ер батқан ат аяңшыл келеді.
634. Арлы арына қараса,
Арсыз жеңдім дейді.
635. Арлы арына қараса,
Арсыз күшке келер.
636. Арлы әйелден арсыз дәметеді.
637. Арлы таз бұйығып жүреді,
Арсыз таз құнығып жүреді.
638. Арғымақтың тұяғы
Тасты басса, кетілер,
Сазды басса, жетілер.
639. Ардан безген ұяттан
Тағдырдан келген өлім артық.
640. Арда сауғанның ары кетеді.

641. Арзан алдайды.
642. Арзан менен қымбаттың
Базарда шыққан нарқы бар.
Жақсы менен жаманның
Жер мен көктей парқы бар.
643. Арзанның жілігі татымайды.
644. Арзымасқа ақылыңды тауыспа.
645. Арқада аяз болмаса,
Арқарлар ауып несі бар.
646. Арқада жыл жақсы болса,
Арқар ауып несі бар.
647. Арқа еті арша,
Борбай еті борша болды.
648. Артқан жүгің ауыр болса,
Атаның жауыр болады.
649. Артқан жүгің ауыр болса,
Ат-атаның жауыр болады.
650. Артқы айылым берік болса,
Атым тулап нетерсің.
Ағайында бірлік болса,
Жатым маған нетерсің.
651. Артқы қастың батқанын
Қаптал білмес, ат білер.
652. Артқы түйенің жүгі ауыр.
653. Артық байлық адамды аздырады,
Артық күлкі жиреніш тудырады.

654. Артық қайрат жанға қас.
655. Артық қиял миға қас.
656. Артық қылам деп тыртық қылыпты.
657. Артық олжа — басқа еңбек.
658. Арман — адамға қанат.
659. Армансыз адам — алысқа бармас.
660. Арна бұзылса — аралдың соры.
661. Арпа берсең, атқа бер,
Күтір-күтір шайнасын.
Қызды берсең, жасқа бер,
Құшақтасып ойнасын.
662. Арпа, бидай ас екен,
Алтын, күміс тас екен.
663. Ар сауғанның ары кетеді,
Бағасы қалмайды.
664. Арсызбен алысқанша,
Арлымен таныс.
665. Арсыздың айты алты күн.
666. Арсыздың беті — қансыз.
667. Арсызға алты күн мейрам.
668. Арық атқа қамшы жау,
Жыртық үйге тамшы жау.
669. Арық атқа қамшы ойнар,
Жыртық үйге тамшы ойнар.

670. Арық атқа тұз берме,
Ақылсызға қыз берме.
671. Арық атты түс те бақ,
Қарғып тұрса қанатың.
672. Арық деген жаман тай,
Жазға шығып ат болар.
Жамандығың сезілсе,
Жақын кісің жат болар.
673. Арық көңіл — шарық.
674. Арық қойда төстік жоқ.
675. Арық пенен семіздің
Бір-бірінен несі артық?
Қол басындай еті артық.
Ерден ердің несі артық,
Ел сыйлайтын беті артық.
676. Арықты күтсең, тойынар,
Көріні күтсең, сойылар.
677. Артық сөз ойға зиян,
Артық ас бойға зиян.
678. Аруаққа Құран оқи берсең,
Түсіңнен шықпайды,
Қайыршыға садақа бере берсең,
Үйіңнен шықпайды.
679. Аруаққа құрмет — ұрпаққа міндет.
680. Аруақтан басқа ес жоқ,
Көлеңкеден басқа дос жоқ.
681. Аруақты есіркесең,
Түсіңнен шықпайды.

- Мүсәпірді есіркесең,
Үйіңнен шықпайды.
682. Аруақты жерден ат үркеді.
683. Аруақтың арты жын болар.
684. Арша жаққанның айлығы кетеді,
Тал жаққанның тайлығы кетеді.
685. Ары жат, бері жат — төсек тарлығы,
Ары тарт, бері тарт — көңіл тарлығы.
686. Арық айтып семіз шық.
687. Арыстан болсаң жауың үшін,
Түлкіден болсын әдісің.
688. Арыстанда бір жігіттің күші,
Қырық жігіттің жүрегі бар.
689. Арыстандай жау үшін,
Түлкідей болсын әдісің.
690. Арыстанды тырнағынан танымын,
Көк есекті құлағынан танымын.
691. Арыстан екен демей,
Алысып әліңді көр.
692. Арыстан жүріп өткен жолдан,
Ақсақ бөрі азығын айырар.
693. Арыстан қартайса, тышқаншыл.
694. Арыстанның құйрығы болғанша,
Арлан иттің басы бол.
695. Арыстанның құйрығы болғанша,
Өтештің айдары бол.

696. Арықты мінгенше, аяғыңмен...
697. Арықтың жілігі татымас.
698. Арықтың сорпасында дәм болмайды,
Ақылсыздың сөзінде мән болмайды.
699. Арымақ, семірмек — көңілден.
700. Арымақ, семірмек — ойдан.
701. Арымаңыз, ашпаңыз,
Тер төгуден қашпаңыз.
702. Арын сатқан бәрін сатар.
703. Арысқа түссең, атаң болса да, аяма.
704. Арыстан асқынса, айға шабады.
705. Арыстан асқынса, айға шабар,
Ақымақ асқынса, анасын сабар.
706. Арыстан аш болады,
Доңыз тоқ болады.
707. Арыстанның ойынынан түлкінің мойны үзілер.
708. Ас барында — дос жоқ,
Ат барында — той жоқ.
709. Ас болса, іс болмаса,
Жаз болса, қыс болмаса.
710. Ас жақпаған ауру өледі.
711. Ас иесімен тәтті,
Табағымен жақсы.

712. Ас иесінің әлі біледі,
Асатушының қолы біледі.
713. Ас көп болса, кәде көп.
714. Асқа барсаң, аш бар,
Тойға барсаң, тойып бар.
715. Асқа ет керек,
Іске еп керек.
716. Асқақтаған амалшыдан
Аяңдаған адал озар.
717. Асаған білмейді,
Тураған біледі.
718. Аса диқан ішінде ас жатады,
Аса жалқау күнара аш жатады.
719. Аса қу болсаң,
Алқымыңнан асыласың.
Аса ынжық болсаң,
Аяққа тапталасың.
720. Ас артындағы насыбай,
Әулиенің асындай.
721. Асарын асап, жасарын жасаған.
722. Ас атасы — нан,
Нан атасы — дән.
723. Асатпай жатып құлдық,
Бұл не деген сұмдық.
724. Аса ұзын — ақымақ,
Аса қысқа — арамза.

725. Асауға — тұсау.
726. Аспаннан былғары жауса да,
Құлға оқшантай тимейді.
727. Аспаннан тас жауса да, жерге пайда.
728. Аспаннан шұға жауса,
Кедейге шұлғаулық та тимешті.
729. Аспанның жолын бұлт бөгейді,
Асқанның жолын жұрт бөгейді.
730. Ас сіңгенде жақсы,
Қатын өлгенде жақсы.
731. Астамшылық — азғындық.
732. Астан бұрын армысыңды түзеуле.
733. Ас тасыса, көбігі төгілер,
Ашу тасыса, ақылы төгілер.
734. Ас тасыса, қатық төгілер,
Ашу тасыса, ақыл төгілер.
735. Астыңдағы атыңа сенбе,
Бос қойсаң қашады.
Қойныңдағы қатыныңа сенбе,
Біреуге сырынды шашады.
736. Ас тұрған жерде ауру тұрмайды.
737. Асқақтаған ұлық болмайды,
Жемісті ағаш биік болмайды.
738. Асқанға аспан да аласа.
739. Асқаныңа емес, сасқаныңа ризамын.

740. Асқа талау түссе, ант ұрғанның мұратын береді.
741. Асқа тартқан кешке тартады.
742. Аспан биік, жер қатты.
743. Аспанға бұлт үйірілсе, жауын көп.
Басыңа бұлт үйірілсе, жауың көп.
744. Аспанда бар сан жұлдыз,
Сорлатады сары жұлдыз.
745. Аспандағы сұңқардан
Қолдағы тұрымтай артық.
746. Аспандағы тырнаны ұстаймын деп,
Қолыңдағы шымшығыңнан айырылма.
747. Асығу — баланың ісі,
Аттандыру — ананың ісі.
748. Асығыс істеген жұмыс сәтті болмас.
Шала пысқан тамақ тәтті болмас.
749. Асы жоқ алтын аяқтан
Айраны бар тоспақ артық.
Талдырмаш таза айырдан
Жүк көтергіш қоспақ артық.
750. Асы жоқ алтын аяқтың
Алтынын ал да, отқа жақ.
751. Асы жоқ үйді ит те сүймейді.
752. Асыққан қыз байға жарымайды.
753. Асыққанның аяғы етегіне оралады.
754. Асық ойнаған азар,
Доп ойнаған тозар.

- Бәрінен де қой жайып,
Көтен жеген озар.
755. Асықпаған арбамен қоянға жетеді.
756. Асықпаған артта қалады.
757. Асты көрсең, қадір тұт,
Досты көрсең, әділ тұт.
758. Асты көрсе, ішер таз,
Істі көрсе, қышыр таз.
759. Асты қуыс ішер, иә туыс ішер.
760. Астың ыстығы жақсы,
Сөздің пысығы жақсы.
761. Асуды құм бөгейді,
Ашуды қыз бөгейді.
762. Асулы қазан, жағулы от.
763. Ас үстінен аттама,
Астан үлкен емессің.
764. Асы бар аяқ әдемі.
765. Асы бар аяқтан аттама.
766. Асығып тиген әйел алты байдан шығады.
767. Асып қарама, басып қара.
768. Асырауын тапса, адам болар.
Оқуын тапса, білім қонар.
769. Ас іпсең, атауыңдай іш,
Ауырсаң, мұрттай ұш.

770. Ас ішіп, табақ босату.
771. Ассыз бата — мазасыз.
772. Асықсаң, жақсылыққа асық.
773. Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын.
774. Асылдың тұқымы аз.
775. Асылды суға тастасаң, судан толқын шығады.
776. Асыл қанжар қын түбінде жатпайды.
777. Асыл сөз алмасты қияды.
778. Асыл сөз — арнап берген сыйдан артық.
779. Асыл темір атқа таға болмас.
780. Асыңа тойғызбасаң да,
Асыл ниетіңе тойғыз.
781. Асың болса, дос көп,
Атың болса, той көп.
782. Ата алмағанның оғы алты құлаш.
783. Ата-анадан жар жақын,
Туысқаннан мал жақын.
784. Ата-анадан мал тәтті,
Алтынды үйден жан тәтті.
785. Ата-ананың ақылы
Сайрап жатқан жолмен тең.
Ақылдының ақылы
Сарқылмайтын көлмен тең.

786. Ата-ананың балаға парызы — өдеп-иба.
787. Ат адаммен — ат,
Адамсыз — аң.
788. Атадан алтау туса да,
Басыңа бір жалғыздық түсер.
789. Атадан бала туар,
Ата жолын қуар.
790. Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді.
Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.
791. Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер.
Атадан жаман ұл туса,
Төрдегі басын жерге сүйрер.
792. Атадан жалғап болған би
Шариғатпен жұртын жер.
Кенеттен болған би
Сақалы менен мұртын жер.
793. Атадан мұра қын қалады,
Шеберден, сірә, мін қалады.
794. Атадан пұл қалғанша, ұл қалсын.
795. Ата-ананың қадірін
Балалы болғанда білерсің.
Анық достың қадірін
Жалалы болғанда білерсің.
796. Ата-анаң бар болсын,
Бала кезде жар болсын.

797. Ата байлығыңды айтпа,
Қазіргі байлығыңды айт.
798. Ата — балаға сыншы.
799. Ата баласы азарында асық ойнайды.
800. Ата баласының ат меңіндеі белгісі болады.
801. Ата баулыған бала епті,
Ана баулыған бала есті.
802. Ата — бәйтерек,
Бала — жапырақ.
803. Ата көрсеткен жолымыз бір,
Ана тіккен тонымыз бір.
804. Атақ азаматікі,
Билік әділдікі.
805. Атаққұмар — азар,
Білімқұмар — озар.
806. Атақсыз ұры бие байлап,
Атақты ұры аштан өліпті.
807. Атақты ұры аштан өледі.
808. Аталастан ауылдас жақын.
809. Аталастың саудасы айында қайтады.
810. Ат алсаң, ай кеңес,
Қатын алсаң, жыл кеңес.
811. Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.

812. Ата даңқымен қыз өтер,
Мата даңқымен бөз өтер.
813. Ат аяған жерге қарар,
Құс аяған көкке қарар.
814. Ат аяғынан семірер,
Адам құлағынан семірер.
815. Ат айлығын ойлайды,
Түйе жылдығын ойлайды.
Есек екі аяғының астын ойлайды.
816. Ат айналып қазығын табады,
Ер айналып мекенін табады.
817. Ат айында, бие жылында құлындайды.
818. Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.
819. Атамның салған жолы бар,
Анамның тіккен тоны бар.
820. Атам шоты шапқан сайын өрлейді.
821. Атамыз — Алаш,
Керегеміз — ағаш.
822. Ат айында туады,
Інген жылында туады.
823. Атан өлсе, сойылар,
Атаң өлсе, қойылар,
Қансонар қайдан табылар.
824. Атан түйе де жолдан табады.
825. Атан түйеден аталы сөз артық.

826. Атан түйе жүк астында қартаяр.
827. Атаның баласы болма,
Адамның баласы бол.
828. Ат алсаң, ауылыңмен ал.
829. Ат алсаң, жақыннан ал,
Әйел алсаң, алыстан ал.
830. Аталы жетім — арсыз жетім,
Аналы жетім — ерке жетім.
831. Аталы сөз атан түйеге татиды.
832. Аталы сөзге арсыз жауап қайырап,
Ақ пен қараны шындық айырап.
833. Аталы ұл — қожалы ұл.
834. Атамды атсаң да, ботамды атпа.
835. Ана мейірі ішіңді жылытады,
Күн мейірі сыртыңды жылытады.
836. Атаңның айыбын айтудан қашпа.
837. Атаңның құлы айтса да,
Әділетке басыңды и.
838. Ата өліп, бала қалса,
Мұратына жеткені.
Бала өліп, ата қалса,
Арманы іште кеткені.
839. Ат арқасына ер батса,
Аяңшыл болады.
Ерге жаттың тізесі батса,
Ағайыншыл болады.

840. Ат арығы иесінен,
Құлын арығы биесінен.
841. Ат арығы міністен,
Қой арығы өрістен.
842. Ата салтың — халықтық қалпың.
843. Атасы басқамен аң аулама,
Атар да, жанына байлар.
844. Атаның бергені көрімдік,
Еріңнің бергені өмірлік.
845. Атаның жаман ұлы малға ортақ,
Өрі үйлі жанға ортақ.
846. Атаның құны, ананың сүті.
847. Атаның өспес ұлы
Өнбес дауды даулайды.
848. Атаңа не қылсаң,
Алдыңа сол келер.
849. Атаңда болғанша,
Алақаныңда болсын.
850. Атаңда болса бір жолдас.
851. Атаңды ер деп танысаң,
Ерліктің жолын қу.
852. Атаңды Қаратауда бір жығып ем.
853. Ат өрі көлік, өрі жолдас,
Өрі мүлік, өрі ас.
854. Ат баққан аш болады,
Аттанған күні тоқ болады.

855. Ат бақты болса,
Артынан құнан туады.
Аға бақты болса,
Артынан бұлан туады.
856. Ат барған жерге арықтай,
Өгіз жетер жалықпай.
857. Ат барда, есекке жол болсын,
Дос барда, есепке жол болсын.
858. Ат басына күн туса,
Ауыздықпен су ішер.
Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер.
859. Ат — биеден,
Аруана — түйеден.
860. Атасы басқаның бөрі атшы.
861. Атасы жаман алғанын жамандайды,
Туысы жаман туғанын жамандайды.
862. Атасыз ұлдың аузы үлкен.
863. Атасыз үй — батасыз,
Анасыз үй — панасыз.
864. Ат-атаның сай болса,
Қашсаң, жаудан кетерсің,
Қусаң, жауға жетерсің.
865. Ат аттан артық болса да,
Атадан артық емес.
866. Ат атты, тон тонды сақтайды.
867. Ат аунаған жерде түк қалады,
Нар аунаған жерде жүк қалады.

868. Ат аунаған жерде түк қалар,
Ер аунаған жерде құт қалар.
869. Ат жақсысын күдірде сына,
Атой салғанды дүбірде сына.
870. Ат жақсысы ұзақ жолда сыналады,
Адам жақсысы ұзақ істе сыналады.
871. Ат жалдаған өтер,
Ит жалдаған кетер.
872. Ат жалында ажал тұрады.
873. Ат жалында, атан қомында.
874. Ат жаманы таймен ойнайды.
875. Ат жаманы тұрып тышады,
Ит жаманы үріп тышады.
876. Аты жауырдың аяғына күш түсер.
877. Ат жоқта есек жорға,
Ақиқат жоқта өсек жорға.
878. Ат жүйрігі айырады,
Тіл жүйрігі қайырады.
879. болатын құлынның бауыры жазық келер,
Адам болар баланың маңдайы жазық келер.
880. Ат болатын құлынның мүшесінен,
Адам болар баланың кісесінен.
881. Ат бір басқан жерін үш басады.
882. Ат,
Бір қылығы жат.

883. Ат дорба түбін иіскемей тоймайды.
884. Ат ерінді келер,
Ер мұрынды келер.
885. Ат жақсысы керуеннен,
Зат жақсысы шеберден.
886. Ат жақсысы қарытады,
Негізіне тартады.
887. Атқа алтын таға тағаласа,
Есек аяғын көтеріпті.
888. Атқа бергісіз құнан бар,
Қызға бергісіз жуан бар.
889. Ат қадірін білмесең,
Жаяушылық берсін жазаңды.
Ас қадірін білмесең,
Ашаршылық берсін жазаңды.
890. Ат қадірін жоқ білмес,
Ас қадірін тоқ білмес.
891. Атқа жаның ашыса,
Артқы айылды қатты тарт.
892. Атқа келген пәледен,
Айыл-тұрман садақа.
Басқа келген пәледен,
Бастан құлақ садақа.
893. Ат жүйрігі алдын байқайды,
Адам жүйрігі артын байқайды.
894. Ат жүйрігі асқа,
Тіл жүйрігі басқа.

895. Ат кекілін кесіп өш болады,
Ат кекілін сипасып дос болады.
896. Ат көрмеген ат мінсе,
Шаба-шаба өлтірер.
Тон көрмеген тон кесе,
Қаға-қаға бітірер.
897. Ат күтіммен жақсы,
Жүн түтумен жақсы.
898. Атқа аз арт та, қатты жүр,
Түйеге көп арт та, жай жүр.
899. Ат майы толады,
Киім майы толмайды.
900. Ат мінген қойшының аяғы ұзын,
Өгіз мінген қойшының таяғы ұзын.
901. Ат мінезі құлағынан белгілі,
Ит мінезі құйрығынан белгілі.
902. Ат мінсең, еріңді сайла,
Егін ексең, келіңді сайла.
903. Ат онында, жігіт отызында толады.
904. Ат өледі, құс қашады.
905. Ат өлсе, иттің тойы.
906. Атпаз көрген ат таныр,
Ұстаз көрген хат таныр.
907. Атқа міндің — ажалға міндің.
908. Атқанның құсын, жатқан байланар.

909. Ат қартайса, сүріншек,
Ер қартайса, жаңылшақ.
910. Ат құйрығын таранса, қиналады,
Есесіне сыйланады.
911. Ат құлағынан ақсамайды.
912. Ат — құлыннан, батыр — баладан.
913. Ат құлыны күшінде,
Бие құлыны ішінде.
914. Ат қызығы арығанша,
Адам қызығы қарығанша.
915. Атсыз үй болса да,
Ассыз үй болмайды.
916. Ат сыры иесіне мәлім,
Қыз сыры төркініне мәлім.
917. Аттан айрылсаң да,
Ер тоқымынан айрылма.
918. Аттан ат қалса, аяғын кес,
Жігіттен жігіт қалса, құлағын кес.
919. Аттан аттың несі артық,
Адымдап басқан ізі артық.
Ерден ердің несі артық,
Ерінбей еткен ісі артық.
920. Аттан бұрын ер тап.
921. Аттан жығылғаннан
Атақтан жығылған жаман.
922. Аттан тай озады,
Атадан бала озады.

923. Ат пен есек оқырлас болса, зеңі жұғады.
924. Атпен ойнаған тайдың арқасы кетер.
925. Ат пысқырса — жолға,
Байтал пысқырса — сорға.
926. Ат сатсаң, ауылыңмен ақылдас.
927. Ат сүрінбей, жер танымас,
Ер сүрінбей, ел танымас.
928. Атсыздың атасының құны кетеді.
929. Атты күнде мінсең — тулақ,
Аптада мінсең — қунақ.
930. Атты қамшымен ұрып секірте алғаныңмен,
Семірте алмайсың.
931. Атты қоңына қарап мін,
Асты қорыңа қарап іш.
932. Атты мінсең, бесті мін,
Тасты аямай басады.
Қонақ болсаң, жасқа қон,
Етті аямай асады.
933. Аттының несібесі алтау,
Жаяудың несібесі жалқы.
934. Аттың апта жүргенін өгіз ай жүреді.
935. Аттап кетсең де, таптап кетпе.
936. Ат тапқанша есек мін.
937. Ат тапсаң, еріңді сайла,
Қысырақ салсаң, желіңді сайла.

938. Ат тоғызында толады,
Жігіт отызында толады.
939. Ат тұяғын тай басар.
940. Атты айында мінсең, ат,
Жылында мінсең, тұлпар.
941. Атты ақысын жаяуға жібермейді.
942. Атты асу қинайды,
Адамды ашу қинайды.
943. Аттыға еріп жаяудың таңы айрылыпты.
944. Аттыға тай мінсе де, жарасады.
945. Ат үсті — өулие.
946. Ат үсті — жел.
947. Ат шаппайды, бақ шабады.
Бақ шаппайды, бап шабады.
948. Аты атанбаған жігіттен
Аты атанған төбе артық.
949. Аты бардың тынысы бар,
Асы бардың ырысы бар.
950. Аты жадау дегенше,
Иесі қарау десеңші.
951. Аты жүйрік алдын байқайды,
Ақылы жүйрік арын байқайды.
952. Атымды атап, сыбағамды итке сал.
953. Атына қарай тұрманы,
Еңбегіне қарай қырманы.

954. Атын ата да, итке таста.
955. Аттың аты үлкен,
Түйенің табаны үлкен.
956. Аттың бәрі тұлпар болмас,
Құстың бәрі сұңқар болмас.
957. Аттың бітімі білмейді, күтімі біледі.
958. Аттың жемін жеп, тайдың тірлігін істеу.
959. Аттың орны бір басқа,
Атанның орны бір басқа.
960. Атты теппейді деме,
Итті қаппайды деме.
961. Ат ұстаған азабынан құтылады.
962. Ат ұстарың өзіндей болсын.
963. Ат үйірін сағынса,
Артқы аяғын қағынар.
Ер үйірін сағынса,
Айыл-тұрман тағынар.
964. Атың жаман болса, басқа ұрма,
Досың жаман болса, қас қылма.
965. Атың жаман болса, дәрменің кетеді.
Әйелің жаман болса, мейманың кетеді.
966. Атың жаман болса, қарың кетеді.
Балаң жаман болса, арың кетеді.
967. Атың жаман болса, сатып құтыласың,
Қатының жаман болса, қайтып құтыласың.

968. Атың жемқор болса, берді Құдай,
Қатының мешкей болса, ұрды Құдай.
969. Атың тайғақ болса,
Ақ текенің мүйізімен тағала.
Заманың тайғақ болса,
Бір жақсыны сағала.
970. Атың шабандаса, бабына қара,
Досың жамандаса, ағына қара.
971. Атың арық болса, бір шап,
Отының аз болса, бір жақ.
972. Атың арық болса, жерден көрме,
Атың жауыр болса, ерден көрме.
973. Атың арымаса, суға сал,
Болдырмаса, құмға сал.
974. Атың арып, тулақ болсын,
Ерің арып, аруақ болсын.
975. Атыңды жүріп тұрғанда қамшыла.
976. Атың жақсы болса, бір бақыт,
Алғаның жақсы болса, мың бақыт.
977. Атың жақсы болса, дүниенің пырағы,
Әйелің жақсы болса, дүниенің шырағы.
978. Атың жаман болса, арманың кетер.
Балаң жаман болса, дәрменің кетер.
Алғаның жаман болса, келгенің кетер.
979. Аузы кепкен дәмелі астан құр қалады.
980. Аузы күйген үріп ішер.

981. Аузы кіші, қарны әйдік,
Қой семірсе, көтерер.
Қарны кіші, аузы әйдік,
Ит семірсе, көтерер.
982. Аузы құлып сандықты
Тіс ашпаса, тіл ашар.
983. Аузы майланғанның тілі байланады.
984. Аузымен айды алады,
Қолымен қосаяқ соғады.
985. Аузына әлі жетпегеннің
Қолында масқарасы бар.
986. Аузына ие болмағанның
Қолында ұяты бар.
987. Аузына келгенін сөйлеу — ақымақтың ісі.
Алдына келгенін жеу — айуанның ісі.
988. Аузынан ана сүті кеппеген,
Белінен бесік табы кетпеген.
989. Атың шықпаса, жер өрте.
990. Аты-тоны бар кісінде
Әзірет Әлінің күші бар.
991. Аты-тоны сай кісі
Жиын тойға барысар,
Ұлы-қызы бар кісі
Құдалыққа барысар.
992. Ауған елге құрыған құдық кезігеді.
993. Ауған жүк алысқа бармайды.

994. Ауған самұрықты құзғын көзге шұқыпты.
995. Аударыспақ ойнаса,
Аздың арты қылпылдайды.
Тақия салмақ ойнаса,
Таздың арты қылпылдайды.
996. Аузы берен жігіттің бір ажалы көптен.
Штаны жоқ әйелдің бір ажалы шөптен.
997. Аузы жаман елді былғар,
Аяғы жаман жерді былғар.
998. Аузы жұмсақ бұзау қос емшек емеді.
999. Ауру атанды да сүріндіреді.
1000. Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады.
1001. Ауруда өлесің деген жаман,
Дауда бересің деген жаман.
1002. Ауруда шаншу жаман,
Сөзде қаңқу жаман.
1003. Ауруды елемеген өледі,
Дауды елемеген төлейді.
1004. Ауру емес, жын емес,
Мінезді қайтып жазамыз.
1005. Ауру кетсе де, әдет кетпейді.
1006. Ауру кісі күлкі сүймес,
Ауыр жүкті жылқы сүймес.
1007. Аузынан сөзі түскеннің
Қолынан бөзі түседі.

1008. Аузын аш,
Тісі болса қаш.
1009. Аузында әзілі жоқтың
Қолында шоқпары бар.
1010. Аузында сөз тұрмастың
Бір жерде өзі тұрмас.
1011. Ауызың айтқанды
Қолмен істе.
1012. Ауызыңа май, астыңа тай.
1013. Аузың толған қан болса да,
Жау алдында түкірме.
1014. Ауру адам — қаяушыл.
1015. Ауру — азығымен.
1016. Ауру — астан,
Дау — қарындастан.
1017. Аузын баққан ауылға ие болады,
Аузы қағынған жауырға ие болады.
1018. Аузын шеше тыймаған,
Аяғын етік қыспаған.
1019. Ауыл — аймағыңмен, бота — тайлағыңмен.
1020. Ауыл болсаң, қауым бол.
1021. Ауылға алты жасар бала келсе,
Алдынан алпыс жасар шал шығады.
1022. Ауылға жақындағанда ит те үреді.

1023. Ауылдан қыз кеткенде, қызық кетер.
1024. Ауылдан шықсаң,
Көбең байға қонба, сайға қон.
1025. Ауру өлгенше жанынан дәмелі,
Бай өлгенше малынан дәмелі.
1026. Ауру өледі, кепіл күйеді.
1027. Ауру шықпаған жаннан дәмелі.
1028. Ауруын жасырған өледі.
1029. Ауруың тұмау болсын,
Жылың тұман болсын.
1030. Ауызбірліктің алды — ас.
1031. Ауызға келген сөз арзан,
Ауылға келген бөз арзан.
1032. Ауыз — дарбаза, сөз — самал.
1033. Ауыз — дарбаза, сөз — самал,
Құдай ұрғанға не амал.
1034. Ауыз толым ас,
Айшылық жолға жүгіртеді.
1035. Ауылыңда айна бұлағың болса,
Кісі құдығынан су ішпе.
1036. Ауылыңдағыны атадан сұра,
Үйдегіні баладан сұра.
1037. Ауылың ынтымақты болса,
Суалмас көлдейсің.
Ауылың ынтымақсыз болса,
Су бармас шөлдейсің.

1038. Ауырған басқа темір тарақ.
1039. Ауырды нар көтереді,
Әзілді жар көтереді.
1040. Ауырды нар көтерер күшті болса,
Әзілді жар көтерер ішті болса.
1041. Ауырлықты жер көтерер,
Ауыр қазаны ер көтерер.
1042. Ауырып жазылған жан олжа,
Жоғалып табылған мал олжа.
1043. Ауыр істен қорықпа,
Ауыр сөзден қорық.
1044. Ауылдасың жақсы болса,
Ағайының не керек.
Алған жарың жақсы болса,
Айтың, тойың не керек.
1045. Ауыл иті ала болса да,
Бөрі келгенде бірігеді.
1046. Ауыл итінің құйрығы қайқы.
1047. Ауыл қарайлас, шаруа орайлас.
1048. Ауыл үйдің моншағын күндіз ұрлап,
түнде тақпа.
1049. Ауылы араластың қойы қоралас.
1050. Ауылы бүтінді аман де,
Елі бүтінді есен де.
1051. Ауылы жақын ит қасқырдан қорықпайды.

1052. Ауылыма қадірім жоқ бетімді көреді,
Әйеліме қадірім жоқ етімді көреді.
1053. Аш бала тоқ баладай ойнамайды,
Тоқ бала аш баланы ойламайды.
1054. Аш жатқан қонақ аттанғанша дәмелі.
1055. Аш кезінде берген күлше
Тоқ кезінде берген түйеден артық.
1056. Ашкөздің жақсыға көзі тұнар,
Қасқырдың етке көзі тұнар.
1057. Аш кісі ұрысқақ,
Ауру кісі тырысқақ.
1058. Ашқа қазан астырма,
Тоңғанға отын жақтырма.
1059. Ашқарақ батасыз асқа қолын созады.
1060. Аш адам тұрып өлмейді, жүріп өледі.
1061. Ашаршылықта бай баласы бұрын өледі.
1062. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпейді.
1063. Ашаршылықта қомағай бұрын өледі.
1064. Ашаршылықты көп көрген
Өзі тоймай «мә» демес.
Жетімдікті көп көрген
Үш шақыртпай, «а» демес.
1065. Аш атасын тыңдамас.
1066. Аш ауыл айранды бұрын ішеді.

1067. Аштан өлмей, көштен қалмай.
1068. Аш та отыра алмайсың,
Ашып та отыра алмайсың.
1069. Аштық ас талғатпайды,
Ашықтық жас талғатпайды.
1070. Аштықтан сұқтық жаман.
1071. Аштыны аяған — тұштыға зар болады.
1072. Аштың ақылы тамағында,
Жаяудың ақылы табанында.
1073. Аштың ақылы тамағында,
Ұйықтамағанның ақылы қабағында.
1074. Аштың аңы жүрмейді,
Тоқтың төубесі жүрмейді.
1075. Аш қасқыр қораңа шапса,
Бірін жеп, онын жаралайды.
1076. Аш құлақтан, тиыш құлақ.
1077. Аш мал өреген, аш ит үреген.
1078. Аш отырып, ас таңдама,
Жаяу жүріп, ат таңдама.
1079. Аш пәледен қаш пәле.
1080. Ашта жеген құйқаны тоқта ұмытпа.
1081. Аш тамағым, тыныш құлағым.
1082. Аштан өлген кісінің моласы жоқ.

1083. Ашуды жеңсең, ақыл толады.
1084. Ашу жұту — тау жұту.
1085. Ашу кейіпті бұзады,
Білім биікті бұзады.
1086. Ашу келсе, ақыл кетер,
Ақылдыны ақымақ етер.
1087. Ашу келсе, ақыл кетер,
Ашудан ақыл көп болса,
Ашу не етер.
1088. Ашуланса, көшке берген тайлағын алсын.
1089. Ашулы артынан өкінер.
1090. Ашулы басқа ақыл тұрмайды.
1091. Ашулының алдында болма.
1092. Ашу мен егес жұмыс тындыртар.
1093. Ашу адамның сүйегін қақтайды,
Жүрегін таптайды.
1094. Ашу ажыратады,
Ақыл жадыратады.
1095. Ашу — ақылдының дұшпаны,
Нәпсі — иманның дұшпаны.
1096. Ашу ақылмен өш,
Ақылсыз жақынмен өш.
1097. Ашу арты — ашыну,
Өкініш — басты қасыну.

1098. Ашу ауруынды қозғайды.
1099. Ашудан қасаң тартасың,
Күлкіден жасаң тартасың.
1100. Ашу деген қарғыма тас кезеңдей,
Сабыр деген сарқылмайтын өзендей.
1101. Ашу — дұшпан, ақыл — дос,
Ақылыңа ақыл қос.
1102. Ашыққаннан құныққан жаман.
1103. Ашыққан ұры, ашынған долы келеді.
1104. Ащылаған түйеге сортаң тұздай,
Қатыны жоқ жігітке кемпір қыздай.
1105. Ашылатын күн айқұлақтанып батады.
1106. Ашылғанның айыбы жоқ,
Өзі біліп жапқан соң.
1107. Ашылғанның шамы жоқ,
Өзі қымтап жапқан соң.
Адасқанның айыбы жоқ,
Қайтып үйірін тапқан соң.
1108. Ашынған тілді болар,
Ашыққан ұры болар.
1109. Ашумен зорлама,
Ақылмен қорла.
1110. Ашу — пышақ, ақыл — таяқ.
1111. Ашу сиықты бұзады,
Ақыл биікті бұзады.

1112. Ашу — сөздің бұлты,
Ақыл — сөздің кілті.
1113. Ашушаңның анты болмайды,
Сабырсызға дәулет қонбайды.
1114. Ашуың келсе, қолың тарт,
Айтпас жерде тілің тарт.
1115. Аш үйде айран ұйымас.
1116. Ащы еңбектен тәтті нан.
1117. Ашық әйелден ақымақ жігіт дәметеді.
1118. Ашыққан адам елге қонады,
Ашыққан бүркіт торға қонады.
1119. Ашыққан қарын тойынар,
Ашылған етек жайылар.
1120. Аюға намаз үйреткен — таяқ,
Молдаға намаз үйреткен — тамақ.
1121. Аюдан қорыққан орманға бармас.
1122. Аюдың өз майын өзіне жақ.
1123. Аю — иісшіл,
Арқар — дыбысшыл.
1124. Аюмен жолдас болсаң,
Балтаңды тастама.
1125. Аю табанын жалап қоректенеді.
1126. Аяғы жаман төрді былғар,
Аузы жаман елді былғар.

1127. Аяғы кіші сүйгенін киер,
Аяғы үлкен сиғанын киер.
1128. Аяғың үлкен болса,
Қонышыңды кең піш.
Бойың ұзын болса,
Білекке қарай жең піш.
1129. Аяғы шуаш, шылғауын жуғыш келеді,
Белі ауырған, белін бұғыш келеді.
1130. Аяғыңа қарама,
Жолыңа қара.
1131. Аяз арыққа жау.
1132. Аяз әліңді біл,
Құмырсқа жолыңды біл.
1133. Аязды күні қойға су бергенше у бер.
1134. Аяқ — азамат, қол — мүлік.
Бас — сандық, тіл — кілт.
1135. Аяқ асқа барады,
Сөз басқа барады.
1136. Аяқтан көртейсең — тұралағаның,
Бастан көртейсең — қуарғаның.
1137. Аяқтан шалынған тұрады,
Тілден шалынған тұра алмайды.
1138. Аяқтыға жол бермеген,
Ауыздыға сөз бермеген.
1139. Аямасқа аяғыңды сұқ,
Айланып келіп таяғыңды сұқ.

1140. Аянбаған жауды алар,
Абайлаған дауды алар.
1141. Аяншақ көзге шөп түседі.
1142. Аяңшыл ат арымас,
Білімді жігіт тарылмас.

Ә

1143. Әдемілігіне қарама,
Әдебіне қара.
1144. Әдепсіз аяқ боқ басады.
1145. Әдепсіз бала — аяққа басылған шала.
1146. Әділ билік — алтын таразы.
1147. Әділдіге сенбе, әділдігіңе сен.
1148. Әділдік жеңеді,
Кешігіп келеді.
1149. Әділдік қылды қақ жарады.
1150. Әділдікпен кескен бармақ ауырмайды.
1151. Әділет алдында тай да бас иеді, тау да бас иеді.
1152. Әділетсіз төренің елі тозады,
Қатыны жаман жігіттің жеңі тозады.
1153. Әділсіз болса, би оңбас,
Әйелсіз болса, үй оңбас.
1154. Әділ хан аспандағы Күнің.

1155. Әділ істің арты игі.
1156. Әдіссіздік — әлсіздік.
1157. Әдепсіздің аяғы боқ басады,
Сөзі шоқ басады.
1158. Әдепті бала — арлы бала,
Әдепсіз бала — сорлы бала.
1159. Әдепті жан абайшыл,
Алкеуде жан айғайшыл.
1160. Әдептілік, ар-ұят —
Адамдықтың белгісі.
Тұрпайы мінез, тағы, жат —
Надандықтың белгісі.
1161. Әдептілік белгісі —
Иіліп сәлем бергені.
Адамдықтың белгісі —
Көп артынан ергені.
1162. Әдет — әдет емес, жөн — әдет.
1163. Әділ бидің елінің ырысы көп,
Парақордың елінің ұрысы көп.
1164. Әжеме де барайын, бұзауыма да қарайын.
1165. Әзілде шек жоқ,
Қалжыңда кек жоқ.
1166. Әзілің жарасса, атаңмен ойна.
1167. «Әй» деген ат басын бұрғанша,
«Ай» деген ат аунап тұрғанша.
1168. «Әй» дейтін әже жоқ,
«Қой» дейтін қожа жоқ.

1169. Әйел жыласа — шық,
Күн шықса, кетеді.
1170. Әйел көз жасымен қуанып,
Көз жасымен уанады.
1171. Әйел қарызы байында,
Ел қарызы биінде.
1172. Әйелің дұшпандық қылса,
Қара пәле басқаны.
Балаң тілді алмаса,
Қадіріңнің қашқаны.
1173. Әйеліңе балаң жоқ жерде ақыл айт,
Балаңа адам жоқ жерде ақыл айт.
1174. Әйелің жақсы болса,
Қартайғанша қызбен тең.
Әйелің жаман болса,
Күнде басқан сызбен тең.
1175. «Әйт, шу» деген атанға демеу,
«Әуп» деген ерге демеу.
1176. Әйел алмаған жігіт елуге келсе де, бозбала,
Бала таппаған қатын қырыққа келсе де, қыз бала.
1177. Әйел асқақтаса — жылағаны,
Ер асқақтаса — құлағаны.
1178. Әйелдің жасы — шық,
Күн шықса, кетеді,
Ердің жасы — от,
Жүрегін өртеп кетеді.
1179. Әйелдің күлгені — алдағаны,
Жылағаны — арбағаны.

1180. Әйел жерден шыққан жоқ,
Ол да еркектің баласы.
Ерлер көктен түскен жоқ,
Әйел — оның анасы.
1181. Әке — ақылшы да, айбар, қормал да қорған.
Әкең болса, тозбайды айыл-тұрман.
1182. Әкем өлгені маған жақсы,
Көпшігі көтіме жақсы.
1183. Әкенің еккен ағашы ұрпаққа сая.
1184. Әкенің жақсылығы жездедей-ақ.
1185. Әкең алпысқа келсе, қойшы алма.
1186. Әкең бермегенді базар береді.
1187. Әкеңді өлтіргенге шешенді бер.
1188. Әкең көк басы болғанша,
Үйің көмейде болсын.
1189. Әкең қартайса, малшыға,
Шешен қартайса, жалшыға жарисың.
1190. Әке баланы мирасым дейді,
Артымды құрасын дейді.
1191. Әке деген айтарға,
Шеше жолы бір басқа.
1192. Әкеден алты батпан артық тудым десе,
Жеті батпан жетпей туады.
1193. Әкеден бала үшеу туады.
1194. Әкелі ұлдың кісесі басқа.

1195. Әке — майыссаң тіреу, сүрінсең сүйеу.
1196. Әкемді алсаң ал, шешемді қой,
Шекпен тоқып берсе де, өлмеймін ғой.
1197. Әкемнің шоты аса-аса тиеді.
1198. Әке тұрғанда ұл ержетпейді.
1199. Әке үміті сенде,
Тапсырады сені елге.
1200. Әккінің ажалы амалынан,
Ашкөздің ажалы тамағынан.
1201. Әкімге қарсылық қылма,
Күніңе кемшілік келер.
Молдаға қарсы болма,
Дініңе кемшілік келер.
1202. Әкімнің қарсысы болсаң, ісің жаман,
Молданың қарсысы болсаң, дінің жаман.
1203. Әкеңнен мал қалғанша, тал қалсын.
1204. Әке сені ер болсын дейді,
Маңайыңа ел қонсын дейді.
1205. Әкесі баласына кінәлай да қарайды,
Сыналай да қарайды.
1206. Әкесі ет жасағыштың
Баласы ет асағыш келеді.
1207. Әкесі көрмегенді — ұлы көрер,
Шешесі көрмегенді — қызы көрер.
1208. Әкесі құрдастың — баласы құрдас.

1209. Әкесін сыйламағанның баласы сыйламайды.
1210. Әкесінің ақшасымен үйленген
Әйелінің қадірін білмейді.
1211. Әкесі өлгенді де естіртеді.
1212. Өлі кеткен қасқыр ешкіні «апа» дейді.
1213. Өлді адам шалқақ келеді,
Өлсіз адам жалтақ келеді.
1214. Өлді берер,
Өлсіз безер.
1215. Өлем қанша кең болса,
Ақиқат соған тең болар.
1216. Өлсіз адам — жағымпаз,
Кербез адам — қырымпаз.
1217. Өлсіз адам — сүріншек,
Ақылсыз адам — еріншек.
1218. Өлсіз апат келтірер.
1219. Өлсіз әр уақытта айыпты.
1220. Өлсіз денеге ауру ұялайды.
1221. Өлі жетпеген ақыретшіл,
Қолы жетпеген құдіретшіл.
1222. Өлі келген алып та жығады, шалып та жығады.
1223. Өлім келсе, Арыс суын байлар ем.
1224. Өлін білмеген әлек.

1225. Өлін білмеген әлемге таңғалады.
1226. Өмек басшың кім болса,
Әлек басшың сол болар.
1227. Өншейінде ауыз жаппас,
Той дегенде өлең таппас.
1228. Өңгіме айтушы егеді,
Тыңдаушы тереді.
1229. Өңгіме бұзау емізер,
Бұзау таяқ жегізер.
1230. Өп-әсем ән еді,
Пұшық айтып қор қылды.
1231. Өпкеме жездем сай.
1232. Өпербақан шаш ал десе, бас алар.
1233. Өр кәллаға бір қиял.
1234. Өркімдікі өзіне,
Ай көрінер көзіне.
1235. Өркім қолда барын ұсынады.
1236. Өркімнің бір ойы бар,
Қиялында мың ойы бар.
1237. Өркімнің бір ойы бар,
Қорасында мың қой бар.
1238. Өркімнің өз жері — Мысыр шаһары.
1239. Өркім өз бойына қарай тон пішер.
1240. Өркім өз кездігімен өлшейді.

1241. Әркім өз қазын аққуым дейді.
1242. Әркім өз қозысын қошқар қояды.
1243. Әр арна өз көгілдірін аққу санар.
1244. Әр асқанға бір тосқан.
1245. Әр ауылдың бір адырақпайы бар.
1246. Әрбір құстың өз алдына жемі бар,
Әр адамның өз алдына тегі бар.
1247. Әрбір топырақ аяласаң, иеді,
Әрбір жапырақ саяласаң, сүйеді.
1248. Әр елдің салты басқа,
Иттері қара қасқа.
1249. Әрне көрсең тірлікте,
Сыйласқан жақсы бірлікте.
1250. Әр таудың шөбін көксеген бұғы аштан өледі.
1251. Әр түлкінің өз тазысы бар.
1252. Әрі мырза, әрі құл
Жігіт қайдан табылар.
Әрі жүйрік, әрі мес
Жылқы қайдан табылар.
1253. Әркім өз ойынан хабар береді.
1254. Әркім — сыйлағанның құлы.
1255. Әркім — сүйгеннің құлы.
1256. Әркім тапқанын теке қояды.

1257. Әркім теңін олжалайды.
1258. Әр құстың өз алдына жемі бар,
Әркімнің өз алдына теңі бар.
1259. Әр нәрсеге ашық болғанша,
Бір нәрсеге ғашық бол.
1260. Әр нәрсе уақытымен қызықты.
1261. Әсем болсаң, аспаққа асыларсың,
Бәсең болсаң, бәйгеге қосыларсың.
1262. Әсемділік әйелге, қажырлылық ерге жарасады.
1263. Әсіре қызыл тез оңар.
1264. Әуелгі байлық — денсаулық,
Екінші байлық — он саулық,
Үшінші байлық — ақ жаулық.
1265. Әуелгі бақ — тіл мен жақ.
1266. Әуелгі сөзің рас болса,
Соңғы сөзіңнің өтуі жақсы.
1267. Әуелгі сөз рахым.
1268. Әуелі отыңның басын біл,
Онан соң ауылыңды біл.
Онан соң аймағыңды біл.
1269. Әуелі Тәңір жерге береді,
Жерге берсе, елге береді,
Елге берсе, ерге береді.
1270. Әулекі би ат үстінен билік айтар.
1271. Әулие де қасындағысын қолдайды.

1272. Әулиелік қонды десе, нан,
Әдет қалды десе, нанба.

Б

1273. Баба бүркіт барлап ұшады,
Бала бүркіт парлап ұшады.
1274. Бабаңнан жүз жас үлкен бол,
Балаңнан жүз жас кіші бол.
1275. Баға білмеген мал әлек,
Бағымы кеткен ел әлек.
1276. Бағайын десе, малы,
Ыңыранайын десе, аузы жоқ.
1277. Бағуыңа қарай мал өседі,
Тәрбиеніңе қарай бала өседі.
1278. Бағы барда жағалайды,
Бағы кетсе, табалайды.
1279. Бағы қайтқанның малын бақпа,
Іші қараның дауын айтпа.
1280. Бағың асқан шағыңда,
Құзғын салсаң, қаз ілер.
Бағың тайған шағыңда,
Тұйғын салсаң, аз ілер.
1281. Базарда мың кісі,
Көңілді бір кісі.
1282. Базары жақын байымас.
1283. Базарын біліп, мал сал,
Балығын біліп, ау сал.

1284. Бай аузында семіз сөз.
1285. Бай баласы мақпалын киер,
Кедей баласы тапқанын киер.
1286. Бай — балпаң, кедей — жалпаң.
1287. Бай бастас, батыр қандас, би құлақтас.
1288. Бай бастас, кедей мұңдас.
1289. Бай бауырын танымас.
Сауда досқа қарамас.
1290. Бағың жанса, сордың барын ұмытпа,
Атың шықса, қордың барын ұмытпа.
1291. Бағың тасыған кезінде
Шобыр қоссаң, бөйге алар.
Бағың қашқан кезінде
Сөйгүлігің құр қалар.
1292. Бадырақ көз сен тимесең, мен тимен.
1293. Бажаны бажа көрсе, басы қышиды.
1294. Базар ақшалыға базар, ақшасызға назар.
1295. Базарға әркім барар, өз керегін алар.
1296. Базарға бар да, бағыңды сына.
1297. Базардағы ас бағына қарай пысады.
1298. Байдан би шықса,
Кедейден дана шығады.
1299. Байдан бұзылған қатынның қабағы ашылмайды,
Жақсының сыры шашылмайды.

1300. Байдан мейір кетсе,
Кедейден пейіл кетеді.
1301. Байды Құдай ұрайын десе, жортуыл бастайды.
1302. Байдың әйелі өлсе, төсегі жаңғырар.
Кедейдің әйелі өлсе, басы қаңғырар.
1303. Байдың байлығы, кедейдің шайлығы.
1304. Байдың жаны кейісе,
Құдайын қарғайды.
Кедейдің жаны кейісе,
Құралайын қармайды.
1305. Байдың жанына барсаң,
Байымасаң, маған кел.
Қудың жанына барсаң,
Құрымасаң, маған кел.
1306. Бай болдым деп шашпа,
Патша болдым деп аспа.
1307. Бай болмаған бай болса,
Қонбаған сай қалмайды.
Би болмаған би болса,
Ақылы оның толмайды.
1308. Бай болсаң, жай болма,
Білім, өнерге сай бол.
1309. Бай болып көргем жоқ,
Жарлы болып өлгем жоқ.
1310. Байға бақ қонса, бұқа да бұзаулайды.
1311. Байға барсаң, жорға береді,
Кедей атын зорға береді.

1312. Байға құл болғанша,
Байқұсқа ұл бол.
1313. Байлығыңа сенбе, ақылыңа сен.
1314. Байлыққа берілмеген адам —
Кедейлікке тебіренбейді.
1315. Байлық қолда ұстауға мұз:
Қатты ұстасаң, сынып кетеді,
Бос ұстасаң, еріп кетеді.
1316. Байлық — қолдың кірі.
1317. Байлық не дегізбес,
Жоқтық не жегізбес.
1318. Бай малының ағымен бұлданады,
Ағы үшін жарлылар құлданады.
1319. Бай мейірімінен күн мейірімі жақсы.
1320. Бай мен бай құда болса,
Арасына жорға жүреді.
Кедей мен кедей құда болса,
Арасында дорба жүреді.
1321. Бай күйігі етекте,
Бала күйігі жүректе.
1322. Байдың күні пәрменімен,
Кедейдің күні арманымен.
1323. Бай киім кесе, құтты болсын дер,
Кедей киім кесе, қайдан алдың дер.
1324. Бай қасына барып көр,
Пақыр болмасаң, маған кел.
Хан қасына барып көр,
Басың кетпесе, маған кел.

1325. Бай тойып секіреді,
Кедей тоңып секіреді.
1326. Бай тоқтығынан кекіреді,
Кедей аштығынан секіреді.
1327. Байыпты болсаң,
Айыпты болмайсың.
1328. Бақа батпағында,
Балық көлінде.
1329. Бақ адасса, батпаққа қонады.
1330. Бақайшықты тастама,
Бас бармақтай майы бар.
1331. Бақ көлінде патша,
Балық суында патша,
Жігіт елінде патша.
1332. Бақан жаққан баста бар.
1333. Бақаны алтын таққа отырғызсаң да,
Батпақты көргенде шоршып түсер.
1334. Баймын деп мақтанба, жарлылық бар.
Көппін деп сұқтанба, жалғыздық бар.
1335. Бай өлсе, ескісін дайындайды,
Кедей өлсе, ешкісін дайындайды.
1336. Бай пайдақор, аңшы айлакер болады.
1337. Байсыз әйел үйде тұрмас,
Баусыз оймақ қолда тұрмас.
1338. Байсыз қатын — баусыз оймақ.

1339. Байтал мінсең, құлын жоқ,
Саумал ішсең, қымыз жоқ.
1340. Байтал түгіл бас қайғы.
1341. Бай таңдаған ерсіз қалады,
Көше берген жерсіз қалады.
1342. Баққа сор жасырынады.
1343. Бақ қонатын адамның ұлы епті,
қызы көрікті болады.
1344. Бақпасаң, мал кетеді,
Күтпесең, қатын кетеді.
1345. Бақсыға барма, басынан кешкенге бар.
1346. Бақсыға ісің түспесін,
Қалыңға құсың түспесін.
1347. Бақсы көрінсе, дерт қозады,
Ұста көрінсе, таға тозады.
1348. Бақсының жақсысы — ауруға ауру қоспағаны.
1349. Бақтың келуі — қайқайыс,
Кетуі — еңкейіс.
1350. Бақылдың бағы көгермейді,
Көгерсе де, көбеймейді.
1351. Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.
1352. Бақаның тойы батпақта.
1353. Бақаның тілін балық біледі.
1354. Бақ-бақ еткен текені
Қар жауғанда көреміз.

Батырсынған жігітті
Жау келгенде көрерміз.

1355. Бақ басында, сор қасында.
1356. Бақ келді деп таспа,
Жау келді деп саспа.
1357. Бақ қайтса, басқа дәулет құралмас.
1358. Бақ қарап тұр алдыңда,
Талаппенен көрінсең.
Сор қарап тұр алдыңда,
Жамандыққа берілсең.
1359. Бала атадан батпан артық туады.
1360. Бала әкеге бес жыл жұмбақ,
Әке балаға өмір бойы жұмбақ.
1361. Бала баққанша ара бақ.
1362. Бала, баланың ісі шала.
1363. Бала болу парыз емес,
Әке болу — парыз.
1364. Балаңа байқап сөйлесең, ақылыңа көнер,
Байқамай көп сөйлесең, көрсетер өнер.
1365. Балаға жанның ашуы бірдей,
Қай қолыңды кессең де,
Жанға батуы бірдей.
1366. Балаға жуыссаң, пәлесі жұғады,
Қатынға жуыссаң, қарасы жұғады.
1367. Бақырауық демесең, бағалы көлік түйе ғой.

1368. Бақыр қазан қайнаса, бөріміздің бағымыз.
1369. Бақыт қолға қонған құс,
Байлық қолға ұстаған мұз.
1370. Бақыттың тамыры — еңбек,
Пақырлықтың тамыры — еріншек.
1371. Бала — адамның бауыр еті.
1372. Бала ана болғанша — ана мола болар.
1373. Бала анасына қарайды,
Аң панасына қарайды.
1374. Бала — артта қалған із,
Бақыт — ұзатылған қыз.
1375. Бала күлкіге тоймас,
Жаман ұйқыға тоймас.
1376. Бала қорыған жерге өш.
1377. Балалы қоян қаша алмас.
1378. Балалы үй — базар,
Баласыз үй — мазар.
1379. Балалы үйдің ұрлығы жатпас.
1380. Балалы үйрек көлден кетпес,
Баласы жас елден кетпес.
1381. «Балам» деген жұрт болмаса,
«Жұртым» дейтін бала қайдан шықсын.
1382. Баламен ойнама, шаршайсың,
Шаламен ойнама, күйерсің.

1383. Балам өсті дегенше,
Батыр өсті десейші.
Батыр өнер білмесе,
Қапыл өсті десейші.
1384. Балаға пышақ бермесең, бір жылар,
Пышақ берсең, екі жылар.
1385. Балаға сенген пәлеге қалады,
Жаманға сенген далада қалады.
1386. Баладағы мал — даладағы мал.
Інідегі мал — індегі мал.
1387. Балажанды биелер құлындарын теппейді,
Балажанды адамды бала айналып кетпейді.
1388. Бала жасындағыны ұмытпайды,
Таз басындағысын ұмытпайды.
1389. Бала жұмсағыштың жаны тынса да,
жағы тынбайды.
1390. Бала — жүрек ортасы,
Бала — ананың қолқасы.
1391. Бала жүруді жығылудан үйренеді.
1392. Бала — көңілдің гүлі, көздің нұры.
1393. Баланың тентек болғаны үйінен,
Жігіттің тентек болғаны биінен.
1394. Баланың тууын айтпа, тұруын айт.
1395. Баланы сылау өсіреді,
Қарды қырау өсіреді.
1396. Балаң болса, шоқ болсын,
Шоқ болмаса, жоқ болсын.

1397. Балаңды жұрт мақтаса,
Бәрінен де сол сүйгі.
1398. Балаң текті болмаса, нәсілің құрыр.
1399. Бала өз нәпақасын өзі ала туады.
1400. Балапан басына, тұрымтай тұсына.
1401. Балапан ұядан нені көрсе,
Ұшқанда соны алады.
1402. Баланы барлық ана таба да, баға да біледі,
Ананы кімдер баптап баға біледі.
1403. Баланы бесікте түзет.
1404. Баланы жастан, әйелді бастан.
1405. Баланы Құдай берсін,
Алалынан бермесе, ала берсін.
1406. Баланың баласы балдан төтті.
1407. Баланың баласы бар әкеден асқан,
Баланың пәлесі бар албасты басқан.
1408. Баланың өзі туғандай,
Келіннің өзі келгендей.
1409. Баланың өскен бесігі — кең дүниенің есігі.
1410. Баланың сегізінде тісі түседі,
Сексенінде ердің елге ісі түседі.
1411. Балға болғаныңда ұрып бақ,
Төс болғаныңда төзіп бақ.
1412. Бал тамған тілден у тамар.

1413. Балта сабынан озбайды.
1414. Бал татыған балық сорпасын ішпеген басым,
Қоңырсыған қой сорпасын іштім.
1415. Балта ұстап әкең қалғанша,
Ұршық ұстап шешең қалсын.
1416. Балуанға түсер жігіттің
Көңілін аулап, сөзін ал.
1417. Балуанның жаманы — жығылған соң қалтияр,
Күзетшінің жаманы — жау кеткен соң қалтияр.
1418. Бал ұстаған бармағын жалайды.
1419. Балапан ұшуды білсе де, қонуды білмейді.
1420. Бала соққан кездіктің басы жарық.
1421. Бала соққан пышақтың сабы жарық.
1422. Баласы атқа шапса,
Шешесі үйде отырып, тақымын қысады.
1423. Баласы бардың өзі ойнар,
Баласыздың көзі ойнар.
1424. Баласы жалқаудың қозысы маңырауық.
1425. Баласы жоқ ханым — тұл,
Баяны жоқ ғалым — тұл.
1426. Бала таппайтын әйелдің тұрары жоғын айт,
Мал таппайтын еркектің құрары жоғын айт.
1427. Бала — ханнан үлкен,
Ашамай — нардан үлкен.

1428. Бал болса, ара Бағдаттан да келеді.
1429. Балыққа бата жоқ.
1430. Балықта сүт жоқ,
Баласын су асырайды.
1431. Балықтың байлығы — етек-жеңі кепкенше.
1432. Балықтың басы бір болғанымен,
Қабырғасы жік-жік.
1433. Балықты судан ізде,
Алтынды құмнан ізде.
1434. Балық үндес, бақа тілдес.
1435. Балықшының аты шөлден өледі.
1436. Балықшының баққаны ау,
Даукөстің баққаны дау.
1437. Балықшының үйіне барсаң, қарма жерсің,
Егіншінің үйіне барсаң, жарма жерсің.
1438. Балы бардың иті үреген, аты жүреген болады.
1439. Балығы жоқ көл қысыр,
Басы жоқ гүл қысыр.
1440. Балық аулай алмаған суды лайлайды.
1441. Балық басын алады,
Егін есесін алады.
1442. Балық басынан, жаман аяғынан сасиды.
1443. Балық басынан шіриді.

1444. Балық жеген бағыспас,
Жан-жағына қағыспас.
1445. Балық жоқта бақа да балық.
1446. Балық көті жылмағай.
1447. Бар болса, сойғаныңның жөні бар,
Бір қойда он кісінің құны бар.
1448. Бар болып байы өлгенге не жетсін.
1449. Бардан ауысады,
Балдан жұғысады.
1450. Бардан жұғады,
Балдан тамады.
1451. Бар дүниеде тозақ бар.
1452. Бардың мәйегі тиер,
Жоқтың таяғы тиер.
1453. Бар қашаған құтылмас,
Жоқ қашаған жеткізбес.
1454. Барқы білмейді, сөздің нарқы біледі.
1455. Балықшы суда жүрсе де, сусап жүреді.
1456. Бапсыз қыран түйілмес,
Құтсыз дәулет үйілмес.
Бап пен бақ екеуі де,
Ақылменен үйірлес.
1457. Баптай білсе, балапан қыран болар.
1458. Барақ жүнді батырды
Екі қатынның бірі табады.

- Ел билейтін асылды
Мың қатынның бірі табады.
1459. Барар жерің Балқан тау,
Ол да біздің көрген тау.
1460. Бар барын айтады,
Жоқ зарын айтады.
1461. Бар болса, баршамен артыңды сұрт.
1462. Бар болсаң, бергеніңді айтпа,
Ер болсаң, жеңгеніңді айтпа.
1463. Барымтадан қорыққан мал жимас,
Судан қорыққан дән жимас.
1464. Барымталап алған мал емес,
Қуып алған құн емес.
1465. Барына шүкір,
Жоққа сабыр.
1466. Барында батып іш,
Жоғында сатып іш.
1467. Барыңды көздеме,
Жоғыңды ізде.
1468. Барыс-келіс — достың ісі,
Ұрыс-керіс — қастың ісі.
1469. Бас аманда мал тәтті,
Бас ауырса, жан тәтті.
1470. Бас арқалағанша, тас арқала.
1471. Бас ауырса, жан қорығады.

1472. Барлығын көрген көз өзін көрмейді.
1473. Барлық жарастырады,
Жоқтық таластырады.
1474. Бармақ басты, көз қысты.
1475. Бар мақтанса, табылар,
Жоқ мақтанса, шабылар.
1476. Бармасаң, келмесең, жат боларсың,
Алмасаң, бермесең, сарт боларсың.
1477. Бармасқа ат табылмайды,
Ат табылса, бап табылмайды.
1478. Барма ханға, өзі келер малға,
Барма биге, өзі келер үйге (дауға).
1479. Бармен базар, жоқты қайдан табар.
1480. Барымтаға қарымта.
1481. Басқа жердің айынан
Өзіміздің жұлдызымыз жарық болсын.
1482. Басқа келген бақытты
Қырсықты келін, кесірлі бала қашырады.
1483. Басқа келген пәледен,
Бастан құлақ садақа.
1484. Басқаның үйін жығуын білсем де,
тігуін білмеймін.
1485. Басқа пәле тілден.
1486. Басқа санасаң өзге,
Қасқа санасаң көзге.

1487. Басқа түссе, баспақшыл.
1488. Бас-басыңа би болсаң,
Бір қазанға симайсың.
1489. Бас-басыңа би болсаң,
Мына тауға симайсың.
Бір данаға жол берсең,
Жанған отқа күймейсің.
1490. Бас болмақ оңай, басқармақ қиын.
1491. Бас билігі өгізге «өк» дегені — өлім.
1492. Бас екеу болмай, мал екеу болмас.
1493. Бас жарылса, бөрік ішінде,
Қол сынса, жең ішінде.
1494. Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ.
1495. Басты балта бұзады,
Жылқыны маңқа бұзады.
1496. Басты бұзған маңқа.
1497. Басты Құдай береді,
Малды еңбек береді.
1498. Бастың таразысы — тіл.
1499. Бас ұстаған бармағын жалайды.
1500. Басшысын таппаған ел азады,
Жолдасын таппаған ер азады.
1501. Басы аманның малы түгел.
1502. Басқы істің басында болмасаң,
Соңғы істің қасында болма.

1503. Бас сауғалағаннан батыр шықпас.
1504. Бассыз — ел жетім.
Балықсыз — көл жетім.
1505. Бассыз үйдің иті осырақ.
1506. Бастас қатын — астас.
1507. Бастау солса да, бәйтерек солмайды.
1508. Бас — тұмақтың үлгісі.
1509. Басынан байқамасаң,
Аяғынан адасасың.
1510. Басын шалған шөптің тамыры қалады,
Арлының малы кетеді, ары қалады.
1511. Басыңа бақ қонғанда,
Елден асқан данасың.
Басыңнан бақ тайғанда,
Қалыбыңа барасың.
1512. Басыңа іс түссе:
Жақсы көмек өтеді,
Жаман күліп өтеді.
1513. Басы ауырып, басы сыздамағанның —
Тәңірмен ісі жоқ.
1514. Басы бапан, аяғы сапан.
1515. Басы бардың бөркі бар.
1516. Басыңда дес тұрғанда,
Уысыңда тас сынады.
Басыңнан дес кеткенде,
Сарымайға тіс сынады.

1517. Баталы құл — арымас,
Батасыз құл — жарымас.
1518. Баталы құлға бақ қонар.
1519. Батар күннің атар таңы бар.
1520. Басы бостың байы — Құдай.
1521. Басы қараның бөрі игі,
Барып-келсе тағы игі.
1522. Басы қараның көңілі жаралы.
1523. Басы қату болса, аяғы тату болады.
1524. Басынан айрылған шашынан қайғырмайды.
1525. Батырдан сауға,
Бөйгеден олжа.
1526. Батыр даңқы — ел даңқы,
Балық даңқы — көл даңқы.
1527. Батырды бөрекелді өлтіреді.
1528. Батырдың атын жау шығарады,
Шешеннің атын дау шығарады.
1529. Батырдың барғанынан қайтқаны тез.
1530. Батырдың басы екеу болмайды.
1531. Батырдың бір ісі тентек,
Қорқақтың екі ісі тентек.
1532. Батыл, батылдың ісі мақұл.
1533. Батыл болмай, батыр болмайсың.

1534. Батыр — аңғал, палуан — дүр.
1535. Батыр бір оқтық, бай бір жұттық.
1536. Батырға да жан керек,
Пақырға да жан керек.
1537. Батырға жара да жарасады.
1538. Батырға оқ дарымайды,
Батырға жау жоламайды.
1539. Батырға таяқ та жарақ.
1540. Батыр — ортақ, бақ — жалқы.
1541. Батыр түсінде жау көреді,
Балықшы түсінде ау көреді.
1542. Бауыр шырын, бас тәтті,
Ағайынмен ішкен ас тәтті.
1543. Бауыры бүтін сынауға,
Бауыры жыртық жылауға келеді.
1544. Батырдың көзі өмірде,
Қорқақтың көзі өлімде.
1545. Батыр — елдің сәулеті,
Бал құрақ — жердің сәулеті.
1546. Батыр — жау барда сыйлы,
Би — дау барда сыйлы.
1547. Батыр жаусырамаса, батыр бола ма!
1548. Батыр қол бастайды,
Шешен тар жерде сөз бастайды.

1549. Батырлығың не керек,
Байсалдылық болмаса.
Ақындығың не керек,
Айтарлығың болмаса.
1550. Батыр мақтанса, жауға шапқанын айтар.
Қу мақтанса, алдап соққанын айтар.
1551. Бәйбішеге малын берер,
Тоқалға жанын берер.
1552. Бәйбіше Құдайдың бұйрығы,
Тоқал ешкінің құйрығы.
1553. Бәйгеге қосар атыңның ерін алмай, терін ал.
1554. Бәлекей қыз өспей ме,
Көкейіңді теспей ме!
1555. Бәйтерек басын күн шалса,
Көлеңкесі жердікі.
Артық туған ақылды
Өмір бойы елдікі.
1556. Бәрің бірдей қойшы болма,
Бәрің бірдей тойшы болма.
1557. Бәрің тойшы болғанша,
Бірің қойшы бол.
1558. Бәгің соқыр болса,
Бір көзіңді қысып отыр.
1559. Беде ексең, мал семіз,
Егін ексең, ел семіз.
1560. Бәдекшінің малы жең ішінде,
Алдамшының малы ерні үшінде.

1561. Беделің артса, беліңде жүк ауырлар.
1562. Беделің — сәулетің,
Еңбегің — дәулетің.
1563. Бедеу мінсең, бел асасың,
Алғыс алсаң, көп жасайсың.
1564. Бейнет, бейнет түбі — зейнет.
1565. Бейнетсіз рахат жоқ.
1566. Бейнетің қатты болса,
Татқаның тәтті болар.
1567. Бейтаныс кісі — бітеу жаңғақ.
1568. Бейшараның белгісі сөзінен,
Несебі көзінен шығады.
1569. Бекер жатқаннан Тәңір де безер.
1570. Бекер келсе, жұмыстан қаласың,
Арашашы келсе, ұрыстан қаласың.
1571. Бектіктен бекер қалғанның дауасы қабыл.
1572. Бел астындағыдан бесіктегі бала үміттенеді.
1573. Белгілі дұшпаннан белдеудегі жау жаман.
1574. Без жесең де, кезден жеме.
1575. Береген қолым алаған.
1576. Берейін деген қолына,
Шығарып салар жолына.
Бермеймін деген қолына,
Табылмайды пұлына.

1577. Береке достық шақырады,
Берекесіз қастық шақырады.
1578. Берекелі ауылдың бейнеті — мейрам.
1579. Берекелі ауылдың белгісін
Абысынның ас бергенінен байқа.
1580. Берекелі бұлақтың —
Басы иілген талы болады.
Берекелі халықтың —
Белі иілген шалы болады.
1581. Берекелі елдің баласы —
Бірі қанат, бірі құйрық,
Берекесіз елдің баласы —
Бірі аманат, бірі күйік.
1582. Берекелі тоғайда
Басын иіп тал тұрар.
Берекелі ауылда
Ақылы дана шал тұрар.
1583. Берекесіз ауыл — мерекесіз.
1584. Белдескеннің белін сындыр,
Тірескеннің тізесін бүктірі.
1585. Белдескеннің белін үз,
Тайласқанның тілін үз.
1586. Беліңді бу да малға бар.
1587. Берген алар, еккен орар.
1588. Берген бекке жағады,
Бермеген кімге жағады.
1589. Берген жомарт емес, алған жомарт.

1590. Берген перне бұзар.
1591. Бер дей берсең, Құдайға да жақпайсың.
1592. Бергенге тұрмайды,
Пейілге тұрады.
1593. Берсең — аласың,
Ексең — орасың.
1594. Берсең, балаға бер.
1595. Беру-алу көрші салты,
Жарастыру елші салты.
1596. Бес күндігін ойламаған әйелден без,
Бес жылдығын ойламаған еркектен без.
1597. Бес саусақ білекке,
Білек жүрекке бағынышты.
1598. Бес саусақ бірдей емес.
1599. Бесті бураның күні күркірейді.
1600. Бестінің бетінен сақта.
1601. Беретін кісім келгенде,
Бес қайнайды қазаным.
1602. Бермегенді беріп ұялт.
1603. Бермейтін сараң жоқ, сұрауы жетпес.
Өтпейтін пышақ жоқ, шыңауы жетпес.
1604. Бермес келіге су құяды.
1605. Берместің асы пыспас,
Қазаны оттан түспес.

1606. Берместің сылтауы көп.
1607. Берместің үйінде бесті қымыз тұрады.
1608. Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме.
Ісің қисық болса, жазаға өкпелеме.
1609. Бестің басы болғанша,
Алтының аяғы бол.
1610. Бесік баласы бес түлейді.
1611. Бесіктінің белі тынар,
Бесіксіздің белі сынар.
1612. Бетегеден биік, жусаннан аласа.
1613. Бетегелі жерге мал тоқтайды,
Берекелі елге бақ тоқтайды.
1614. Беттің арын белбеуге түйіп.
1615. Беті қайтқанның дауын айтпа,
Бағы қайтқанның малын айтпа.
1616. Бетім жаман болса да, ниетім жақсы.
1617. Бетіне келер ұятын өзі біліп жуса игі.
1618. Бетің былғанса, су тазалайды,
Арың былғанса, кім тазалайды?
1619. Би болмасаң болма,
Би түсетін үй бол.
1620. Би білгенді құл да біледі,
Сөйлейтін ауыз болса.
1621. Бидайды қуырған құртады,
Қойды шұбырған құртады.

1622. Бидайдың арқасында қарамық су ішеді.
1623. Бидайдың барар жері тиірмен.
1624. Бидайдың кеудесін көтергені —
Дәнінің жоқтығы.
Жігіттің кеудесін көтергені —
Ақылының жоқтығы.
1625. Бидай наның болмаса да,
Бидай сөзің болсын.
1626. Бит ашуын сіркеден алады.
1627. Бит қабығынан биалай тоқыған.
1628. Биыл ізі болса, келер жылы өзі болар.
1629. Биік таудың басы болмасақ та,
Бауырындағы тасымыз.
1630. Биік таудың басына:
Қиялап ұшып қыран да шығады,
Жер бауырлап жылан да шығады.
1631. Биік таудың төбесін көр, жанына барма.
1632. Биік таудың шатқалы да терең.
1633. Бидайықтың дәні болғанша,
Бидайдың сабағы бол.
1634. Бидің жолы — ақ, судың жолы — сара.
1635. Бие берсең, байтал делінер,
Ешкі берсең, сайтан делінер.
1636. Би екеу болса, дау төртеу.

1637. Бие қоста жүріп терлесе,
Құлын босқа жүріп терлейді.
1638. Бие құлын тастаса,
Құйрығы шолақ ту келеді.
Қырсық шалған ауылға
Өзінен-өзі шу келеді.
1639. Би жылында жейді,
Молда күнінде жейді.
1640. Билей алмаған шоқпар басқа да, көтке де тиеді.
1641. Билік айту оңай, біліп айту қиын.
1642. Бойдақ жігіт жұрт күйеуі.
1643. Бойдақ қыздың екі күн есі бар да, бір күн есі жоқ.
1644. Бойжеткеннің ұяты — босағадан аттанғанша.
1645. Бой жетпегенге ой жетеді,
Қыран жетпегенге қиял жетеді.
1646. Бойы жетсе, ойы жетпеген.
1647. Бойы зор олаққа қарама,
Ойы зор шеберге қара.
1648. Бойына қарай ойы.
1649. Бойыңдай бой табылғанымен,
Ойыңдай ой табылмайды.
1650. Боқ жаман,
Бөрінен де жоқ жаман.
1651. Боқ жаман емес, жоқ жаман.

1652. Болар адам он бесінде бас болар,
Болмас адам қырығында жас болар.
1653. Болар бала атадан өте туады,
Болмас бала кейін қарай кете туады.
1654. Болар бала бесігінде бұлқынар,
Болар құлын желісінде жұлқынар.
1655. Болар бала боғынан.
1656. Боларыңда болып өт,
Бозторғайдай желіп өт.
Болмас күнге келгенде,
Боз шолақты тағала,
Жақсыларды жағала.
1657. Болар іс болды, бояуы сінді.
1658. Болат жүзінен су ішеді,
Жігіт көзінен су ішеді.
1659. Болат қынға тоқтайды,
Тентек топқа тоқтайды,
Жомарт жоққа тоқтайды.
1660. Болатын біз қап түбінде жатпайды.
1661. Болатын елдің баласы,
Бірін-бірі «батыр» дейді.
Болмайтын елдің баласы,
Бірін-бірі «қатын» дейді.
1662. Болбыраған бөріні бұзау жалар.
1663. Болған кісі болдым демес,
Болдым десе болғаны емес.
1664. Болған іске болаттай бол.

1665. Болымдының баласы
Он бесінде баспын дейді.
Болымсыз елдің баласы
Отызында жаспын дейді.
1666. Бораған боран басылар,
Бұйыққан көңіл ашылар.
1667. Боранға бойы үйір ақпанның аязынан қорықпас.
1668. Боранды күн бөрі жатпайды.
1669. Боранды күннің райы басқа,
Ауыратын адамның шырайы басқа.
1670. Боранның алды құйын,
Ұрыстың алды ойын.
1671. Борсық ұрған сайын семіреді.
1672. Босағаң алтын болса да,
Туған жеріңе жетпейді.
1673. Босаң адам болмашыға өкпелейді.
1674. Бос күбі күңгірлек.
1675. Босқа бергенше досқа бер.
1676. Бояушы-бояушы дегенге, сақалын бояпты.
1677. Бөлінгенді бөрі жейді.
1678. Бөрене кесең, шыбық ек.
1679. Бөрі азығы мен ер азығы жолында.
1680. Бөрі арығын білдірмес,
Итке жүнін қампайтар.

1681. Бөрі бөрік астында.
1682. Бөріден қорыққан мал жимас,
Тышқаннан қорыққан дән жимас.
1683. Бөрі жеген бөксемді
Ит несін аяйды.
1684. Бөрік — адамға көрік.
1685. Бөрі көрісін жайғар.
1686. Бөрі көрісін талайды.
1687. Бос өткізу өмірді
Ақымаққа көңілді.
1688. Ботам-ботам дегенше,
Бота көзім десейші.
1689. Бөденеде үй болмайды,
Шын жүйрікте күй болмайды.
1690. Бөденені кең айналдырған соғады.
1691. Бөз болмаса, кебін жоқ.
1692. Бөлемісің,
Бөлені көре тұра өлемісің.
1693. Бөлтiрiктi асырағанымен ит болмас.
1694. Бөрі таппағанды көрі табады.
1695. Бөспе атаққа қызығады,
Бөрі тамаққа қызығады.
1696. Бөрік жетпес терекке балта шаппа.

1697. Бөрі көмеді, түлкі ашады.
1698. Бөріктінің намысы бір.
1699. Бөрікті тастап бөріден құтылуға болмайды.
1700. Бөрі қораға шапқанда,
Аңғал далаға шауыпты.
1701. Бөрінің аузы жесе де қан,
Жемесе де қан.
1702. Бөрінің тойына барсаң,
Бөрібасарды ерте бар.
1703. Бура келеге түскенде,
Буыршын бойын сақтайды.
1704. Бура құтырса, тайлақпен ойнар.
1705. Бураны жарағанда көр,
Жуасты сабағанда көр.
1706. Бураның басы пысқанша,
Ботаның басы арса-арса болады.
1707. Бурасын сатқан
Бұйдасын сатпайды.
1708. Буынсыз жерден пышақ салма.
1709. Бұдырсыз жазық жоқ,
Бұтақсыз ағаш жоқ.
1710. Бұқа иесіне бұзау жоқ.
1711. Бұқа қартайса да, мұрны қартаймайды.
1712. Бұқа кімдікі болса оныкі болсын,
Бұзау өзімдікі.

1713. Бұқа мойнына жияр,
Айғыр жалына жияр.
1714. Бұқаны құтыртқан екі ені.
1715. Бұқаның малға сандығы жоқ.
1716. Бұқаның мойны жаман,
Жаманның ойыны жаман.
1717. Бұқарда пұлы бардың көңілі тоқ.
1718. Бұқа сүрсе, азбан сүйсінеді.
1719. Бұқасы арықтың сиыры қысыр,
Айғыры арықтың үйірі қысыр.
1720. Бұрқанған боран басылар,
Бұйыққан көңіл ашылар.
1721. бөктерді қыстаған жылы жұт болады,
Тауды қыстаған жылы құт болады.
1722. Бұзауды ұрлаған өгізді де ұрлайды.
1723. Бұзауы өлген сиыр тұлыпқа мөңірейді.
1724. Бұйрықсыз шыбын шақпас.
1725. Бұйрықта көз жоқ.
1726. Бұйырғанға тіс тиеді,
Бұйырмағанға іш күйеді.
1727. Бұқа буға, азбан дуға семіреді.
1728. Бұлт ала, жер шола.
1729. Бұлт асқан тауды биік деме.

1730. Бұлт бірігіп жерге жаңбыр құяды,
Көп бірігіп көлді шөлге құяды.
1731. Бұлт жаумайды,
Бұйрық жауады.
1732. Бұлағы болмаса, өзен де сарқылар.
1733. Бұлақ көрсең, көзін аш.
1734. Бұланнан биік аң болмас,
Бұланайдан биік тау болмас.
1735. Бұлан өз тауынан өзі жерімес.
1736. Бұлбұл құс зымыстан көрмей,
Күлістан қадірін білмес.
1737. Бұл дүниенің құсасы
Ол дүниеге кетпейді.
1738. Бұл не деген батпан құйрық,
Далада жатқан құйрық.
1739. Бұл не деген батпан құйрық,
Тегіннен-тегін жатқан құйрық.
1740. Бұл сексен көрейін деген жасым ба еді,
Быламық ішейін деген асым ба еді.
1741. Бұрынғының кішісі —
Бүгінгімнің кішісі.
1742. Бұрынғы істің басында болсаң,
Кейінгі істің қасында бол.
1743. Бұрынғы жалақ болған жерге ер батқыш.
1744. Бұрын қонған қоныс алады,
Кейін қонған өріс алады.

1745. Бұрын шыққан құлақтан,
Кейін шыққан мүйіз озады.
1746. Бұтаға паналаған торғай да аман қалады.
1747. Бұтты былғаған жұртты былғайды.
1748. Бұралқы сөз күлуге жақсы,
Бұралқы ат мінуге жақсы.
1749. Бұра сөйлеме, тура сөйле.
1750. Бұрқаған бораннан қорықпа,
Бүтінделмеген қораңнан қорық.
1751. Бұрынғы — бүгіннің айнасы.
1752. Бұрынғы жеңешем
Кейінгі келінге жөн айтады.
Бұрынғы пұшық
Кейінгі пұшыққа ем айтады.
1753. Бұрынғы қонақ соңғы қонаққа орын берер.
1754. Бұрынғыны айтпай, соңғы еске түспейді.
1755. Бүгін анасы ішкенді ертең баласы ішеді.
1756. Бүгінгі ұстаз — кешегі шәкірт.
1757. Бүйректен сирақ шығару.
1758. Бүкір өлгенде түзеледі.
1759. Бүлік басы бұзықта.
1760. Бүлінген елден бүлдіргі алма.
1761. Бүркіт аш болса, алады,
Тазы тоқ болса, алады.

1762. Бүркітін мақтағанның ұясын сұра,
Жігітін мақтағанның нағашысын сұра.
1763. Бүрлі қара терек
Бір күнде керек.
1764. Бықсыған отта шала бар,
Тымырсықта пәле бар.
1765. Біз де кісі боламыз,
Атқа кісен саламыз.
1766. Біз де қатын болармыз,
Қапқа тары салармыз.
1767. Біздің алақанымызға да қарға тышар.
1768. Біздің де әкеміз күйеу,
Шешеміз қалыңдық болған.
1769. Біздің елде боқ жейтін қарғалар
Бөтен елге келіп жыл құсы бола қалыпты.
1770. Білген адам тауып айтады,
Білмеген адам қауып айтады.
1771. Білгенің бір тоғыз,
Білмегенің тоқсан тоғыз.
1772. Білгеніңді білмегенге сатпа.
1773. Білегі күшті бірді,
Білімі күшті мыңды жығады.
1774. Білек бір болса да, бармақ басқа.
1775. Білек сүріндіре алмағанды,
Білім сүріндіреді.

1776. Білектегі жаудан жүректегі жау қиын.
1777. Білек түр де еңбек ет,
Етек түр де елге жет.
1778. Білемін деп мақтанба,
енен де білгіш табылар.
1779. Білген білгенін істейді,
Білмеген бармағын тістейді.
1780. Білгенге дәрі шалмын,
Білмегенге кәрі шалмын.
1781. Білгенге жыр, білмегенге «дыр».
1782. Білгенге маржан, білмегенге арзан.
1783. Білген жолыңды атаңа берме.
1784. Білген ұрыны пақыр дейді,
Білмеген ұрыны батыр дейді.
1785. Білсең — барымтам,
Білмесең — қарымтам.
1786. Білім алсаң жасыңнан,
Қыдыр кетпес қасыңнан.
1787. Білім арзан, білу қымбат.
1788. Білім ауысады,
Ырыс жұғысады.
1789. Білім бақыттың жібермейтін қазығы,
Білімсіз бақ әлдекімнің азығы.
1790. Білім — бұлақ,
Ақыл — жағалай өскен құрақ.

1791. Білім — гауһар бағасы жоқ,
Надандық — дерт, дауасы жоқ.
1792. Білімді әйел басыңа қарайды,
Білімсіз әйел жасыңа қарайды.
1793. Білімді бесіктен тесікке дейін ізде.
1794. Білімді болса — жолдан,
Көргенді болса — сөзден жазбас.
1795. Біле тұра білмеген —
Білімсіздің белгісі.
1796. Білмегенді білуге талпыну — білімдінің әдеті.
1797. Білмегенді кешірмесең,
Білгендігің қайсы.
Білмегенді үйренбесең,
Білімділігің қайсы.
1798. Білмегенді сұраудың ұяты жоқ.
1799. Білмеген жердің ойлы-шұңқыры көп.
1800. Білмеген у ішеді.
1801. Білмесең, сұра,
Сенбесең, сына.
1802. Білместің білмегенін кешпесең, білгендігің қайда.
1803. Білсе — барымта,
Білмесе — сырымта.
1804. Білімдімен жолдас болсаң,
Іпшіңнен сырың шығады.
Білімсізбен жолдас болсаң,
Көңіліңнен шығын шығады.

1805. Білімді мың жасайды,
Білімсіз құр жасайды.
1806. Білімдіні көрсең, қадір тұт,
Білімсізді көрсең, сабыр тұт.
1807. Білімдінің аузы — өнердің көзі,
Шешеннің тілі — шебердің бізі.
1808. Білімдінің атағына,
Білімсіздің жатағына жиналады.
1809. Білімді өлсе, қағазда аты қалар,
Ұстаз өлсе, істеген заты қалар.
1810. Білімді сылық сөйлейді,
Жайдары күліп сөйлейді.
Шамкөс бір отырып,
Бір тұрып сөйлейді.
1811. Білімдіге дүние жарық,
Білімсіздің күні ғарып.
1812. Білімдіде ашу жоқ,
Пілдің жүгін көтереді.
Білімсізде ашу көп,
Жынның жүгін көтереді.
1813. Білімдіден ақыл шығар,
Ақылды қарттан нақыл шығар.
1814. Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болса кез.
1815. Білімді жігіт еліне — ашылып есік, иіліп бесік болар.
1816. Білімді жігіт жұртқа әрі басшы, әрі құл.
1817. Білімдімен бір жүрсең,
Кемтік жерің білінбес.

- Арамзамен бір жүрсең,
Артық жерің көрінбес.
1818. Білім — терең түпсіз көл,
Надандық — нәрсіз шөл.
1819. Білім туыс таңдамайды.
1820. Білім — іштегі нұр,
Өнер — сырттағы гүл.
1821. Бір ағашта қанша бұтақ,
Біреуі-ақ қамшыға сап.
1822. Бір адамда екі жүрек болмас,
Бір көңілде екі тілек болмас.
1823. Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде.
1824. Бір аяқ қымыздың
Екі аяқ желігі бар.
1825. Бір анадан бала да туады, пәле де туады.
1826. Бір ауруға дәрі керек,
Бір ауруға сабыр керек.
1827. Білім қадірін ер білсе,
Ер қадірін ел біледі.
1828. Білім құған оңалар,
Білімсіз жан сорланар.
1829. Біліммен жақын болсаң, қолың жетер,
Залыммен жақын болсаң, басың кетер.
1830. Білім өрге жетелейді,
Жолдың турасын төтелейді.

1831. Білім соқырдың көзін,
Кереңнің құлағын ашады.
1832. Білімсіздің сөзі білектей,
Білімдінің сөзі жібектей.
1833. Білімсіп, өзіңнен жоғарыны күндей көрме,
Өзіңнен төменгіні жүндей көрме.
1834. Білім талапқа құмар.
1835. Бір бидай көз көрім жерге жеткізеді.
1836. Бір биеден ала да туады, құла да туады.
1837. Бір биенің екі емшегі,
Бірі кетсе, сүті жоқ.
Бір түйенің екі өркеші,
Бірі кетсе, күші жоқ.
1838. Бірге келген жолдас,
Бұрын қайтқан оңбас.
1839. Бірге тумақ болса да, бірге өлмек жоқ.
1840. Бір гүл толып ашылады,
Бір гүл солып ашылады.
1841. Бір де болса, бірегей болсын.
1842. Бір ауыздылықтан құт кіреді,
Ала ауыздылықтан жұт кіреді.
1843. Бір ауыз киелі сөз
Мың кісінің көңілін жадыратады.
1844. Бір ауыз өсек ел өртейді,
Бір шағым қу жер өртейді.

1845. Бір ауылда бір үй аш болса,
Бар үй аш болады.
1846. Бір ауылдың иті бір ауылға үрмейді.
1847. Бір ауылдың малын бақпасаң,
Мың ауылдың малын бағарсың.
1848. Бір аштың бір тоқтығы бар.
1849. Бір басқа — бір көз.
1850. Біреудің білмегенін біреу білер,
Біреу жылағанға біреу күлер.
1851. Біреудің жоғын біреу ән салып жүріп жоқтайды.
1852. Біреудің көзі соқыр,
Біреудің өзі соқыр.
1853. Біреуің бас, біреуің аяқ бол,
Біреуің құйрық, біреуің қанат бол.
1854. Бір жас — бірдей құрдас.
1855. Бір жеңнен қол шығару,
Бір жағадан бас шығару.
1856. Бір көлдің тынышын бір бақа бұзады.
1857. Бірде түйе, бірде бие.
1858. Бірді еңбек еткен, екі етеді,
Екі еткен әдет етеді.
1859. Бірді көріп пікір,
Екіні көріп шүкір.

1860. Бірдің айы — бір ішек,
Көкек айы — көк ішек,
Мамыр айы — май ішек.
1861. Бірдің айында малға көлденең шөп ас болады.
1862. Бірдің кесірі мыңға тиеді.
1863. Бірдің сүйегі — мыңның сүйегі.
1864. Бірді өзіңе жамандай келген,
Мыңға өзіңді жамандай барады.
1865. Біреу арқан тоздырар,
Екеу ұлтан тоздырар.
1866. Бір күн абдырағаннан қырық күн ақыл сұрама.
1867. Бір күн қарны ашқаннан қырық күн ақыл сұрама.
1868. Бір қатынның ері өлсе,
Қырық қатын күндес болады.
1869. Бір қолың бір қолыңды жуады.
1870. Бір қора қасқырды бір қойға бақтырса,
Бәрі қой болып кетеді.
Бір қора қойды бір қасқырға бақтырса,
Бәрі қасқыр болып кетеді.
1871. Бір Құдай жетелеп,
Екі ажал айдап келеді.
1872. Бір қыздың күйеуі келсе,
Қырық қыз қайық береді.
1873. Бір қыз күйеуге шықса,
Қырық қыз түс көреді.

1874. Бірлік болмай, тірлік болмас.
1875. Бірлікті ел бұзылмас.
1876. Бірлік, ынтымақ — байлық, бақ.
1877. Бір мәкей бір мәкейге «мә» депті.
1878. Бір оқты құлан көтереді,
Екі оқты бұлан көтереді.
1879. Бір пайдадан кешіккен,
Мың кісіге дос болады.
1880. Бір сөз бір сөздің көтін шұқып алады.

Г

1881. Гүлге қонғанның бәрі бұлбұл емес.
1882. Гүл қадірін арадан үйрен,
Сөз қадірін данадан үйрен.
1883. Гүл иманды қашырады,
Иман шайтанды қашырады.
1884. Гүл сүйген тікеннен қорықпайды.
1885. Гүлсіз жер — мұңды,
Күлкісіз ел — мұңды.
1886. Гүл шырынын көбелек құртар.
1887. Гүлі бардың тікені бар.

Ғ

1888. Ғайыптан ас іздеме, аш қаласың,
Ғайыптан дос іздеме, бос қаласың.

1889. Ғалым болсаң, өр болма,
Өнерлі болсаң, кер болма.
1890. Ғалымның бір күні
Наданның мың күніне татиды.
1891. Ғалым халық үшін көзін берсе,
Батыр халық үшін өзін береді.
1892. Ғалымнан білім жұғады,
Қотырдан ірің жұғады.

Д

1893. Даяр астың атасы көп,
Қырт сөздің қатесі көп.
1894. Далаға түнеген малдың иесі көп.
1895. Далаға түнегенше,
Молаға түне.
1896. Даланың аңына сын тақпа,
Алдыңдағы малыңа сын тақ.
1897. Дастарқан басында аяқ көсілмес.
1898. Дауға барсаң, шешенді апар,
Жауға барсаң, кесерді апар.
1899. Даудың байсал тапқаны,
Төрешіге барғаны.
1900. Даудың басы «боқ жемеден» басталады.
1901. Даналық сақалда емес, санада.
1902. Даналық сөз дау шешер.

1903. Даңғойлықтың белгісі —
Кеудесімен тау соғар.
1904. Дарымай жатып, даурықпа.
1905. Дау кемірген жігіттен
Боқ кемірген ит артық.
1906. Дау қырық жылда бітсе де,
Қыршын біттім дейді.
1907. Даулы болып жақсыға барма,
Ауру болып бақсыға барма.
1908. Дау ізденсең, қадірің кетеді,
Жау ізденсең, ажалың жетеді.
1909. Дауыл болмай, жауын болмас.
1910. Дауылға тап болған да,
Долыға тап болған да бірдей.
1911. Дауыс — өліктің азаны.
1912. Дәме бар да, дәрмен жоқ.
1913. Дәметпестен дәмету —
Тарыққанның салдары,
Жаудан жақсылық күту —
Азыққанның салдары.
1914. Дәм тартпаса, барман,
Ажал айдаса, қалман.
1915. Дәмін байқап татпаса,
Пысқан аста шикі бар.
Байқап сырын тартпаса,
Адамда да түлкі бар.

1916. Дәндеген ит шабын жалайды.
1917. Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазар.
1918. Дәніккеннен кәніккен жаман.
1919. Дәрия көрмеген бұлаққа таң қалар.
1920. Дәрияның жанынан құдық қазба.
1921. Дәулет қонса қара шыбын басына,
Самұрық келіп жалпылдайды қасына.
1922. Дәуір — адамның иесі,
Адам — тәуірдің түйесі.
1923. Делдалы көп базардан құт қашады,
Жігіті көп ауылдан жұт қашады.
1924. Дененің ақ-қаралығы
Шешінгенде белгілі.
1925. Дене шаршаса, ұйықтасаң тынығасың,
Ми шаршаса, ұйқы қашып бұзыларсың.
1926. Денсаулық — ғанибет,
Сырқаулығы болмаса.
Ер жолдасы — қатыны,
Ақ жаулығы болмаса.
1927. Денсаулықпен тең түсер досың жоқ,
Дерт, кеселмен тең түсер қасың жоқ.
1928. Дерті бір болса, дем де ұғысады.
1929. Деспе, дескен соң жеспе.
1930. Дихан болсаң, жеріңнің басында бол,
Сыпайы болсаң, бегіңнің қасында бол.

1931. Дихан болсаң, қос өгізің тең болсын,
Малшы болсаң, қос етігің кең болсын.
1932. Дихан жауында тынады,
Балықшы дауылда тынады.
1933. Дос есебі көңілде.
1934. Дос жүрек барға разы,
Шын сөзге көңіл қазы.
1935. Дос көңілде болмасын, көңілінде болсын.
1936. Дос көргеннен түңілме.
1937. Дос көтерер көңілді,
Қас күйретер көңілді.
1938. Доссыз қалса ер жетім,
Жау қолында ел жетім.
1939. Дос сүйінсін, дұшпан күйінсін.
1940. Дос сыртыңнан мақтар,
Дұшпан көзіңе мақтар.
1941. Долы көзінен сиеді.
1942. Долы қатын жылауық,
Сұғанақ қатын сұрауық.
1943. Домбыра білмеген бұрай береді,
Жол білмеген сұрай береді.
1944. Доңыз таяққа семіреді.
1945. Дос басыңа қарайды,
Дұшпан аяққа қарайды.

1946. Дос бергеннің түсіне қарама.
1947. Дос деп, сынамай сыр айтпа,
Достың да досы бар.
1948. Дос достығын айтады,
Ез қастығын айтады.
1949. Дос — егіз,
Дұшпан — сегіз.
1950. Досың аз, дұшпаның көп болса,
Жер боларсың.
Ақылың аз, ашуың көп болса,
Қор боларсың.
1951. Досыңа қайыспа,
Дұшпаныңа майыспа.
1952. Досың дос болғанға шаттан,
Дұшпаның дос болудан сақтан.
1953. Досыңды үш күн сынама,
Үш жыл сына.
1954. Досың жәбірлесе, жыла,
Дұшпаның жәбірлесе, шыда.
1955. Досыңмен араздассаң, жауың той жасайды,
1956. Досыңмен көп сөйлеспе, жолынан қалар,
Дұшпаныңмен көп сөйлеспе, сырыңды алар.
1957. Досыңнан көңілің қалса, достығыңды үзбе.
1958. Досыңның көзінде болғанша, көңілінде бол.
1959. Дос тұтқанды қадірле.
1960. Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады.

1961. Достың орны төр.
1962. Достың орны төр,
Дұшпанның орны көр.
1963. Досы көппен сыйлас бол,
Досы жоқпен сырлас бол.
1964. Досы көпті жау алмайды.
Ақылы көпті дау алмайды.
1965. Досы көптің жаны семіреді,
Асы көптің тәні семіреді.
1966. Досы көптің қосы көп.
1967. Досыңа адал, тура бол,
Жамандық қылма араға.
Жауыңа жарап, бура бол,
Күлкі болма балаға.
1968. Досыңа ет турат,
Дұшпаныңа шәй құйдыр.
1969. Досыңның күлкісін ғана көрме,
Жылағанын да көр.
1970. Досыңның пышағымен мүйіз кес,
Дұшпаныңның пышағымен киіз кес.
1971. Досың сені сындаса, сындасын,
Бірақ зынданға салмасын.
1972. Досың туыстай болғанға мақтан,
Жаумен дос болғаннан сақтан.
1973. Дос іздесең, жақыннан ізде,
Қас іздесең, алыстан ізде.

1974. Дуадақ ұшса, шөлге қонады,
Үйрек ұшса, көлге қонады.
1975. Дұшпан араласқан егес жаман,
Пышақ араласқан төбелес жаман.
1976. Дұшпаннан бір сақтан,
Жаман достан жүз сақтан.
1977. Дұшпаннан түк тартсаң да — олжа.
1978. Дұшпан не демейді,
Түске не кірмейді.
1979. Дұшпанның жүзіне қарама,
Сөзіне қара.
1980. Дүздегіні үйде болжама.
1981. Дүние — боқ.
1982. Дүние бір серуен,
Адам бір көшкен керуен.
1983. Дүниеде екі өлім жоқ,
Біреуінен құтылған адам жоқ.
1984. Дүниеден озған жанның
Алды — пейіш, арты — кеніш.
1985. Дүниеде тас қатты,
Таста бас қатты.
1986. Дүние, дүние де қалады,
Әкең өлсе, шешенді біреу алады.
1987. Дүние жиып не етерсің,
Бір күн тастап кетерсің.

1988. Дүниенің басы — сайран,
Аяғы — айран.
1989. Дүние түбі келте,
Ұмтылған жақсы ерте.
1990. Дүние — үлкен көл,
Заман — соққан жел.
1991. Дүние — ит, иттен туған,
Адам да — ит, дүние қуған.
1992. Дүниеқор — дүниенің құлы,
Әркім — сүйгеннің құлы.
1993. Дүниені не аз бүлдіреді,
Не таз бүлдіреді.
1994. Ділмәрдің сөзі — өткір,
Ұстаның бізі — өткір.
1995. Ділмәрдің сөзі шебердің бізінен де өткір.
1996. Ділі қаттыға әркім жат,
Ақ көңілдіге әркім жақ.

E

1997. Ебепке сеп.
1998. Ебептен себеп,
Топырақтан ғимрат.
1999. Ебі келсе, сабы өзінен шығады.
2000. Егескен ерлік емес,
Елдескен ерлік.

2001. Егеуге бергісіз білеу бар,
Екеуге бергісіз біреу бар.
2002. Егіз бақтан тумайды,
Баптан туады.
2003. Егіннің жайын еккен білер,
Арбаның жайын шеккен білер.
2004. Егін өнбесе, қайғысы бір жылдық,
Балаң оңбаса, қайғысы ғұмырлық.
2005. Егін салмай, ел қанбас,
Арық қазбай, шөл қанбас.
2006. Егінші жылда арманда,
Балықшы күнде арманда.
2007. Егіздеп төл өседі,
Еңбектеп ер өседі.
2008. Егіз лақты ешкіге екі елі майды кім берсін.
2009. Егінді бабаңдай күт, балаңдай бақ.
2010. Егінді дөңге сал,
Дөңге салсаң, көңге сал.
2011. Егін ексең тыңға,
Шықтым дей бер шыңға.
2012. Егінші мәрт, жер жомарт.
2013. Егін ырыс таңдамайды.
2014. Егін ырыс таңдамайды, жұмыс таңдайды.
Би билік таңдамайды, жүріс таңдайды.
2015. Егіні бітіктің қырманына Қыдыр қонады.

2016. Егiнiне қарай қырманы,
Күтiмiне қарай түсiмi.
2017. Едiл басынан былғанады,
Сағасынан тұнады.
2018. Ежелгi жау ел болмас.
2019. Езгендi Құдайдан безген жеңедi.
2020. Екi әйелдi Құдайым алдырмасын,
Бiр әйелден көңiлдi қалдырмасын.
2021. Екi баланың ортасындағы бiр шал — бала болады,
Екi шалдың ортасындағы бiр бала — дана болады.
2022. Екi бас, екi басқа жөргем де ас.
2023. Екi баста екi басқа жүрек бар,
Екi басқа тiлек бар.
2024. Екi батыр егессе, екеуiнiң бiрi өлер.
2025. Екi батыр елде жатыр,
Жеке батыр жерде жатыр.
2026. Екi бие — ел асы,
Үш бие — бұлақ басы,
Бiр бие — жоқтың қасы.
2027. Екi елi балық бiр елi балықты жұтады.
2028. Екi жақсы бiрiксе, шапқан аттай жарысар,
Екi жаман бiрiксе, құтырған иттей таласар.
2029. Екеу араны Құдай шығарған,
Үшеу араны шайтан шығарған.
2030. Екеу болса, бiрiн мiн де, бiрiн бақ,
Бiреу болса, құлағына дой-дүй қақ.

2031. Екеу бірдің Тәңірісі (екі кісі бір кісінің Тәңірісі).
2032. Ексең егін,
Ішерсің тегін.
2033. Екі адамның ақылы
Бір адамды оңайды.
2034. Екі аяқты адам түгіл, төрт аяқты
мал да ақсайды.
2035. Екі атың болғанша, бір биен болсын,
Екі өгізің болғанша, бір түйен болсын.
2036. Екі жеп биге шықты.
2037. Екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетеді.
2038. Екі көзімнің бірі,
Егізімнің сыңары.
2039. Екі көңіл біріксе,
Өлген балық тіріледі.
Екі көңіл суыса,
Пейілсіздік білінеді.
2040. Екі көтті байға жағады,
Екі тілді ханға жағады.
2041. Екі кісі бейім тұрса,
Есті кісі кейін тұрады.
2042. Екі қанжыға тон сақтайды,
Тон жанды сақтайды.
2043. Екі жақсы қосылса,
Бірін-бірі қия алмас.
Екі жаман қосылса,
Бір шәріге сия алмас.

2044. Екі жақсы қосылса,
Бірін-бірі қимайды.
Екі жаман қосылса,
Кең дүниеге қимайды.
2045. Екі жақсы қосылса,
Жағып қойған шаммен тең.
Екі жаман қосылса,
Атпайтұғын таңмен тең.
2046. Екі жақсы қосылса,
Өле-өлгенше дос болар.
Екі жаман қосылса,
Өле-өлгенше өш болар.
2047. Екі жақтама, бір жақта,
Әлің келсе, сыр сақта.
2048. Екі жаман тауға шықса,
Қуаласып түседі.
Екі жақсы тауға шықса,
Құдаласып түседі.
2049. Екі жарты — бір бүтін.
2050. Екі жасты қосқанның сауабы бар,
Екі жасты айырғанның обалы бар.
2051. Екі молда еншілес болса,
Сауаптан айрылады.
Жеті молда біріксе,
Тауаптан айрылады.
2052. Екі молда — бір кісі,
Бір молда — жарты кісі.
2053. Екі нар сүйкескенде,
Арасында шыбын өлер.

2054. Екі оқ мылтық сындырады,
Екі сөз адам өлтіреді.
2055. Екінің бірі ханға жарайды.
2056. Екі сараңның қолы бір-біріне жетпейді.
2057. Екі сиыр айдаған ат өлтіреді,
Бір сиыр айдаған сиыр өлтіреді.
2058. Екі сиыр сауғанның сауабы бар,
Екі қатын алғанның ойраны бар.
2059. Екі сиыры бардың айраны бітпес,
Екі қатыны бардың дауы бітпес.
2060. Екі сылтау, бір себеп.
2061. Екі қарға таласса, бір қарғаға жем түсер.
2062. Екі қатын алғанның құлағы тынбас,
Есекке мінгеннің аяғы тынбас.
2063. Екі қатын алса да, туысқандай болмайды,
Екі тартпа тартса да, құйысқандай болмайды.
2064. Екі қатын алыпсың,
Бір пәлеге қалыпсың.
2065. Екі қатынның баласын баққанша,
Екі ауылдың баласын бақ.
2066. Екі қатынның басы қосылса,
Бір қатынның соры қайнайды.
2067. Екі қатынның баласы екі рулы елдей.
2068. Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды.

2069. Екі тізгін жоқ болса,
Аттың басын бұра алмас.
Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде тұра алмас.
Екі үзеңгі жоқ болса,
Атқа адам міне алмас.
Бәрі бірдей сай болса,
Шайтан түгіл, жын алмас.
2070. Екі тілді ханға жағады,
Екі жүзді байға жағады.
2071. Екі ұштыны бір күшті қосар.
2072. Екі тау қосылмайды, екі ел қосылады.
2073. Екі тентек елге симас,
Екі төре төрге симас.
2074. Екі тентек қосылса, сайдай болар,
Екі ақылды қосылса, тайдай болар.
2075. Екі тентек қосылса, саудай болар,
Екі ақылды қосылса, таудай болар.
2076. Екі торының өзгелігі жоқ,
Екі жақсының бөтендігі жоқ.
Екі тумақ, екі өлмек жоқ.
2077. Екі түйғын жабылса, қаздың соры.
2078. Екі түсті көз жаздырады,
Екі беткей елді аздырады.
2079. Екі тышқан бір байдың жұртына таласыпты.
2080. Ел ағасыз болмайды,
Тон жағасыз болмайды.

2081. Ел — ағасыз болмас,
Су — жағасыз болмас.
2082. Ел айрылса, кейін жүр,
Жол айрылса, кеңмен жүр.
2083. Ел айрылса — көбіне,
Жол айрылса — кеңіне.
2084. Ел алғысын алсаң, елеулісі боларсың.
2085. Ел болып тұрып, жау болғаннан сақта,
Етек астынан дау болғаннан сақта.
2086. Елгезек екі айтқызбас.
2087. Елге келген селебе, селебені елеме.
2088. Елге тұсау — сатқын,
Ерге тұсау — ынжық.
2089. Елге түссең, әліңше,
Суға түссең, беліңше.
2090. Ел — даусыз болмайды,
Ер — жаусыз болмайды.
2091. Елде бардың ерніне тиеді,
Жерде бардың желегі тиеді.
2092. Елде болса, ерніңе тиеді,
Ауылда болса, аузыңа тиеді.
2093. Ел дегенде езіліп,
Жұрт дегенде жұмылып істе.
2094. Елде елу досың болсын,
Қырда қырық досың болсын.

2095. Ел алмаған елу жыл жатады.
2096. Ел анасы — қыз,
Жол анасы — із.
2097. Ел аралаған елу күн еру жатады.
2098. Ел аралап, мініңді байқа,
Еңбекке салып, ініңді байқа.
2099. Ел ауызы дуалы.
2100. Ел аузына елек құйып болмас.
2101. Ел бастаған көсем,
Пәтуа тапқан шешен.
2102. Ел берекелі болса, той мерекелі болады.
Ел берекесіз болса, сөз келекелі болады.
2103. Ел болам десең, достас,
Қор болам десең, қастас.
2104. Ел, елдің түбі бір,
Ер, ердің тілегі бір.
2105. Елеусіз істен есепсіз пәле шығар,
Болмашы істен болжаусыз пәле шығар.
2106. Ел жасымен көрікті,
Тау тасымен көрікті,
Аяқ асымен көрікті.
2107. Ел — жаусыз болмас,
Жер — таусыз болмас.
2108. Ел көркі — мал,
Өзен көркі — тал.

2109. Ел — көсемге бағынады,
Сөз — шешенге бағынады.
2110. Ел күйінгенге күйінген — батыр,
Ел сүйінгенге сүйінген — батыр.
2111. Ел қадірін білмесең, елсіздікті көрерсің.
2112. Елден кеткен бақты, қайрат қылған ер тоқтатады.
2113. Елден қалған, ер емес,
Дән бермеген, жер емес.
2114. Елдестірмек елшіден,
Жауластырмақ жаушыдан.
2115. Елді жамандама, сиынатын пірің.
Жерді жамандама, кірегін үйің.
2116. Елді жерде ұры бар,
Таулы жерде бөрі бар.
2117. Елдің елдігі — тілегінде,
Ақылдының ақылы — жүрегінде.
2118. Елдің көзі — елу.
2119. Елдің күші — селдің күші.
2120. Елдің тозғаны — ұлығынан білінер,
Етіктің тозғаны — жұлығынан білінер.
2121. Ел — ебелек емес,
Жер — көбелек емес.
2122. Ел — ұлсыз болмас,
Жер — гүлсіз болмас.
2123. Ел — шарасыз болмас,
Ер — жарасыз болмас.

2138. Елу жылда ел жаңа,
Жүз жылда қазан жаңа.
2139. Елі үшін өлген ерде арман жоқ,
Ер қазасын көтерген жерде арман жоқ.
2140. Ел іші алтын бесік.
2141. Ел іші даусыз болмас,
Орман іші аңсыз болмас.
2142. Елін сатып асаған, екі күн-ақ жасаған.
2143. Елін сүю — ердің ісі,
Елден безу — ездің ісі.
2144. Еліңде жебір биің болса,
Елің тыныштық таппайды.
Қораңда жақсы итің болса,
Қойыңа қасқыр шаппайды.
2145. Еліңді жамандама, жүзетін көлің.
Жеріңді жамандама, түсетін көрің.
2146. Еліңді жек көрсең, еліңе қайтып сиярсың.
Жеріңді жек көрсең, көрге қайтып сиярсың.
2147. Еліңе жайлы болсаң, езуің майлы болады.
2148. Елің еленбей, өзің теңелмейсің.
2149. Еліңнен көрме, еніңнен көр.
2150. Еліңнің елдігі —
Етек-жеңіңнің кеңдігі.
2151. Ел ренжісе, жер көтермейтін ауыр бар,
Ел қозғалса, қарлы, жаңбыр, дауыл бар.

2152. Елі сүйген ағаның
Етегін басып, жолын қу.
Болайын деген баланың
Бетінен қақпай, белін бу.
2153. Емделу қиын, өлу оңай.
2154. Еменнің қайысқаны — сынғаны,
Ердің қайысқаны — өлгені.
2155. Ем көп, сәт аз.
2156. Емшек берген, ары жат,
Еңсе берген, бері жат.
2157. Емшек сүті ернінде,
Бесік табы белінде.
2158. Еміренбеген сиырға бұзау жүгірмейді.
2159. Ене көрген ибалы болады,
Өнеге-үлгі жиғаны болады.
2160. Енесі тепкен құлынның егі ауырмайды.
2161. Енжарды жанға, есекті малға санама.
2162. Енжардың ойы бала, ісі шала.
2163. Еңбек — адамның екінші анасы.
2164. Еңбек — байлықтың негізі.
2165. Еңбек — бейнет емес, зейнет.
2166. Еңбек — ерлікке жеткізер,
Ерлік — елдікке жеткізер.
2167. Еңбек етпесең, елге өкпелеме,
Егін екпесең, жерге өкпелеме.

2168. Еңбек етсең, емерсің.
2169. Еңбек ет те, мақтан.
Ойнап күл де, шаттан.
2170. Еңбек ет те, міндет ет.
2171. Еңбек қылмай, ер оңбас,
Бірлік қылмай, ел оңбас.
2172. Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
2173. Еңбегі аздың — өнбегі аз.
2174. Еңбегі ештің — күні кеш.
2175. Еңбегі ештің — тұзы сор.
2176. Еңбегі жанғанның
Тоқтысы егіз туады.
2177. Еңбегіне қарай өнбегі.
2178. Еңбегің сайлы болса, ішің майлы болады.
2179. Еңбектен қашқан — ерден без,
Батырын сүймеген — елден без.
2180. Еңбектен шыныға білген тыныға біледі.
2181. Еңбек — түзетеді,
Еңбексіздік — жүдетеді.
2182. Еңбектің көзін тапқан
Байлықтың өзін табады.
2183. Еңбектің наны — тәтті,
Жалқаудың жаны — тәтті.

2184. Еңбек ширатады, өмір үйретеді.
2185. Еңбекшінің мұратын балта кеспес.
2186. Еңкейгенге еңкей,
Атаңның қара құлы емес.
Шалқайғанға шалқай,
Пайғамбардың ұлы емес.
2187. Еңбек мұратқа жеткізер,
Жалқаулық абыройды кеткізер.
2188. Еңбек өмірді ажарлайды.
2189. Еңбек патшалықты асырайды.
2190. Еңбексіз елге симас.
2191. Еңбексіз өмір — сөнген көмір.
2192. Еңбексіз тапқан мал есепсіз кетер.
2193. Еңбексіз іс бітпейді,
Еріншектің қолы жетпейді.
2194. Еңбек те ептілікті тілейді,
Ерлік те ептілікті тілейді.
2195. Еңбектен ер туады,
Тер төксең, жер туады.
2196. Еңкейгенге еңкей,
Басың жерге тигенше.
Шалқайғанға шалқай,
Төбең көкке жеткенше.
2197. Еңкейген екі асайды,
Еңсесі қатқан бір асайды.

2198. Еңкейгеннің белін еңбек жазады.
2199. Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді.
2200. Еңкейсең, еңсең түсер,
Жалынсаң, жауың басынар.
2201. Ең үлкен жау — елдің жауы,
Ең үлкен дау — жердің дауы.
2202. Еңірегенді сүйсең ерлігің.
2203. Епті етегін жабады,
Епсіз мүрдем қабады.
2204. Ептеп септеп, балшықтан мұрат.
2205. Ептілікке — септілік.
2206. Ер азамат белгісі — түзде мырза, үйде құл.
2207. Ер айтпас,
Айтса, қайтпас.
2208. Ер аруағы қарулы.
2209. Ер арыса — аруақ,
Ат арыса — тулақ.
2210. Ер бақыттың қонғанын білмейді,
Ұшқанын біледі.
2211. Ер бала ата-анаға таяу,
Қыз бала үйге жаққан бояу.
2212. Ер бала он бесінде отау иесі.
2213. Ерге берсең асыңды,
Ерлер сыйлар басыңды.

2214. Ерге жаққан әйел елге де жағады.
2215. Ергежейдің елуі жиылып бір тоқтыға әлі келмейді.
2216. Ер дәулеті — еңбек.
2217. Ерде ақыл тұра ма,
Қосынан ауған соң,
Әйелде ақыл тұра ма,
Біреуден сауын сауған соң.
2218. Ер дегеніне семіреді,
Ез жегеніне семіреді.
2219. Ерден аспақ бар,
Елден аспақ жоқ.
2220. Ерден ердің қаупі бар.
2221. Ерді жаяулық емес, қаяулық аздырады.
2222. Ер басына дау келсе,
Ерлігі кетер басынан.
Би басына дау келсе,
Билігі кетер басынан.
2223. Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер.
Ат басына күн туса,
Ауыздықпен су ішер.
2224. Ер болмайды ер жігіт,
Көзінде оты болмаса.
Сөйлегенде жалынды,
Сөзінде оты болмаса.
2225. Ер болсаң, бопсаға шыда.
2226. Ер бір рет өледі,
Қорқақ мың рет өледі.

2227. Ердің жақсысы елмен ойласады,
Әйелдің жақсысы ермен ойласады.
2228. Ердің күйін сұрама,
Жұрттан сауын сауған соң.
Малдың күйін сұрама,
Қонысынан ауған соң.
2229. Ердің қарызы елінде.
Елдің қарызы ерінде.
2230. Ердің қоры өсекші,
Әйелдің қары өсекші.
2231. Ердің құны — жүз жылқы,
Ары — мың жылқы.
2232. Ердің өзіне қарама, сөзіне қара.
2233. Ердің сөзі елде қалады,
Ездің сөзі жерде қалады.
2234. Ердің сөзі өлгені — өзі өлгені.
2235. Ерді кебенек ішінде таны.
2236. Ерді көрсең, Қыдыр тұт,
Асты көрсең, қадір тұт.
2237. Ерді қорласаң, састырар,
Асты қорласаң, құстырар.
2238. Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді.
2239. Ердің атағы туырлықтай,
Өзі бұлдырықтай.
2240. Ердің атасы бір,
Көптің батасы бір.

2241. Ердің атын еңбек шығарар.
2242. Ердің атын иә аты шығарады,
Иә қатыны шығарады.
2243. Ердің екі сөзді болуын:
Ақылды — намыс деп қарайды,
Ақылсыз — табыс деп қарайды.
2244. Ер — елдің ық жағының қаласы,
Жел жағының панасы.
2245. Ер елімен жақсы,
Жер кенімен жақсы.
2246. Ер елінде, гүл жерінде.
2247. Ер ерлігін істесе,
Ел елдігін істейді.
2248. Ер еруде бала мінезді,
Ерегесте шала мінезді.
2249. Ер жаңылып қолға түседі,
Құс жаңылып торға түседі.
2250. Ер жерге қарайды,
Құс көкке қарайды.
2251. Ердің сыны сырында,
Сөздің сыны шынында.
2252. Ердің ісі — келіс,
Ездің ісі — керіс.
2253. Ерді олжа, қатынды қалжа айырады.
2254. Ерді сүймеген әйелге
Опа-далап не керек.

2255. Ерді талап ұшырар,
Құсты қанат ұшырар.
2256. Ерегесте ер өледі.
2257. Ережесіз ойын жоқ.
2258. Ер жігіт не көрмейді,
Ер көңіл не бермейді.
2259. Ер жігіттің басына нелер келіп, нелер кетпес.
2260. Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені,
Еменнің иілгені — сынғаны.
2261. Ер жігіттің сөзі өлгенше, өзі өлсін.
2262. Ер жігіт үйде туып, түзде өледі.
2263. Ер жігіт үйден шықса, үйіріне қосылар.
2264. Ер жігіт үш ақ үй тігеді,
Үш қара үй тігеді.
2265. Ерке балаға қақпаған жағады,
Есірікке мақтаған жағады.
2266. Ерке баланың қалағы кешпес,
Балықшының балағы кешпес.
2267. Ержеткен қыз еркімен ерге барар.
2268. Ер жолдасынан ат жолдасы жақсы.
2269. Ер жолдасы — тәуекел.
2270. Ержүрек ел мергенін айтады,
Момын ел мергенді көргенін айтады.

2271. Ер жігіт бір күнде бір кісілік,
Бір күнде мың кісілік.
2272. Ер жігітке өлім бар да, қорлық жоқ.
2273. Ер жігітке серуен де — серуен,
Сергелдең де — серуен.
2274. Еркектің қоры — күлегеш,
Әйелдің қары — күлегеш.
2275. Ерке қатын байымен ерке,
Ер жігіт елімен ерке.
2276. Еркенің көзі жасты,
Етегін бұзау басты.
2277. Ер көретінін көрмей жерге кірмейді.
2278. Ер көрмеймін деген жерін үш көреді,
Ат баспаймын деген жерін үш басады.
2279. Ер қадірін ер білер,
Зер қадірін зергер білер.
2280. Ер қазанын қайнаттым,
Етімнің, қане, қарасы.
Ел қазанын қайнаттым,
Қолымның, қане, жарасы.
2281. Ер қанаты — ат.
2282. Еркегі билеген елінде,
Қатыны билеген қайнында болады.
2283. Еркегі ұры болса,
Қатынының беті сірі болады.
2284. Еркек қой бұралқы болмас.

2285. Еркек олжадан қалмайды,
Қатын қалжадан қалмайды.
2286. Еркек сергек ұйықтаса,
Ырыс бітеді.
Әйел сергек ұйықтаса,
Бір іс бітеді.
2287. Еркекте ұят жоқ та, нысап бар,
Әйелде нысап жоқ та, ұят бар.
2288. Еркек тоқты — құрбандық.
2289. Ерлер ырғасып сынасады,
Ездер былғасып сынасады.
2290. Ерлі-зайыпты: бірі — мойын, бірі — бас.
2291. Ерлік қаза өлтірмейді.
2292. Ерлік өлім ерді көбейтеді.
2293. Ерлік пен бірлік мұратқа жеткізеді.
2294. Ерлікте қорлық жоқ.
2295. Ерліктің шарты өзіне сенгендік.
2296. Ерлі-қатын ұрысар да, керісер,
Керісер де, келісер.
2297. Ермек қуған пәлеге жолығады,
Еңбек қуған қазынаға жолығады.
2298. Ер мойнында қыл арқан шірімейді.
2299. Ер қараға бір қара.
Ер қаруы — бес қару.

2300. Ер қолында мал тұрмайды,
Елек ішінде сүт тұрмайды.
2301. Ер қолынан құс тоймас.
2302. Ер қосы жүре түзеледі.
2303. Ер қосына, құс қонағына қайтады.
2304. Ер қызығы кәрігенше,
Ат қызығы арығанша.
2305. Ер семірсе — есек,
Әйел семірсе — төсек.
2306. Ер серігі — сергек ой.
2307. Ел сыйлаған есекке отырмас.
2308. Ер сүйгендей досың болсын,
Жер сүйгендей қосың болсын.
2309. Ер сүрінбей, ел танымас,
Ат сүрінбей, жер танымас.
2310. Ерсіз — ел тұл,
Иесіз — ат тұл.
2311. Ер тарықпай молықпайды.
2312. Ертеңгі құйрықтан
Бүгінгі өкпе артық.
2313. Ер намысы — ел намысы.
2314. Ер — намыстың құлы.
2315. Еріннің емеуінен біл.

2316. Ер — олжаға ортақ,
Қатын — қалжаға ортақ.
2317. Ер өнерімен мақтансын.
2318. Ер өтірік айтпайды,
Еп өтірік айтады.
2319. Ер сасқанда белгілі,
Ат шапқанда белгілі.
2320. Ер-тоқымнан безген аттан без,
Төсегінен жеріген ерден без.
2321. Ер туған елінде қадірлі,
Гүл өскен жерінде қадірлі.
2322. Ер семірсе, елге құт,
Әйел семірсе, үйге жұт.
2323. Еру елге жүк арттырма,
Кетер қызға іс тіктірме.
2324. Еруліге қарулы.
2325. Еруіне қаруы.
2326. Ер шекіспей бекіспейді.
2327. Ертеңгі сауда — сауда,
Кешкі сауда — қауға.
2328. Ерте оңбаған кеш оңбас,
Кеш оңбаған еш оңбас.
2329. Ерте туып, кеш қалма,
Сыбағаңнан бос қалма.
2330. Ерте тұрған жігіттің ырысы артық,
Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.

2331. Ерте тұрғаныңды қайтейін,
Арқандаулы атты көрмесең.
Ерте туғаныңды қайтейін,
Аты-жөніңді білмесең.
2332. Ерте тұрсаң, атыңның бойын көресің,
Жай тұрсаң, атыңның боғын көресің.
2333. Ерте тұрып кеш қалма,
Сыбағаңнан бос қалма.
2334. Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады,
Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады.
2335. Еріншек егіншіден
Ерінбеген науқаншы артық.
2336. Еріншекке бүгіннен ертең оңай.
2337. Еріншекке ел билетпе,
Масылға мал бақтырма.
2338. Еріншекке жоқ сылтау.
2339. Еріншекке шегіншек.
2340. Еріншектік омалтар,
Көңілшектік жоғалтар.
2341. Еріншектің сылтауы сегіз,
Сынығы тоғыз.
2342. Еріншек түске дейін ұйықтайды,
Кешке дейін есінейді.
2343. Ері жоқ үйдің қонағы аз,
Әйелі жоқ үйдің тамағы аз.
2344. Еріккенге есі кеткен ереді.

2345. Ерінбеген елге жетеді.
2346. Ерінбеген — етікші,
Ұялмаған — өлеңші.
2347. Ерінбегеннің еңбегі оңады,
Еңбегі оңғанның үйіне Қыдыр қонады.
2348. Ерінбей еңбек қыл,
Жалықпай өнер біл.
2349. Ерінбесең, еңбегің өнеді.
2350. Еріннің есесі мұрында.
2351. Еріншек адам — шегіншек,
Елгезек адам — еміншек.
2352. Еріншек егіншіден елгезек масақшы озады.
2353. Еріншектің ісі — екі.
2354. Ері өлсе, көмгенше жылайды,
Елі өлсе, өлгенше жылайды.
2355. Ері өліп, ерге тисе — елдің жорасы,
Ері тұрып, ерге тисе — еттің қарасы.
2356. Ері өліп, ерге тисе — жақсы, адалдық,
Ері тұрып, ерге тисе — масқаралық.
2357. Есекке жүк артқанмен түйе болмас,
Сиырды көп сауғанмен бие болмас.
2358. Есекке күміс ер жараспайды.
2359. Есекке үкі таққандай,
Итке жалпуыш жапқандай.

2360. Есек қодығымен,
Шеңгел собығымен.
2361. Есек мінген ат сұрамайды,
Балық жеген ет сұрамайды.
2362. Есек мінген еңбегін мінер.
2363. Есек семірсе, иесін тебеді.
2364. Есектің жүгі жеңілдеген сайын мөңкуік келеді.
2365. Есебін тапқан екі асар.
2366. Есегі жоқтың құлағы тыныш.
2367. Есегіне қарай тұсауы.
2368. Есек баға саналса да, малға саналмайды.
2369. Есек: «есек басыммен түйені жетектедім!»
— депті.
2370. Есек жүрдек қатқақта,
Сыры мәлім батпақта.
2371. Есептескен дос болмас.
2372. Есер баладан ерке бала жаман.
2373. Есердің қанжары қонышында жүреді.
2374. Есердің тобы екеуге жетпей тозар,
Ездің қайраты жау кеткен соң қозар.
2375. Есер тұлған тұтқанда,
Есті жақ ашпайды.
2376. Ескерген ескі асынан сақтар.

2377. Ескі дос — ерттеулі атың.
2378. Есектің күші — алал,
Еті — арам.
2379. Есекті отқа айдасаң, боққа қашар.
2380. Есек ыстыққа — темір,
Сұйыққа — көмір.
2381. Есен кісі есті болады.
2382. Есеннің де есесі бар,
Кемпірдің де шешесі бар.
2383. Есең кетсе де, есің кетпесін.
2384. Есең патшадан кетсе,
Арызыңды Аллаға айт.
2385. Есеп,
Есеп білмеген — есек.
2386. Есепсіз дүние жоқ.
2387. Естінің қасында ессіз болма,
Ессіздің қасында есті болма.
2388. Есуастан ел сұрама,
Есерсоқтан жөн сұрама.
2389. Есі бар жігіт елін табар,
Есі жоқ жігіт жаттың отын жағар.
2390. Есі бүтін елден шықпайды.
2391. Есі бүтін еліне еліре шықпас.
2392. Есігі жаманның төріне отырма,
Кәсібі жаманның қасына қонба.

2393. Есі жоқтың ісі жоқ.
2394. Есік алдынан жел келгенше,
Үй артынан жау келсін.
2395. Ескі дүние тозады,
Жаңа дүние озады.
2396. Ескі мешітке көкек азаншы,
Есі кеткен елге өсек азаншы.
2397. Ескінің бойы түйеден биік.
2398. Ескі темір біз болмас,
Ескі мақта бөз болмас.
2399. Ессіз білмес естінің қасиетін,
Сау сезбейді аурудың қасіретін.
2400. Ессізге есе тисе,
Есірік қоса тиеді.
2401. Есті адам екі жасты қосам десе,
Есер адам естіні тосам дейді.
2402. Естіге екі сөз де жетіп жатыр.
2403. Естіген құлақта күнә жоқ.
2404. Есті қарт елдің ұйтқысы.
2405. Естімеген елде көп.
2406. Есің барда етек жап,
Қайратың барда мал тап.
2407. Есірік әйелден елірме бала туады.
2408. Есірік болмай, ер болмас.

2409. Есірікке біткен мал
Ұстай алмаған жынмен тең.
Тыңдамасқа айтқан сөз
Елекке құйған сумен тең.
2410. Есі кеткен ешкі жияр,
Ешкіменен есін жияр.
2411. Есік көргенді алма,
Бесік көргенді ал.
2412. Есіктен аңдығаныңды алма,
Бесіктен танығаныңды ал.
2413. Есіктен орын тапсаң, төрге озба.
2414. Есікте отырып төрдегіге пышағыңды берме.
2415. Есімханның ескі жолы,
Қасымханның қасқа жолы.
2416. Есің барда еліңді тап.
2417. Ет дегенде бет бар ма.
2418. Етегім бе, жеңім бе,
Осы менің теңім бе.
2419. Етегі толыға тезек кездеседі.
2420. Ет — етке, сорпа — бетке.
2421. Ет жасағанның баласы есік аңдығыш келеді.
2422. Етігің жаман болса, аяғыңды қажайды,
Жолдасың жаман болса, жаныңды қажайды.
2423. Етікті нәлі сақтайды,
Жігітті әл сақтайды.

2424. Етікші боламын десең, қаюын біл.
Малшы боламын десең, жаюын біл.
2425. Етікшінің қолынан
Балықшының балағы таза.
2426. Етікшінің тілейтіні — өткір біз,
Шешеннің тілейтіні — өткір сөз.
2427. Етім болмаса, шайым бар,
Тоқты қарын майым бар,
Қонақ күтер жайым бар.
2428. Ет жегің келсе, қолыңа құрық ұста.
Нан жегің келсе, қолыңа бұлық ұста.
2429. Ет жемей жатып тұздық,
Асамай жатып құлдық.
2430. Етке тойсам, сорпаға иттігім жоқ.
2431. Ет сасыса, тұзбен себеміз,
Тұз сасыса, немен себеміз.
2432. Ет сасыса, тұз себер,
Ми сасыса, не себер.
2433. Еттен еттің несі артық,
Пышақ сырты май артық.
Байдан байдың несі артық,
Бір мінетін тайы артық.
2434. Еттің жоғынан ит болдым.
2435. Етті пысырмай жесең, шиқан шығар,
Сөзді пысырмай сөйлесең, шұрқан шығар.
2436. Етігін шешпей ер тыңаймас,
Ер-тоқымы алынбай ат тыңаймас.

2437. Ешкі ішіне, қой жонына.
Ат жалына, түйе қомына жияр.
2438. Ешкі етін бүтін алғанша,
Еркек қойдың бұтын ал.
2439. Ешкілі қой өреген.
2440. Ешкі — малдың ептісі,
Жылқы — малдың тектісі.
2441. Ешкіні апа, текені жезде қыл.
2442. Ешкінің еті желге, сүті емге.
2443. Ешкінің мойны мен қолы етті,
Қойдың саны мен жоны етті.

Ж

2444. Жазғы етте жазық жоқ,
Қымыз аста қасық жоқ.
2445. Жазғы жуынды — қысқа қатық.
2446. Жазғы қонақтың жаманы үйге қонады.
2447. Жазғытұрымғы жел
Жардай атанды жығады.
2448. Жазғытұрымғы күн —
Жас баланың құйрығы.
2449. Жазғытұрым жілік озады,
Күзде жүйрік озады.
2450. Жазғытұрымның бұлты —
Жас баланың боғы.

2451. Жазда бақыры жылжымастың
Қыста қазаны қайнамас.
2452. Жазда жауырдан без,
Қыс көріден без.
2453. Жағалыға жалынддырма,
Етектіге еңкейттірме.
2454. Жағылған боқ кетеді,
Тағылған ат кетпейді.
2455. Жағымпаз белінен азады,
Мақтаншақ тілінен азады.
2456. Жағымпаздың бұлтаңы көп,
Жалқаудың сылтауы көп.
2457. Жағымпаз надан — жаудан жаман.
2458. Жағым сынса да, сағым сынбасын.
2459. Жаз болса, ну сақта,
Қыс болса, қу сақта.
2460. Жазған құлда шаршау бар ма.
2461. Жаз жазыл, қыс қысыл.
2462. Жаз жұмысы көптің
Қыс тынысы көп.
2463. Жаз қамын жарым күн ойласаң,
Қыс қамын қырық күн ойла.
2464. Жаз сайға қонба,
Қыс қырға қонба.
2465. Жазылмаған жауырдан қуыс шығады,
Толастамаған даудан ұрыс шығады.

2466. Жазылмайтын ауру дәрімен өш,
Кері кеткен жас кәрімен өш.
2467. Жаяуға қоныс жақпайды.
2468. Жаяудың жүрісі өнбейді,
Жалғыздың ісі өнбейді.
2469. Жазда істесең, қыста зейнетін көресің,
Жазда ойнасаң, қыста бейнетін көресің.
2470. Жаздың боғы — қысқа дәрі.
2471. Жаздың күні ай көлбең,
Қыстың күні күн көлбең.
2472. Жаздың қадірін қыс түскенде білесің,
Жақынның қадірін басыңа іс түскенде білесің.
Жастық шақтың қадірін тіс түскенде білесің.
2473. Жаздың ұзақ тұрысын тілеме,
Жайма шуақ жылысын тіле.
2474. Жайдарының әжімі кәртегенде жарасым табар.
2475. Жайды айтса,
Жайықтың суы ауыспас.
2476. Жайлауды жайлай білмеген
Малды айдай білмейді.
2477. Жайын балықты көл туады,
Еңіреген ерді ел туады.
2478. Жайық басынан жел тұрса,
Жаз да болса, қыс болар.
2479. Жайылымы болмаса, мал азады,
Қайырымы болмаса, жан азады.

2480. Жақсы ағайын, жақсы әйел
Басыңа қонған бақпен тең.
Қадір білмес жақының
Таныспаған жатпен тең.
2481. Жақсы адам езуінен енші береді.
2482. Жаяудың күні — кеш.
2483. Жаяу, жаяудың күні — қаяу.
2484. Жаяу қонақ еттің соры,
Атты қонақ шөптің соры.
2485. Жаяу қонақ тыныш ұйықтар.
2486. Жаяушылық батқанда,
Жүрмес есек ат болар.
Қарын қатты ашқанда,
Қара талқан қант болар.
2487. Жайдақ мінсең, жақсы атың жауыр болар.
Жабуласаң, жаман тай тәуір болар.
2488. Жайдақтаған жауыр болады,
Жабдықтаған тәуір болады.
2489. Жайдары адам — күншуақ,
Білімді адам — шам-шырақ.
2490. Жақсы ананың баласы — әрі би, әрі құл.
2491. Жақсы — арына құл,
Жаман — барына құл.
2492. Жақсы ат аяғынан ақсайды,
Жақсы жігіт ағайыннан ақсайды.
2493. Жақсы ат алдынан сүрінбей,
Артынан сүрінеді.

2494. Жақсы ат бір жесірлік.
2495. Жақсы ат жанға серік,
Жақсы ит малға серік.
2496. Жақсы ат кермеде,
Жақсы жігіт түрмеде.
2497. Жақсы атқа — бір қамшы,
Жаман атқа — жүз қамшы.
2498. Жақсы адам — елдің ырысы,
Жақсы жер — жанның тынысы.
2499. Жақсы адам қартайса,
Жазып қойған хаттай.
Жаман адам қартайса,
Бықсып жанған оттай.
2500. Жақсы адам — жатқа да жақындай,
Жаман адам — жақынға да жатындай.
2501. Жақсы адам қасып айтады,
Жаман адам шатып айтады.
2502. Жақсы адам тауып айтады,
Жаман адам қауып айтады.
2503. Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды.
2504. Жақсы — ай мен күндей,
Көпке бірдей.
2505. Жақсы алдында жазыларсың,
Жаман алдында тарыларсың.
2506. Жақсы әйел аңғарғыш,
Жаман әйел шамданғыш келеді.

2507. Жақсы әйелдің илеген терісі
бір балаға бой болады.
2508. Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді,
Жаман әйел жақсы еркекті жүн етеді.
2509. Жақсы әйел — жігітке бақ,
Қормалды — алтын табақ.
2510. Жақсы ат не ажалдан құтқарады,
Не азаптан құтқарады.
2511. Жақсы әйел — жігітке біткен бақ,
Жақсы жер — жайлы қоныс, алтын табақ.
2512. Жақсы әйел мен жақсы ат елді баурап әкетер,
Жаман әйел, шабан ат өлмей тұрып өлтірер.
2513. Жақсы әйел — мұнара,
Жаман әйел — диуана.
2514. Жақсы әйел — теңі жоқ жолдас,
Түбі жоқ сырлас.
2515. Жақсы әйел — ырыс,
Жаман әйел — ұрыс.
2516. Жақсы ат тақымнан шықпайды,
Жақсы әйел ерден шықпайды.
2517. Жақсы аттан жығылса,
Жаман табашыға тұрар.
2518. Жақсы аттың артынан құнан ереді,
Жақсы жігіттің артынан ұлан ереді.
2519. Жақсы аттың жалын сақтағанша,
Жақсы жігіттің арын сақта.

2520. Жақсы аттың құлағы гауһар тартады.
2521. Жақсы аттың терісі
Қайыс болар, көн болмас.
Жақсы адамның баласы
Ғаріп болар, құл болмас.
2522. Жақсы аттың тісін ашпа,
Жақсы кісінің жасын сұрама.
2523. Жақсы болса, жаужұмырды ит жер ме.
2524. Жақсы болсаң, жердей бол,
Бәрін шыдап көтерер.
Таза болсаң, судай бол,
Бәрін жуып кетіретер.
2525. Жақсы болсаң, төр сенікі,
Қайықшы болсаң, көл сенікі,
Қазаң келсе, көр сенікі.
2526. Жақсы болса туысың —
Әрі қарындас, әрі жолдас.
Жаман болса туысың —
Әрі дұшпан, әрі қас.
2527. Жақсыға айтсаң, білер,
Жаманға айтсаң, күлер.
2528. Жақсыға берсең асыңды,
Жақсы сыйлар басыңды.
Жаманға берсең асыңды,
Итке тастар басыңды.
2529. Жақсыға жанас, жаманнан адас.
2530. Жақсыға қылған жақсылық —
Өмірінде тозбайды.
Жаманға қылған жақсылық —
Бір күнгідей болмайды.

2531. Жақсыға шаң жуымас,
Жаманға жан жуымас.
2532. Жақсы әке — жаман балаға
қырық жылдық азық.
2533. Жақсы әкенің аруағы —
жаман ұлды қырық жыл сүйрейді.
2534. Жақсы байқап сөйлер,
Жаман шайқап сөйлер.
2535. Жақсы бала әкеге атақ әкеледі,
Жаман бала әкеге шатақ әкеледі.
2536. Жақсы бала қонаққа үйір,
Жақсы тай атқа үйір.
2537. Жақсы бала — сүйік,
Жаман бала — күйік.
2538. Жақсы би жаудың шетін ел етеді,
Жаман би елдің шетін жау етеді.
2539. Жақсы болса алғаның,
Күнде сонар қызбен тең.
2540. Жақсы болса алғаның,
Үйіңнен кісі кетпейді.
Жаман болса алғаның,
Шын досың да шеттейді.
2541. Жақсыдан қашпа, жаманға баспа.
2542. Жақсыдан туса жаман ұл —
Жыннан туды деген сол.
Жаманнан туса жақсы ұл —
Нұрдан туды деген сол.

2543. Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен.
2544. Жақсыдан шарапат,
Жаманнан кесапат.
2545. Жақсы дәрі — ауызға ашты болғанмен, дертке шипа,
Жақсы сөз — құлаққа ашты болғанмен, іске шипа.
2546. Жақсы деген бір ат бар, қуса жетпес.
Жаман деген бір ат бар, жуса кетпес.
2547. Жақсы дос пайдасын тигізбесе де,
Зиянын тигізбейді.
2548. Жаман дос алдыңнан орап жүргізбейді.
2549. Жақсы дос үшін жан пида.
2550. Жақсыға шен бітсе, елін ойлайды,
Жаманға шен бітсе, жемін ойлайды.
2551. Жақсыда алыс жоқ,
Жаманда табыс жоқ.
2552. Жақсыда кек жоқ,
Жаманда тек жоқ.
2553. Жақсыда кек жоқ,
Кектіде тек жоқ.
2554. Жақсыдан ат қалады,
Жаманнан дат қалады.
2555. Жақсыдан бақсы туады.
2556. Жақсыдан би қойсаң,
Ашпас қабағын.
Жаманнан би қойсаң,
Ойлар тамағын.

2557. Жақсыдан жаман туады
Бір аяқ асқа алғысыз.
Жаманнан жақсы туады
Адам айтса нанғысыз.
2558. Жақсыдан жаман туады,
Жүйріктен шабан туады.
2559. Жақсы жүрген жеріне кент салады,
Жаман жүрген жеріне өрт салады.
2560. Жақсы жүрген жерін мақтап жүреді,
Жаман жүрген жерін даттап жүреді.
2561. Жақсы жігіт ақылмен іс қылар,
Жаман жігіт ақырумен күш қылар.
2562. Жақсы жігіт ат қарыз алады,
Жаман жігіт ет қарыз алады.
2563. Жақсы жігіт жер шолып, ақыр түбі айналар.
2564. Жақсы ит — дыбысқор,
Жаман ит — иісқор.
2565. Жақсы ит өлігін көрсетпейді.
2566. Жақсы келін — келін,
Жаман келін — кесір.
2567. Жақсы келін құрдасыңдай болар,
Жақсы ұлың сырласыңдай болар.
2568. Жақсы ердің ішінде
Сары алтындай сыр жатады.
Жақсы әйелдің ішінде
Алтын басты ұл жатады.
2569. Жақсы жалынсаң, кешер,
Асыл жанысаң, өтер.

2570. Жақсы-жаман еншілес.
2571. Жақсы жаныңа жолдас,
Жаман малыңа жолдас.
2572. Жақсы жаныңа жолдас,
Жаман наныңа жолдас.
2573. Жақсы жерге келген келін келін болар,
Жаман жерге келген келін келсап болар.
2574. Жақсы жерде жүрсең,
Жақсы-жақсы құс көресің.
Жаман жерде жүрсең,
Жаман-жаман түс көресің.
2575. Жақсы жолдың ұзыны жақсы,
Жаман жолдың қысқасы жақсы.
2576. Жақсы қатын жүн қарыз алады,
Жаман қатын су қарыз алады.
2577. Жақсы қатын — зейнет,
Жаман қатын — бейнет.
2578. Жақсы қойшының тоқтысы түлеп тұрса,
Жаман қойшының тоқтысы жүдеп тұрады.
2579. Жақсы қоныста мал өседі,
Жайсыз қоныстан ел көшеді.
2580. Жақсы қыз — жағадағы құндыз,
Жақсы жігіт — төбедегі жұлдыз.
2581. Жақсы қырығында толады,
Жаман қырығында солады.
2582. Жақсы лепес — жарым ырыс.

2583. Жақсы керісіп отырып келіседі,
Жаман келісіп отырып керіседі.
2584. Жақсы — көлмен тең суы төтті,
Жаман — шөлмен тең желі қатты.
2585. Жақсы көпке ауырлық қылмайды.
2586. Жақсы көпке ұрлық қылмайды,
Азға зорлық қылмайды.
2587. Жақсы кісі қартайса да, ақылынан азбас,
Жақсы ат қартайса да, жүрісінен танбас.
2588. Жақсы кісі қыдырып жүрер,
Қыдыры артынан шұбырып жүрер.
2589. Жақсы қартайған қарт — қазына.
2590. Жақсы қатын алғанның тойы үйінде,
Тойға неге бармайды сол күйінде.
2591. Жақсылық пен жамандық — егіз.
2592. Жақсылық суға батпас,
Бір шығар тегін жатпас.
2593. Жақсы мақтанса, есебін табар,
Жаман мақтанса, қатынын сабар.
2594. Жақсы мал жалғыз жоғалмайды.
2595. Жақсы мал — жан садағасы.
2596. Жақсы мен жаманның өлімі бірдей,
Арық пен семіздің бауыры бірдей.
2597. Жақсымен жолдас болсаң,
Жетерсің мұратқа.

- Жаманмен жолдас болсаң,
Қаларсың ұятқа.
2598. Жақсымен жүрсең, жақсы боларсың,
Жаманмен жүрсең, бақсы боларсың.
2599. Жақсылығын асыр,
Жамандығын жасыр.
2600. Жақсылық ағаш басында,
Жамандық аяқ астында.
2601. Жақсылық бөлінсе, көбейеді,
Жамандық бөлінсе, азаяды.
2602. Жақсылық жер мен көктің арасында,
Жамандық қас пен көздің арасында.
2603. Жақсылыққа жақсылық — әр кісінің ісі,
Жамандыққа жақсылық — ер кісінің ісі.
2604. Жақсылыққа жақсылық —
Таңғалдырар іс емес.
Жақсылыққа жамандық —
Адамдықтың ісі емес.
2605. Жақсылық қыл, міндет қылма.
2606. Жақсылық пен ар-намыс — жанның көркі,
Онсыз болмас сұлуда тәннің көркі.
2607. Жақсыны мақтаса, жараса кетер,
Жаманды мақтаса, жармаса кетер.
2608. Жақсының атын алма, тайын ал.
2609. Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.

2610. Жақсының басына іс түссе,
Ашынар да, ашылар.
Жаманның басына іс түссе,
Бір тулар да, басылар.
2611. Жақсының белгісі —
Кексіз болады.
Жаманның белгісі —
Тексіз болады.
2612. Жақсының белгісі —
Қолыңнан тартады.
Жаманның белгісі —
Аяғыңнан тартады.
2613. Жақсының берген тайын атқа бала.
2614. Жақсының бір өзі рулы елдей.
2615. Жақсымен сауда қылсаң, түбі — біліс,
Жаманмен сауда қылсаң, түбі — ұрыс.
2616. Жақсымен сөйлессең,
Балға шекер қатқандай.
Жаманмен сөйлессең,
Итке сүйек атқандай.
2617. Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай,
Батырмын деп баптанба, барып қайтпай.
2618. Жақсы ниет — жарым ырыс.
2619. Жақсыны жамандаса,
Аруағы тасады.
Жаманды жамандаса,
Құты қашады.
2620. Жақсыны жіберсең,
Жауыңды күлдіреді.

- Жаманды жіберсең,
Досыңды бүлдіреді.
2621. Жақсыны көрмекке.
2622. Жақсының күндесі болма, шын досы бол.
2623. Жақсының қасында ізет,
Жаманның қасында күзет.
2624. Жақсының өзі де жақсы,
Сөзі де жақсы.
2625. Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді.
2626. Жақсының сөзі ақыл шақырады,
Жаманның сөзі ашу шақырады.
2627. Жақсының сөзі кепіл,
Жаманның өзі кепіл.
2628. Жақсының сөзі кіші, ойы биік.
2629. Жақсының сөзіне ерсең, шаттанарсың,
Жаманның сөзіне ерсең, мерт боларсың.
2630. Жақсының сөзін ойыңа ал,
Шапан кисең, бойыңа сал.
2631. Жақсының бір ісі кем,
Жаманның бір ісі артық.
2632. Жақсының ғазиз басы еңкейсе,
Жаманның боқты көті теңкейер.
2633. Жақсының жақсылығын айт,
Нұры тамсын.
Жаманның жамандығын айт,
Құты қашсын.

2634. Жақсыны жақтай жүр,
Жаманды жасқай жүр.
2635. Жақсының жаны — жәннат.
2636. Жақсының жаттығы жоқ.
2637. Жақсының жүрген жері базар,
Жаманның жүрген жері азар.
2638. Жақсының күнде бір үйі кеңиді,
Жаманның күнде бір үйі кемиді.
2639. Жақсы сөз — ер азығы,
Жаман сөз — бас қазығы.
2640. Жақсы сөз сүйіндіреді,
Жаман сөз күйіндіреді.
2641. Жақсы сөз тасты жібітер,
Жаман сөз басты шірітер.
2642. Жақсы сөзінді сыйлар.
2643. Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгіледі.
Жаман сөйлесе, аузынан жын төгіледі.
2644. Жақсы таз басын жасырмайды,
Жақсы әйел асын жасырмайды.
2645. Жақсы тайлақ бурамен алысады,
Жақсы тай атпен жарысады.
2646. Жақсы тұса — ел ырысы,
Жаңбыр жауса — жер ырысы.
2647. Жақсының сөзі шамдай жарық,
Айдай анық.

2648. Жақсының сөзі — шәрбат,
Шөлдегеніңде қанып іш.
2649. Жақсының үйі мен тұзы бірдей.
2650. Жақсының шарапаты тиер тар жерде,
Жаманның кесапаты тиер өр жерде.
2651. Жақсының ісі әдеп,
Жаманның ісі бәдік.
2652. Жақсыны сыйласаң,
Есінен кетпейді.
Жаманды сыйласаң,
Есігіңнен кетпейді.
2653. Жақсыны халық мақтар,
Жаманды халық даттар.
2654. Жақсы өз басынан көреді,
Жаман жолдасынан көреді.
2655. Жақсы өзін қосып сөйлейді,
Жаман лепіріп, жосып сөйлейді.
2656. Жақсы өтіріктен жаман шындық артық.
2657. Жақсы сөзге жан семіреді,
Жаман сөзге жан қорқады.
2658. Жақыныңды аямасаң, әділдік оңай.
Ханыңды аямасаң, батырлық оңай.
2659. Жақыныңды жаттай сыйла,
Жат жанынан түңілсін.
2660. Жалақор мен пәлеқор құда болады.
2661. Жалаң аяқ жар кешті,
Қызыл аяқ қыр кешті.

2662. Жалаң аттың жалымен,
Жалаң қылыш жүзімен.
2663. Жалбызымның жоқтығынан
Жалғызымнан айырылдым.
2664. Жалғанға жалқау сенеді, не аңқау сенеді.
2665. Жалған дос басыңды күн шалса,
Жаныңнан қалмас.
Басыңа бұлт айналса,
Іздесең, бірі табылмас.
2666. Жақсы туыс бірлігін оздырады,
Жаман туыс күндігін оздырады.
2667. Жақсы шетке келеді,
Жаман етке келеді.
2668. Жақсы іс — үлгі,
Жаман іс — күлкі.
2669. Жақұты бар жанға жасыл түспейді.
2670. Жақын жердің көші жаман,
Ағайынның өші жаман.
2671. Жақыннан түйе сұрасаң, бие береді.
2672. Жақынын қазған жарымас.
2673. Жалғыз батыр жауға жоқ,
Жалғыз жігіт дауға жоқ.
2674. Жалғыз бие байлатқан Құдай ісі,
Жалғыз үй қондырған қатын ісі.
2675. Жалғыздық Құдайға жарасады,
Көп сөзділік Құранға жарасады.

2676. Жалғыздың жоғы жоғалса да, табылмайды,
Көптің оғы жоғалса да, табылады.
2677. Жалғыздың жары — Құдай.
2678. Жалғыздың үні шықпас,
Жаяудың шаңы шықпас.
2679. Жалған қасиет намыс емес,
Ар сақтаған қасиет.
2680. Жалған сөздің шамы жарық бермес.
2681. Жалғыз ағаш жанбайды,
Жалғыздың ісі оңбайды.
2682. Жалғыз ағаш орман болмайды,
Тату өткен ойран болмайды.
2683. Жалғыз ағаш орман болмас,
Жалғыз керпіш қорған болмас.
2684. Жалғыз ағаш пана болмас,
Жалғыз бие саба болмас.
2685. Жалғыз атты жарыстан қалмас.
2686. Жалғыз аттың пайдасы көп,
Жалғыз жігіттің айласы көп.
2687. Жалғыз баласы атқа шапса,
Әкесі үйде отырып тақымын қысады.
2688. Жалғыз мая қайымас,
Жалғыз жігіт байымас.
2689. Жалғыз өлсе, ду шықпайды,
Жар құласа, су шықпайды.

2690. Жалғыз сиыр сауғызған Құдай ісі,
Жалғыз үй отырғызған қатын ісі.
2691. Жалғыз түйе бақырауық,
Жалғыз бала жылауық.
2692. Жалғыз түйе мал болмас.
2693. Жалғыз түйең бура болмасын,
Жалғыз балаң мырза болмасын.
2694. Жалғыз түйең бура болмасын,
Жалғыз балаң қира болмасын.
2695. Жалғыз үйдің тамағы жетсе де, табағы жетпейді.
2696. Жалғыз шапқан ат жүйрік,
Жалғыз сөйлеген жігіт шешен.
2697. Жалда отырмын деме,
Жалдан да биік шың болар.
2698. Жалғыз жүрген би болмас.
2699. Жалғыз жігіт би болмас,
Жалғыз ағаш үй болмас.
2700. Жалғыз жігіт елпек,
Жалғыз бала тентек.
2701. Жалғыз жігіт жарымас.
2702. Жалғыз жігітке өмір жоқ,
Жалғыз атқа дамыл жоқ.
2703. Жалғыз қаздың үні шықпас,
Жалғыз қыздың мұңы шықпас.
2704. Жалғыз қыздың теңі шықпас.

2705. Жалғыз лақ ойнақтап жар құлатпас.
2706. Жалқау жалтақой,
Іздегені күнде той.
2707. Жалқау жатып өледі,
Сері қатып өледі.
2708. Жалқау жігіт мал баға алмас,
Тірлігі жоқ жан баға алмас.
2709. Жалқаулық аздырады,
Еңбек оздырады.
2710. Жалқау малына емес, үйіне қарайды,
Малсақ малдың күйіне қарайды.
2711. Жалқау — өзіне жау.
2712. Жалқыны жақтама,
Көпке қару оқтама.
2713. Жалықпас ұстаз жарамды ұрпақ баулиды.
2714. Жалынғанды жау өлтіреді,
Жасырғанды дау өлтіреді.
2715. Жал жұтымнан,
Жан күтімнен.
2716. Жалқау атының арықтығын жерден көреді,
Жауырлығын ерден көреді.
2717. Жалқау — байымас,
Сұқ — семірмес.
2718. Жалқауға дәулет үшін ұйқы берер,
Жаманға дәулет үшін күлкі берер.

2719. Жалқауды асықтырып үйретпе,
Ашықтырып үйрет.
2720. Жалқаудың бүгін іші ауырса,
Ертең тісі ауырады.
2721. Жалқаудың жауы — жұмыс.
2722. Жалқаудың үйі шаң болар,
Шайпаудың аузы қан болар.
2723. Жалқауды сын жазар,
Жауырды ем жазар.
2724. Жаман айғыр жатынына шабады.
2725. Жаман айтпай, жақсы жоқ.
2726. Жаман алтын іздесе,
Жақсы халқын іздейді.
2727. Жаман аңшы киік атқан тауына бара береді.
2728. Жаман асқа өкпелейді,
Жақсы басқа өкпелейді.
2729. Жаман ат жолда,
Жаман жолдас қолда қалдырады.
2730. Жаман атқа ер салма,
Жаман ағайыннан енші алма.
2731. Жаман атқа жал бітсе,
Жанына торсық байлатпас.
Жаман жігітке мал бітсе,
Жанына қос қондырмас.
2732. Жаман аттан аяғым артық,
Жаман жолдастан таяғым артық.

2733. Жалынсаң, жау басынар,
Басынар да, басыңа шығар.
2734. Жалынсызға кездесең,
Екі көзін алайтып,
Көңіліңді қарайтып,
Жігеріңді құм қылар.
Жалындыға кездесең,
Ақылыңды молайтып,
Ашуыңды тарайтып,
Көңіліңді той қылар.
2735. Жамағайын жат болса,
Ізгі жауың болғаны.
2736. Жаман ағайын — күншіл,
Жақсы ағайын — сыншыл.
2737. Жаман ағайыннан жақсы жегжат артық.
2738. Жаман ағайының бар болса, көре алмайды,
Жоқ болса, бере алмайды.
2739. Жаман адам өзі бола алмайды,
Болғанды көре алмайды.
2740. Жаман адам шабарман болса,
Алдымен ауылына шабар.
2741. Жаман болар шегіншек,
Кедей болар еріншек.
2742. Жаман болса туысың,
Туыспай-ақ құрысын.
2743. Жаманға аяғының асты алты айлық жол.
2744. Жаманға айтқан ақылың,
Далаға атқан оқпен тең.

- Талабы жоқ жас ұлың,
Жалыны жоқ шоқпен тең.
2745. Жаманға айтпа сырыңды,
Жаман бұзар шырыңды.
2746. Жаманға айтсаң сырыңды,
Бір сындырар қырыңды.
2747. Жаманға ақыл айтсаң, алдайды дер,
Жаман атпен су кешсең, жалдайды дер.
2748. Жаманға жалынба,
Адамға табынба.
2749. Жаманға жалынғанша,
Жат та жаныңды қарма.
2750. Жаманға жан жуымас,
Жалқауға мал жуымас.
2751. Жаман ауруға жақсы тамақ ем болады.
2752. Жаман ауылда, жас бесікте.
2753. Жаман ашса, көрмес,
Айтса, білмес.
2754. Жаман әйелді жақсы ер баға алмайды,
Жақсы әйел жаман ерді бағады.
2755. Жаман әйелдің пышағы екеу:
Бірі қолында, бірі аузында.
2756. Жаман әйел жақсы еркекті ойнасым дейді.
2757. Жаман әйел қаралысында семіреді.
2758. Жаман әйел ұйқышыл,
Ұйқысы қанса, күлкішіл.

2759. Жаман биесін атқа,
Ағайынын жатқа санайды.
2760. Жаманға ісімді түсірме,
Қалыңға құсымды түсірме.
2761. Жаман да болса ағамыз,
Жақсыны қайдан табамыз.
2762. Жаман да болса, ақылдының нарқы кетпейді,
Мақтаса да, ақылсыздың салты кетпейді.
2763. Жаман да болса, аман болсын.
2764. Жаман да болса жылқы жасығы.
2765. Жаман да болса ұрпақ қалсын,
Өз орнында отың жансын.
2766. Жамандасып алған жалғыз тайың
Жамандатып өлсе, қайтерсің.
2767. Жаман дос жауыңмен бірге шабады.
2768. Жаманға жұғыссаң, жарасы жұғар.
Қазанға жұғыссаң, қарасы жұғар.
2769. Жаманға ошақтың үш бұты үш айлық жол.
2770. Жаманға өлім жоқ,
Жақсыға жүрім жоқ.
2771. Жаманға су жұқса, кешпестей болар.
Жаманға шен бітсе, кешпестей болар.
2772. Жаманға сырыңды айтсаң,
Тар жерде айғақ болады.
2773. Жаманға хан жарлығынан қатын жарлығы күшті.

2774. Жаманға шөп батады,
Жақсыға сөз батады.
2775. Жаманға өкпе тисе,
Төбесі көкке тиеді.
2776. Жамандық жасырылмас.
2777. Жамандық жатпайды.
2778. Жамандық көрген жеріңнен еңбекте де, кет,
Жақсылық көрген жеріңе еңбекте де, жет.
2779. Жамандық пайда етпейді,
Жақсылық зая кетпейді.
2780. Жамандықты амандық жеңеді.
2781. Жамандықты көп қуған
Бір пәлеге жолығар.
Жақсылықты көп қуған
Бақ-дәулетке жолығар.
2782. Жаманды таспен ұрма, аспен ұр.
2783. Жаманды іске шақырма, асқа шақыр.
2784. Жаман дос көлеңке:
Басыңды күн шалса,
Құтыла алмайсың.
Басыңды бұлт шалса,
Іздеп таба алмайсың.
2785. Жаман достан құтылсаң да,
Жаман туыстан құтыла алмайсың.
2786. Жаманды асқа тартсаң да, іске тартпа.
2787. Жамандығымыз болмаса, жаттығымыз жоқ.

2788. Жаманды жақсы десең,
Көңілін өсіресің.
Жақсыны жаман десең,
Көңілге қаяу түсіресің.
2789. Жаманды жақынға балама,
Жаман жолды жақын санама.
2790. Жаманды жаман дей берсең, жасып кетеді.
Жақсы дей берсең, тасып кетеді.
2791. Жамандық — ең жақын,
Жақсылық — ең алыс.
2792. Жаман жақыннан таныс артық,
Атасы басқа алыс артық.
2793. Жаман жақынын сыйламайды.
2794. Жаман жасаққа жарамайды,
Желінсау қосаққа жарамайды.
2795. Жаман жерге ащы бұта бітеді,
Жаман көлге бақа айғырлық етеді.
2796. Жаман жер жоқ,
Жаман ер бар.
2797. Жаман жолдас жауға алғызар,
Жаман би дауға алғызар.
2798. Жаман жылқы ұранды,
Жаман жігіт туғанды білмес.
2799. Жаман жігіт жанынан.
2800. Жаман ердің батқанын
Иесі білмесе, ат білер.
Ағайынның азғанын
Өзі білмесе, жат білер.

2801. Жаман еркек биін танымас,
Жаман әйел үйін танымас.
2802. Жаман еркек жанынан ант айтады,
Жаман әйел үй тіксе, жалпайтады.
2803. Жаман етігін майлайды,
Етігі көтін майлайды.
2804. Жаман етікші біз таңдайды.
2805. Жаман етікші біз таңдамайды,
Жаман жігіт қыз таңдамайды.
2806. Жаман етіңе келеді,
Жақсы ниетіңе келеді.
2807. Жаман еш нәрсе біле алмайды,
Жұмсасаң, тіл алмайды.
2808. Жаман көрші іргеге сиеді.
2809. Жаман күйеу — қайынсақ.
2810. Жаман күйеу таң атқан соң сөз қатады.
2811. Жаман кісі ит өлтірсе,
Өзінен бұрын үйге келер.
2812. Жаман қатын алғанның жауы үйінде,
Екі қатын алғанның дауы үйінде.
2813. Жаман қатын байының
Жалғыз атын сойғызар.
Жақсы қатын жолдасын
Жоқтан құрап тойғызар.
2814. Жаман қатын баласын сүйе-сүйе
көштен қалыпты.

2815. Жаман қатын жақсы қатынның азығы.
2816. Жаман жігіт — жасында шал.
2817. Жаман жігіт жолдасын жауға алғызар,
Өзін ұятқа қалдырар.
2818. Жаман жігітке атының жалы мақтан,
Жаман қатынға көйлегінің сөні мақтан.
2819. Жаман жігіт той бұзады,
Жаман әйел үй бұзады.
2820. Жаман иттің атын Бөрібасар қояды.
2821. Жаман иттің дәмесі,
Дәрияның ар жағында.
2822. Жаман келсе, жау жетті деме.
2823. Жаман киім жасты көрідей етеді,
Көріні пірдей етеді.
2824. Жаман көлдің суы ащы,
Жаман адамның тілі ащы.
2825. Жаман қызға шешесі жаушы.
2826. Жаман қыз сүйек сындырар,
Жақсы қыз көңілді тындырар.
2827. Жаман қыз шашынан белгілі,
Жаман қатын асынан белгілі.
2828. Жаманмен ауыл болғанша,
Жақсымен қауым бол.
2829. Жаманмен егескенше, жақсымен кеңес.

2830. Жаманмен жәннатта болғанша,
Жақсымен жаһаннамда бол.
2831. Жаманмен жолдас болсаң, кесірі жұғар.
Жақсымен жолдас болсаң, несібі жұғар.
2832. Жаман қатынның мінезі қиық, сөзі сұйық.
2833. Жаман қатынның пышағынан тілі өткір.
2834. Жаман қойшы қыстауын бір күн жейді,
Жақсы қойшы қыстауын жүз күн жейді.
2835. Жаман қойшы үйінің қасын жейді,
Жаман бала әкесіне қойған басын жейді.
2836. Жаман қоныстан жақсы жүріс артық.
2837. Жаман қорыққанын сыйлайды.
2838. Жаман құрсақтан жарты аяқ ас аспайды.
2839. Жаман қызға шешесі жабушы.
2840. Жаманменен көрде де көрші болма.
2841. Жаман мергеннің аңы жаралы кетеді.
2842. Жаман мерген теке атқан жеріне үш барады.
2843. Жаманнан жарты аяқ ас қалар.
2844. Жаманнан қарыз алсаң,
Тар жерде өзіңді қинар.
2845. Жаманнан қойсаң жасауыл,
Жұртыңды жауға алдырар.
Наданнан қойсаң басыңды,
Еліңді дауға қалдырар.

2846. Жаманнан қошқар қойсаң,
Құйрықсыз қозы туады.
2847. Жаманның аттан құлағаны да жаман.
2848. Жаманның әлі жапалаққа жетеді.
2849. Жаманның берген асынан
Жақсының айтқан сөзі артық.
2850. Жаманның сөзі көңіл қалдырғандай,
Жақсының сөзі мейір қандырғандай.
2851. Жаманның сөзі түйеден түскендей.
2852. Жаманның сөзі түйеден түскендей,
Жақсының сөзі диірменнің тісіндей.
2853. Жаманның сүрісін жегенше,
Жақсының дүресін же.
2854. Жаманның төрінде болғанша,
Жақсының жерінде бол.
2855. Жаманның тұзға барғаны — қызға барғаны.
2856. Жаманның үсті су болса, кешпестей көрер.
Жаман адамға мал бітсе, кетпестей көрер.
2857. Жаман өзен өткел бермес.
2858. Жаман өз сыбағасына құлдық етеді.
2859. Жаманның бөзін алғанша,
Жақсының сөзін ал.
2860. Жаманның жақсысы болғанша,
Жақсының жаманы бол.

2861. Жаманның жаны қадірлі,
Жақсының ары қадірлі.
2862. Жаманның жанына жатқанша,
Жақсының аяғына жат.
2863. Жаманның қолына бергенше,
Жақсының жолына бер.
2864. Жаманның малы үйінде күйеді,
Жақсының малы жиында күйеді.
2865. Жаманның ойыны жаман,
Бұқаның мойны жаман.
2866. Жаманның ойы түссе, күйі түседі.
2867. Жаманның отын алғаны — қатын алғандай,
Тұзға барғаны — қызға барғандай.
2868. Жаман сөз жатпайды.
2869. Жамансыз жақсы болмайды,
Бұрқансыз бақсы болмайды.
2870. Жаман тәлімсиді,
Надан ғалымсиды.
2871. Жаман теке сүзіскек,
Жаман жігіт ұрысқақ.
2872. Жаман төре жан алар.
2873. Жаман төренің төлеңгіті билейді,
Жаман үйдің қонағы билейді.
2874. Жаман туыстан артық жау жоқ,
Табалдырықтан артық тау жоқ.

2875. Жаман өз үйіне өзі қонақ.
2876. Жаман өкпелеймін деп сыбағадан құр қалады.
2877. Жаман сайға су бітсе,
Кешу бермес кешуге.
Жамандарға мал бітсе,
Сусын бермес ішуге.
2878. Жаман сайға су келсе,
Өткел бермес көшерге.
2879. Жаман сайға су түссе,
Өткел бермес кешуге.
Жаман адамға іс түссе,
Жаныңды сұрар шешуге.
2880. Жаман сиыр жазда бұзаулайды.
2881. Жаман сопы тәубашыл,
Жаман адам табашыл.
2882. Жаман сөз жанға кірген тікен.
2883. Жаман үйдің шешесі қайыр тілесе,
баласы бастан қылады.
2884. Жаман ініге аға болма,
Жаман тонға жаға болма.
2885. Жаман істі баса ойласаң,
Өз басыңа қас ойларсың.
2886. Жаман істі мақтағаның
Өз пиғылыңнан хабар бергенің.
2887. Жаман ісінен көрмейді, кісіден көреді.
2888. Жан аяр жау жеңе алмас,
Еріншек егін еге алмас.

2889. Жан ауырса, тән азады,
Қайғы басса, жан азады.
2890. Жан баққан батыр.
2891. Жанбаса, отын жаман,
Жаға алмаса, қатын жаман.
2892. Жаман тұқым жерді бұзады,
Жеменгер би елді бұзады.
2893. Жаман түйе жабуын жер,
Жаман жігіт ауылын жер.
2894. Жаман түйенің үстінде отырып, жаяуға бұқ дейді.
2895. Жаман түйесін іздеймін деп биесінен айырылыпты.
2896. Жаман ұры жанындағысын қарақтайды.
2897. Жаман үйден қосым артық,
Жаман ошақтан мосым артық.
2898. Жаман үйді қонағы билейді,
Кедей үйді бойдағы билейді.
2899. Жан қиналмай жұмыс бітпес,
Талап қылмай мұратқа жетпес.
2900. Жан қиналса, жақынын тартады.
2901. Жәннат әйелдің аяғының астында.
2902. Жан тартпайды, қан тартады.
2903. Жан тұмсықтан шыққанша жан берме.
2904. Жан тыныштық жақсы екен,
Жатып ішер ас болса.

2905. Жаны аяулы жігітті жауға жіберме,
Ауызы аяулы жігітті дауға жіберме.
2906. Жан болса, жаһан бар,
Ас болса, қазан бар.
2907. Жанған оттың түтіні жоқ.
2908. Жан да ауыздан шығады,
Жалын да ауыздан шығады.
2909. Жан досың жанынан кешеді,
Мал досың малынан кешпейді.
2910. Жандыда балық үлкен,
Жансызда қамыс үлкен.
2911. Жандыда бөрі, жансызда тері мешкей.
2912. Жан жас кезде артта,
Кәрттейгенде алға шығады.
2913. Жан күтсең — гүл,
Қиналсаң — күдері.
2914. Жан қимақ бар, жар қимақ жоқ.
2915. Жаныс кетсе, орнын жаппас басады.
2916. Жаңа айдан жақсылық.
2917. Жаңа бай мақтаншақ,
Ескі бай айланшақ.
2918. Жаңа бар жерде жамаулы да бар.
2919. Жаңа етік киген жүргіш келеді,
Алтын тісі бар күлгіш келеді.

2920. Жаңасы жоқ жамаулыға да риза.
2921. Жаңбыр бір жауса, жапырақ екі жауады.
2922. Жаны ашымастың жанында басың ауырмасын.
2923. Жаны жақсы ағаны
Етегін басып, ізін қу.
Болайын деген баланың
Бетін қақпай, белін бу.
2924. Жаны кейіген Тәңірісін қарғайды.
2925. «Жаным» десе, жан семіреп.
2926. Жанымды алмаған ауру — жанымсың.
2927. Жаныңды ептесең епте, жарамсақ епте.
2928. Жаның сау болса, зәрлімін деме,
Төнің сау болса, жарлымын деме.
2929. Жанып өтсең де, жалынып өтпе.
2930. Жаңылмас жақ болмас,
Сүрінбес сәуірік болмас.
2931. Жапа көрмеген опаның қадірін білмейді.
2932. Жапалақ көрсең атып ал,
Жаманнан басыңды сатып ал.
2933. Жапалаққа күннен түн жарық.
2934. Жапалақ мақтанса,
Жардан қоян алдым дер.
2935. Жапалақ сипағанымен сұңқар болмас,
Жабыны жататқанмен тұлпар болмас.

2936. Жапалақты тасқа ұрсаң да, жапалақ өледі,
Таспен жапалақты ұрсаң да, жапалақ өледі.
2937. Жапа шегіп, жай жату —
Жақсылықтың белгісі.
Ерте жатып, кеш тұру —
Пасықтықтың белгісі.
2938. Жапқан жала — жаққан күйе.
2939. Жаңғырық жалап ит тояды.
2940. Жанжал түбі боқтықтан шығады,
Ұрлықтың түбі жоқтықтан шығады.
2941. Жаңылғанға жаза жоқ.
2942. Жаңылғанды жанындағы құтқарады,
Сүрінгенді тұяғы құтқарады.
2943. Жаңылғанды жанындағысы біледі,
Адасқанды артындағысы біледі.
2944. Жаңылмайтын жақ,
Сүрінбейтін тұяқ жоқ.
2945. Жарға біткен жантақты
Жанынан кешкен нар жейді.
2946. Жарғанат құсты көрсе, қанатын,
Тышқанды көрсе, тұмсығын көрсетеді.
2947. Жардың басына, жаудың қасына қонба.
2948. Жар жақсысы жан қысылғанда.
2949. Жар құласа, жайын өледі.
2950. Жарлы байыдым десе нан,
Жалғыз көбейдім десе нанба.

2951. Жарлы болар жігітке
Қазалы мал тап болар.
Жалғыз болар жігітке
Бедеу қатын тап болар.
2952. Жарлы болсаң, арлы болма.
2953. Жарлы болсаң, ауылды жер сағала,
Жалғыз болсаң, бір жақсыны ағала.
2954. Жарлы болсаң да, арлы бол.
2955. Жарақтыға жау жолықпайды.
2956. Жаралғанға ат жабысар.
2957. Жаралыға жан шыққанша жәрдем бер,
Жазатайым кетпесін.
2958. Жаралының зардабын жараның
тақсіретін тартқан біледі.
2959. Жарамсақтанған ит жатқанша таяқ жейді.
2960. Жарамсыз ат жан қинар.
2961. Жарболды қыз алып қашса,
Жүрінтай бірге қашыпты.
2962. Жарлының байлығы — денінің саулығы.
2963. Жарлының бір тойғаны — шала байығаны.
2964. Жарлының жалғыз қозысын бөрі жейді.
2965. Жарлының жалынышы көп.
2966. Жарлының мұң-зарын жарлы білер,
Қайғылының мұң-зарын қаралы білер.

2967. Жармасқаннан етегінді кес те, құтыл.
2968. Жартыны жарып жеген татулықтың белгісі.
2969. Жарылғанды жау алады,
Бөлінгенді бөрі жейді.
2970. Жарым жігіт жаяу жүріп тың киікті қуады.
2971. Жарыңмен сырлас болсаң,
Өмірлік мұңдас боласың.
2972. Жарлы болсаң, жау жағала,
Жаяу болсаң, тау сағала.
2973. Жарлы бір жапырақ нанға зарлы,
Бай дүниеде барға зарлы.
2974. Жарлыға да тіл бітеді,
Жабыға да шыр бітеді.
2975. Жарлы ет жесе, тісіне енеді,
Ет жемесе, түсіне енеді.
2976. Жарлы жаманар, жаманар да қуанар.
2977. Жарлылықтың жақсысы-ай,
Жатып ішер ас болса.
2978. Жас күнде көргенің болмаса,
Есейгенде кісілік болмайды.
2979. Жас күніңде еңбек қылсаң,
Есейгенше жетілерсің.
2980. Жас қасқыр жалтаңға,
Кәрі қасқыр қалтаңға.
2981. Жас қымыздың қызуы түске дейін,
Желігі кешке дейін.

2982. Жас өсер, жарлы байыр.
2983. Жастай берген тәрбие,
Жас қайыңды игендей.
2984. Жастанғаның жапырақ,
Төсенгенің топырақ.
2985. Жарыңның көркіне қарама, құлқына қара.
2986. Жасақты күні жау келмейді,
Бірықты күні дос келмейді.
2987. Жас арқалағанша,
Тас арқалаған артық.
2988. Жас бала құстың көлеңкесіне тоңады.
2989. Жас жалтаңға,
Кәрі қалтаңға қашар.
2990. Жас, жастың тілегі бір,
Жібектің түйіні бір.
2991. Жас — кәрінің көзі,
Кәрі — жастың тезі.
2992. Жас кезімде бейнет бер,
Қартайғанда дәулет бер.
2993. Жасыған көңілде жалын болмайды.
2994. Жасық кісі жасқа тоймас,
Ұйқы мен асқа тоймас.
2995. Жасық пышақ өтпейді жаныса да,
Жаман ар ма демейді таныса да.
2996. Жасықты қайрасаң, майырылады,
Жаманды қайрасаң, айырылады.

2997. Жасықтың жілігі татымайды,
Пасықтың сөзі татымайды.
2998. Жасықтың көбінен асылдың азы артық.
2999. Жасыңда алған білімің
Тасқа басқан таңбадай.
3000. Жасыңда көргені жоқтың
Қартайғанда айтары жоқ.
3001. Жасыңда көндігерсің,
Көндігерсің де, жөндігерсің.
3002. Жаста оқыған оқу — тасқа жазған оқу.
3003. Жасты жасақта, қойды қосақта көр.
3004. Жастық дәурен — асыл тас,
Қартайсаң, мәңгі табылмас.
3005. Жастық кетсе, қайтара алмайсың,
Қарттық жетсе, тойтара алмайсың.
3006. Жастың жаманы жоқ.
3007. Жастың жаны бір,
Жібектің түйіні бір.
3008. Жасты тартысқа сал,
Кәріні айтысқа сал.
3009. Жас шыбықты сындырма, киесі бар.
Жас майсаны суырма, иесі бар.
3010. Жат жерде жаның қиналса,
Ел қадірін білерсің.
Жұтым суға зар болсаң,
Көл қадірін білерсің.

3011. Жатқан бория, жүрген дария.
3012. Жатқан жері даладай,
Екі өркеші баладай,
Азу тісі қаладай,
Жабуы жамшыдай,
Құйрығы қамшыдай,
Бура сойған не сұмдық.
3013. Жатқан сайын жалқауласа береді,
Ішкен сайын қорқауласа береді.
3014. Жатқан тастың астына су бармайды.
3015. Жатқа сырыңды айтпа.
3016. Жаттың ессіз болғаны күлкі,
Жақынның ессіз болғаны күйік.
3017. Жаттың жақсысы — досың,
Жақынның жаманы — қасың.
3018. Жасыңда қылжың болсаң,
Өскенде мылжың боласың.
3019. Жасыратын несі бар,
Жанұзақ би өліпті.
3020. Жасырын істеген жақсылықтың
есесі жария қайтады.
3021. Жата-жата жанымызға,
Жата келе қойнымызға.
3022. Жат алдында шешілме,
Жау алдында көсілме.
3023. Жатарда жар бойы, тұрарда түйе бойы.

3024. Жататын қой астын тарпиды.
3025. Жат елдің алтын босағасында жатқанша,
Өз еліңнің ағаш босағасында жат.
3026. Жат жегенше, туған өлгенше.
3027. Жауға аттанар жігіт төл атын мінеді.
3028. Жауға барсаң, бәрің бар,
Дауға барсаң, бірің бар.
3029. Жауға барсаң, кесерді ал,
Дауға барсаң, шешенді ал.
3030. Жауға бас қойсаң,
Басыңа тас қояды.
3031. Жауға жалынба,
Досқа тарылма.
3032. Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.
Өрісіңді берсең де, қонысыңды берме.
3033. Жат үйінде жатық бол.
3034. Жауабы жоқ сөз мазақ,
Бақыты жоқ ер мазақ.
3035. Жауабың сұраушының қабағына қарай болсын.
3036. Жау алатын жігіттің жарағынан,
Дау алатын жігіттің талабынан.
3037. Жауатын күн қызарып батады,
Қызармаса бозарып батады.
3038. Жауатын күннің арты қызыл,
Ұялмайтын адамның беті қызыл.

3039. Жауатын күн түнеріңкі болады.
3040. Жауатын күн ыстық болады,
Болатын бала пысық болады.
3041. Жауды қара қашырады,
Батыр атақ Барақта қалады.
3042. Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады.
3043. Жау жақтан досың болса,
Жаныңда семсерің болсын.
3044. Жау жатқан жерін белгілі деме,
Жансызы жаныңда тұрмасын.
3045. Жау жеңетін жігіттің
Жарағынан танылғы.
Дау жеңетін жігіттің
Талабынан танылғы.
3046. Жау жоқ деме, жар астында,
Бөрі жоқ деме, бөрік астында.
3047. Жауға жараңды білдірме,
Дұшпанға сырыңды білдірме.
3048. Жауда да бір үйің болсын.
3049. Жаудан қайтсаң, жаралы қайт.
3050. Жаудан қыл тартсаң да — олжа.
3051. Жауда туған баланың көзі жаста,
Ашаршылықта туған баланың көзі аста.
3052. Жауды көп алады,
Атағы батырға қалады.

3053. Жау малы — жасық, татымайды.
3054. Жау сырыңды алса,
Қызыңды алады.
3055. Жау сырыңды алса,
Қырыңды алар.
3056. Жау төнгенде батыр бол,
Дау төнгенде ақыл бол.
3057. Жауызға айтқан жақсы сөз
Суға жазған сертпен тең.
3058. Жауыз жақынын жейді,
Ішіндегі сорлы пақырын жейді.
3059. Жауыз қанға тоймайды,
Бай малға тоймайды.
3060. Жауыз хан жалмауыздан артық.
3061. Жауынды күні ат көрме,
Айтты күні қыз көрме.
3062. Жау жоқта батыр көп,
Дау жоқта ақыл көп.
3063. Жау жоқта жарақ көп,
Жау келгенде таяқ жоқ.
3064. Жау келді деп азығыңды тауыспа,
Дос келді деп отыныңды тауыспа.
3065. Жау кеткен соң даңғара.
3066. Жау кеткен соң жұдырық,
Той өткен соң даңғара.

3067. Жау кеткен соң, қылышыңды боққа шап.
3068. Жау қаһарланса, жаныңды алмаққа,
Қыс қаһарланса, малыңды алмаққа.
3069. Жаулық кигеннің бәрі қатын емес,
Берік кигеннің бәрі батыр емес.
3070. Жауыннан қашқан жарға паналар,
Жаудан қашқан қайда паналар.
3071. Жауыңды жасырсаң, жағаңнан алады.
3072. Жауыр атқа жіп құйысқан.
3073. Жауырды жаба тоқып.
3074. Жауырды сауысқан қинайды,
Нашарды байдан ауысқан қинайды.
3075. Жәдік, Жантекей кісі өлтірсе,
Қарақас, Молқы құн тартады.
3076. Жеке-жеке ғаріп болдық,
Ел болдық, қарық болдық.
3077. Жекен жерінде көгерер,
Ер елінде көгерер.
3078. Жек көрген балаға
Жоғалған малдан енші береді.
3079. Желбезекке жебе дарыса,
Балық өрге жүзе алмас.
3080. Желген желісін біледі,
Жүрген жүрісін біледі.
3081. Жел — дауылдың шақырушысы.

3082. Желдетпей, тұман ашылмас.
3083. Жегені желім, ішкені ірің болды.
3084. Жез сауытта жемтір болады,
Желекті келінде кемпір болады.
3085. Жейтін ауызды жемейтін ауыз байлайды.
3086. Жеңім жаман болса да, жағам жақсы,
Өзім жаман болсам да, ағам жақсы.
3087. Жеңіне қарап бала өсер,
Жеріне қарап мал өсер.
3088. Жеңсік асын бермесен,
Жерік әйел жөнделмес.
3089. Жер асқынса, тілмеге түседі,
Ер асқынса, түрмеге түседі.
3090. Жер астынан жік шықты,
Екі құлағы тік шықты.
3091. Жерде жетім жыласа,
Өуеде періште тітіркенеді.
3092. Жер басқанға мәз болма,
Жерде ізің қалмаса.
3093. Жер бауыры жазық.
3094. Жерге қанша қи берсең,
Жер де сонша сый береді.
3095. Жерге пәле өрт жүрсе,
Жазықты қойып тау кетер.
Елге пәле дерт жүрсе,
Ауруды қойып сау кетер.

3096. Жемеймін, жемеймін деп,
Жеңдей көтен тауысыпты.
3097. Жемеймін, жемеймін деп,
Жеңді білектей көтен жепті.
3098. Жемқор ат жем жегенін қоймайды,
Жемеңгер ел жегенін қоймайды.
3099. Жемқор елді жесе,
Қасқыр қойды жейді.
3100. Жемісті ағаштың басы төмен.
3101. Жеңгеме ағам сай.
3102. Жеңген ит желкесіне.
3103. Жеңген ит желкесінен талар.
3104. Жеңешем білді дегенше,
Жер жүзі білді десеңші.
3105. Жеңіл ауыздан жеңілтек аяқ озады.
3106. Жеңіл барып, ауыр қайт,
Аман барып, сау қайт.
3107. Жеңілген елде желке жоқ.
3108. Жердің сәні — егін,
Ердің сәні — білім.
3109. Жердің үстімен барып, астымен қайттық.
3110. Жерді су бұзады,
Адамды сөз бұзады.
3111. Жер қазған қазынаға,
Сөз қазған пәлеге жолығады.

3112. Жер тоймай, ел тоймайды.
3113. Жер тойынбайынша, ел тойынбайды.
3114. Жер тұсауы түнде алынады.
3115. Жер шегесі — тау.
Дау шегесі — ант.
3116. Жер шірісе, қара сұлы басады,
Ер қартайса, қайраты қашады.
3117. Жер — ырыстың кіндігі,
Білім — ырыс тізгіні.
3118. Жерге түскен жетімдікі.
3119. Жерде болсаң, бетеге бол,
Елде болсаң, етене бол.
3120. Жерде жатқан жұмыртқа
Аспанда ұшқан құс болар.
3121. Жерден жердің несі артық?
Тоғайы мен суы артық.
Ерден ердің несі артық?
Ерлігі мен ісі артық.
3122. Жерден жердің несі кем,
Егін шықса, гүл өссе!
Елден елдің несі кем,
Жауын көріп тірессе!
3123. Жерден жердің несі кем,
Егін шықса, гүл өссе!
Ерден ердің несі кем,
Уәдесін үде етсе!
3124. Жерден жердің несі кем,
Егін шықса!

- Ерден ердің несі кем,
Уәдесінде тұрса!
3125. Жерден тілеген жетілер,
Көктен тілеген өкінер.
3126. Жердің бетін тырнаған зор болады,
Елдің бетін тырнаған қор болады.
3127. Жетегі сынған арба жолда қалады.
3128. Жетектегі ит ауға жарамас,
Үйретінді сөз дауға жарамас.
3129. Жетектегі ит аңға жарымас.
3130. Жетектен қосқан тазы түлкі алмайды.
3131. Жетең жаман болмаса,
Жете жарлы болмассың.
3132. Жетең жаман болса,
Талпына берсең, жетесің.
3133. Жетерін білсең, жей тұр.
3134. Жетесіз жігіт жермен тең,
Ақылды жігіт ермен тең,
Қайғының түбі шермен тең,
Қылмыстың түбі көрмен тең.
3135. Жетесіз жігіт уық шаншығанша тұрады.
3136. Жер — ырыстың кіндігі,
Еңбек — ырыс қазығы.
3137. Жері байдың елі бай.
3138. Жерік талғамайды, ғашық алдамайды.

3139. Жеріне қарай бұланы,
Тауына қарай қыраны.
3140. Жеріне қарай егін ек,
Жолына қарай жегін жек.
3141. Жеріне қарай жыланы,
Тауына қарай құланы.
3142. Жеріне қарай қонысын байқа,
Шөбіне қарай өрісін байқа.
3143. Жесір қатын жел бұзар.
3144. Жеті атасын білмеген — жетесіз,
Арғы тегін білмеген — тексіз.
3145. Жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары.
3146. Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі ілім біл.
3147. Жеті жыл жерлес болғанмен жесірлес боласың.
3148. Жеті келін түсірген жетіледі,
Жеті қыз ұзатқан жетім қалады.
3149. Жеті қарақшы таныған жеті түнде адаспайды.
3150. Жетесінде жоқ жете сыйламайды.
3151. Жетпеген билік жетесін шығарады.
3152. Жетпеген билік жеті ханның есігін ашқызады.
3153. Жетпей айтқан билік жеті есіктен өткізеді.
3154. Жетпей жатқан жеріңді
Жеткізетін — ағайын.

- Өтпей жатқан жеріңді
Өткізетін — ағайын.
3155. Жетпіс атты сақтау қиын,
Жалғыз атты баптау қиын.
3156. Жеті атаның жөнін біл,
Жеті жұрттың тілін біл.
3157. Жетім ұлға қақты көп,
Жетім қызға түрткі көп.
3158. Жеті өлшеп, бір кес.
3159. Жетіп айтылмаған билік жеті есікті ашқызады.
3160. Жеті рет піш, бір рет кес.
3161. Жеті рудың тілін біл,
Жеті түрлі білім біл.
3162. Жетіскен жеті шапан киеді.
3163. Жиіекті ширата білмеген үзіп алады,
Сөзді сөйлей білмеген бұзып алады.
3164. Жиен ел болмас,
Желке ас болмас.
3165. Жиен ел де емес, жау да емес.
3166. Жетім бала кекшіл.
3167. Жетім бала кекшіл,
Жесір әйел епшіл.
3168. Жетім бота жетекшіл.
3169. Жетім, жетім деменіз,
Жетімнің ақын жеменіз.

3170. Жетім жыласа, жер жылайды.
3171. Жетім қозы тасбауыр,
Түңілер де отығар.
3172. Жетім қозы түртіншек,
Қолау тай сүріншек.
3173. Жетім қозы түртіншек,
Отығар да оңалар.
Жетім бала тасбауыр,
Торығар да, оңалар.
3174. Жетім құлын жорға болар,
Жетім бала молда болар.
3175. Жетім қыздың тойындай.
3176. Жиренге торы, жітікке саяқ қосылады.
3177. Жолаушының азығы жолында.
3178. Жолбарыс ашықпаса, жолдан түспейді.
3179. Жолбарысқа кешірім қылсаң,
Момын қоянға қас қылар.
3180. Жолбарыс өлтірген батыр емес,
Ақылын тапқан батыр.
3181. Жолға жомарт қонар,
Не нәмәрт қонар.
3182. Жолға шықсаң, жол азығың мол болсын.
3183. Жолға шықсаң, жолдасыңды сайлап ал.
3184. Жолдас болсаң қуға,
Басыңды салар дуға.

3185. Жолдас күту жарға сын,
Жалған сөздік арға сын.
3186. Жоғалған пышақтың сабы алтын.
3187. Жоғалып табылған мал олжа,
Ауырып жазылған жан олжа.
3188. Жоқ қарастырады,
Бар жарастырады.
3189. Жоқпен тамыр болғанша,
Бармен барымталас бол.
3190. Жоқ табылмайды емес, қарауы жетпейді.
3191. Жол азабы — көр азабы.
3192. Жолаушы ақысы, жүрсе, бітеді.
3193. Жолаушы жолын түзейді,
Бойжеткен бойын түзейді.
3194. Жолды ойлама, жолдасты ойла.
3195. Жолмен жүрсең, жортып жүр.
3196. Жол мұраты — жету,
Қыз мұраты — кету.
3197. Жол сұраудан арланған адам жолдан адасады.
3198. Жомарт болам десең, артыңа қара,
Артық болам десең, шартыңа қара.
3199. Жомарт малға қайғырмас,
Білімді істе жаңылмас.
3200. Жомарт жоқтығын,
Жүйрік тоқтығын елемейді.

3201. Жолдасты жол айырады.
3202. Жолдастың жолы кең.
3203. Жолдастың мыңын алма, бірін ал.
3204. Жолдасы жақсы жауға алдырмайды.
Қара басын дауға қалдырмайды.
3205. Жолдасы жақсының олжасы жақсы.
3206. Жолдасын тастаған жолда қалар.
3207. Жолдасың жаман болса,
Алыс жүріп түн қатпа.
Қатының жаман болса,
Кісі алдында тіл қатпа.
3208. Жолдасыңның жоғын қарас,
Табылса, келуіне жақсы,
Табылмаса, өзіңе жақсы.
3209. Жорға жүрісінен пұл болады,
Жаман жүрісінен құл болады.
3210. Жорғалымен жолдас болсаң,
Екі етегің далаңдар.
Сойқаншымен жолдас болсаң,
Екі көзің алаңдар.
3211. Жорға мінген жолдасынан айрылар.
3212. Жорғаның қадірін желгенде біледі,
Жақсының қадірін өлгенде біледі.
3213. Жортар аттың тоғы игі.
3214. Жортуыл басы жолда қалар,
Жолда қалмаса, қолда қалар.

3215. Жортуылшының басы жолда қалады.
3216. Жонға салсаң, жүйрік,
Жолға салсаң, жорға.
3217. Жора-жолдас не керек,
Жауға бірге шаппаса.
Арғымақ мініп не керек,
Жабыдан озып шаппаса.
3218. Жорға аттың тері көп,
Арқада тұрар ері көп.
3219. Жорғадан туған жортақ бар,
Батырдан туған қорқақ бар.
3220. Жорға жолда жүрсе, жорғалайды,
Жолсызда қорғалайды.
3221. Жорға жолына тоқтар,
Жақсы жөніне тоқтар.
3222. Жорға жүрісімен пұл болады,
Жаман жүрісімен құл болады.
3223. Жоспарсыз іс күштің соры,
Күтпеген ауыз тістің соры.
3224. Жота — таудың айдары,
Бура — түйенің айбары.
3225. Жөн-жосық жолаушыдан.
3226. Жөн сұрасып біліспеген — надан,
Жолдан шықпаған — пәледен аман.
3227. Жөнін тауып сөйлесең,
Сөзден қызық неме жоқ.
Жөнін таппай сөйлесең,
Сөзден бұзық неме жоқ.

3228. Жуан жіңішкергенше, жіңішке үзілер.
3229. Жуас кісінің шын тулауы,
Тентектің ашуын жол қалдырады.
3230. Жуас түйеге әркім ие.
3231. Жуас түйе жүндеуге жақсы.
3232. Жұғын бар жерде шыбын бар,
Шыбын бар жерде шығын бар.
3233. Жұлдыз жиі болғанда
Күн ашық болады.
3234. Жұмсақ ағашты құрт басады.
3235. Жұмсалмаған ақшаң олжамен тең.
3236. Жүн керек болса, қазанда қырық.
Қой керек болса, мизанда қырық.
3237. Жұтаған жұртын мақтайды.
3238. Жұт жеті ағайынды.
3239. Жұт жеті ағайынды,
Айна көзбен сегіз.
3240. Жұт жеті ағайынды,
Содырмен сегіз,
Алақпен тоғыз,
Олақпен он.
3241. Жұт жылы жұртың сүйекке толар,
Құт жылы жұртың күйекке толар.
3242. Жұтқа кеткеннен, жауға кеткен жақсы.

3243. Жұмыртқаны жегенің —
Құсты құрттым дегенің.
3244. Жұмыссыз жігіттің жүргені сөлекет,
Иттен басқаның үргені сөлекет.
3245. Жұмыстың көзін тап,
Қисықтың тезін тап.
3246. Жұпыны — жұғымды,
Сыпайы — сүйкімді.
3247. Жұрат келсе, тон алар,
Тон алмаса, жол алар.
3248. Жұртты жеген жігітте күй болмайды,
Шабақ жеген жігітте ми болмайды.
3249. Жұрт көңіліне жаққан әйел — періште,
Сайтан дерсің үйге келіп керіссе.
3250. Жүз сиыр бұзауласа,
Бір өгіздің арты (көті) ауырмайды.
3251. Жүзігі барда Сүлеймен,
Жүзігі жоқта Сүлеймен де сүмірейген.
3252. Жүзі қараның дүзі таймайды.
3253. Жүйелі қарғыс жүйесін табады,
Жүйесіз қарғыс иесін табады.
3254. Жүйелі сөзге түйе де шөгеді.
3255. Жүйелі сөз жүйесін табады,
Жүйесіз сөз иесін табады.
3256. Жүйесін тауып жұмыс қыл,
Жерін тауып тыныс қыл.

3257. Жүйрік ат аяғынан ақсайды,
Жақсы жігіт ағайыннан ақсайды.
3258. Жұтқан жұмырына,
Татқан таңдайына.
3259. Жұтқан жұтамас.
3260. Жұтқан шүкірге тоймайды,
Ашыққан ас таңдамайды.
3261. Жұтым көп болса, жұт көтін қысады.
3262. Жүгі жоқ жаяудың,
Жаяушылыққа сәні жоқ.
3263. Жүзге бөлінгеннің жүзі күйер,
Руға бөлінген у ішер.
3264. Жүзден біреу шешен,
Мыңнан біреу көсем.
3265. Жүздің бағы — қу,
Үйдің бағы — әйел.
3266. Жүйрікке тұмар.
3267. Жүйрік табаны дуда қызар.
3268. Жүйрік тоқтығын білдірмес,
Жомарт жоқтығын білдірмес.
3269. Жүйрікті тойға мін,
Жуасты қойға мін.
3270. Жүйрікті шапқанда көр,
Ерді сасқанда көр.
3271. Жүк артарда бұрауыңды даярла.

3272. Жүк ауырын нар көтереді,
Ел ауырын ер көтереді.
3273. Жүйрік ат тыңнан шығады,
Адал дос мыңнан шығады.
3274. Жүйрік аттың сауырын берік алар.
3275. Жүйрік болсаң, шаңнан оз,
Ойшыл болсаң, елден оз.
3276. Жүйрікке де бір тұмар.
3277. Жүйрікке жүйрік қосылса, тыпыр шығады.
3278. Жүйрікке мінген Құдайын ұмытады.
3279. Жүйрікке не жапсаң да, жарасады.
3280. Жүректен шықпай, жүрекке кірмейді.
3281. Жүректен шықпай, көңілге қонбас.
3282. Жүректің жолы ыстық,
Біліктің жолы суық.
3283. Жүрсе сауда — айырбас,
Өседі ел, мал мен бас.
3284. Жүріп шаршаған, тұрып тынасың,
Тұрып шаршаған, отырып тынасың,
Отырып шаршаған, не қылып тынасың?
3285. Жүн кілем тозбайды,
Кең мінез азбайды.
3286. Жүн сабап киіз бас,
Қос тігіп қазан ас.

3287. Жүні жығылғанның күні жығылады.
3288. Жүргісі келмеген қойдың сигісі келеді.
3289. Жүрдек атты қамшылама, шыбжық болады.
3290. Жүре берсең, көре бересің,
Көре берсең, біле бересің.
3291. Жүре берсең, көре бересің,
Көре берсең, көне бересің.
3292. Жүрегінде от болса,
Мұз тауды да еріте аласың.
3293. Жүрек нені ойласа, тіл соны сөйлейді.
3294. Жүректе қалған дық та бір,
Жаңғаққа түскен құрт та бір.
3295. Жыбыртқылаған сөз жаман,
Жаныңа күйік келтірер.
Сұғын қадаған көз жаман,
Сүріндіріп өлтірер.
3296. Жығылған жерге сүйенеді,
Жыққан елге сүйенеді.
3297. Жығылған күреске тоймайды.
3298. Жыламасқа жылаған екі көзім,
Тыңдамасқа айтқан есіл сөзім.
3299. Жылан асырасаң, шағады,
Жыртқыш асырасаң, шабады.
3300. Жылан аузына сенеді,
Мысық тұяғына сенеді.

3301. Жыланға түк біткен сайын қалтырауық.
3302. Жыланды жылан шақпайды.
3303. Жыланды үш кертсе де,
Кесірткелік әлі бар.
3304. Жылан иреңдеп жүреді,
Сүйреңдеп күледі.
3305. Жығылғаным қыздың боғы болсын.
3306. Жығылсаң, нардан жығыл.
3307. Жылағанды сұрама, басында бір мұңы бар,
Күлгенді сұра, көңіліне бүккен сыры бар.
3308. Жылағанды сұрама, күлгенді сұра.
3309. Жылаған — көздің соры,
Еңкейген — белдің соры.
3310. Жылай-жылай арық қазсаң,
Күле-күле су ішерсің.
3311. Жылайын деген бала
Әкесінің сақалымен ойнайды.
3312. Жылайын деген баланың
Үш күн бұрын көзі қышиды.
3313. Жыламаған балаға емшек бермейді.
3314. Жыланның тілі айыр,
Жыбыртқының сөзі айыр.
3315. Жыланның тісі улы,
Жаудың ісі улы.

3316. Жыланның уы басында,
Бейғамның жауы қасында.
3317. Жылан өзін иір демей,
Түйенің мойнын иір дейді.
3318. Жылан шаққан ала жіптен қорқады.
3319. Жылан ысқырып шығады,
Жылқы осқырып кіреді.
3320. Жылап айтқан шынға нанбайды,
Күліп айтқан өтірікке нанады.
3321. Жылатып алған сұлудан
Сүйіп алған су мұрын артық.
3322. Жылан иір-қиыр жүрсе де, ініне түзу кіреді.
3323. Жылан көрсең, басын шап.
3324. Жыланның басынан ұстасаң, айрылма.
3325. Жыланның бауыры майда, басы заһарлы,
Байдың тілі майда, жүрегі заһарлы.
3326. Жыланның жемес асы аузынан шығар.
3327. Жыланның сүймес асы іннің
аузынан шығады.
3328. Жыланның сырын жылан,
Құланның сырын құлан біледі.
3329. Жыланның тілі айыр,
Жылан мінезді адамның сөзі айыр.
3330. Жылқы жылың ілгері.

3331. Жылқы күндіз ұлың мен қызыңдай,
Түнде қырынан соққан қызылдай.
3332. Жылқы кісінескенше,
Адам сөйлескенше.
3333. Жылқы кісінесіп табысады,
Адам сөйлесіп танысады.
3334. Жылқы қияға тартады,
Сиыр жыраға тартады.
3335. Жылқылы елде жау көп,
Жатақ елде дау көп.
3336. Жылқылы елдің сайраны көп,
Сиырлы елдің айраны көп.
3337. Жылыда жинақталмаған
Суықта қымтала алмайды.
3338. Жыл деген ат басын бұрғанша,
Ай деген аунап тұрғанша.
3339. Жыл есебі көктемде.
3340. Жылжып өткен жыл ізі
Жылғадан аққан сумен тең.
3341. Жылқыға жал жарасады,
Өріске мал жарасады.
3342. Жылқыда өт жоқ,
Құста сүт жоқ.
3343. Жылқы етінің жасығы,
Сиыр етінің қатығы.
3344. Жылқы жүз, жүйрігі біреу,
Азамат алпыс, адамы алтау.

3345. Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан інінен шығады.
3346. Жылы-жылы сөйлесең,
Жылан інінен шығады.
Қатты-қатты сөйлесең,
Жақының діннен шығады.
3347. Жылы киім төнді жылытар,
Жылы сөз жанды жылытар.
3348. Жын да бейімдіні қағады.
3349. Жын соққаннан мың соққан жаман.
3350. Жыраққа қойсаң, жақыннан аларсың.
3351. Жыртық ауызға сөз тоқтамайды.
3352. Жыртық үйді жел табар,
Өтірікті шын табар.
3353. Жыртық үйдің де Құдайы бар.
3354. Жылқыныкі пышақ,
Қыздікі құшақ.
3355. Жылқының етін жесең, тісіңе енеді,
Жемесең, түсіңе енеді.
3356. Жылқының көбі талақтан өледі,
Қомағайдың көбі тамақтан өледі.
3357. Жылқы сауырынан азады,
Сиыр бауырынан азады.
3358. Жылқы сауырынан жүдейді,
Сиыр бауырынан жүдейді.

3359. Жылмиып кірер үйің болсын,
Жылытып ішер асың болсын.
3360. Жыл селді болса, қой шелді болады.
3361. Жылыда жиыла алмаған
Суықта қымтала алмайды.
3362. Жігіт жолдасынан белгілі.
3363. Жігітке жетпіс өнер аз.
3364. Жігітке лайық ат туар.
3365. Жігіт отызында,
Ат тоғызында толады.
3366. Жігітте де жігіт бар —
Азаматы бір бөлек.
Жылқыда да жылқы бар —
Қазанаты бір бөлек.
3367. Жігітте екі өнер бар:
Атқанда жыққан, айтқанда ұққан.
3368. Жігіттер, есеппен байимын деме,
Есебіңді есеп бұзса қиын-ды.
3369. Жігітті қыз бұзады не қымыз бұзады,
Не қызыл тілді қыңырлық бұзады.
3370. Жыртық үйдің Құдайы бар.
3371. Жыршы қызға сыршы күйеу.
3372. Жібек тозса, есекке жабуға жарамайды.
3373. Жігіт асқаннан өлсін,
Қыз ынтыққаннан өлсін.

3374. Жігіт бір сырлы, сегіз қырлы болсын.
3375. Жігіт еліргенмен күшті болмайды,
Қатын сұлулығымен істі болмайды.
3376. Жігіт жинағанын жемейді, бұрынғыны жейді.
3377. Жігіті жүзге жеткен елді
Жүзі қара кемітеді.
3378. Жіп ұшын түймегеннің
Үш шаншым ісі қалады.
3379. Жігітті не мақтан аздырады,
Не жақтан аздырады.
3380. Жігіттің бағы білмейді,
Жұмыстың бабы біледі.
3381. Жігіттің екі өнері бар:
Атса, жыққан, ашқанда оқыған.
3382. Жігіттің жалқауы — қырсықтың арқауы.
3383. Жігіттің сорлысын аттың жолдысы жеңеді.
3384. Жігітті тоқтық қосады,
Тоқтық қоспаса да, жоқтық қосады.
3385. Жігіттің түсін айтпа, ісін айт.

3

3386. Заман азғындаса,
Алымсағың дау болар,
Ағайының жау болар.
3387. Заман екі келмейді,
Өгіз аттай желмейді.

3388. Заман түзелсе, жаман түзеледі.
3389. Заманы бірдің амалы бір.
3390. Заманы жақсы болса,
Кәрісі жасаңғырар.
3391. Заманына қарай амалы,
Тоғайына қарай торайы болады.
3392. Заманына қарай күлкісі,
Тауына қарай түлкісі.
3393. Заңғар биік шоқының еңісі бар,
Жеңілістің артында жеңісі бар.
3394. Зарым бар да, зорым жоқ.
3395. Зейін қойған үйренеді,
Үйренбеген күйзеледі.
3396. Зейіні кең — көреген,
Пейілі кең — береген.
3397. Зор зорға құяды,
Әңгүрт орға құяды.
3398. Зорлық көргенді Құдай көреді.
3399. Зорлық қылған ұлықтан без,
Ұрлық қылған жігіттен без.
3400. Зорлықпан жиса, қорлықпен түгейді.
Сұраумен жиса, жылаумен түгейді.
3401. Зорлықпан түскен еңістен
Ерлігімен шыққан өр артық.
Қорлықпен өткен өмірден
Көсіліп жатқан көр артық.

И

3402. Игілік басы — ынтымақ,
Ынтымақты елге күншуақ.
3403. Игіліктің ерте-кеші жоқ.
3404. Игі істер өлмейді,
Ізгі істер өшпейді.
3405. Иен дала болғанша,
Ілгерілеген санаң болсын.
3406. Иесіз қалғанды бөрі жейді.
3407. Иесін сыйласаң, итін күт.
3408. Иесіне керекке қоңсысы өкпелемейді.
3409. Иесіне қарап итін ұр.
3410. Иесін сыйлағанның, итіне сүйек таста.
3411. Иесі өлген жұртта қалады,
Түйесі өлген көштен қалады.
3412. Иман отқа жанбайды,
Жақсылық жерде қалмайды.
3413. Ине көзінен, шешен сөзінен сынады.
3414. Ине өткен жерден жіп өтеді.
3415. Ит адамды танымайды,
Тентек Құдайын танымайды.
3416. Итаяғын ит екеш ит те қориды.
3417. Ит алған түлкінің терісі жоқ.

3418. Ит арамын танымас.
3419. Ит атасын танымас.
3420. Ит аулақта доңыз төбеге шығады.
3421. Ит балалап сауын болмас,
Түтін үйіріліп жауын болмас.
3422. Ит баласын ырылдап сүйеді.
3423. Ит жаманы түз қорыр,
Жігіт жаманы қыз қорыр.
3424. Ит жарасын жалап бітіреді.
3425. Ит жастанғанның ұйқысы қанбайды.
3426. Ит жеген, ішінен таусылар.
3427. Ит жейтінін иісінен айырады,
Ұры алатынын иесінен айырады.
3428. Ит жемес астан дөметер.
3429. Ит жеңгенін талайды.
3430. Ит — жеті қазынаның бірі.
3431. Ит жоқта шошқа үреді қораға.
3432. Ит жүгірткен сілесі қатып алады,
Қақпаншы жамбасынан жатып алады.
3433. Ит баласы тұра азар,
Қырсықтың баласы тілазар.
3434. Ит басына іркіт төгілді.

3435. Ит боғынан қыл шықпай қалмайды.
3436. Ит боқ жемесе, басы ауырады.
3437. Ит болдырса, үреді,
Адам болдырса, күледі.
3438. Ит бір сүрінсе, қырық сүрінеді.
3439. Ителгінің баласы ілмей қалмас.
3440. Ителгінің қызығына қарасаң,
Қаршығаңды қамшы етерсің.
3441. Ителгі салған ет жейді,
Атының етін ит жейді.
3442. Ит жалдаған суға кетеді.
3443. Ит иттігін қылмай қоймас.
3444. Ит итті жұмсайды,
Ит құйрығын жұмсайды.
3445. Ит итті үріп табады,
Бөрі бөріні ұлып табады.
3446. Итке артқан қос далада қалады.
3447. Итке берсең асыңды,
Төмен тартар басыңды.
3448. Итке тұмар жараспас.
3449. Ит көзі түтін танымас.
3450. Ит көрмес, түтін танымас.
3451. Ит күлігін түлкі сүймес.

3452. Ит күшіктеп сауын болмас,
Бұлт болмаса, жауын болмас.
3453. Ит қарғысы бөріге тимейді.
3454. Ит қорыған жерге өш.
3455. Ит жүйрігін түлкі сүймес.
3456. Ит иесіне күшті.
3457. Ит иесімен, сөз жүйесімен.
3458. Ит иесіне тартады.
3459. Ит иесіне тартса, майтабан болады.
3460. Ит иесіне үрмес.
3461. Ит иесін қаппайды.
3462. Ит итаяғын жаламай, көңілі көншімейді.
3463. Ит итаяғын жаламай тоймайды.
3464. Ит пен ит ырылдасса,
Тамағының тоқтығы.
Адам мен адам ырылдасса,
Берекенің жоқтығы.
3465. Итпен жолдас болсаң, таяғыңды тастама.
3466. Итпен құда болсаң, боқпен тоярсың.
3467. Итпен ойнасаң, үрерсің,
Балаңмен ойнасаң, күлерсің.
3468. Ит сегіз туып, елден аспайды,
Ешкі егіз туып, қойдан аспайды.

3469. Ит семізі союға келмейді,
Қой семізі мінуге келмейді.
3470. Ит сүйекке ошақ басында кездесер.
3471. Итті қойшы — саңырау.
3472. Итте ата жоқ,
Күйеуде бата жоқ.
3473. Ит те бойдағында керіледі.
3474. Ит қорыққанынан арсылдайды.
3475. Ит қуса, суға қаш,
Жылан қуса, құмға қаш,
Бура қуса, мұзға қаш,
Жолбарыс қуса, жолдан қаш.
3476. Ит құтырса, иесін қабады,
Торғай құтырса, бүркітке шабады.
3477. Ит малшыға емес, аңшыға жолдас.
3478. Ит маржанды не қылсын.
3479. Ит мініп, ирек қамшылап.
3480. Ит не жесе, соны құсады.
3481. Ит опа, қатын жапа.
3482. Итпелеп жүгірген түйеде қасиет жоқ,
Күнделеп сауғызған биеде қасиет жоқ.
3483. Ит тұмсығы жерде жатпас.
3484. Итті де шақырып алып, басқа ұрмайды.

3485. Итті еркелетсең, ерніңді жалар,
Төрені еркелетсең, еліңді талар.
3486. Итті иесімен қина.
3487. Итті күшігім десең,
Аузыңды жалайды.
3488. Итті күшігінде баулы.
3489. Иттің ақымағы күндіз үреді.
3490. Иттің ақымағы үйге үреді.
3491. Иттің аузына түскен қансоқта
Жаншылмай шықпайды.
3492. Иттің басын алтын табаққа салсаң,
Шоршып түседі.
3493. Иттің бөрі тазы болмас,
Еттің бөрі қазы болмас.
3494. Ит те болса, киіміне қарап үреді.
3495. Итте жиен жоқ,
Бұқада қайын жоқ.
3496. Ит те иесін қориды.
3497. Итте қайын жоқ, бажасы көп.
3498. Иттен қауым болмас,
Итгүйнектен қауын болмас.
3499. Иттен сауын болмас,
Итгүйнектен қауын болмас.
3500. Иттен сүйек қаздырар.

3501. Ит терісі иі болмас,
Нәпсісі жаман би болмас.
3502. Итте тамыр көп,
Ақымақта құрдас көп.
3503. Ит төлеуі бір күшік.
3504. Ит — ырыс.
3505. Итің дарақы болса, жеті кезең асырар.
Келінің опасыз болса, берекеңді қашырар.
3506. Иті семіз, малы арық — жер азғаны,
Ынтымағы болмаса, ел азғаны.
3507. Иті семіз, малы арық — жердің азғаны,
Әйелі арсыз, ері жау — елдің азғаны.
3508. Иі қанбаған қайыс арқан болмас,
Илеуі жетпеген тері киім болмас.
3509. Иілген басты қылыш кеспес.
3510. Иіліп төсек, жайылып жастық болып.
3511. Иттің боғы дәрі болса, дарияға тышады.
3512. Иттің боғы дәрі болса,
Дарияның ар жағына тышады.
3513. Иттің жазасы шоқпар,
Қарақшының жазасы қанжар.
3514. Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар.
3515. Иттің мойнына алтын қарғы тақса да,
Боқ жегенін қоймайды.
3516. Иттің тісі ауырса, есек еті дәрі болар.

3517. Иттің ұлығанын бөрі естімес.
3518. Иттің ырылдасқаны — амандасқаны.
3519. Иттің ішіне сары май жақпайды.
3520. Ит ұяласынан қорықпас.
3521. Ит үреді, керуен көшеді.
3522. Иірімі жоқ судан иірілген балық не табады.
3523. Иірімі жоқ судан иірілген балық не іздейді.
3524. Иісшілдің өзінен.

К

3525. Кәрі бүркіт таудың ортан беліне дейін
ұша алады.
3526. Кәрі білгенді пері білмес.
3527. Кәріге құрмет, балаға міндет.
3528. Кәріге құрмет, жасқа жол.
3529. Кәрі жатса, тыңаяды,
Жас жүрсе, тыңаяды.
3530. Кәрі жілік малды амандағанды қойып,
Өз басын сақтасын.
3531. Кәрі,
Кәрінің сөзі — дәрі.
3532. Кәрі келсе, асқа,
Жас келсе, іске.

3533. Кәрі кісі де, ғаріп кісі де бір.
3534. Кәрі адамның бабы қиын,
Кәрі малдың бағымы қиын.
3535. Кәрі ат қар бұзбайды,
Қарт адам сөз бұзбайды.
3536. Кәрі бар жерде қаһар бар,
Кені бар жерде шаһар бар.
3537. Кәрі боздан қартайғанда жорға шығады.
3538. Кәріліктің жазымы бар,
Беттің ажымы бар,
Өркімнің өзіне қарай азығы бар.
3539. Кәрілікті ойласаң,
Алдыңа қара, артыңа қарама.
3540. Кәрінің бәрі игі.
3541. Кәрінің өлігін апта сақта,
Сөзін қапта сақта.
3542. Кәріңді шашпа қатты сөзге,
Қалбаңдама қатты сөзге.
3543. Кәрі тарлан кәделі жолды бұзбас.
3544. Кәрі түйе ойнақтаса, жұт болар.
3545. Кәсібі жаманмен көрші қонба.
3546. Кәрің қайда болса, хатың сонда.
3547. Кәрі қасқыр қақпанға түспейді.
3548. Кәрі қойдың басы піскенше
Тоқты қойдың басының арсасы шығар.

3549. Кәрі қыз ер таңдамайды,
Кәрі бие желі таңдамайды.
3550. Кәрілік алдымен тістен шалар,
Сөйте-сөйте іштен шалар.
3551. Кәрілік келсе, алдымен қуат кетеді.
Бір қарадан мың жылдық жұрат кетеді.
3552. Кәрілік келсе, сөн кетеді,
Кедейлік келсе, мал кетеді.
3553. Кәріліктің алды, жігіттіктің соңы.
3554. Кәріліктің емі — өлу.
3555. Кәсібің — несібең.
3556. Кәсіп, кәсіп түбі — нәсіп.
3557. Кедей болсаң, қала жастан.
3558. Кедейдің ақылы қырық парша.
3559. Кедейдің жеті қаңтаруы бар.
3560. Кедейдің кербезінен сақта,
Аурудың мерезінен сақта.
3561. Кедейдің көңілі, Құдайдың үйі.
3562. Кедейдің төсегі ұя,
Байдың төсегі қия келеді.
3563. Кедейді сор айдаса, аттай желер,
Жеріне барам деген барып келер.
3564. Кедей — жалқау, керең — аңқау.

3565. Кедейлік кемдік емес.
3566. Кекшіл болсаң, епшіл бол.
3567. Келбет ерде, қымбат жерде.
3568. Келген дәулет, кеткен бейнет.
3569. Кебін киген келмейді,
Кебенек киген келеді.
3570. Кедей болсаң, келінің жау,
Қырсықты болсаң, қызың жау.
3571. Кезеп сұлу өзіңдікі әрі елдікі.
3572. Кейбіреу мәз болады жастығына,
Ішіп-жеген есалаң мастығына.
3573. Кейде баршылық,
Кейде жоқшылық сынайды.
3574. Кейде істің ағы білмейді,
Жігіттің бағы біледі.
3575. Кек ала білген жігіттің
Кекілінен сипа.
3576. Кек ала білмеген
Кебінге кіргені артық.
3577. Кекесінмен кек алма,
Кестелі сөзбен жеңіп ал.
3578. Кекшіл бала дықшыл.
3579. Кедей мен бай жолдас болмас,
Қасқыр мен қой жолдас болмас.

3580. Кедеймін деп қысылма,
Өнерің болса қолыңда төлейлімен таласпа.
3581. Кедей өлсе, қоярға адам шықпайды,
Арық мал өлсе, соярға адам шықпайды.
3582. Кедей істеп шаршамайды,
Бай тістеп шаршамайды.
3583. Кездейсоқ ажалды аңғырттық шақырады.
3584. Кезенген жаудың көзінен сақтан,
Сойқандының сөзінен сақтан.
3585. Кезеңін тауып жүрсең, асу бермес тау жоқ.
Жүйесін тауып сөйлесең, тілге келмес жау жоқ.
3586. Кезекті дүние — кезбелі несібе.
3587. Келмек сүндет — кетпек парыз.
3588. Келместі қума, көңілің шаршайды.
Жетпесті қума, атың шаршайды.
3589. Келсап келіні іздейді,
Келін шешені іздейді.
3590. Келін бойын жасырады,
Дауысын таудан асырады.
3591. Келінге қарағаның — керуге қарағаның,
Балаға қарағаның — далаға қарағаның,
Жеңгеге қарағаның — жерге қарағаның.
3592. Келінді кекіл тастасынан байқаймын.
3593. Келінді келгенде көр,
Берікті кигенде көр.

3594. Келген досқа тар болсаң,
Келер досқа зар боларсың.
3595. Келгенше қонақ ұялар,
Келгеннен соң үй иесі ұялар.
3596. Келгеніңе сүйінбеген,
Кеткеніңе күйінбейді.
3597. Келген істі кергіген бұзады.
3598. Келелі сөз кеңестен шығады,
Сөз білмеген егеске басады.
3599. Келелі істі ертең шеш,
Ширығып кетсе, үзілер.
3600. Келелі істі көппен шеш,
Түйіншекті еппен шеш.
3601. Келемін десе — ықыластық,
Келмеймін десе — жол аштық.
3602. Келеріңде дүние, қолымдағы қобызсың.
Кетеріңде дүние, тоғайға қашқан доңызсың.
3603. Келмей жатып қорықпа,
Көрмей жатып торықпа.
3604. Келіннің бетін кім бұрын ашса,
Көзіне сол ыстық көрінеді.
3605. Келіннің сөзі кетпендей,
Баланың сөзі батпандай.
3606. Келіннің сөзі кетпес,
Баланың сөзі өтпейді.
3607. Келіншегі кербез үйдің жігіті қазаншы.

3608. Келінім, саған айтайын,
Қызым, сен тыңда.
3609. Келінің жақсы болса,
Дәулет келді десеңші.
3610. Келінің жақсы болса, отауың ұрмақ.
Келінің жаман болса, отауың тозақ.
3611. Келінді сыннан ене өткізеді,
Керуенді сыннан кеме өткізеді.
3612. Келін жақсы болғаны,
Келді дәулет десеңші.
Келін жаман болғаны,
Кетпес бейнет десеңші.
3613. Келін жақсысы қулығынан,
Қыз жақсысы қылығынан.
3614. Келінің жаман болса, ұятың кетер.
Қызың жаман болса, жұратың кетер.
3615. Келін жаман емес,
Келген жері жаман.
3616. Келін, келін, келін — келін бақ,
Келмей жатып сөзін бақ.
3617. Келін қожайын болғанда, кемпір саяқ,
Тезегінді тере бер жыламай-ақ.
3618. Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан.
3619. Кемеші келсе, қайықшы судан шығады.
3620. Кемшілік менен,
Кешірім сенен.

3621. Кен байлығы жерде,
Сөз байлығы елде.
3622. Кен байлық — кең байлық.
3623. Кенже қозы сүтпен жетіледі.
3624. Кең болам деп кем болған,
Қазақ қайдан байысын.
3625. Кең болсаң, кем болмайсың.
3626. Кеңескен ел азбайды,
Кең пішкен тон тозбайды.
3627. Кеңеспен кескен қол ауырмас.
3628. Келінің ұятты болса, берді Құдай.
Келінің ұятсыз болса, ұрды Құдай.
3629. Кемеге сенген қауіпсіз судан өтеді,
Кеудеге сенген аяқтай суға кетеді.
3630. Кемеліне келген, кәрі тор атты мінген.
3631. Кеменің арбаға, арбаның кемеге
мінетін де кездері болады.
3632. Кеменің әуеніне қарай жел еспейді.
3633. Кеменің жолына қарай жел еспейді.
3634. Кемеңгерге де кеңес керек.
3635. Кемеңгерге кеңес керек,
Шығар биік белес керек.
3636. Кемеші келсе, қайықшы жолдан шығар.

3637. Кереге бойы кер жусан,
Кеселді малға жұқпайды.
Кері кеткенге сөз айтсаң,
Қанша айтсаң да, ұқпайды.
3638. Керекке терек жығылар.
3639. Керекті жапалақты атып ал,
Жаманнан шекаранды бөліп ал.
3640. Керекті тастың ауырлығы жоқ.
3641. Керең адамның аузына қарар,
Соқыр адамның даусына қарар.
3642. Кереңге «ассалаумағалайкум!» десе,
«өгіз өзімдікі» депті.
3643. Кері ауыз биден
Келімді кедей артық.
3644. Кері кеткен еріншек
Кеусен сұрауға да ерінеді.
3645. Кері кеткеннің сақалы
Кеңірдегінен шығады.
3646. Кері торыға бір торы.
3647. Керіскеннің кесірі,
Келген бақты кетірет.
3648. Кеңесті ел кем болмас.
3649. Кеңесті жерде кемдік жоқ,
Кеңессіз жерде теңдік жоқ.
3650. Кеңесім келмей қалмас,
Кері кеткен тілімді алмас.

3651. Кең кеңесіп жыртады,
Тар таласып жыртады.
3652. Кең өзеннен түбек шығады,
Кемеңгерден ақыл үдеп шығады.
3653. Кең пейілдің ішінде кен жатады,
Тар пейілдің ішінде тас жатады.
3654. Кербез болса, келін жау,
Тебеген болса, биен жау.
Келеген болса, күйеу жау,
Тартыншақ болса, түйең жау.
3655. Кереге бойлы кер жусан,
Кері кеткен малға жұқпайды.
3656. Кеудеден жан кетпесе,
Ауыздан нан кетпейді.
3657. Кешегі күннен алыс жоқ,
Ертеңгі күннен жақын жоқ.
3658. Кешке жақын төбе сақтама,
Ашаршылықта төре сақтама.
3659. Кешкі күн құлақтанса,
Әйелің ұл тапқандай қуан.
Ертеңгі күн құлақтанса,
Еліңді жау шапқандай күйін.
3660. Кешігіп айтылған кеңес,
Егін орып алынғаннан кейінгі жауынмен тең.
3661. Кешіккен ақыл, қалады қабыл.
3662. Кешірім алған жігіт атын алар,
Кешірім қылған жігіт қапы қалар.

3663. Кешірімнің жолы жазадан ауыр.
3664. Кигенің шекпен, мәуіті,
Ол да — ешкінің түбіті.
3665. Керісудің кесірі келесіні кетірет.
3666. Кесек-кесек дау-жанжал
Кері кеткеннің ауылында.
3667. Кесек-кесек дау-жанжал
Кері кеткеннің аулында.
Кесек-кесек өтірік
Кесірлінің аузында.
3668. Кесімді малда өсім бар.
3669. Кесірлі ауыздан кесапатты сөз.
3670. Кесірлімен кеңеспе,
Керме иықпен теңеспе.
3671. Кет десе, ит де кетеді.
3672. Кетесі малда береке болмас,
Шекесі тарда мереке болмас.
3673. Кетпенім сай, шотым сай,
Қазсам, суға жетемін.
Атаным сай, атым сай,
Көшсем, нуға жетемін.
3674. Кетпес жарлылық — басқа қорлық.
3675. Киімнің жаңасы жақсы,
Достың көнесі жақсы.
3676. Киім пішсең, кең піш — тарылту оңай.

3677. Киімсіз сайтаннан киімді сайтан жаман.
3678. Киімшең жатам дегенің —
Іш киімнің жоқтығы.
3679. Киіз кімдікі болса, білек соныкі.
3680. Киіз қалпақ кеңі береді,
Ішілген ас кеми береді.
3681. Киіз туырлық, ағаш уықсыз қазақ болмайды.
3682. Киіз үйлі күйеу шөп күркелі қайынан дәметеді.
3683. Киеліге күйелі сөз жұқпайды.
3684. Киік қағынан ішкен ешкі егіз табады.
3685. Киікті құралай бүлдірер,
Елді дүрегей бүлдірер.
3686. Киім жеңінен тозады,
Арамза ішінен тынады.
3687. Киім кірі, жуса, кетеді,
Көңіл кірі, айтса, кетеді.
3688. Көбең ат мініс көтермейді,
Мәстек жүріс көтермейді.
3689. Көбеңді көр де қой.
3690. Көбік қарда түлкі ойнар,
Көк көрпеді жылқы ойнар.
3691. Көбік қар жауғанда, көгі бар жерді іздеме.
3692. Көк шыққанда, көделі жерді іздеме.

3693. Көз жетпеген жерге сөз жетеді.
3694. Көз көргенше, ауыз пақыр сөйлеп қал.
3695. Көз көрмей, көңіл сенбес.
3696. Көз жұмбай, дария кешпек жоқ.
3697. Көз көруге тоймайды,
Құлақ естігенге тоймайды.
3698. Көз көрсе, жүз ұялар.
3699. Көз қорқақ, қол батыр.
3700. Көз — нұрдың ұясы,
Көңіл — сырдың ұясы.
3701. Көз сыртында көз бар,
Тіл сыртында тіл бар.
3702. Көз — таразы, көңіл — қазы.
3703. Көженің кенеуі болса,
Қымыздың қызуы бар.
3704. Көже таңдама, қатығын таңда,
Сұлу таңдама, ақылын таңда.
3705. Көз бір уыс топыраққа тояды.
3706. Көзге жылпық, сыртқа қылпық.
3707. Көзге ілмеген тұмаңыз
Көл болып кетсе, қайтесің!
Өңкей жаман құралып,
Ел болып кетсе, қайтесің!
3708. Көздейінде тікпесең,
Көлдейінде тігерсің.

3709. Көзден бұрын құлақ ғашық.
3710. Көзден кетсе, көңілден кетеді.
3711. Көздің еті өссе де,
Көңілдің еті өспес.
3712. Көкке қарамай, көпке қара.
3713. Көк кілем тозбайды,
Кең мінез азбайды.
3714. Көкпар тақымға тоқтайды,
Білім ақылға тоқтайды.
3715. Көкпар тартқандыкі,
Қоян қаққандыкі.
3716. Көксегеннің көлбегенінен сақта.
3717. Көксін малға жайлы,
Жақсы әйел ерге жайлы.
3718. Көксіннің арқауы көп,
Мергеннің тартары көп.
3719. Көктегі бұлт көшкенде жауын көп,
Басыңа күн түскенде жауың көп.
3720. Көкте жазылған жерде оқылар.
3721. Көзі биттеген қоянның көжегі
Түлкінің ініне кірер.
3722. Көзі жаманның сөзі жаман.
3723. Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толады,
Құлағы жоқ, көзі саудың ақылы солады.
Көзі көрместің көңілі сенбес.

3724. Көзі қарайған там сүзер.
3725. Көзі қызылдың көңілі қара.
3726. Көзі соқырдан қорықпа,
Көңілі соқырдан қорық.
3727. Көк етікті кез келмей,
Көне етіктіні көзге ілмей.
3728. Көк етікті кезікпеді,
Көне етіктіні жақтырмады.
3729. Көкшулан қойдан табылады.
3730. Көк шөп үш айлық,
Үш айдан соң шошайдық.
3731. Көкірек ауру күле өлер.
3732. Көкірек ауру күліп отырып кетеді.
3733. Көкірек даңғыл, көз таразы.
3734. Көкіректегі көрікті ойдың
Ауыздан шыққанда ебі қашады.
3735. Көлгірсігеннің көмегін алғанша,
Ақкөңілдің қарғысын ал.
3736. Көлденең келген көк атты.
3737. Көлденің кісі көңілге қарамайды.
3738. Көлден кеткен жалбыз — мұңлық,
Елден кеткен жалғыз — мұңлық.
3739. Көкте күн жалғыз,
Жерде ғұн жалғыз.

3740. Көктемгі бұлт көңілшек.
3741. Көктемгі қозы күйектен.
3742. Көктемде айғыр мас,
Көк жайлауда бұқа мас.
3743. Көктемде көшпе, жылжып қон.
3744. Көктемде сүзбе алма,
Көргенсізден қыз алма.
3745. Көк темір көре тұра өлтірмес.
3746. Көк тұйғыным, көп шүйгіме.
Алдыңда құрулы тор бар.
3747. Көнектен шошынған бие оңбас,
Төсектен шошынған ер оңбас.
3748. Көнек толмай, саба толмас,
Шелек толмай, қазан толмас.
3749. Көненің көзі қымбат, сөзі сымбат.
3750. Көн етіктіге бармай,
Көк етікті алмай.
3751. Көн қатса, қалпына барады.
3752. Көңіл болса, көш жөнекей.
3753. Көңілде жатқан кіріңді
Оттай ыстық сөз шаяр.
3754. Көңіл жақсы болғаны —
Өмір жақсы болғаны.
3755. Көлден кетсе, жалбыз мұң,
Елден кетсе, жалғыз мұң.

3756. Көлден шыққан балық өледі,
Елден шыққан жалғыз өледі.
3757. Көлдің көркі — құрақ,
Таудың көркі — бұлақ.
3758. Көлдің құты кетсе,
Құтаны үш күн бұрын кетер.
3759. Көлеңкеге қарап көйлек пішпес болар.
3760. Көл көлге құяды,
Сел селге құяды,
Шұқанаққа дым да жоқ.
3761. Көліне қарай қазы,
Заманына қарай сазы.
3762. Көмбенің иесі екеу,
Біреуі көмген,
Біреуі көрген.
3763. Көнектен шошынған бие оңбас.
3764. Көңіл — шыны,
Шытынаса, жамауға келмейді.
3765. Көңілі мәрттің жаны жомарт.
3766. Көңілім келсе, көлдеймін,
Көңілім келмесе, шөлдеймін.
3767. Көңілің алаң болса,
Ұйқың шала болады.
3768. Көңілің көлдей болса,
Кірісің тасыған судай болады.
3769. Көңілің кіршіксіз болсын,
Сөйлеуің мүлтіксіз болсын.

3770. Көңілің пасық болса,
Айналаң қашып болар.
Көңілің ашық болса,
Көрген жан ғашық болар.
3771. Көңілі ояудың көзі ояу.
3772. Көңілі ояудың көзі ілінбейді.
3773. Көңілі сұлудың өңі де сұлу.
3774. Көңілі түзудің көзі мейірлі.
3775. Көңіл жүйрік пе,
Көк дөнен жүйрік пе.
3776. Көңіл көзін сөз ашар,
Сөйлемесе, кір басар.
3777. Көңіл көңілден қанады.
3778. Көңіл көрмесе, көз деген тамның тесігі.
3779. Көңіл қартаймайды, көз қартаяды.
3780. Көңіл орнында болса, жан жайында.
3781. Көңілсізден көзсіз бала туар.
3782. Көңілсізден күлкі шықпас.
3783. Көңілсіз төр күңіренген көрмен тең.
3784. Көңіл тартқан ас — алал.
3785. Көңіл түбінде кен бар,
Ой түбінде шер бар.
3786. Көп дауыс қосылса,
Бір дауысты жоқ қылады.

3787. Көп дәнекер көңілді де бекітеді.
3788. Көп еңбегі көлмен тең.
3789. Көп еңбегі көңілді.
3790. Көп ел — сарқылмас көңіл.
3791. Көп жаңылса, көнеден сұрайды,
Көне жаңылса, көргеннен сұрайды.
3792. Көп жасаған білмейді,
Көп көрген біледі.
3793. Көп жасаған құрдасынан айрылады,
Көңілі қара сырласынан айрылады.
3794. Көп жасағаннан сұрама,
Көпті көргеннен сұра.
3795. Көп жасағаның не керек,
Шежіре сөйлей білмесең.
Ерте тұрғаның не керек,
Өрген малды көрмесең.
3796. Көңілі түссе — көл,
Көңілі түспесе — шөл.
3797. Көлеңкелі тоғайда басын иіп тал тұрар,
Берекелі ауылда ақылы асқар шал тұрар.
3798. Көп айылдан бір құйысқан жақсы,
Көп ағайыннан бір туысқан жақсы.
3799. Көп ақымақтың ағасы болғанша,
Бір ақылдының інісі бол.
3800. Көп алғысы көгертер.

3801. Көп ауған жаққа Құдай да ауады.
3802. Көп ауырған адамның әлі болмайды,
Көп ішкен елде шәрі болмайды.
3803. Көп ауырған емші болады,
Көп қаңғырған жолшы болады.
3804. Көп байланған бұзау бұқалыққа жарамайды.
3805. Көп байлығың болғанша,
Көп жолдасың болсын.
3806. Көп бергенге қон,
Аз бергенге түстен.
3807. Көпке топырақ шашпа.
3808. Көп көрген — нұсқа,
Көп істеген — ұста.
3809. Көп күлкісі күннен де жылы.
3810. Көп қайда болса, шындық сонда.
3811. Көп қатын жыласа, өз мұңында.
3812. Көп қорқаққа бас болған батыр сорлы,
Көп ақымаққа бас болған ақыл сорлы.
3813. Көп қорқақтың ішінде бір батыр сорлы,
Көп ақымақтың ішінде бір ақылды сорлы.
3814. Көп қорқытады, терең батырады.
3815. Көп жесең, көні кешкен дейді,
Аз жесең, кеудесін кебек тескен дейді.
3816. Көп жортқан ит күшалаға жолығар.

3817. Көп жортқан түлкі терісін алдырар.
3818. Көп жүрген жылан аяғын көрсетеді.
3819. Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман.
3820. Көзі таза бұлақтың өзі де таза.
3821. Көкектің тұмсығы ұзын,
Қодастың қылшығы ұзын.
3822. Көкек өз атын өзі шақырады.
3823. Көпке жаққан Құдайға жағады.
3824. Көпке жақын — көкке жақын.
3825. Көпке тентек — Құдайға шет.
3826. Көптеген жау алады,
Көмектескен дау алады.
3827. Көпте Құдайдың көлеңкесі бар.
3828. Көптен безген көмусіз қалады.
3829. Көптен береке, берекеден мереке.
3830. Көптен дәметкен, аздан құр қалар.
3831. Көптен қоян құтылмас.
3832. Көптен құлдық артылмас.
3833. Көп тепкен жерден көл шығады.
3834. Көп толқыса, хан құлайды,
Көл толқыса, жар құлайды.

3835. Көп түкірсе, көл болады.
3836. Көп тыңда, аз сөйле.
3837. Көпті жамандаған көмусіз қалар.
3838. Көп құмырсқа жыланды да жейді.
3839. Көп құрметі — ер міндеті.
3840. Көп қыдырған кезбе болар,
Көп сөйлеген езбе болар.
3841. Көп ойлаған табар,
Көп үрлеген жағар.
3842. Көп ойланған құл қаша алмайды.
3843. Көп оқыған білмейді,
Көп тоқыған біледі.
3844. Көп өткен су батпақ болар,
Көп сөйлеген шатпақ болар.
3845. Көппен көрген — ұлы той.
3846. Көппе тентек болсаң да,
Көпке тентек болма.
3847. Көрген — қызық,
Төзген — ерлік.
3848. Көргеннен көрмегенің көп.
3849. Көргенсізбен құрдас болма,
Опасызбен сырлас болма.
3850. Көргенсіз дегенге ашуланба,
Көрмей білмессің.

3851. Көргенсіз дегенді кек тұтпа,
Көргеніңнен көрмегенің көп.
3852. Көргенім — көріскенім.
3853. Көргенімнен көп екен көрмегенім,
Өлгенімнен жақсы екен өлмегенім.
3854. Көп ісінде береке.
3855. Көп ішінде сөйлеген — көсемдіктің белгісі.
Көпке сөзі ұнаған — шешендіктің белгісі.
3856. Көрге кірген тірі шықпас,
Үйге кірген құр шықпас.
3857. Көргенді көнеден сұра,
Көне білмесе, көп көргеннен сұра.
3858. Көргенді көп жеңеді.
3859. Көргенді көргенсіз жеңеді.
3860. Көргенді көргенін айтар,
Көргенсіз бергенін айтар.
3861. Көрген көргенін істейді,
Көсеу түрткенін істейді.
3862. Көрмес, түйені де көрмес.
3863. Көрпеге қарай көсіл.
3864. Көрсе қызар көз жаман,
Көпірмелі сөз жаман.
3865. Көр талқысынан көп талқысы қиын.
3866. Көрші қақысы — Тәңір қақысы.

3867. Көрші қарызын түйе қайырады.
3868. Көршілердің қадірін айрылғанда білерсің,
Сүйгеніңнің қадірін қайғырғанда білерсің.
3869. Көршің салақ болса, ұры атанасың.
3870. Көршің соқыр болса,
Бір көзінді қысып отыр.
3871. Көрдім деген көп сөз,
Көрмедім деген бір сөз.
3872. Көреген көзден
Береген қол артық.
3873. Көре-көре көсем болады,
Сөйлей-сөйлей шешен болады.
3874. Көресінді көрмей көрге кірмейсің.
3875. Көре тұра айтпасаң, көргенсіз дер,
Біліп тұра айтпасаң, жетесіз дер.
3876. Көрмегенге көсеу таң.
3877. Көрмей алған көріктіден
Көріп алған текті артық.
3878. Көрмей жүрген көріктіні алғанша,
Көріп, білген көріксізді ал.
3879. Көрмей жатып түңілме,
Көрмес көзбен үңілме.
3880. Көрмесе — жат, көріспесе — ұят.
3881. Көсені үйге енгізбе,
Көтін жерге тигізбе.

3882. Көсеумен түрткеннің кегі кетпейді.
3883. Көсеу от көсеген сайын күйе болады.
3884. Көсеу ұзын болса, қол күймейді.
3885. Көт баласы көрінгенше.
3886. Көтере алмаған қосып арқалайды.
3887. Көтере алмаған шоқпар
Басқа бір, көтке бір тиеді.
3888. Көтерем деп түйеден безбе,
Салтанатың емес пе.
Тебеген деп биеден безбе.
Қос қанатың емес пе.
3889. Көрікті тоның өзіңе болсын,
Шырын асың өзгеге болсын.
3890. Көрінген жердің алыстығы жоқ.
3891. Көрінген жердің алыстығы жоқ,
Көтерілген жүктің ауырлығы жоқ.
3892. Көрінген таудың алыстығы жоқ.
3893. Көрнеу зорлық — басқа қорлық.
3894. Көрініп тұрған ауылдан,
Көрінбей тұрған бұлт жуық.
3895. Көріп алған көріктіден,
Таңдап алған текті артық.
3896. Көсемге де кеңесші керек.
3897. Көсенің қарығаны білінбейді,
Шабанның арығаны білінбейді.

3898. Көшкен елдің бұқасын
Еру елдің тайыншасы қорқытады.
3899. Көшкен елдің көмеші болса,
Еру елдің ерулігі бар.
3900. Көшкен жұрттың қадірі қонғанда өтер,
Ер жігіттің қадірі өлгенде өтер.
3901. Көшпенді елде ақың болса,
Көше-көше қасыңа келер.
3902. Көштің байсал тапқаны —
Көк орайға қонғаны.
Баудың байсал тапқаны —
Көлденеңге барғаны.
3903. Көшіп келсе, ерулік бер,
Бала туса, көрімдік бер.
3904. Көтеруді білсең, тау да жеңіл.
3905. Көш басшының кигені жылы,
Жылаған баланы не қылсын.
3906. Көш басы жоқ ел оңбайды,
Құралай бастаған киік оңбайды.
3907. Көше білмеген көлік өлтірер,
Сөйлей білмеген өзіне сөз келтірер.
3908. Көшемін деп отыныңды тауыспа.
3909. Көшермен болса, жұрт жаман,
Көтермен болса, қыз жаман.
3910. Көшерменге келгенде жұрт жаман,
Тастарманға келгенде қатын жаман.

3911. Көшерімді жел біледі,
Қонарымды сай біледі.
3912. Куәлі істі куә табар,
Куәсіз істі күмән табар.
3913. Күзгі қымызды күйеуге берме.
3914. Күйеу келсе, қыз тұрмас,
Бесін болса, күн тұрмас.
3915. Күйеу күлдің астында.
3916. Күйсіз көлік жүгірмес.
3917. Күйі бірдің күні бір,
Үйі бірдің сыйы бір.
3918. Күйі жоқ ит те жүгірмес.
3919. Күйісің жаман болса, тән азады,
Көңілің жаман болса, тән азады.
3920. Күлген күле жетеді,
Екі етегін түре жетеді.
3921. Күлегештің көңілі азбас,
Күгіншектің өзі азбас.
3922. Күлегештің тұзы жеңіл.
3923. Күле сөйлеген ерден без,
Жылай сөйлеген әйелден без.
3924. Күзде күйсіз көлік жүреді,
Көктемде жілік жүреді.
3925. Күзде теке бақпа,
Боранда далаға от жақпа.

3926. Күзетте қалғып көзің ілінсе,
Жаудың қармағына өзің ілінесің.
3927. Күйе жүніңді жейді,
Күйік миыңды жейді.
3928. Күйе киімді жейді,
Күйік миыңды жейді.
3929. Күйек түссе, өрістің басында бол.
Қырман соқсаң, қызылдың қасында бол.
3930. Күйекті жай алғанның қозысы кенже.
3931. Күйеу атымен күл атасы.
3932. Күйеу — жүз жылдық,
Құда — мың жылдық.
3933. Күмән иманды қашырар,
3934. Күншіл адам міншіл.
3935. Күн күркіресе, арты не құрғаққа,
Не сырғаққа айналады.
3936. Күн күркіресе, жерге айыр,
Жер иісе, малға айыр.
3937. Күн күркіресе, жерде шөп дүркірейді.
3938. Күн құлақтанып батса, суиды,
Құлақтанып шықса, күйеді.
3939. Күннен қалсаң, айдан қаласың,
Айдан қалсаң, жылдан қаласың.
3940. Күн нұрын етекпен тоса алмайды.

3941. Күннің көзі болса,
Түннің құлағы бар.
3942. Күннің шуағы жылы,
Ананың құшағы жылы.
3943. Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ.
3944. Күн райын тоққа санама,
Жасырын жауды жоққа санама.
3945. Күндестің күні де күндес, күлі де күндес.
3946. Күндіз тойсаң, күлерсің,
Әредік тойсаң, білерсің.
3947. Күн мен түн теңелгенде,
Жерде тоқымдай қар, тобықтай тоң қалмайды.
3948. Күнәң жоқ болса, күнді болжа.
3949. Күндіз бүркіт алса, түнде үкі алады.
3950. Күндіз жортқан жыланның өмірі қысқа,
Түнде жортқан жігіттің ғұмыры қысқа.
3951. Күн жаз болды, ет аз болды.
3952. Күн жарығы жерге түседі,
Білім жарығы елге түседі.
3953. Күн жарық емес, көңіл жарық.
3954. Күріштің арқасында,
Күрмек су ішер.
3955. Күтімсіз бала өспейді,
Күнсіз гүл өспейді.

3956. Күтімі жаман ағаштың бітімі жаман.
3957. Күтін, күтінбесең, басыңнан шығады түтін.
3958. Күш атасын танымас.
3959. Күш — білімде.
3960. Күш — бірлікте.
3961. Күшенген жеңбейді, күші көп жеңеді.
3962. Күш жақсы, күштен іс жақсы.
3963. Күш келсе, күйеу осырады.
3964. Күншілдің күні тумайды.
3965. Күншілдің күні тумайды,
Өте жайлы болмаса, өте жақсы болмайды.
3966. Күншілдіктің түбі — күйік.
3967. Күншіл іргені бөледі,
Озбыр өңеш үшін өледі.
3968. Күніне жүз түлкі алса да,
Тазыңның ит аты қалмайды.
3969. Күнің түссе, көк есекке жалынарсың.
3970. Күреккке боқ табылар.
3971. Күрік тауық бір көзімен асын көрсе,
Бір көзімен лашын көреді.
3972. Күріш азса, күрмек болар.
3973. Күріш арыса, күрмек болар.

3974. Күш қартаяды, көңіл қартаймайды.
3975. Күші асқанмен тартыспа,
Ақылы асқанмен айтыспа.
3976. Күшігін алдырған қасқыр қораға шабады.
3977. Күшігінен таланған ит оңбайды.
3978. Күшігінен таланған ит төбет болмайды.
3979. Күшік күйеу болғанша,
Иттің күшігі бол.
3980. Күмән бар жерде туысқандық болмас,
3981. Кіріптарлық бар жерде достық болмас.
3982. Кімнің жерін жерлесең,
Соның жырын жырлайсың.
3983. Кімнің отын оттасаң,
Соның суын ішерсің.
3984. Кімнің соңына ерсең,
Соның сойылын соқ.
3985. Кімнің тарысы пысса,
Соның тауығы.
3986. Кімнің төрінде отырсаң,
Соның сөзін сөйле.
3987. Кінәлі болғаның рас болса, ақтаушы алма,
Өтірік айтқаның рас болса, жақтаушы алма.
3988. Кінәлінің тілі қысқа.
3989. Кіреге түскен түйе тайғақ,
Пара төре тайғақ.

3990. Кірісіне қарай шығысы.
3991. Кісі ақылы кісіге пайда-зиян,
Өлмесінді түбінде өзің ойлан.
3992. Кілемге бергісіз алаша бар,
Ханға бергісіз қараша бар.
3993. Кілем сатсаң, ауылыңа сат,
Бір шетіне өзің отырасың.
3994. Кімді қор тұтсаң,
Сонан зар тартасың.
3995. Кімнің арбасына отырсаң,
Соның өлеңін айтасың.
3996. Кісіден сұрағанның екі көзі шығады,
Еңбекке сүйенгеннің екі бүйірі шығады.
3997. Кісі елінде күркірегенше, өз елінде дүркіре.
3998. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.
3999. Кісі есігі шойыннан.
4000. Кісілік қымбат емес, кішілік қымбат.
4001. Кісі кісі алмайды, басындағы ісі алады.
4002. Кісінің асын ішсең, тілің қысқарады.
4003. Кісінің көзіне көзің түссе,
Көңілі жібіп, мейірі түсер.
4004. Кісінің өз табалдырығы асқар тау.
4005. Кісі ақылын таңдап ал,
Таңдап алсаң, талдап ал.

4006. Кісі асына сабыр.
4007. Кісі аты тершең, кісі киімі кіршең.
4008. Кісі баласына май берсең де, су татыр,
Өз балаңа су берсең де, бал татыр.
4009. Кісі берген кісіге ырыс болмас.
4010. Кісі болар баланың кісесінен белгілі.
4011. Кісі болар баланың кісіменен ісі бар,
Кісі болмас баланың кісіменен несі бар.
4012. Кісінде ақыл болмаса,
Көз дегенің құр әйнек.
4013. Кісідегінің кілті аспанда.
4014. Кісіден кісі қорықпайды,
Істеген ісінен қорқады.
4015. Кішіпейілдік — білімнің негізі,
Білімсіз адамның өгізі.
4016. Кішіпейілділік — кісінің көркі.
4017. Кішіпейілділік кішілік емес, кісілік.
4018. Кішіпейілдіктен кішіреймейсің.
4019. Кіші қатын — кісі қатыны.
4020. Кішіні мақта, үлкенге мін.
4021. Кісінің ісіне тамызда қол тоңады.
4022. Кісі өз қолын өзі кеспейді.

4023. Кісі өлтірген кісіден өледі.
4024. Кісі өлтіретін пышақты кісі көрмейді.
4025. Кісі салған сөзге жарымайды,
Мата сатқан бөзге жарымайды.
4026. Кітап — ғылым, тілсіз мұғалім.
4027. Кітап деген — мол білім,
Оқи берсең, таусылмас.
Алтын деген — мол кенің,
Қаза берсең, таусылмас.
4028. Кітап, көзі жұмыққа — арзан,
Көзі ашыққа — маржан.
4029. Кітаптің қадірін оқыған,
Адарғының қадірін тоқыған біледі.
4030. Кішкентай қыз өспей ме,
Көкейіңді теспей ме.

Қ

4031. Қабаған ит қайыр байлайды.
4032. Қабағы жаманның сабағы жаман.
4033. Қабанға ерген балшыққа аунайды,
Бураға ерген тікенге аунайды.
4034. Қабанға жараланған қанға малынады.
4035. Қабырғалы қара нар,
Қабырғасын сөксең, бақ кетпес.
4036. Қазан алсаң, ұрып ал,
Қатын алсаң, ұғып ал.

4037. Қазан аузы жоғары.
4038. Қазанда жоқ болса, шөмішке өкпелеме.
4039. Қазан қайнап тұрса, ақыл сайрап тұрады.
4040. Қазан қайнап тұрса, қызыл тіл сайрап тұрады.
4041. Қазаннан қақпақ кетсе, иттің ұяты кетеді.
4042. Қазаннан қара нәрсе жоқ,
Ассаң, қарын тойдырар.
Қардан аппақ нәрсе жоқ,
Ұстасаң, қолды тоңдырар.
4043. Қазан сапырғанның да буы бар.
4044. Қазансыз алтын ошақтан
Қара сулы мырыш артық.
4045. Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ.
4046. Қағынан жеріген құлан қаңғырып өлер.
4047. Қағынан жеріген құлан құла дүзде өледі.
4048. Қадам сайын қақпан бар,
Адам сайын аңду бар.
4049. Қадір білмес қарындастан
Қайбана қазан артық.
4050. Қадірліге халық үйір,
Тәтті суға балық үйір.
4051. Қадіріңді білгенге жұмса.
4052. Қадіріңді білгің келсе,
Көршіңнен қарыз сұра.

4053. Қадіріңді білейін десең, жер сұра.
4054. Қадіріңді білмеске, қадамыңды көтерме.
4055. Қажымай білім алғаның —
Қалтаға гауһар салғаның.
4056. Қайғы адамды іштен жейді,
Құрт ағашты тамырынан жейді.
4057. Қайғыға майырылма, досыңнан айрылма.
4058. Қайғы деген — жылан,
Өзекті өрлеп шағатын.
Қайрат деген — қыран,
Шыңға қанат қағатын.
4059. Қайғыны жұрттың бәрі көтереді,
Бақытты ердің бәрі көтереді.
4060. Қайғыны қайратты жеңеді.
4061. Қайғың болса, досыңа бар,
Қарның ашса, қосыңа бар.
4062. Қайғың қара көже болсын.
4063. Қайғысы жоқтық жан семіртеді,
Қайғылы тоқтық қу сүйек кеміртеді.
4064. Қазан тасыса, өз бойына құйылар.
4065. Қазаны басқаның қайғысы басқа.
4066. Қазаныңа не салсаң, шөмішіңе сол ілінер.
4067. Қазарсың арықты, көрерсің жарықты.
4068. Кім маңдайыңнан сипаса, машайығың сол.

4069. Қаз ашуын тырнадан алады.
4070. Қазға ерем деп қарғаның шаты айрылыпты.
4071. Қаз тойғанына семірмейді, орғанына семіреді.
4072. Қаз ұшса, қарға қонар.
4073. Қазы-бидің қалтасы көп.
4074. Қазыға тойсаң, қарта жын сасиды.
4075. Қазы хан қасында,
Қараша жар басында.
4076. Қайықшы болсаң, көл сенікі,
Қадірлі болсаң, төр сенікі.
4077. Қайықшы кемешіге жол береді.
4078. Қайынға да барарсың,
Пұшық күйеу атанарсың.
4079. Қайындағы күйеуден
Қарғы баулы ит артық.
4080. Қайыңа да барарсың,
Қарғы күйеу атанарсың.
4081. Қайыр қылсаң, бүтін қыл.
4082. Қайырлыға халық жиналады,
Дарияға балық жиналады.
4083. Қайырсыз пайдадан қайырсыз залал артық.
4084. Қайырсыз сұңқардан қайырлы тұрымтай артық.
4085. Қайыршы иттен, кедей биттен қорықпайды.

4086. Қайратым болса бойымда,
Ханға сәлем бермеймін.
Қайырым болса жолымда,
Жұрт тезегін термеймін.
4087. Қайратыңа әдісіңді жолдас ет,
Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.
4088. Қайратыңа ақылың мен әдісіңді жолдас ет.
4089. Қайта жауған қар жаман,
Қайта шапқан жау жаман.
4090. Қайта кірер есікті қатты серіппе.
4091. Қайтқан баққа қасқыр өш.
4092. Қайтқан көңіл — шыққан жан.
4093. Қайтқан малға қасқыр өш.
4094. Қайтқан қыз тұтқыннан жаман.
4095. Қайық су бетінде, қаймақ сүт бетінде.
4096. Қалаға барғаннан үш күн ақыл сұрама.
4097. Қаламмен жазған белгіні балталап
өшіруге болмайды.
4098. Қаламның ұшында найзаның сұсы бар.
4099. Қалауын тапса, қар жанар.
4100. Қалған көлге бақа айғыр.
4101. Қалған көңілді табу —
Сынған әйнекті жамаудан қиын.

4102. Қалжыңның түбі шын,
Күлкінің түбі жын.
4103. Қалжырағаннан былжыраған жаман.
4104. Қалмас жарлылық — басқа қорлық.
4105. Қайыршының қатыны дүзде қайыр сұраса,
Қызы үйде басын жарыпты.
4106. Қайыршының сүйген асын кім береді.
4107. Қайырымсыз байдан қарғылы таз артық.
4108. Қайырымсыз болыстан
Қасқыр алған ит артық.
4109. Қайымы жоқ байдан без,
Қайраты жоқ ханнан без.
4110. Қақиған малға қасқыр өш.
4111. Қақпан салған күнде дәмелі.
4112. Қақпан салған күнде дәмелі,
Әсіресе түнде дәмелі.
4113. Қақтап саусам, қозыма қиын,
Қақтамай саусам, өзіме қиын.
4114. Қақырғаны қайма алтын,
Түкіргені түйме алтын.
4115. Қала болғанша мола бол.
4116. Қалың орман жыныста,
Жеміс бар деп қызықпа,
Жау шықпасын ішінен.

4117. Қалыңсыз қыз болса да,
Кәдесіз қыз болмайды.
4118. Қалыптан безсең де, халықтан безбе.
4119. Қалыптан шықсаң да, халықтан шықпа.
4120. Қамалау да еліңнен, аялау да еліңнен.
4121. Қамай берме, қарай бер.
4122. Қамшы дағы етте, тілдің дағы жүректе.
4123. Қамшы — қанат, құйысқан — қуат.
4124. Қамшыны бос ұстасаң, қолыңды қажар.
4125. Қамшы ұзын болса, иттің сенде несі бар.
Киімің бүтін болса, биттің сенде несі бар.
4126. Қалталы байға қалтарыс көп.
4127. Қалтаның соқыр тиыны жоқ,
Түйенің аузын ашып қарапты.
4128. Қалтасында тиыны жоқ,
Түйенің тысын ашып көреді.
4129. Қалы кілем төрге керек,
Алмас қылыш ерге керек.
4130. Қалыңдығына өкпелеген күйеу
Атасына сәлем бермес.
4131. Қалың ел көшсе, көл құлазиды,
Қаптаған мал кетсе, бел құлазиды.
4132. Қалың жаумай қар тұрмас,
Қалың бермей жар тұрмас.

4133. Қалың жаумай қар тұрмас,
Қарамасаң, мал тұрмас.
Өзің сүйіп алмасаң,
Қалыңға жар тұрмас.
4134. Қалыңның қалыбы құрамайды.
4135. Қансоқта жеп ит семіреді.
Пара жеп би семіреді.
4136. Қанша жуан болса да, жалғыз ағаш үй болмас,
Қанша жақсы болса да, жалғыз жігіт би болмас.
4137. Қанша жүйрік болса да, көлеңкеден аспайды,
Қанша көп сөз болса да, ақиқаттан аспайды.
4138. Қанша тұлпар болса да, мініп болмас жалсызды,
Қанша білгір болса да, халық сүймес арсызды.
4139. Қанша ұзақ болса да, жүре берсең, барасың,
Қанша жұмбақ болса да, ойлай берсең, табасың.
4140. Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке.
4141. Қаңғыбас ерге барғанша
Қазулы көрге бар.
4142. Қаңғыбас қасапшыға соқпай кетпес.
4143. Қаңғырған айғырға,
Кеңгірген бие кез келеді.
4144. Қаңғыраған алтын ордадан
Қарасы мол қос артық.
4145. Қамысты бос ұстасаң, қолыңды қияр.
4146. Қамыстың шоғы жоқ,
Көк судың тоғы жоқ.

4147. Қанағат қарын тойғызады,
Қанағатсыз жалғыз атын сойғызады.
4148. Қанағатсыз молда құзғыннан қиын.
4149. Қанағаттың асты алтын.
4150. Қанағаттың қарны тоқ.
4151. Қан болмай жан болмас,
Ақиқатсыз заң болмас.
4152. Қандас туыстан қан кешкен дос артық.
4153. Қанды соғыс ерге сын,
Қаптаған жау елге сын.
4154. Қанжыға тон сақтайды,
Тон жан сақтайды.
4155. Қаптағым таусылса,
Қарындағым шығады.
4156. Қапысыз іс, қатесіз сөз болмайды.
4157. Қара арғымақ арықтар,
Өз жерінен ауған соң.
Құлпырып тұрған қамқа тон,
Шүберек болар тозған соң.
4158. Қара арғымақ қартайса,
Қарға адым жер мұң болар.
Қара көзден нұр тайса,
Бір көруге мұң болар.
4159. Қарағай басы қар жауса,
Сауысқанға жұттық жоқ.
Қанды қалпақ кесе де,
Туысқанда жаттық жоқ.

4160. Қарағай бойы қар жауса,
Жұтамайды сауысқан.
Қанды қалпақ кесе де,
Қиыспайды туысқан.
4161. Қарағанмен көз тоймас,
Естігенмен құлақ тоймас.
4162. Қараған өз жерінде гүрілдейді.
4163. Қаңғыраған қара ордадан
Қарымы мол қос артық.
4164. Қаңтарда күн қарға адым ұзады.
4165. Қаңтарда тоқты тоймас, шөміш кешпес.
4166. Қапияда қатын айла табады.
4167. Қапқа түскен қаптікі.
4168. Қапқа түскен қатындікі.
4169. Қара қазан қысырамас.
4170. Қара құс басып жейді,
Сұңқар шашып жейді.
4171. Қара лағыңды қимасаң,
Қасқыр қақпан баспайды.
4172. Қаралы көңіл — жаралы.
4173. Қаралысында қатын семіреді,
Қайғы жоқта хан семіреді.
4174. Қарамықтың дөні болғанша,
Бидайдың сабаны бол.
Жаман елдің жақсысы болғанша,
Жақсы елдің жаманы бол.

4175. Қарамықтың дөнін алғанша,
Бидайдың сабанын ал.
4176. Қара ниетті бұра сөйлейді,
Ақ ниетті тура сөйлейді.
4177. «Қарағым» деген жылы сөз,
Тон болып тәнді жылытпаса да,
жанды жылытады.
4178. Қарадай алқынғанша
Өнер қуып талпынған озады.
4179. Қара жел соқса, жер құриды,
Хан қатыгез болса, ел құриды.
4180. Қара жерге қар жауар,
Қарды көрген — бір мұрат.
Қара жерден қар кетсе,
Жерді көрген — бір мұрат.
4181. Қара жерді жамандама,
Қайтып сонда барарсың.
Қауым елді жамандама,
Қарғысына қаларсың.
4182. Қара жердің қадірін
Қар жауғанда білерсің.
Ер жігіттің қадірін
Ел ауғанда білерсің.
4183. Қара жер жұтқанын қайтармас.
4184. Қара жер қарайғанның бәрін жер.
4185. Қара жұрт жесе, қой семіреді.
4186. Қарайғанмен қас болсаң,
Қайтып жақын табылмас.

4187. Қара суда қаймақ болмас,
Қас шеберде оймақ болмас.
4188. Қаратаудай қараны
Алақандай ақ жеңеді.
4189. Қара тұяқ қарында жатпас.
4190. Қарау адам күншіл,
Мекер адам міншіл.
4191. Қарау байдан қаймал інгеннің көті артық.
4192. Қараудың қазанында қақ тұрмайды,
Белдеуінде ат тұрмайды.
4193. Қарау — нәпсінің құлы.
4194. Қарашада жауған көбік қар малға жайлы.
4195. Қарашадан қар қалса, жұт болады.
4196. Қарашасыз хан болмас,
Арашасыз дау болмас.
4197. Қараша үйде туған баланың
Хан алдына шықпасын кім біліпті.
4198. Қараның таққа мінгені —
Бір-біріне құда түскені.
4199. Қараңғыда жылқының бөрі қаракер.
4200. Қараңғыда қалтырағанша
Жарықта жалтыра.
4201. Қараңғы жолды қарақшы білер.
4202. Қараңғы үйде қабан күркірейді.

4203. Қарап жатқан жыланның
Құйрығын неге басасың.
Шағайын деп шақпаса,
Шошып неге қашасың.
4204. Қара пышақты төсесе, қарыс ұзартады.
4205. Қар астында жемтік жатпайды.
4206. Қарға мақтанып сұңқар болмас,
Есек мақтанып тұлпар болмас.
4207. Қарғаның баласын қанша жусаң, ағармас.
4208. Қарғаның бір көзі оқта болса, бір көзі боқта.
4209. Қарғаның жүзіне бір кесек,
Жаманның жүзі бірге есеп.
4210. Қарғаның қарқ еткені — қуанғаны.
4211. Қарғаның қуанышына ортақ болғанша,
Қыранның қайғысына ортақ бол.
4212. Қарға тамырлы қазақ.
4213. Қарғыстың жаманы:
Өзің білме, білгеннің тілін алма.
4214. Қар жауады — із басылады.
4215. Қар жауды деп қуанба, аязы бар,
Қожа келді деп қуанба, ниязы бар.
4216. Қар жаумаса, жер шөлдейді,
Жер шөлдемесе, ел шөлдейді.
4217. Қараша үйде сұңқар бар, ораздыға кездесер.

4218. Қараша хан тұсында, қатын ер тұсында.
4219. Қарға адым уақыт
Қап алтыннан қымбат.
4220. Қарға баласы боқ шоқыр,
Молла баласы қағаз оқыр.
4221. Қарға баласына: «балам, екі шоқып, бір қара» десе,
Баласы: «жоқ, бір шоқып, екі қарау керек» депті.
4222. Қарға баласын аппағым дер,
Кірпі баласын жұмсағым дер.
4223. Қарға көргенін шоқиды.
4224. Қарға қарғаның көзін шоқымайды.
4225. Қарға қарқылдағанын қоймайды,
Жаман аяқ тарпылдағанын қоймайды.
Шарқая қатын шарқылдағанын қоймайды.
4226. Қарға қарқылдаса, қыс шақырады,
Қаз қаңқылдаса, жаз шақырады.
4227. Қарт ақылы ер қисығын түзетер,
Жас қайраты жер қисығын түзетер.
4228. Қар тауға түседі,
Батыр жауға түседі,
Шешен дауға түседі.
4229. Қарт болсаң, қасиетті ойға көш,
Жас болсаң, тамыр тартып бойлап өс.
4230. Қарт қойнында қалаш бар.
4231. Қарттар өмірін сөйлейді,
Жастар көңілін сөйлейді.

4232. Қарттың қайраты тілінде.
4233. Қару алсаң, балта ал,
Азық алсаң, малта ал.
4234. Қарусыз ер сорлы,
Қараусыз мал сорлы.
4235. Қаршыға қазан қайнатады.
4236. Қарманған қарап қалмас.
4237. Қарны ашқан қаралы үйге барсын.
4238. Қарны ашқан қараша үйге шабады.
4239. Қарны басқаның қайғысы басқа.
4240. Қарның ашса, қазан ас,
Ет болмаса, сазан ас.
4241. Қарсы келсе көрілік,
Қара нарды шөктіреді.
4242. Қартайғанда өке қонақ ұлына,
Жас келгенде ене қонақ келінге.
4243. Қартайған қара төбет қораға үрмес,
Кемпір-шал қосылып ойнап күлмес.
4244. Қарыз,
Қарызды беру — парыз.
4245. Қарыз қатынасты бұзады.
4246. Қарыз созылса, қалады,
Ауру созылса, алады.
4247. Қарызы жоқ кедейдің
Кедейшілікке сәні жоқ.

4248. Қарынбайдың малын қаридар сатады.
4249. Қарындасқа қас қылған
Қарнынан жарылады.
4250. Қарындасың қан туысың,
Қатының жан туысың.
4251. Қарынымның ашқанына жыламаймын,
Қадірімнің қашқанына жылаймын.
4252. Қарын тойса, қарта боқ сасиды.
4253. Қарыс жерден қаза бар.
4254. Қарысқанның қызын ал.
4255. Қаршыға қазын қайнатады.
4256. Қаршыға қазан толтырар,
Ит алғыры ат өлтірер.
4257. Қаршыға құстың патшасы — кірпияз,
Сұңқар құстың төресі — қомағай,
Лашын құстың жендеті — кесірмен.
4258. Қаршығалыға қоян кездеспес.
4259. Қары бар жерде қаһар бар,
Кені бар жерде шаһар бар.
4260. Қарызға бергеннің несі кетер,
Қарыз алғанның есі кетер.
4261. Қарызданып қатын ал, қатын төлер қақыңды.
4262. Қарыздарда иман жоқ.
4263. Қарыз күліп келеді, жылап қайтады.

4264. Қас жаман күн жаумай су болар.
4265. Қас жаман қасындағысын қарақтайды.
4266. Қаскүнем қарақтан өледі,
Қомағай тамақтан өледі.
4267. Қасқа баста қайызғақ болмайды.
4268. Қасқа тұлпардың құлыны
қасқа болмаса да, төбел болар.
4269. Қасқыр азығын жеті күндік жерден,
Жеті күн елден жейді.
4270. Қасқыр байлағанға көнбейді,
Шошқа айдағанға көнбейді.
4271. Қасқыр бар жерде малыңа тыныштық жоқ,
Қасың бар жерде жаныңа тыныштық жоқ.
4272. Қасқырға қан балдан төтті,
Байға мал ардан төтті.
4273. Қарыстан сүйем жуық.
4274. Қаса болат кетілсе,
Шарыққа салмай жетілмес.
4275. Қасаң ат қырыншыл,
Қатты адам ырымшыл.
4276. Қасаң байтал екі айғырды ашты қылады.
4277. Қасапшының қатыны семіз,
Тиірменшінің аты семіз.
4278. Қас дұшпаның сый ұсынса, қауіптен.

4279. Қас жақсының белгісі —
Айтқан сөзге тоқтауы.
Қас жаманның белгісі —
Түгінді қоймай боқтауы.
4280. Қас жақсының белгісі —
Қайғысын жұртқа білгізбес.
4281. Қасқырдың қарызы терісімен төленер.
4282. Қасқырдың ойлайтыны арамдық,
Қойдың ойлайтыны амандық.
4283. Қасқырдың тапқаны тең ортақ,
Қарғаның тапқаны терек басында.
4284. Қасқырдың өзі қатты, жолы жұмсақ.
4285. Қасқырды сұрлығы үшін емес,
Ұрлығы үшін соғады.
4286. Қасқыр жүйрік, жылыс жоқ,
Түлкі жүйрік, дыбыс жоқ,
Қоян жүйрік, тыныс жоқ.
4287. Қасқыр қақын күзен жемес.
4288. Қасқыр да жолдасына қас қылмайды.
4289. Қасқырдан хал кетсе, ешкіні апа дейді.
4290. Қасқырдан хал кетсе, ешкіні апа,
текені жезде дер.
4291. Қасқыр да үйірімен азулы.
4292. Қасқырды қасқыр сияқты адам соғады.
4293. Қасқырдың жүрген жері айғай, аттан.

4294. Қасқырдың жүрген жері далдасыз болмас.
4295. Қасқырдың жүрген жері құзғынсыз болмас.
4296. Қасқырдың күшігін қанша асырасаң да,
Тоғайға қарап ұлығанын қоймайды.
4297. Қасқырдың қайраты аузында,
Аюдың қайраты қолында.
4298. Қасқырдың қарны боқ,
Пысырып жегені жоқ.
4299. Қасқыр ішігі бар жолдасының
тоңғанын білмес.
4300. Қастағы сояу көзді аңдиды.
4301. Қасықтап жинағанды шөміштеп төкпе.
4302. Қасық тары ботқа болмас,
Ботқа болса да, жұртқа болмас.
4303. Қасынған әйелден ұшынған бала туады.
4304. Қасында қара көп болса, нөкер емей немене?!
Шөлдегенде ішкен су, шекер емей немене?!
Ат жалынан тапқан мал, бекер емей немене?!
4305. Қасыңды қаға білсең,
Жауыңды күлдіресің.
4306. Қатаңды ашқан дұшпаның
Қатаңды жапқан досыңнан артық.
4307. Қатардан ассаң да, қауымнан аспақ жоқ.
4308. Қатардан ассаң да, халықтан аспақ жоқ.

4309. Қатардан қалма, қатерден қал.
4310. Қатары кеткеннің қадірі кетеді.
4311. Қасқыр қарызын терісімен өтейді.
4312. Қасқыр сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін өледі.
4313. Қасқыр құзғынсыз болмайды.
4314. Қасқыр мен қой жолдас болмас.
4315. Қасқыр тегін қанша тойғызсаң да,
Тоғайға қарағанын қоймас.
4316. Қасқыр тойғанына мәз емес, қырғанына мәз.
4317. Қасқыр топтан қорқады,
Аю оттан қорқады.
4318. Қасқыр түсін жасыра алмайды,
Бұзық адам ісін жасыра алмайды.
4319. Қасқыр ұлыса, арты қоса шуылдайды.
4320. Қатты жүрсең, «қазық аяқ»,
Ақырын жүрсең, «майқы аяқ».
4321. Қатты қайнаған ет қатты болар,
Жай қайнаса, төтті болар.
4322. Қатты қаңтар болмай, су-теңіз тоңбайды,
Қатын шайпау болмай, ер жалғыз үй қонбайды.
4323. Қатулы қабақтының майын жегенше,
Жайдарлының шөйін іш.
4324. Қатігез ханның жүрегін пара жібітер,
Қатігез әкенің жүрегін бала жібітер.

4325. Қатықсыздан тұзы бар жақсы,
Ұлы жоқтан қызы бар жақсы.
4326. Қатық ішіп сен жүрсің,
Қатып-семіп мен жүрмін.
Сүрі жеп сен жүрсің,
Сүрініп-жығылып мен жүрмін.
4327. Қатын алдың — отын алдың.
4328. Қатын алма, затты жерден қайын ал,
Жақсы досыңның атын алма, тайын ал.
4329. Қатын алма, қайын ал.
4330. Қатеңді айтушыны атаң деп біл.
4331. Қатқан тұяқ қарында жатпайды.
4332. Қатқан тұяқ құрсақта жатпайды.
4333. Қатты ағашты жұмсақ құрт жер.
4334. Қатты адам ырымшыл болады,
Қасаң ат қырыншыл болады.
4335. Қатты айтсаң да, қарындасыңа жақпайсың,
Ақырын айтсаң, ақың кетеді.
4336. Қатты жауған күн тез басылады,
Қатты ашуланған адам тез басылады.
4337. Қатты жерге қақ тұрады,
Қайратты ерге бақ тұрады.
4338. Қатын қалжадан, ер олжадан қалмайды.
4339. Қатын қатаған болса,
Үйге келген ер қашады.

4340. Қатынның еркі ерінде,
Ерінің еркі көңілінде.
4341. Қатын өлді — қамшының сабы сынды.
4342. Қатын өлсе, үйің кетеді,
Басыңнан күйің кетеді.
4343. Қатын өтірік айтпайды, қағыс естиді.
4344. Қатын семіз, ер арық,
Үй жұтынан сақтай гөр.
Иесі семіз, аты арық,
Түз жұтынан сақтай гөр.
4345. Қатынсыраған жігітке кемпір қыздай көрінер.
4346. Қатыны ерке болса, байына теке болар.
4347. Қатын алсаң, отын ал,
Бір құшағын артық ал.
4348. Қатын асқынса, бетіне қара түсер,
Ер асқынса, бетіне жара түсер.
4349. Қатын ерге қарайды, ер жерге қарайды.
4350. Қатын — ердің қайрағы мен қамшысы.
4351. Қатын жаманы ер қориды,
Ердің жаманы жер қориды.
4352. Қатын зары өткенге
Қара қатын айдай көрінеді.
Тамақ зары өткенге
Қара су майдай көрінеді.
4353. Қатын көп болса,
Қазанда сорпа қалмас,
Жыртуға торқа қалмас.

4354. Қатын көп болса, шөмішті ит жалайды.
4355. Қашқан да, қуған да бір Құдайға сиынады.
4356. Қашқан жауға қанден ит те бөгет болады.
4357. Қашқан жауға қатын да ер.
4358. Қашқан қатын қара жолмен жүрмейді.
4359. Қашқан қоян жатқан қоянды ала кетеді.
4360. Қашқанның жолы — мың тарау,
Қуғанның жолы — бір тарау.
4361. Қашпаған қара сиырдың уызына қарама.
4362. Қашпақ болсаң, зымыра.
4363. Қашпақ болсаң, зымыра,
Өлмек болсаң, күміре.
4364. Қатыны жоқ үй — жетім.
4365. Қатының семіз болса — күлкі,
Жақының ессіз болса — күйкі.
4366. Қатыны өлген қызды ауылға қарап жылайды.
4367. Қатыны өлген мен байы өлген қосылса,
Күндіз екеу, түнде төртеу.
4368. Қатыны салақ үй оңбас,
Халқын айдаған би оңбас.
4369. Қауқарсыз текенің қарағайдай мүйізі бар.
4370. Қауіп қайдан болса, қатер содан.

4371. Қаһарлы сөз қамал бұзар.
4372. Қашағанды алыстан қайыр, үйіріне қайтады.
Адасқанның алдынан шық, үйіне қайтады.
4373. Қашарыңда қашарсың,
Бұзауларыңда сасарсың.
4374. Қашарыңда қашарсың,
Лақтағанда сасарсың.
4375. Қиястық қияметке бармайды.
4376. Қиналған жаның сыйланар.
4377. Қимас доспен сыйлас.
4378. Қимас досың сұраса, Қимасыңды бересің.
4379. Қисық ағаштың түбіне қонба,
Қыңыр адамның үйіне қонба.
4380. Қисық адамды сөз түзетеді.
4381. Қисық арба жол бұзар,
Дүмше молда дін бұзар.
4382. Қисық болса да, жол жақсы,
Долы болса да, қыз жақсы.
4383. Қиынға құсың түспесін,
Жаманға ісің түспесін.
4384. Қашпақ, қумақ ерге сын,
Көшпек, қонбақ жерге сын.
4385. Қашса құтылатын, қуса жетеді.
4386. Қашу егестен, ақыл кеңестен туады.

4387. Қашып кетсең, шашып кет.
4388. Қиядағыны қыран, ұядағыны жылан көреді.
4389. Қия жерге үй тікпе,
Үйің селге кетеді.
Жаман адамға сыр төкпе,
Сөзің желге кетеді.
4390. Қиялмен байыған жер қабады,
Ақылмен байыған жол табады.
4391. Қиянатқа көнбе, адалдық айтса, көн.
4392. Қияны қоныс, шатқалды өріс қыл.
4393. Қиындыққа табылмаған ағайын,
Қызыққа бас қоспайды.
4394. Қиындық,
Қиындыққа жиындық.
4395. Қиыннан қыран алар,
Қиуасыздан жылан алар.
4396. Қиыншылық — ерге егеу, езге бөгеу.
4397. Қожа диуанадан телім сұрар,
Кері кеткен бай кедейден қозы сұрар.
4398. Қожа құлақтас, молла сабақтас.
4399. Қожаң берсе, қойныңа сал.
4400. Қозы жесең, марқа же,
Етті жесең, арқа же.
4401. Қой ақсағымен мыңға барады.

4402. Қой егіз туады,
Бірі қошқар қойылады,
Бірі қонаққа сойылады.
4403. Қой иесі бір санаса,
Қойшы басқа санайды.
4404. Қой көкпарға жарамас.
4405. Қой көнтексіз, ел тентексіз болмайды.
4406. Қой көрмегенге ешкі таң.
4407. Қой көрмеген ешкілі байдың қызы едік.
4408. Қой көрмеген қуалап өлтіреді.
4409. Қой құйрығынан, таз мильығынан азады.
4410. Қойлы бай — қорлы бай,
Жылқылы бай — сылдыр бай.
4411. Қой дегенше, қоя ғой.
4412. Қойды да, қоянды да өз тамағынан бауыздайды.
4413. Қойды қорадан сат,
Асықты ұрадан сат.
4414. Қойды құртаң бүлдіреді,
Елді сұлтан бүлдірді.
4415. Қойды құртқан — пышақ,
Қызды құртқан — құшақ.
4416. Қойдың басын құмға көм,
Түйенің басын сорға көм.
4417. Қойдың бойында арқардың қаны болмаса,
Тастан тасқа секіре ме.

4418. Қойдың сүті қорғасын,
Қойды соққан оңбасын.
4419. Қой ұры, қойшы өтірікші.
4420. Қой үріккен жағына беттемейді.
4421. Қой шелді болмай, төлді болмайды.
4422. Қойшы көп болса, қой арам өледі.
4423. Қойшының қызы қой келгенде іс қылар.
4424. Қойын алдырып, қорасын бекітіпті.
4425. Қойың болмаса, байлықтан ойың болмасын.
4426. Қойың мыңға жетсе,
Қолың шыңға жетер.
4427. Қоқан мата қозылы қой,
Уағына жетпей тозды ғой.
4428. Қой — малдың сабазы,
Ешкі — малдың қағазы.
4429. Қойманың иесі екеу.
4430. Қой мыңға жетсе, керегенің басынан бас кетпейді.
4431. Қой өлсе, қозы болады,
Келер жылы өзі болады.
4432. Қой өткен судан қасқыр дәмелі.
4433. Қой семізі қойшыдан.
4434. Қой толғағыңды берме, ой толғағыңды бер.

4435. Қоян айдың он бесінде семіз, он бесінде арық.
4436. Қоян анасы бестен, жылқы анасы бірден.
4437. Қоян көлеңкесінен қорқады.
4438. Қоян қуалап өлген ат арманда.
4439. Қоянның қарасын көріп, қалжасынан түңіл.
4440. Қоянның шабысы бар, желісі жоқ,
Жаманның ашуы бар, намысы жоқ.
4441. Қой асығы демей-ақ, қолыңа түссе, сақа тұт.
Жасы кіші демей-ақ, ақылы асса, аға тұт.
4442. Қой аузынан шөп алмас.
4443. Қой бақсаң, қосың бүтін,
Сөз бақсаң, кетер құтың.
4444. Қойға қоңырау жараспайды.
4445. Қол қысқалығынан тіл қысқалығы жаман.
4446. Қол сынса, жең ішінде,
Тіс сынса, ауыз ішінде.
4447. Қолы ашықтың жолы ашық.
4448. Қолы қимылдағанның аузы қимылдар.
4449. Қолы қысқаның жолы қысқа.
4450. Қолымен қосаяқ соқпаған, аузымен орақ орады.
4451. Қолынан келген қонышынан басады.
4452. Қолында жоқ — жомарт.

4453. Қолында мөрі тұрғанда, Сүлеймен де Сүлеймен.
Қолынан мөрі кеткен соң, Сүлеймен де сүмірейген.
4454. Қолыңда билік болса, қолпаштаушы табылар.
4455. Қолын созғанға аяғыңды созба.
4456. Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қиын емес,
Соңыңа ерген елің болса.
Бәрінен де сөз бастау қиын,
Тауып айтсаң, мереке қылады,
Тауып айтпасаң, келеке қылады.
4457. Қолда бар алтынның қадірі жоқ.
4458. Қолдағы туған құлынның тай аты қалмайды.
4459. Қол жеткен бұтаның миуасы тәтті.
4460. Қол жетпеген бұтаның миуасы тәтті.
4461. Қол жетпейтін өнерді,
Жан қинаған ер табар.
Жарға біткен жапырақты,
Жаннан кешкен нар табар.
4462. Қол жетпес шолпан болғанша,
Қармаққа ұстар шортан бол.
4463. Қол жүйрігі асқа тиер,
Тіл жүйрігі басқа тиер.
4464. Қонақ аз отырып, көп сынайды.
4465. Қонақ асын Тәңірі өтейді.
4466. Қонақ атаңнан да үлкен.

4467. Қонақ аты жиналса, айғыр үйір жылқы болады.
4468. Қонақ аты қолда игі,
Арықтаса, жолда игі.
4469. Қонақ берсең, етіңді жейді,
Бермесең, бетіңді жейді.
4470. Қонақ болжаусыз,
Толғақ болжаусыз.
4471. Қонақ бір келсе — құт,
Екі келсе — жұт, үш келсе — жіт.
4472. Қолың көтермейтін шоқпарды беліңе байлама.
4473. Қолың май болса, қонышыңа сұрт.
4474. Қолыңмен бергенді аяғыңмен жүріп аларсың.
4475. Қолыңмен істегенді мойныңмен көтер.
4476. Қомағайдың дәулеті тез қайтар.
4477. Қонағым, өз үйіңді де ойлай отыр.
4478. Қонағым сен ет деме,
Мен кет демеймін.
4479. Қонағын сыйласа, төрге шық дейді.
4480. Қонағын сүймеген
Баласын ұрады, үйін сыпырады.
4481. Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал.
4482. Қонақ қонған жеріне ауыр,
Тас түскен жеріне ауыр.

4483. Қонақ қонса, ет пысар,
Ет пыспаса, бет пысар.
4484. Қонақ сөзге тоймайды.
4485. Қонақ табағыңа қарамайды, қабағыңа қарайды.
4486. Қонақтан қонақ ұлық.
4487. Қонақтың алтынын алма, алғысын ал.
4488. Қонақты ренжітсең, Құдай ренжиді.
4489. Қонсаң, отауға қон,
Барын аямай асады.
Ат мінсең, бесті мін,
Аяғын аямай басады.
4490. Қоныс ақысын түйе қайтарады.
4491. Қонақ бір қонса — құт, екі қонса — жұт.
4492. Қонақ жаман болса, үй иесі қыдырады.
Үй иесі жаман болса, қонақ қыдырады.
4493. Қонақ келгенімен қоймай,
Қызыңның жасын сұрайды.
4494. Қонақ келсе, қарсы ал есікке.
Қарсы алмасаң, кесір болар несіпке.
4495. Қонаққа «кел» демек бар, «кет» демек жоқ.
4496. Қонақ қойдан жуас,
Май берсең де, жей береді.
4497. Қонақ қонбай кетпейді,
Шақырып қондырғанға жетпейді.

4498. Қорқақтың қатыны болғанша,
Батырдың жесірі бол.
4499. Қорқақтың сылтауы қойнында.
4500. Қорқарың бар, қосты неге тонайсың.
4501. Қорқау өз баласын өзі жейді.
4502. Қорқып, бұғып өлгенше,
Тайсалмай тауға шығып өл.
4503. Қорлық өмірден ерлік өлім артық.
4504. Қорыққан бұрын жұдырықтар.
4505. Қорыққанға қос көрінер.
4506. Қорыққан жерде жын бар.
4507. Қоныстың тұрағын өрістің бұлағы біледі.
4508. Қонысына ие бола алмаған,
Болысына ие бола алмайды.
4509. Қонысын ойлаған озбас,
Өрісін ойлаған озар.
4510. Қопалы жерге қонбаңыз,
Өрт шықса, үй кетер.
Жар басына қонбаңыз,
Дауыл тұрса, күй кетер.
4511. Қорада қалғанға қос арттырма.
4512. Қорасында қойы жоқтың итінің сағына қара.
4513. Қорқақ жайшылықта батыр,
Қысылғанда пақыр.

4514. Қорқақ күнде өледі.
4515. Қорқақты көп қусаң, батыр болар.
4516. Қорқақтың көзі үлкен,
Ақымақтың сөзі үлкен.
4517. Қотыр атқа қотыр ат үйір.
4518. Қотыр қойдан бір шүйке жүн олжа.
4519. Қотыр қолда қола сақина.
4520. Қотыр қолдан жұғады,
Пәле тілден жұғады.
4521. Қотыр қолдан, таз тақиядан жұғады.
4522. Қотыр теке қора былғар.
4523. Қошамет сөз дос қылу үшін емес,
Хош қылу үшін.
4524. Қошқардікі түседі деп,
Қасқыр аштан өліпті.
4525. Қорыққан қос таңдамайды.
4526. Қорықпас келін қой басынан қорқады.
4527. Қос күреңнің өзгешелігі жоқ.
4528. Қос қолыңда қуат бар,
Жалғыз қолдан туар наз.
4529. Қос қырағыдан су қараңғы туады.
4530. Қоссыз қазақ болса да, доссыз қазақ болмаған.

4531. Қосылған сүйінтеді,
Айрылған күйінтеді.
4532. Қосың түзелмей, ісің түзелмейді.
4533. Қурай құрық болмас.
4534. Қурай тартсаң, күй шығар,
Ағаш тартсаң, үй шығар.
4535. Қу сүйекті ит те жемейді.
4536. Қуырдақтың әкесін түйе сойғанда көресің.
4537. Қуыс үйден құр шықпа.
4538. Қу аяқ қатын оңбайды,
Су соқты отын оңбайды.
4539. Қу байтал екі айғырды аш қалдырады.
4540. Қу болатын жігіт ағасын жатқа санайды,
Кедей болатын жігіт биесін атқа санайды.
4541. Қудың аяғына су жұқпас.
4542. Қудың жаққан шырағы да қу.
4543. Қудың сөзі құйрықты.
4544. Қудың сөзіне сенбе, қылығы жаман.
4545. Қу құрамай қабады.
Ұры басын жалғамайды.
4546. Қураған түбір шіриді,
Қулықтың түбі құриды.
4547. Құда базына айтады,
Құдағи назына айтады.

4548. Құда болған соң, құл да болса, сыйлас.
4549. Құдайдан қорыққанша, құдадан қорық.
4550. Құдайдың құрығы ұзын.
4551. Құдай жүгіртпегенді бұзау жүгіртеді.
4552. Құдай көгін билесін,
Жеріме менің тимесін.
4553. Құдалыққа құн кеспейді.
4554. Құдандалының малы бір,
Анық достың жаны бір.
4555. Құданы Құдай қосады,
Құдай ұрғанды «құмар» қосады.
4556. Құда болғанша хал-жайын сұра,
Құда болған соң мал-жайын сұра.
4557. Құда болғанша құл, биін сұрас,
Құда болған соң қолда бармен сыйлас.
4558. Құдағиың құрдасыңдай болсын,
Құдаң шын досыңдай болсын.
4559. Құдадан алған санауға бар да, қарауға жоқ.
4560. Құдай бергенге құлай береді.
4561. Құдайға жазсаң жаз, көпке жазба.
4562. Құдайға сенсең, құстай ұшасың,
Адамға сенсең, мұрттай ұшасың.
4563. Құзғын жемтік таңдамайды.

4564. Құзғыннан дәметкен ит оңбас.
4565. Құйрығын ұстар мал берсе, қолыма тиді деменіз.
Алақанын ашпай ас берсе, асатты екен деменіз.
4566. Құйында қалған шаң қабар.
4567. Құйын соғар үйі жоқ,
Қуалап соғар байы жоқ.
4568. Құйысқан тақсаң, шеттігің мықты болсын.
4569. Құлайын деп тұрған ағашқа сүйенбе.
4570. Құлақ естімес, естісе, кешікпес.
4571. Құданы Құдай қосады,
Үйірі басқаны нөқта қосады.
4572. Құданың құдасы, құнан қойдың сорпасы.
4573. Құдаң құрдасыңдай,
Құдағиың мұңдасыңдай болсын.
4574. Құда тату — құрдас,
Абысын тату — сырлас.
4575. Құда үстіне құда болса, сүйек жаңғыртар.
Ауыл үстіне ауыл қонса, ит шулатар.
4576. Құда үстіне құда болсаң, сүйек жаңғырар.
Ауыл шетіне ауыл қонса, ірге жаңғырар.
4577. Құдашамен құда ойнар,
Қошақанмен бөрі ойнар.
4578. Құдығына қарай қауғасы,
Базарына қарай саудасы.

4579. Құдықтан су ішкен қауғаға рахмет айтады.
4580. Құзғын ас таңдамайды.
4581. Құлан өз қағынан өзі жерімес.
4582. Құлан өз тауынан өзі жерімес.
4583. Құлан үш түнеген жеріне жынын төгеді.
4584. Құлға да құл, күңге де күң керек.
4585. Құлдай істеп, бидей іш.
4586. Құлдан да бір ауыз сөз.
4587. Құл қашарманымен,
күң кетерменімен қорқытады.
4588. Құл құтылар құрықтан,
Күң құтылар сырықтан.
4589. Құлаққа тиген қаңқу — өкпеге тиген шаншу.
4590. Құлақ өтірікші, көз әділ.
4591. Құлақтай ет жеп, қырмандай сорпа іш.
4592. Құлақтан кірген суық сөз,
Жүрекке барып мұз болар.
4593. Құланға ерген шиеге аунайды.
4594. Құлан қайда семірсе, түгін сонда төгеді,
Ел қайда қыстаса, күлін сонда төгеді.
4595. Құлан қай жерде семірсе,
Сол жерде қан жыны төгілер.

4596. Құлан құдыққа құласа,
Құлағына құрбақа ойнайды.
4597. Құлан қырда, құндыз суда.
4598. Құланның бойын мұнан көрсең,
Шаңын шақырымнан көресің.
4599. Құланның қасуына, мылтықтың басуы.
4600. Құнажын көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді.
4601. Құн дауласаң, құр даула.
4602. Құнның түбін қыз бітейді,
Судың түбін шым бітейді.
4603. Құныға жеме, құныға үйрен!
4604. Құнттыға құт үйір,
Құнтсызға жұт үйір.
4605. Құнты жоқ кісі көсеумен қамшыланар.
4606. Құр аяққа бата жүрмес.
4607. Құранды басып, нанды ал.
4608. Құр бойын түзеу — ақымақтың ісі.
4609. Құл тапқаны бидікі.
4610. Құлша жеме, бекше же.
4611. Құлшынғанға тиын көп,
Қорыққанға қиын көп.
4612. Құлындаған биеден құдықтағы су артылмас.

4613. Құлындағы сақауын,
Құнандағы тісеуін айт.
4614. Құлынды қырдан ізде,
Құндызды судан ізде.
4615. Құлыстайдың құты да ебі, жұты да ебі.
4616. Құмаршыға ерсең, құлағың шұнақ болады.
4617. Құмырсаға құмалақ тау көрінеді.
4618. Құрық тимес құлын жоқ,
Қырықтық тимес қозы жоқ.
4619. Құс баласы Қырымға,
Ит баласы жырымға қарайды.
4620. Құсбегі көкке қарайды,
Мерген төске қарайды.
4621. Құс жаманы саңғығыш,
Адам жаманы қаңғығыш.
4622. Құс жеміне қақалмайды.
4623. Құс жеткен жеріне қонады.
4624. Құс көк сеңгірге бір қонады.
4625. Құс қанатымен ұшады,
Адам білім санатымен ұшады.
4626. Құс қанатсыз болмас,
Жау жарақсыз болмас.
4627. Құрғақ сөз бас ауыртар,
Құрғақ қасық ауыз жыртар.

4628. Құрдас тапқан құл азбас,
Жолдас тапқан ер азбас.
4629. Құрдастың құны бір,
Жолдастың жолы бір.
4630. Құр семірген құнаннан,
Арық та болса ат артық.
4631. Құр сөзде қуат жоқ.
4632. Құр сөз — қоңылтаяқ етік.
4633. Құр судан май шықпайды,
Құр сөзден мән шықпайды.
4634. Құр тұлыпқа сиыр мөңіремейді.
4635. Құрық бойы қар жауса да,
Құлдың малы жұтамайды.
4636. Құтымсыздан қошқар қойсаң,
Құйрықсыз қозы туады.
4637. Құс қарағына, ер жарағына.
4638. Құс тамағы үшін алады,
Бит иесі үшін алады.
4639. Құс төресі — бидайық,
Ит төресі — құмайық.
4640. Құсты жем аздырады,
Адамды сөз аздырады.
4641. Құстың алғанынан, салғаны қызық.
4642. Құсыңды қалыңға түсірме,
Ісінді залымға түсірме.

4643. Құт, құтты болып келсе, құт,
Құтсыз болып келсе, жұт.
4644. Құтты қонақ қонса,
Қой егіз табады.
Құтсыз қонақ келсе,
Қойға қасқыр шабады.
4645. Қыдырлы қонақ қыдырып келер.
Қыдыры артынан шұбырып келер.
4646. Қыдырма,
Қыдырмаға сыдырма.
4647. Қыдырмашының қырық ауыз өтірігі бар.
4648. Қыдырып жеген жамбастан,
Шақырып берген жауырын артық.
4649. Қыдырып жеген жамбастан,
Шақырып берген таз қарын артық.
4650. Қыдырып ішкен көженің кенеуі жоқ,
Қыдырып айтқан биліктің керегі жоқ.
4651. Қыз алмаған жігіттің қор қызында дәмесі.
4652. Қыз алмаған жігіттің қырық қызда дәмесі.
4653. Қыз — ауылдың көркі,
Жігіт — ауылдың еркі.
4654. Қыз ер жетсе, көз көп,
Ұл ер жетсе, сөз көп.
4655. Қыз жақсысы ұятты,
Қыран жақсысы қияқты,
Ат жақсысы тұяқты.

4656. Қыз келе жатыр десе,
Сексендегі шал басын көтереді.
4657. Қыз көрелік, қыз көретін жігітті біз көрейік.
4658. Қыз күнімде сұлтан едім,
Қатын кезімде шайтан болдым.
4659. Қыз күнінде қыздардың бәрі жақсы,
Жаман қатын шығады осы қайдан.
4660. Қызды ауылдың иті жатпас.
4661. Қызды ауылдың қонағы көп,
Іс қылмағанның олағы көп.
4662. Қызды қырғыз да алады.
4663. Қыздың баласындай,
Қолдың саласындай.
4664. Қыздың жақсы болғаны,
Қызыр шалды десеңші.
Қыздың жаман болғаны,
Қырсық шалды десеңші.
4665. Қыздың жылағаны назданғаны.
4666. Қыздың көзі қызылда.
4667. Қыздың көркі құлқында,
Жігіттің көркі жылқыда.
4668. Қыздың тамағы қылдай.
4669. Қызды таныс алады,
Таныс алмаса, қоныс алады.
4670. Қыз өссе, үйге жұт,
Ұл өссе, үйге құт.

4671. Қыз тоспаған жігіт арманда.
4672. Қыз туса, шешенің бағы,
Ұл туса, әкенің бағы.
4673. Қыз ұзатады деген өсек бар,
Жиылмай жатқан төсек бар.
4674. Қыз — халықтың гүлі,
Өлең — сауықтың гүлі.
4675. Қыз шешенің ішінен туған баласы,
Келін шешенің бағына туған баласы.
4676. Қызы бардың назы бар.
4677. Қызы бар қырдан асады,
Қызы жоқ тыраң асады.
4678. Қыз — қонақ.
4679. Қыз қуыршақпен ойнар,
Ұл құлыншақпен ойнар.
4680. Қыз құшпаған ер арманда,
Қызғалдақ жемеген қозы арманда.
4681. Қыз қылығымен көпке жағады,
Не біреудің көрін қазады.
4682. Қыз қылығынан.
4683. Қыз мінезді келсін,
Ұл өнерлі келсін.
4684. Қыз он беске келгенде мәуе тартады,
Әке мен шеше жау тартады.
4685. Қызы бар үйге қырық ат байланар.

4686. Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді.
4687. Қызы бар үй қырық артылады.
4688. Қызығы жоқ өмірден,
Қарабы жоқ көр артық.
4689. Қызыққан көзге қисық та сұлу көрінеді.
4690. Қызыл ет кетер,
Қызарған бет қалар.
4691. Қызыл от қысырамайды.
4692. Қызыл түлкі жер көркі,
Сұлу жігіт ел көркі,
Сұлу қыздар үй көркі.
4693. Қызыл тіл жанның мияты,
Абырой ердің қуаты.
4694. Қызыл тіл — қынсыз қылыш.
4695. Қызыл тіл тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады.
4696. Қызымның құлағында алтын сырға.
4697. Қызым үйде, қылығы түзде.
4698. Қызын алсаң жуастың,
Берекемен ұнастың.
4699. Қызыңды жеріне бер,
Жеріне бермесең, еркіне бер.
4700. Қызыңды жеріне бер,
Жер ыңғайы келмесе, еріне бер.

4701. Қызыңды мақтайын десең, алысқа бер.
4702. Қызың жақсы болса,
Көлде жүрген үйректей.
Қызың жаман болса,
Іштен тиген түйнектей.
4703. Қызы ұнаса, анасына қарама,
Асы ұнаса, аяғына қарама.
4704. Қыл ауызда, үрей көзде.
4705. Қылдай мәнсаптың пілдей күші бар.
4706. Қылмыс қияметке бармас.
4707. Қылмысты еркек мөлтек келеді,
Сайқал әйел көлтек келеді.
4708. Қылықты қатын қыздан артық.
4709. Қылымсыған қатын қызыл көйлек киеді.
4710. Қылыш жарасынан оңаларсың,
Өсектің жарасынан домаларсың.
4711. Қылыш дүзінде серт тұрмас.
4712. Қылыш қынын кеспейді.
4713. Қылышты қорқақты,
Сойылды батыр соғып алады.
4714. Қылышынан қан тамған батырды,
Тілінен бал тамған ақын алады.
4715. Қылышыңды досқа шапсаң,
Дүзі тиер өзіңе, ұшы тиер көзіңе.

4716. Қымбатта бір химат бар,
Арзанда бір илат бар.
4717. Қымызды кім ішпес,
Қызды кім айттырмас.
4718. Қымызы бар үй — қызығы бар үй.
4719. Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.
4720. Қыңырдың көлеңкесі де қыңыр.
4721. Қыңыр іс қырық жылдан соң білінеді.
4722. Қыранға нәсіп жерден, төреге елден.
4723. Қыран түлеп, қияда өледі.
4724. Қыран құс қырымнан шалады.
4725. Қырғыздың асы қырық жыл ауыз күйдіреді.
4726. Қырқына шыдаған
Қырық біріне де шыдайды.
4727. Қырсығы барға қыз жақпайды,
Ыстығы барға тұз жақпайды.
4728. Қырсық ақылдының алдында бас иеді,
Ақылсыздың басына тас үйеді.
4729. Қырсыққанда қымыран іриді.
4730. Қырсық шалғанның иті қыңыр жүгіреді.
4731. Қыртты езген жеңеді,
Езгенді Құдайдан безген жеңеді.

4732. Қыры келгенде, Қыдыр шылғауыңа оралады.
4733. Қыры кеткеннің иті қырын жүгіреді.
4734. Қырық атан ұстама,
Қырық тамыр ұста.
4735. Қырық жылғы пышақ қыл кесуге жарайды.
4736. Қырық жас — қыран бүркіт.
4737. Қырық жыл жатқан қылыштың
Қынабындық құны жоқ.
4738. Қырық кісі бір жақ,
Қыңыр кісі бір жақ.
4739. Қырыққа жеткенше өлім артыңда жүреді,
Қырықтан соң алдыңнан күтеді.
4740. Қырық қатын толғатса,
Бір еркектің белі ауырмайды.
4741. Қырықта қылаң, елуде елес.
4742. Қырықтың бірі — Қыдыр.
4743. Қырын алдырған жігіт қырқында шал болар.
4744. Қыс азығын жаз жина.
4745. Қыстың белгісі қарда,
Адалдықтың белгісі арда.
4746. Қыстың жылуы — отын,
Ердің жылуы — қатын.
4747. Қыстың қамын жаз ойла,
Бір ойлама, үш ойла.

4748. Қыстың қары — жердің нәрі.
4749. Қыстың құты — отын,
Үйдің құты — қатын.
4750. Қысыла-қысыла қыз болдым.
4751. Қысыраған ешкіден лақтаған шыбыш артық.
4752. Қысыр сөзде қырсық көп.
4753. Қышыған жерден қол кетпес,
Қышықты жерден сөз кетпес.
4754. Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма?
4755. Қызба қандық бір пәлеге төтелер,
Сабырлылық сәттілікке жетелер.
4756. Қыз балаға сылаң қағу оңай,
Сылап бағу қиын.
4757. Қызбен күреспе, желмен жарыспа.
4758. Қыз берген жерге дау жүрмейді.
4759. Қыз берген жерге қырғы салма.
4760. Қыз бойында қырық періште бар.
4761. Қыз бойында қырық сайтан бар.
4762. Қызға берген білінбес.
4763. Қызға бергенді Қыдыр өтер.
4764. Қызға қыран да қырындайды,
Жылан да қырындайды.

4765. Қызғаншақ кісі қыртиғыш.
4766. Қызғыш құсқа көл пана,
Жетім ұлға ел пана.
4767. Қыздан алған қырқадан аспайды.
4768. Қыздан туғанның қиығы жоқ.
4769. Қызды анасы сақтайды,
Ұлды атасы сақтайды.
4770. Қызды асырай алмаған күң етеді,
Ұлды асырай алмаған құл етеді.

М

4771. Май — әулие, майсыз жарылқайтын қай әулие.
4772. Майдансызда табан жоқ,
Табансызда жаман жоқ.
4773. Майды күлге араластырып жесең де, тамақ.
4774. Майды шайқаған қолын жалайды,
Елді шайқаған боғын жалайды.
4775. Майсыз ағаш та майыспас.
4776. Май тілесең, міне, құйрық.
4777. Мақал — сөздің атасы,
Уәде — ердің опасы.
4778. Мақал — сөздің мәйегі.
4779. Мақтағанға паңданба,
Үйреткенге шамданба.

4780. Мақтаған жеткізер,
Шаққан өлтірер.
4781. Мақтаған сиыр шелекке тышады.
4782. Мақтай берсең, мамық-ақ,
Мақтамасаң, қағанақ.
4783. Мақтанғанның үйіне барма,
Керілгеннің тойына барма.
4784. Мақтан дерт болар, уәде серт болар.
4785. Мақтан мақпал шапан болмайды.
4786. Мақтану оңай, мақталу қиын.
4787. Мақтаншақ бар ақылын мақтанға тауысады.
4788. Мақтаншақ малды да, дүниені де
мақтан үшін жияды.
4789. Мақтаншақтық өтірік айтқызады,
Өтірік көңіл қайтқызады.
4790. Мақұл сөзге мал маңырайды.
4791. Мақұл — сөздің атасы,
Уәде — сөздің опасы.
4792. Мал аяған аттан құр,
Төл аяған ақтан құр.
4793. Мал айдаса, жаудікі,
Ысқырса, желдікі.
4794. Мал арыстанның аузында,
Түрікпеннің түбінде.

4795. Мал ашуы — жан ашуы.
4796. Мал бағып көрмегеннің өрісі желінбес.
4797. Мал баққан бай болады,
Аузын баққан би болады.
4798. Мал баққанға бітеді.
4799. Мал балаға қалады,
Бай далада қалады.
4800. Мал балағынан өседі.
4801. Мал баласы — жер анасы.
4802. Мал басынан байланады,
Адам тілінен байланады.
4803. Мал бітерінде — кілемнің түгіндей.
Мал кетерінде — қолдың кіріндей.
4804. Мал біткен кісінің
Иті үреген болады,
Аты жүреген болады.
4805. Мал біткеннің көзіне тал бітеді.
4806. Малға бәлемет, басқа сәлемет.
4807. Мал да иесіне тартады.
4808. Мал дара тартады,
Адам қара тартады.
4809. Мал-дүние дұшманды дос қылады,
Досты дұшман қылады.
4810. Малды адам бағады,
Мал адамды бағады.

4811. Малды арық баққаның —
Келген бақты қаққаның.
4812. Малды баға біл,
Бабын таба біл.
4813. Малды баққан бағады,
Отты жаққан жағады.
4814. Малды баққанға бақтыр,
Отынды алғанға жақтыр.
4815. Малды жаз бен күзде әркім бағады,
Көктем мен қыста малшының малшысы бағады.
4816. Малды жақсы баққаның —
Өзіңе абырой тапқаның.
Малды жаман баққаның —
Келген бақты қаққаның.
4817. Малды қыста құмға, жазда шымға айда.
4818. Малды не жерден сұра, не терден сұра.
4819. Малдының беті жарық,
Малсыздың беті көн шарық.
4820. Малдының беті май шарық,
Малсыздың беті көн шарық.
4821. Малдың еті тәтті, бағуы қатты.
4822. Малдың жайын жасынан баққан білер,
Аңның жайын жасынан атқан білер.
4823. Мал жайған, малдың жайылғанына тояды.
4824. Малдың шелі шөпті.

4825. Мал жайсаң, қоныс тап,
Ас жисаң, ыдыс тап.
4826. Мал құраған жолын табар,
Жолын тапса, жоғын табар.
4827. Мал қызығын көрген жан
Қиялай кесіп шайнайды.
Жар қызығын көрген жан
Құлын-тайдай ойнайды.
4828. Мал малсақты табады.
4829. Мал өсірсең қой өсір.
4830. Мал саяғының кеселі өзіне тиеді,
Адам саяғының кеселі елге тиеді.
4831. Мал салмақты табады.
4832. Малсызға малға балап ұйқы берер,
Арсызға арға балап күлкі берер.
4833. Мал таппайтын ер жоқ, құрары біледі.
Бала таппайтын әйел жоқ, тұрары біледі.
4834. Мал төлімен жарасты,
Жер гүлімен жарасты.
4835. Мал үшін таласпа, ар үшін талас.
4836. Малшы болсаң, қос етегің кең болсын.
4837. Малшының көргенін көрсе,
Еріншектің есі, жалқаудың жаны шығады.
4838. Малы бардың назы бар.
4839. Малы бірдің жаны бір.

4840. Малым бар деп мақтанба,
Апат болса қайтесің!
Басым бар деп мақтанба,
Опат болсаң қайтесің!
4841. Малың жемқор болса, берді Құдай,
Қатының жемір болса, ұрды Құдай.
4842. Маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды.
4843. Маса тақырды жақтырмайды,
Ақымақ ақылды жақтырмайды,
Еріншек мақұлды жақтырмайды.
4844. Мастық жоқта масқара да жоқ.
4845. Махаббат аяқталған жерде қарғыс басталады.
4846. Мәнсап — бес күндік,
Ғылым — мәңгілік.
4847. Мәнсапты парақор болса,
Санақшы жалақор болады.
4848. Мәртебең биік болса, жұрт алыстан көреді,
Жақының да, жатың да сәлем береді.
4849. Мәуелі ағаш майысқақ.
4850. Мәуесі бардың әуесі бар.
4851. Мезгілі жетсе, мұз да ериді.
4852. Мезгілінде жүрмесен, мерзімді жерге жетпейсің.
4853. Мейлі қамқа, мейлі бөз,
Ақыл оған арам, без.
4854. Мейірімділік жүректен,
Мейірімсіздік білектен.

4855. Менде болсын,
Менде болмаса, елде болсын.
4856. Мен «қартпын» деп өзіңді-өзің бұлдама,
Жүз жасыңда отыз алты мың күн ғана.
4857. Мен Құдайдың ала танасын ұрлаппын ба?
4858. Менмен — жігіттің соры,
Төменшік — жігіттің қоры,
Кішіпейіл, кең жайлау — жігіттің зоры.
4859. Мен не деймін, қобызым не дейді.
4860. Мен ұрлық қылған күні ай жарық болды.
4861. Менің ақылым сенде емес,
Сенің ақылың менде емес,
Ел ақылдан кенде емес,
Сезімсіз, мисыз пенде емес.
4862. Меңдей дәрі меңдеткен дертті жазады.
4863. Мергеннің көзі ғана мерген емес, қолы да мерген.
4864. Мешкей деген жақсы атақ емес.
4865. Мешкейдің үйінде ас тұрмас,
Шайпаудың үйінде дос тұрмас.
4866. Мешкей қатын шөлдеуік,
Долы қатын жылауық.
4867. Мешкей оттың астына қарамай үстіне қарайды.
4868. Миға ерген дене азбайды,
Милыға ерген ел азбайды.
4869. Миы жоқтың сыйы жоқ.

4870. Молда білгенін оқиды.
4871. Молда білгенін оқиды,
Тауық көргенін шоқиды.
4872. Молда үшкіріп табады,
Етікші түкіріп табады.
4873. Молда істеген қатасын айтпайды,
Берген батасын айтады.
4874. Мол қайратыңнан, аз ақылық болсын.
4875. Молда бар жерде сөзің тый,
Ұста бар жерде қолың тый.
4876. Молда болу оңай, адам болу қиын.
4877. Молдаға он таяқ,
Наданға бір таяқ.
4878. Молда жоқ жерде молдамын,
Молда бар жерде жолдамын.
4879. Молданың жаманы барақшы,
Ұрының жаманы қарақшы.
4880. Молданың кедейге оқитын Құраны басқа.
4881. Молда оқып жейді,
Қарға шоқып жейді.
4882. Молда өлім тілейді,
Бақсы өмір тілейді.
4883. Момын — жаманның серігі,
Сағыз — шабанның серігі.
4884. Момынның ісін Құдай оңдайды.

4885. Мұздың өмірі көктемге дейін.
4886. Мұқтаждық — мың өнердің анасы.
4887. Мұқтажы бар адам көп сөйлейді,
Ұқса екен деп.
Мәнсабы бар адам аз сөйлейді,
Бұқса екен деп.
4888. Мұнан да жаман күнімде тойға барғамын.
4889. Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты.
4890. Мұрын болмаса, екі көз бірін-бірі шоқыр еді.
4891. Мұрын кесілсе, кетіледі,
Сақал күзелсе, жетіледі.
4892. Мүйізді бұқадан тоқал бұқаның
қыстауы жаман болады.
4893. Мүсәпір болмай, мұсылман болмайсың.
4894. Мүсәпір иттің құйрығы бұтында.
4895. Мықты жерінді туысқаның пайдаланады,
Осал жерінді дұшпаның пайдаланады.
4896. Мықты қасқыр тай, құнанға шабады,
Мықыр қасқыр қозы-лақты қағады.
4897. Мықтының боғын жеген ит құтырады.
4898. Мылжыңды сөйлетсең, өзінді жалықтырады.
Жалқауды істетсең, даусыңды қарлықтырады.
4899. Мылтығыңның күмісін айтпа, тиісін айт.
4900. Мылтықтың түзуі мергенінен,
Мергеннің түзуі көргенінен.

4901. Мына баланы сен таптың ба, мен таптым ба?
4902. Мынау атты жұрт көргендей тәуір ғып бер,
Болмаса, барын құртып, жауыр ғып бер.
4903. Мың адам салған көпірді бір адам бұзады.
4904. Мың адам салған көпірді бір адам бұзады,
Бір адамның жаққан отына он адам жылынады.
4905. Мыңдаған малың болғанша,
Бір балаң ғалым болсын.
4906. Мыңды айдаған бірді мінеді.
4907. Мыңды айдап көрге көмілгенше,
Бірді айдап көзге көрін.
4908. Мың жаудан бір дау жаман.
4909. Мың жолдас жақсы,
Мың жолдастан бір жолдас жақсы.
4910. Мың жылқыны бір жылқы үркітеді.
4911. Мың күнгі татулықты
Бір күнгі ашуға сатпа.
4912. Мың қайғы бір борышты өтемейді.
4913. Мыңқ етпесе, итің жау,
Көре алмаса, досың жау.
4914. Мың қосшыға бір басшы.
4915. Мыңмен тең бір бар,
Күнмен тең нұр бар.
4916. Мыңның қамын бір ойлар,
Бірдің қамын кім ойлар.

4917. Мың сиыр бұзауласа,
Бір бұқаның арты ауырмайды.
4918. Мың түңліктің түтіні бір,
Мың тұяқтың дүбірі дүр.
4919. Мың ұжмақтан бір күн тірлік.
4920. Мыңын жеп бай өлмейді,
Бірін жеп кедей өлмейді.
4921. Мырза киімі жалтырауық,
Суық түссе қалтырауық.
Жарлы киімі сабалақ,
Жеті аязға барады-ақ.
4922. Мысқылдың түбі — мүшкіл.
4923. Мысық жоқта тышқан төбеге шығады.
4924. Мысыққа ойын керек,
Тышқанға өлім керек.
4925. Мысықтың бойы арсадағы етке жетпесе,
Ораза ұстадым дейді.
4926. Мысық тышқанды аймалап жатса,
Шын екен деп ойлама.
4927. Мінген атың жер ортақ,
Жанған отың күн ортақ.
4928. Мінгеспе,
Мінгессең, үндеспе.
4929. Міндеп ал, бұлдап сат.
4930. Мінезділер озады,
Ит кеуделер тозады.

4931. Мінсіз дос іздеген доссыз қалады.

4932. Мінсіз сұлу болмайды.

4933. Міселі абырой сақтайды,
Місесіз аруақ аттайды.

Н

4934. Нағашым бай, қайным бай,
Қайтып жарлы қыласың, Құдайым-ай!

4935. Нағашысымен күрессе,
Жиені жығылады.

4936. Нағыз адам — ақ ниет,
Жаман адам — жат ниет.

4937. Нағыз доспен кез болсаң,
Үлгі болар іс көрсет.
Нағыз жаумен кездессең,
Кереметті күш көрсет.

4938. Наданға айтқан ақылың зая,
Келмеске жылаған жасың зая.

4939. Наданды жақын тартсаң, жау көреді,
Жалқау адам төбені тау көреді.

4940. Надан елде молда көп.

4941. Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол.

4942. Наданның көзін хат ашар,
Жаяудың көзін ат ашар.

4943. Назыңды ер көтерер,
Ер көтермесе, ел көтерер.

4944. Найзаңның ұшы тисін де, сынсын.
4945. Найман істей ме, сайман істей ме.
4946. Намаз білмейтін адам дәретшіл.
4947. Намаздың қазасынан, бойдың тазасы артық.
4948. Намысы бар жігіттің
Нар күшіндей күші бар.
Намысы жоқ жігіттің
Намыспенен несі бар.
4949. Нан жүз қолдан өтіп ауызға түседі.
4950. Нан — тамақтың атасы,
БІнтымақ — көптің батасы.
4951. Нар баласы бақырмас.
4952. Нар баласы Қырымға,
Ит баласы жырымға.
4953. Нар ботасын тарпып сүйеді,
Қасқыр күшігін қарпып сүйеді.
4954. Нар жоқта түйе қайық,
Ат жоқта бие қайық.
4955. Нар көтермегенді ер көтерер.
4956. Нар қадірін шөлде білерсің,
Қайық қадірін көлде білерсің.
4957. Нар маяның шұбаты — нардай жігіт қуаты.
4958. Нас басқанды бит басар.
4959. Нәпсіге жеңілген патша құл,
Нәпсіні жеңген құл патша.

4960. Нәпсінің тізгінін ақыл тұтсын.
4961. Нәпсінің тізгінін тартпасаң,
Адамдық кетер, ар кетер.
Өмірге өрнек салмасаң,
Дүниеден қалдың құр бекер.
4962. Нәпсісі жоқ сұлтан болмас,
Жағасы жоқ шапан болмас.
4963. Нәпсі, шайтан — егіз, жамандыққа негіз.
4964. Нәсілі жаман сиырдан өлі бұзау туады.
4965. Не жардан кеш, не жаннан кеш.
4966. Немере етін жеп, сүйегін береді.
4967. Не мойын кетер, не құрық кетер.
4968. Ненің қызығын көп көрсең,
Соның күйігін көп тартасың.
4969. Несиеге ет жесең,
Сүйегі ішегіңді тырнайды.
4970. Неше аталы болсаң да,
Туып өскен ел артық.
Ұлтарақтай болса да,
Кіндік кескен жер артық.
4971. Ниеті алаға айтсаң сырыңды,
Әйтеу бір сындырар қырыңды.
4972. Ниеті жаманның қазаны тесік.
4973. Нәсер алдында нажағай ойнайды.

О

4974. Ожардың қолына дес тисе,
Оңдырмайды.
Аң терісін теріс кисе,
Тоңдырмайды.
4975. Озбыр олжа үшін өледі,
Күншіл күндеумен бөледі.
4976. Озған ел тарихын таспен жазады,
Тозған ел тарихын жаспен жазады.
4977. Озған — мұрат, қалған — ұят.
4978. Ой ақылдан жүйрік емес.
4979. Ой — ауыс, ырыс — жұғыс.
4980. Ойда жүргенше, ортада болсын.
4981. Ойда он сиырдың мүйізі сырқыраса,
Қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырайды.
4982. Ойда сиырдың мүйізі сынса,
Тауда бұғының мүйізі сырқырайды.
4983. Ойдың түбі — терең,
Ақылдың түбі — берен.
4984. Ой — кезбе, көңіл — делбе.
4985. Ой да көп, уайым да көп, ойлай берсең,
Ой да жоқ, уайым да жоқ, ойнай берсең.
4986. Ойлай білсең, дана боларсың,
Ойнай берсең, бала боларсың.
4987. Ойлы адам өсекке құлақ түрмейді,
Ойсыз адам жел беріп үрлейді.

4988. Оймақ пішсең де, ойлап піш.
4989. Ойнақтаған бота от басар.
4990. Ойнамай бала өспейді,
Ойнақтамай төл өспейді.
4991. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
4992. Ойнап сұрағанға, шындап жауап айт.
4993. Ойнаса да, ойындағысын айтады.
4994. Ойнасыңа сенем деп үйсіз қалма.
4995. Ой ойласаң, тең ойла,
Тең ойласаң, кең ойла.
4996. Ой өлшейді, ақыл теңшейді.
4997. Ой сергімей, бой сергімейді.
4998. Ойсыз ұлдан, мисыз құл.
4999. Ой түбінде алтын бар,
Ойлай берсең, табарсың.
Қанша ұзақ болғанмен,
Жүре берсең, барарсың.
5000. Ойшыл тереңге бойлайды.
5001. Ойшы ой ойлағанша, тентек ісін бітірер.
5002. Ойында да шынның атасы бар.
5003. Ойында өрелік, тойында төрелік жоқ.
5004. Ойыннан от шығады.

5005. Ойын сөзге шын жауап.
5006. Ойын түбінен от шығар.
5007. Ойын түбі шынға кетеді,
Шайтан түбі жынға кетеді.
5008. Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.
5009. Оқу түбі — тоқу.
5010. Оқыған намазынан төккен суы көп.
5011. Оқығанның беті жарық,
Оқымағанның беті көн шарық.
5012. Оқы да біл, ойна да күл.
5013. Оқымаған бір бала, оқыса, екі бала.
5014. Оқырлас аттың мінезі жұғады.
5015. Оқысаң — озарсың,
Оқымасаң — тозарсың.
5016. Олай тартсаң, өгіз өледі,
Бұлай тартсаң, арба сынады.
5017. Олақ әйелдің тіршілігі бітік келеді.
5018. Олақ жігіт оңай іске күш салар.
5019. Олаққа оймақ жақпайды.
5020. Олаққа оймақ сылтау,
Жалқауға жоқ сылтау.
5021. Олақ қатынның арманы оймақ.

5022. Олақ қатын оймаққа жарымас.
5023. Олақ қатын отбасының жұты.
5024. Олақ қатын ұл туса,
Иә шүмегі жоқ, иә түбегі жоқ.
5025. Олақтан салақ жаман.
5026. Ол бетінді ұрса, бұл бетінді қоса бер,
Шапаныңды сұраса, көйлегінді қоса бер.
5027. Олжа құған орға түсер.
5028. Олжаң кеміс болса, ісің кеңіс болады.
5029. Омарталы бал жалар,
Қанжарлы қан жалар.
5030. Омыртқаны ұстап отырғанша,
Қабыртқаны алып қағып тастай бер.
5031. Омыртқаңмен ойлас,
Қабырғаңмен кеңес.
5032. Он аққуға бір басшы.
5033. Ондай-ондай ханның қызында да болады.
5034. Он екі мүшең сау болса,
Дәулет емей немене.
5035. Он екі мүшең сау болса,
Жарлымын деме.
Жаныңда жараң болмаса,
Зарлымын деме.
5036. Он екі мүшең сау болса,
Жарлымын деме.

Қасыңда жарың болса,
Жалғызбын деме.

5037. Он екі мүшең сау болса,
Сәулет емей немене.
Он саусағың сау болса,
Дәулет емей немене.
5038. Он жыл бұрын өлсе де,
Ортада жүрер кемеңгер.
Жер басып сау жүрсе де,
Топасты тірі демеңдер.
5039. Он итке талатқанша, бір бөріге жегіз.
5040. Он сегізге толмай бой болмас,
Отызға келмей ой болмас.
5041. Он үшінде ұл ұлан,
Он алтыда қыз ұлан.
5042. Оңай олжа оңалтпас.
5043. Оңбайтын бала әкесіне қойған басын жейді.
Жалқау қойшы әуелі ауылының қасын жейді.
5044. Оң бетіңді осқанға
Сол бетіңді тоса бер.
Шапаныңды шешкенге
Көйлегіңді қоса бер.
5045. Оң көзіңе сол көзің қарауыл болсын.
5046. Оңқа ойын бұзар,
Тентек тойын бұзар.
5047. Оң қолым, сол қолым — бәрі өз қолым.
5048. Опасызда Отан жоқ.

5049. Опасыздың көпірінен өткенше,
Опалының өзеніне ағып кет.
5050. Опасыз жаннан ойнақы ат артық.
5051. Опаға барған ағарар,
Жосаға барған қызарар.
5052. Опа жаққан ағарар,
Қына (жоса) жаққан қызарар.
5053. Орманды көлге құс үйір,
Көңілді үйге кісі үйір.
5054. Орман тамырдан, ақыл сабырдан қуат алады.
5055. Орнынан қозғалған тас орнықпайды.
5056. Ортақ өгізден оңаша бұзау артық.
5057. Орынсыз сөз өзіңе тиер.
5058. Осал жауды қор тұтпа,
Жағалы жаудан қорықпа.
5059. Отамалы жақсылығына бақса, от алғанша,
Жамандығына бақса, ойылған жұт.
5060. Отамалы оңына айналса, от алғанша,
Оңына айналмаса, ойылған жұт.
5061. Отамалы от алғанша,
Басынан керегінің шырт алғанша.
5062. Отаннан айрылған адам оңбас,
Отарынан айрылған мал оңбас.
5063. Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.
5064. Отардағының орны ашиды.

5065. Отанын сатқан — ант атқан.
5066. Отанын сүйген ер жылар.
5067. Отаудың да, орданың да жұмысы бір,
Үлкеннің де, кішінің де тынысы бір.
5068. От жақпаған үй қорамен тең,
Кісі кірмеген үй моламен тең.
5069. От жақпа, өзің пысасың,
Ор қазба, өзің түсесің.
5070. От көктен, су таудан түседі.
5071. Отқа барған қатынның отыз ауыз сөзі бар.
5072. Отқа барған қатынның отыз ауыз сөзі бар,
Қиға барған қатынның қырық ауыз сөзі бар.
5073. Отқа жақын күйеді, қорқақ деген дұрыс.
Ажал жетпей өлмейді, батыр деген дұрыс.
5074. Отсыз тамақ пыспас,
Оқымай сабақ қонбас.
5075. Оттықты бұзатын — отын,
Жігітті бұзатын — қатын.
5076. Отты түрткілеген өшірер,
Қоңсыны түткілеген көшірер.
5077. Отты үрлеген жағады,
Шындықты іздеген табады.
5078. От шаласынан ой шаласы жаман.
5079. Отырған қыз орнын табар.

5080. Отырса, отбасында,
Көшсе, көш басында.
5081. Отызға келгенше отын,
Қырыққа келгенде қатын болдық.
5082. Отызда орда бұзбағанның
Қырқында «Қырым жоям» дегеніне сенбе.
5083. Отыз тістен шыққан сөз,
Отыз ру елге таралар.
5084. Отызында орда бұзбасаң,
Қырқында қырқа аспассың.
5085. Отызында орда бұзбасаң,
Қырқында қырып келдім дегеніңе ешкім сенбейді.
5086. Отын олжа, су қорлық.
5087. Отырам деп еріншек өлер,
Жаманға жақсылық істеймін деп көңілшек өлер.
5088. «Отырам» деп еріншек өлер,
«Риза етем» деп көңілшек өлер.
5089. Отырған қыз мұңшыл,
Үйленбеген жігіт топшыл.
5090. Ошақты ойға тартқанда,
Ошақсыз қырға тартады.

Ө

5091. Өгей шешенің өпкенінен,
Өз шешенің тепкені артық.
5092. Өгей шеше сенімсіз,
Өгей бала көңілсіз.

5093. Өгізге ноқта салма алтын теңдеп,
Оқыралар «дүниеде күшті мен» деп.
5094. Өгізге туған күн бұзауға да туады.
5095. Өгізді көрген бұзау оңбайды.
5096. Өгізді оқыра аздырар,
Естіні ой аздырар.
5097. Өгізді өрге айдағанның өмірі өксиді.
5098. Өгіз қарын майыңды өлгенде бастаймысың,
Көкек айы туғанда итке тастаймысың.
5099. Өгіз өлгенінше өседі.
5100. Өгіз өлетін жерінде мәңірейді.
5101. Өжеттен өлім қорқады.
5102. Өз ақылым ақыл-ақ,
Кісі ақылы шоқырақ.
5103. Өз ақылын шамалаған қор болмас.
5104. Өз балаңды өзекке тепсең де, кетпейді,
Кісі баласы кісендесең де, тұрмайды.
5105. Өз басыңды дауға берсең де,
Жолдасыңды жауға берме.
5106. Өзбектің кигенін ал,
Қазақтың мінгенін ал.
5107. Өзбек — өз ағам.
5108. Өз білмегеніңді кісіден сұра,
Үлкен болмаса, кішіден сұра.

5109. Өзгеге сүйену уақыттық,
Өзіңе сүйену мәңгілік.
5110. Өзге елге ұл болғанша, өз еліңе құл бол.
5111. Өзгені қосыла жамандасқан
Өзіңді жосыла жамандайды.
5112. Өзгенің таудайынан өзіңнің тарыдайың жақсы.
5113. Өзектен шыққан өрт жаман,
Өзіңнен шыққан жат жаман.
5114. Өзекті жанға бір өлім.
5115. Өз елімнің басы болмасам да,
Сайының тасы болайын.
5116. Өз елінде шекпен пішпеген,
Кісі елінде мақпал пішеді.
5117. Өз елін қорсынған
Кісі елінде қор болар.
5118. Өз еліңде бойың сый,
Кісі елінде киім сый.
5119. Өзен бойы тұрғанда,
Өзге жерге қонбаңыз.
5120. Өзен жағалағанның өзегі талмас.
5121. Өзеннің басы болғанша,
Суының тасы бол.
5122. Өзен ортасынан қатпайды,
Жамандық жасырынып жатпайды.
5123. Өз етігің тар болса,
Дүниенің кеңдігінен не пайда.

5124. Өз жарыңды жаттай күт, жат көрсін де түңілсін.
Бір-біріңді қадір тұт, жұрт үлгі алсын, үңілсін.
5125. Өз жұрты — күншіл,
Қайын жұрты — сыншыл,
Нағашы жұрты — күйшіл.
5126. Өз көшесінде жаман ит те жолбарыс.
5127. Өз күшіңді егіз деме,
Басқаның күшін сегіз деме.
5128. Өз күшіңді өгіз десең,
Көптің күшін теңіз де.
5129. Өз қатесін көрмеген
Кісінің қатесін сезбейді.
5130. Өз қолыңда болмаса, әкең де жат.
5131. Өз мұрным пұшық болғанмен,
Пысық болған кісіні жақтаймын.
5132. Өз мінін білмеген
Басқаның сынын білмес.
5133. Өз өлтірмейді,
Жат жарылқамайды.
5134. Өз тілің өзіңе жау.
5135. Өз ұлың өкпеге тепсең де, кетпес,
Кісі баласы кісендесең де, тұрмас.
5136. Өз үйім, кең сарайдай боз үйім.
5137. Өз үйім — өлең төсегім.
5138. Өз үйінде ою оймаған
Кісінің үйінде сызу сызады.

5139. Өз үйіңде отыңды жақ,
Кісі үйінде аузыңды бақ.
5140. Өзі болған қыз төркінін танымас.
5141. Өзі білмегеннің аузына қарама.
5142. Өзі жақсы кісіге
Бір кісілік орын бар.
5143. Өзі жарымағанның сарқытын ішпе.
5144. Өзі жарымағаннан сарқыт артылмас,
Сарқыт артылса да, жарып артылмас.
5145. Өзі жетілген төркінін танымас.

II

5146. Пайғамбар да күйеуін сыйлапты.
5147. Пайдасыз баланы қарағым деме,
Өтпес қаруды жарағым деме.
5148. Палуанға оң-терісі бірдей.
5149. Палуандықты әл біледі,
Мырзалықты мал біледі.
5150. Палуанның жаманы жығылған соң қалтаяр,
Күзетшінің жаманы алдырған соң талтаяр.
5151. Панасыз сайдан без,
Пайдасыз байдан без.
5152. Пара баққан билерден,
Қора баққан ит артық.

5153. Пәлелі көтке бармағыңды сұқсаң,
Тырнағы ішінде қалады.
5154. Пәлен жерде алтын бар,
Іздеп барсаң, бақыр да жоқ.
5155. Пәлен жерде бақыр бар,
Іздеп барсаң, шелек те жоқ.
5156. Пәлені қара тана бастады.
5157. Пері білмегенді кәрі біледі.
5158. Періште қалғыса, шайтан жол табады.
5159. Пейілі жаман пәлеге жолығады,
Бітпейтұғын жалаға жолығады.
5160. Пейілі кеткеннің беделі кетеді.
5161. Пейіліңді кеңге сал,
Қырманьңды дөңге сал.
5162. Пұшыққа айна ұсынсаң, шамданады.
5163. Пысық боламын деп, пұшық болма.
5164. Пышағыңды киіз кескенге берме,
Мүйіз кескенге берме.
5165. Пышағыңның күмісінен қарап,
Өтпесіне болайын.
5166. Пышақ берсең, шынымен бер,
Шынымен берсең, қынымен бер.
5167. Пышақ болмас жетесіз,
Өзі болған жігіттің
Тегін қарап нетесіз.

5168. Пышақтың асылы дүзінен белгілі,
Бүркіттің қыраны көзінен белгілі.
5169. Пышақтың жүзіне қарап,
Қыры жұмыс істейді.
5170. Пышақтың сабы кеспейді, дүзі кеседі,
Әділетті бидің әйелі кеспейді, өзі кеседі.
5171. Пышақтың суын ұста табады.
5172. Піл көтермегенді тіл көтереді.
5173. Піскен асқа тік қасық.

Р

5174. Расы аздың досы аз.
5175. Рахаттың түбі — кейіс,
Бейнеттің түбі — кеңіс.
5176. Рахымы жоқ адамнан
Рахымы бар ит жақсы.

С

5177. Сәттілікке тәттілік.
5178. Сәтін салған ауруға
Не болса сол ем болады.
5179. Сәті түскен іске сәлден себеп болар.
5180. Сәуегейге сайтан үйір.
5181. Сәуір болмай, тәуір болмас.

5182. Сәуір болса, күн күркірер.
5183. Сәуір болса, күн күркірер.
Күн күркіресе, көк дүркірер.
5184. Сәуірдегі жауын,
Сауып тұрған сауын.
5185. Секемшіл әкеден үркек бала туады.
5186. Сексен дегенше жермен-жексен де.
5187. Сексенде сегіз байлық,
Сегіз жарлылық.
5188. Сексен көрейін деген жасым ба еді,
Быламық ішейін деген асым ба еді.
5189. Сексен шықпай, тоқсан кірмейді.
5190. Сел — жер бетін жуар,
Сын — ер бетін жуар.
5191. Селтеңдеген жігіттің серкесінің соры.
5192. Себелеп өткен жауыннан
Желіп өткен су артық.
5193. Сегіз қырлы балықты тоғыз қырлы
жігіт алады.
5194. Сызген емес, көргеніңді айт.
Естіген емес, білгеніңді айт.
5195. Сезікті секіреді.
5196. Сенген тауда киік жатпас.
5197. Сен деген семіз сөз.

5198. Сенде жазық жоқ,
Менде азық жоқ.
5199. Сен Құдайға жеткенше,
Мен ауылға жетермін.
5200. Сен қылғанды мен қылдым,
Сенен артық не қылдым?
5201. Сен оқысаң, мен тоқығам.
5202. Сен салар да мен салар,
Атқа жемді кім салар?
5203. Сенікі-менікі — көңіл тардікі.
5204. Сенімсіз көпірді баспа, су ағызып кетеді.
Сенімсіздің асын ішпе, астан ажал жетеді.
5205. Сенің атың тұра тұрсын,
Менің атым жүре тұрсын.
5206. Семіздікті қой көтерер.
5207. Семіздің аяғы сегіз.
5208. Семіз қойдың ғұмыры қысқа.
5209. Семіз малды берік бақ,
Арық малға беріп бақ.
5210. Семіз мал қыстан майын жеп шығар,
Арық мал жанын жеп шығар.
5211. Сенбесіңнің сөзін тыңдама.
5212. Сен бұтаны көтерсең, бұта сені көтерер.
5213. Сенген қойым сен болсаң, күйсеген ауызыңды...

5214. Сенген серкем сен болсаң,
Күйсеген ауызыңнан айналайын.
5215. Сенің табаныңа кірген тікен
Менің маңдайыма кірсін.
5216. Серт берген шегінбес,
Еңбек еткен ерінбес.
5217. Серт — екі жүзді қанжар.
5218. Сиынғаныңнан сүйенгенің күшті болсын.
5219. Сиыр алсаң, танып ал,
Танымасаң, тарғыл ал.
5220. Сиыр бағу тілесе де, бап тілемейді.
5221. Сиыр баққанда бірге едік,
Жаңғақ шаққанда бөліндік.
5222. Сиыр бауырынан,
Жылқы сауырынан жаурайды.
5223. Сиырға күміс ер-тоқым жараспас.
5224. Сиырдың мүйізінен ұрса,
Тұяғы сырқырайды.
5225. Сиыр сушыл келеді,
Пасық адам күншіл келеді.
5226. Сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды.
5227. Сиырдың сүті тілінде,
Жігіттің құты білімде.
5228. Сиыр жайған тоқ болар,
Уайымы жоқ болар.

5229. Сиырлының үйі айран,
Сиырсыздың үйі сырдаң.
5230. Сиыр мүйізінен жазады,
Аңғырт тілінен жазады.
5231. Сиыр сипағанды білмейді,
Жаман сыйлағанды білмейді.
5232. Сиыр судан жериді,
Су сиырдан жериді.
5233. Сиыр судан, түйе күннен,
Жылқы желден, ешкі тастан,
Адам топырақтан жаралған.
5234. Сиыр су тастамайды,
Қатын үй тастамайды.
5235. Сойса, қозы өледі,
Соймаса, өзі өледі.
5236. Сойылды сала білмеген өзіне тиер.
5237. Сойылмен ұрғанша сөзбен ұр.
5238. Соқпа өркеш нар болсаң да, түйе түлігісің,
Алтын тақты хан болсаң да, адамның бірісің.
5239. Соқыр айғырға тыртық байтал.
5240. Соқыр атқа қотыр ат үйір.
5241. Соқырға жол да тайғақ.
5242. Соқыр сауды жетелемес.
5243. Соқыр төренің көзі алтын десе жарқырайды.

5244. Соқыр туғаннан,
Содыр туған жаман.
5245. Солақайға сол оң қол.
5246. Солпы жүре түзеледі.
5247. Сом темірге балға бар,
Сомсынғанға Алла бар.
5248. Соңғы түйенің жүгі ауыр.
5249. Сорлыға сойыл бұрын тиеді.
5250. Сорлыға сойылдың жуан басы тиер.
5251. Сорлы кісі мөрлі кісімен алысады.
5252. Соқырға жол көрсетсең,
Өзім таптым дейді.
5253. Соқыр десе, Құнанбайға тиеді.
5254. Соқырдың алдында билеме,
Саңыраудың алдында сөйлеме.
5255. Соқырдың еліне барсаң, көзіңді қыс,
Ақсақтың еліне барсаң, аяғыңды көтер.
5256. Соқырдың көзі көңілінде.
5257. Соқырдың қолына түспе,
Саңыраудың астына түспе.
5258. Соқыр көзіне сенбейді,
Қолымен көреді.
5259. Соқыр көргеннен жазбайды.

5260. Соқыр мысыққа өлі тышқан жолығар.
5261. Сорлы қатын алса, таң қысқарады.
5262. Сорпа тимес жерден сүбе дөметпе.
5263. Сортаңға ел қонбайды,
Сорлыға ақыл қонбайды.
5264. Сорлы қатын жасқа тиер,
Сынатын тіс тасқа тиер.
5265. Сорлы құдыққа түссе, құм басар.
5266. Сорлының аты қара жарыста озады.
5267. Сорлының бағы жүрмес,
Сормаңдайдың малы жүрмес.
5268. Сорлының көзі — шорлы.
5269. Сорлының қонағы сиыр түсте келеді.
5270. Сорлы ырым етер,
Ырымы қырын кетер.
5271. Соры бар жігітке сортаң жер жолығар,
Айналасы ойпаң жер жолығар.
5272. Сөйлей білмес жаманның сөзі өтпес
бір пышақ.
Сөз білетін адамның әр сөзіне бір тұсақ.
5273. Сөйлесем, тілім күйер,
Сөйлемесем, ділім күйер.
5274. Сөз асылы дауда,
Шөп асылы тауда.

5275. Сөз атасы — құлақ,
Жол атасы — тұяқ,
Су атасы — бұлақ.
5276. Сөз атасы — сәлем.
5277. Сөз атасы — шын.
5278. Сөз баққанмен көршілес болма,
Көз баққанмен еншілес болма.
5279. Сөз бастағанның бәрі шешен болмас,
Топ бастағанның бәрі көсем болмас.
5280. Сөздің көркі — мақал,
Жүздің көркі — сақал.
5281. Сөзді ойлап де,
Нанды шайнап же.
5282. Сөздің өтімдісін шешен табады,
Жолдың төтесін көсем табады.
5283. Сөздің турасы күшті,
Түйенің бурасы сұсты.
5284. Сөз жүйесін тапса,
Мал иесін табар.
5285. Сөз — қамшы,
Білім — тамшы.
5286. Сөз қуғанға пәле жолығады,
Жол қуғанға қазына жолығады.
5287. Сөз қуған пәлеге жолығар,
Шаруа қуған қазынаға жолығар.

5288. Сөз — бейнет,
Без көйлек болар.
5289. Сөз бергенге ерме,
Без бергенге ер.
5290. Сөз бойдаққа,
Жүк тайлаққа.
5291. Сөзге бағынбаған оққа бағынады.
5292. Сөзге сөз келгенде,
Сөйлемегеннің әкесі өлер.
5293. Сөзге сөз келгенде,
Сөйлемесе, атасы өлер.
5294. Сөзді ауыздан шығарудан ілгері дәмін алып көр.
5295. Сөздің азы жақсы,
Тағамның тұзы жақсы.
5296. Сөздің басы бір пышақ, аяғы бір құшақ.
5297. Сөздің басы қатты болса, аяғы төтті болады.
5298. Сөздің бәрі мақал емес,
Жүннің бәрі сақал емес.
5299. Сөзін жоғалту — өзін жоғалту.
5300. Сөзіңді айт ұққанға,
Айтып-айтпай не керек
Құлағына мақта тыққанға.
5301. Сөзіңді біреу сөйлесе,
Аузың қышып бара ма.

5302. Сөзің қысқа болсын,
Қолың ұста болсын.
5303. Сөзің тәтті болсын,
Ашуың қатты болсын.
5304. Сөзің тыңдалмаса, қалсын,
Айтар сөзің қалмасын.
5305. Сөйлеген ақымақ болса да,
Тыңдаған ақылды болсын.
5306. Су ағады, тас қалады,
Көрі өледі, жас қалады.
5307. Су аяғы құрдым.
5308. Сөз салысқан даңға ортақ,
Ат салысқан дауға ортақ.
5309. Сөз салысқан дауға ортақ,
Атсалысқан жауға ортақ.
5310. Сөз сөйлесең, кеңінен,
Отын артсаң, теңімен.
5311. Сөз сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді.
5312. Сөз тапқанға қолқа жоқ.
5313. Сөз түйінге келер,
Аққан ағаш иінге келер.
5314. Сөзшең болғанша, ісшең бол.
5315. Сөзшең ем деп өсекшіл болма,
Кеңпейіл ем деп жетекшіл болма.

5316. Сөз шындықты табар.
5317. Сөз шынына тоқтайды,
Пышақ қынына тоқтайды.
5318. Судан тонын аямаған,
Жаудан жанын аямас.
5319. Су да төмен қарай ағады,
Кішпейілділік адамға жағады.
5320. Суды көп ішсе, шалшық,
Сөзді көп сөйлесе, тантық.
5321. Суды құм бөгейді,
Дауды қыз бөгейді.
5322. Судың кеудесін биік басады,
Сұлудың кеудесін жігіт басады.
5323. Судың кеудесін көпір басады,
Сұмның кеудесін өкім басады.
5324. Судың тұнығы басынан шығады,
Жақсының аты жасынан шығады.
5325. Суды шым тоқтатар,
Сөзді шын тоқтатар.
5326. Су аяғы — ер Қорқыт.
5327. Су анасы — бұлақ.
5328. Су атасы — шым,
Сөз атасы — шындық.
5329. Суатсыз жерден суға түсіп,
Буынсыз жерге пышақ ұрма.

5330. Су басынан бұзылар,
Балық басынан шірір.
5331. Су болмай балық аулауға болмас,
Жүз жыртпай дау даулауға болмас.
5332. Суға кеткен тал қармайды.
5333. Суға ұрған қамшының табы түспейді.
5334. Су да басынан тұнады.
Су — жердің қаны,
Жер — адамның жаны.
5335. Су жетпейін демейді,
Жар жеткізбейді.
Ер жетпейін демейді,
Мал жеткізбейді.
5336. Су жеті домаласа алал.
5337. Су жүрген жер шүлен.
5338. Су кетіп, тас қалар,
Шаш кетіп, бас қалар.
5339. Су кешпей, кебісінді шешпе.
5340. Су көп басса, жер азады,
Қайғы көп басса, ер азады.
5341. Су қаймағы мұз болар,
Ел өрісі қыз болар.
5342. Сулы жер құрақсыз болмас,
Таулы жер бұлақсыз болмас.
5343. Сулы жер — нулы жер,
Бұлақты жер — тұрақты жер.

5344. Сумаңдаған тіл сырқыраған тіске тиеді.
5345. Су сағасы — бұлақ,
Сөз сағасы — құлақ.
5346. Су сүзіледі батпақ болса,
Сүйек үзіледі шатпақ болса.
5347. Су сүзілмейді,
Сүйек үзілмейді.
5348. Су сүреңін табады.
5349. Сусыз жерге тал өспейді,
Айдап баққан мал өспейді.
5350. Сусыз жердің шөбі аясыз,
Ұлсыз ердің малы аясыз.
5351. Су тасыса, жиегіне.
5352. Су түбінде жатқан зат,
Жел толқытса, шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса, шығады.
5353. Суық қайда болса, жылу сонда.
5354. Суық сөз құлақтан кірсе,
Құрсағыңа мұз қатар.
5355. Суын таппағанды жасығым деп тастама,
Сырын білмегенді батырым деп мақтама.
5356. Суын ішкен бастауыңды ұмытпа,
Асын ішкен астауыңды ұмытпа.
5357. Суыңның басы батпақ болса,
Аяғы ылай болады.

5358. Суыртпақтан жинасаң,
Сорлыға көйлек болады.
5359. Су ішкен құдығыңа түкірме.
5360. Сұлуда опа жоқ,
Суда жоса жоқ.
5361. Сұлудың жүзі алдауға бейім.
5362. Сұлудың қамы болмайды.
5363. Сұлуды таңдама, ақылын таңда,
Көжені таңдама, қатығын таңда.
5364. Сұлуынан жылуы.
5365. Сұмырай келсе, су құрыр.
5366. Сұңқар екі теппес,
Наданды білгіш сөкпес.
5367. Сұңқар қиясын, торғай ұясын сағынады.
5368. Сұңқар самғасынан байқатар,
Қарға қалжасынан байқатар.
5369. Сұңқар шашып жейді,
Бөктергі бауырына басып жейді.
5370. Сұрағанда берген тұрымтай,
Сұңқар орнына жүреді.
5371. Сұрай-сұрай Мекеге де барады.
5372. Сұрай, сұрай сұңғыла болар.
5373. Сұрақшыдан дүңше жаман.

5374. Сұрап бергенше, соғып (ұрып) бер.
5375. Сүзеген сиырға Құдай мүйіз бермейді.
5376. Сүйген жарым сен болсаң,
Көрген күнім не болар.
5377. Сүйгеннің айыбы білінбейді.
5378. Сүйгеніңді іздесең,
Жел оңынан тұрар.
5379. Сүйген іс сүйкімді.
5380. Сүйдіретін де — тіл,
Бездіретін де — тіл.
Еркелететін де — тіл,
Желкелететін де — тіл.
5381. Сүйек сынса, ет жасырар,
Тіс сынса, бет жасырар,
Қол сынса, жең жасырар.
5382. Сүйек тамыр сүйенісіп, күн көреді,
Ауыз тамыр айтысып, артығын алады.
5383. Сүйекті алып берген кісімнен көрейін бе?
Оны мүжи алмаған тісімнен көрейін бе?
5384. Сүйекті жілігіне қарай бөл,
Адамды жігіне қарай бөл.
5385. Сүйелдің қозылы қойлық жаны бар.
5386. Сүйеуші бар болса,
Сүйек жұтса да, қақалмайды.
5387. Сүймегенге сүйенбе.

5388. Сүймегенге сүйкенбе, бағаң кетеді,
Мың ділдалық басыңды бір тиын етеді.
5389. Сүймеген жардың ерні суық.
5390. Сүймей алған сұлудан,
Сүйіп алған су мұрын артық.
5391. Сүйреңдеген қызыл тіл
Сүйгеніңнен айырар,
Иә жауынды қайырар.
5392. Сүйреп салған ит түлкі алмас.
5393. Сүйреп салған тазы түлкі алмайды.
5394. Сүю оңай, күйю қиын.
5395. Сүю — сұлу емес, сүйген — сұлу.
5396. Сүмбіле туар жылтиып,
Ат семіреп құнтиып.
5397. Сүмбіле туса, су суыр.
5398. Сүңгінің жарасы бітер,
Тіл жарасы бітпес.
5399. Сүтке ымырақ, сиырға өш.
5400. Сүтпен бірге біткен мінез сүйекпен кетеді.
5401. Сүт сұрай келіп шелегіңді жасырма.
5402. Сүтсіз қой маңырауық.
5403. Сыбырлағанды Құдай естімейді дейсің бе?
5404. Сыйласу екі кісіге бірдей.

5405. Сыйға — сый, сыраға — бал.
5406. Сыйларға асың болса,
Сипарға тілің болсын.
5407. Сыйларға асың жоқ болса,
Сипарға тілің болсын.
5408. Сыйласқанға не жетсін,
Сөйлескеннен не кетсін.
5409. Сыйласқанның суын іш.
5410. Сыйласуға жат жақсы,
Жыласуға өз жақсы.
5411. Сыйлылық қымбат емес, сүю қымбат.
5412. Сыйшылдың қонағы сая саяламайды.
5413. Сылбырдың аты шылбырына сүрінер.
5414. Сына жондым дегенше,
Сынға түстім де.
5415. Сын түзелмей, мін түзелмейді.
5416. Сыншының қасиеті көзінде,
Сұңғыланың қасиеті сөзінде.
5417. Сынық арба көпке шыдар.
5418. Сынық арба көп кешер.
5419. Сыныққа сылтау.
5420. Сыныққа сылтау,
Құлақсызға мылқау.

5421. Сынықсынған сұлуды
Үй болғанда көрерміз.
Шешенсіген жігітті
Би болғанда көрерміз.
5422. Сынықтан өзгенің бәрі жұғады.
5423. Сыпайымен тамыр болма,
Жаңа байығаннан қарыз алма.
5424. Сыпайыны арығында көр.
5425. Сыпайының сипағаны білінбес.
5426. Сыпайыны үйде көрме, түзде көр.
5427. Сыпайы сырын жасырмас,
Пұшық мұрнын жасырмас.
5428. Сыпайы тоңбас, қалтырар.
5429. Сыпырғы келсе, шаң қашар.
5430. Сыр айтқаны — сенгені,
Сын айтқаны — сүйгені.
5431. Сыралғы аңшы із таниды,
Зерек жігіт қыз таниды.
5432. Сырдың суы сирағымнан келмейді.
5433. Сырт көз сыншы.
5434. Сыртқа шықса, жігіттің
Таудай болар талабы.
Үйіне келсе, табылмас
Айран менен шалабы.

5435. Сырттан жалғыз,
Берібасар жеке,
Қыран жалқы туады.
5436. Сырттан отырған сыншы болады.
5437. Сырты жалтырауықтың
Іші қалтырауық.
5438. Сыртынан сөгу — сырдақының ісі.
5439. Сыртын көріп, ішінен түңілме,
Қарасын көріп, күшінен түңілме.
5440. Сыртың сайлы болғанша,
Ішің майлы болсын.
5441. Сырты сырлы болғанша,
Іші шырлы болсын.
5442. Сырықтың тегі шыбық,
Шыбықтың тегі ұрық.
5443. Сырын білетін әкеңе өзің Құран оқы.
5444. Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.
5445. Сырын білмеген періштеден,
Сырын білген шайтан артық.
5446. Сіз-біз деген жылы сөз,
Тірліктің ғаниметі.
5447. Сіз деген әдеп,
Біз деген көмек.
5448. Сіз деген сөз — сөздің келіні,
Өтірік сөз — сөздің желімі.

5449. Сіз деген — сыпайылық,
Сен деген — анайылық.
5450. Сіз десең, нең кетеді,
Сен десең, қанша кегің кетеді.
5451. Сіз тұрыпсыз тікейіп,
Біз тұрыппыз тікейіп,
Жерге түскен қамшыны
Кім алады еңкейіп.
5452. Ісмердің байлығы қолында,
Кемеңгердің байлығы жолында.
5453. Сіңбес астың бөгеуі көп.

T

5454. Таба жолы тар.
5455. Табанды тауды жығады,
Таймаған дауды жығады.
5456. Табаннан мөр кетсе, түйе тайғақ,
Екі көзден нұр кетсе, кәрі тайғақ.
5457. Табашыл достан сақтан,
Жыртылған қостан сақтан.
5458. Табы бірдің ары бір.
5459. Табыс талаппен жолдас,
Еңбек тамақпен жолдас.
Жоқшылық салақпен жолдас,
Соғыс таяқпен жолдас.
5460. Тағам тән семіртеді,
Аң жан семіртеді.

5461. Тағасыз ат тасырқағыш.
5462. Тағасының күмісіне мақтанба,
Атыңның жүрісіне мақтан.
5463. Тағдырдың талаптан артық сыйы жоқ.
5464. Таза, мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза, мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
5465. Таз әулекі келеді,
Боз ойнақы келеді.
5466. Таз баланың көңілі болмаса да,
Таза баланың көңілі бар.
5467. Таз баласын қауып сүйер.
5468. Таздан жарғақбас туар,
Жалқаудан мал бақпас туар.
5469. Таяқ малшыға серік,
Тазы аңшыға серік.
5470. Таяқтан тайсалмасаң,
Семсерден сескенбейсің.
5471. Тайдың мінілгені білінбес,
Баланың істегені білінбес.
5472. Тай тулап үйірінен шықпас.
5473. Тайынша тулап ыңыршақ шақпайды.
5474. Төкашар адам жауапқа жарытпас.

5475. Тәкашпардың жүрегі
Көк тіреген таумен тең.
Жаман достың тілеуі
Жасырынған жаумен тең.
5476. Тақыр жерге су төксең,
Жүруге тайғақ болар.
Жаманға сырыңды айтсаң,
Тар жерде айғақ болар.
5477. Тазды ер болмайды деме,
Сазды жер болмайды деме.
5478. Таздың көзі шашта,
Қыздың көзі қаста.
5479. Тазды таз десе, өлгісі келеді,
Сауды таз десе, күлкісі келеді.
5480. Таз есіктен жұғады,
Қотыр қолдан жұғады.
5481. Таз құрдасынан қорқар,
Төре турасынан қорқар.
5482. Таз таранғанша, той тарқар.
5483. Тазы алған түлкіде сын болмас.
5484. Таяз ой терең сырды батырмайды.
5485. Таяз су сарқырап ағады.
5486. Таяз табақтан ішті шара артық.
5487. Талы жоқ тақыр сайдан без,
Қайырымы жоқ байдан без.
5488. Талыққаннан тарыққан қиын.

5489. Тамағы бар аяқ сұлу,
Шабағы бар көл сұлу.
5490. Тамаққа шақырсаң, жорғалай жөнелер,
Жұмысқа шақырсаң, жартастай түнерер.
5491. Тамақты жамандаған — қарынның тоқтығы,
Туысты жамандаған — ақылдың жоқтығы.
5492. Тамақтың бабы дәмдеуде,
Сұлудың бабы сәндеуде.
5493. Тама-тама көл болар.
5494. Там түбінен,
Ағаш ұшынан,
Адам түсінен қартаяды.
5495. Талант иесі болмаса,
Табынушы да жоқ.
5496. Талант иесі көптен шығады,
Жұпар иесі шөптен шығады.
5497. Талап — талмас қанат.
5498. Талапты ерге нұр жауар.
5499. Талаптымен таласпа.
5500. Талаптың жолы тастан ауыр.
5501. Талапты ұғысқақ келеді,
Жалқау құрысқақ келеді.
5502. Таласқан айғырдың үйірі өседі.
5503. Талғамға талас жоқ.

5504. Талшығыңды тоққа санама,
Арбасқан жауды жоққа санама.
5505. Тана пайда бермесе,
Тәңірі пайда бермейді.
5506. Таныған жерде бой сыйлы,
Танымаған жерде тон сыйлы.
5507. Таныған семізін жейді,
Тарыққан егізін жейді.
5508. Танымаған әкесіне шоқпар көтерер.
5509. Танымаған ит пайғамбарға үреді.
5510. Танымас танымасты сыйламас.
5511. Танымасын сыйламас.
5512. Таныс жау атысқанға жақсы.
5513. Танысың көп болса,
Табысың көп болады.
5514. Таң атпайын дегенге күн қоймайды,
Өтірікті қуалап шын қоймайды.
5515. Таң атса, шам жайына қалады.
5516. Тамшы суда тал көгерер.
5517. Тамшы тас теседі,
Жіп ағаш кеседі.
5518. Тамырдан тай сұрасаң,
Қорыққанынан қой береді.
5519. Тамыр тартқан тарықпас.

5520. Тамыр түбі — дау,
Құрбы түбі — жау.
5521. Тамыры бүтін ағаш жоқ,
Бауыры бүтін Алаш жоқ.
5522. Тамырыңнан түйе сұрасаң,
Сыйлағанынан бие береді.
5523. Тамыры терең ағаш қуармайды,
Қайнары терең көл суалмайды.
5524. Тардан кеңіген озады,
Кеңнен тарыған тозады.
5525. Тар жерге тамаша болма,
Кең жерге қорықшы болма.
5526. Тар жерде табысқан
Кең жерде келіседі.
5527. Тар жерде тамақ жегенше,
Кең жерде таяқ же.
5528. Тар қазан тасқалақ,
Мешкей адам ашқарақ.
5529. Тар өрістен кең шиыр артық.
5530. Тартуы бардың артуы бар,
Артуы болмаса, қайтуы бар.
5531. Таңғы тамақ Төңірден.
5532. Таңдаған тазға жолығар.
5533. Таңдаған теңін тапшас.
5534. Таңдайы күйген татып ішеді.

5535. Тапал теректің тамыры жуан болады.
5536. Тапқан анаң емес, баққан анаң.
5537. Тапқан қуанады, таныған алады.
5538. Тапқан сөз тауды да төңкерер.
5539. Таразы туса, таң суиды.
5540. Тараннан қойсаң жасауыл,
Еліңді жауға алдырар.
5541. Тарғыл сиыр азғанша,
Қара сиырдың қаңқасы қалады.
5542. Тас құласа, тау жаңғырады.
5543. Тасқын кетеді, тас қалады.
5544. Таспен ұрғанды аспен ұр.
5545. Тастап қашатын қыз бар,
Алып қашатын келіншек бар.
5546. Тас,
Тасты жібітетін ас.
5547. Тасты бассаң, кетілер,
Сазды бассаң, жетілер.
5548. Таста тамыр жоқ,
Суда сүйек жоқ.
5549. Тартып жеген қаспақтан
Сұрап жеген сарқын артық.
5550. Тартып үзген (өрген) шабанның ісі,
Өткізіп қуған жаманның ісі.

5551. Тар ұрмақтан кең тозақ артық.
5552. Таршылық болмай,
Кеңшілік болмайды.
5553. Тарыққан табады, еккен емеді.
5554. Тас атқанға ас ат.
5555. Тас жүректі надандар,
Туған елін жамандар.
5556. Тас қадақ болғанмен, тамақ болмайды.
5557. Тас қатты, тасты еріткен ас тәтті.
5558. Татуға тіл, сұлуға сұқ.
5559. Тату үйге тақсірет жоламас.
5560. Тау айланбаса, тас айланады.
5561. Тау айлансаң да, тәуекелмен айлан.
5562. Тау басында тұрмын деме,
Шыңырау-шыңырау қия бар.
5563. Тау белгісі — тас,
Бар белгісі — ас.
5564. Тау белгісі — тас болар,
Бар белгісі — ас болар.
Азған елдің белгісі —
Бір-біріне қас болар.
5565. Тау биігі бұлт астында,
Ат жүйірігі ер астында.
5566. Тау — биік емес, көк — биік,
Көк — биік емес, көп — биік.

5567. Тау биікпін деп көкке жетпес,
Өзен жүйірікпін деп көлден өтпес.
5568. Тас түссе, таңдайдан,
Маржан түссе, маңдайдан.
5569. Тасты жерден тазы жүгіртпе.
Бүргенді жерде бүркіт салма.
5570. Тасыған төгіледі,
Асқан басылады.
5571. Тасыма жігіт тасыма,
Тасыған жетер басыңа.
Шаққыш болсаң шаяндай,
Кім жолайды қасыңа.
5572. Тасым түссе, таңдайымнан.
5573. Тасым түссе, тәлейімнен.
5574. Татқаны бір тағдыр бөлек.
5575. Татсыз темір болмас,
Күрессіз өмір болмас.
5576. Тат темірді жейді,
Қасірет өмірді жейді.
5577. Тат — темірдің соры,
Шер — көңілдің соры.
5578. Таудың қар жамылғаны,
Даланың қарны жарылғаны.
5579. Тауды сай бөледі,
Жақсыны дау бөледі.
5580. Тау кезеңсіз, өлке өзенсіз болмас.

5581. Тау мен дала болмаса,
Жота қайдан шығар еді.
Бура мен інген болмаса,
Бота қайдан шығар еді.
5582. Тау мен тасты су бұзар,
Адамзатты сөз бұзар.
5583. Тау талғарын мақтаса,
Өзен аңғарын мақтайды.
5584. Тау тұрғысымен,
Адам құрбысымен.
5585. Тауық жылғы байлықтың
Жылқы жылы орнын сипар.
5586. Тауықтың тұмсығы — емшегі.
5587. Тау бұлағымен, көл құрағымен сәнді.
5588. Тауға шықпақ оңай,
Таутеке атпақ қиын.
5589. Тауға шықса — киік, суға кірсе — балық.
5590. Таудай қараны тарыдай ақ шешеді.
5591. Таудай істің тарыдай түйіні бар.
5592. Таудан тас құласа, етектегіні ала кетеді.
5593. Тауда туған құланның
Екі көзі таста болар.
Ашаршылықта туған баланың
Екі көзі аста болар.
5594. Тауды биік демендер,
Талаптансаң, шығарсың.

Жауды мықты демеңдер,
Жарақтансаң, жығарсың.

5595. Таудың басын көр де, түбіне барма,
Жақсының өзін көр де, үйіне барма.
5596. Таутеке тауға шықпаса, тұяғы қышиды.
5597. Тәңірі асырағанның тоқтысын қасқыр жемейді.
5598. Тәртіпке бойұсынған құл болмайды.
5599. Тәтті айтқаннан сый алса,
Қатты айтқаннан ұялса — білімді.
5600. Тәтті өтіріктен ашты шындық артық.
5601. Тәтті тіл таяқтан өткір.
5602. Тәубе қылғанға түйе бер.
5603. Тәуекелдің кемесі суға батпайды.
5604. Тәуекелдің нары күшті.
5605. Тәуекел ет те, ас жұт.
5606. Тәуекел тау жығады.
5607. Тәрбие туғанда басталып, өлгенде бітеді.
5608. Тауықты тойғыза алмайсың,
Қызды киіндіре алмайсың.
5609. Тауып сөйлесең — күміс,
Қауып сөйлесең — қылыш.
5610. Таңертеңгі тамақ — дәл тамақ,
Түскі тамақ — бал тамақ,
Кешкі тамақ — зәр тамақ.

5611. Таңертеңгі шайдан соң,
Қонақтың туы жығылар.
5612. Тән көмілсе — Тәңір ісі,
Ой көмілсе — адам ісі.
5613. Тәнім — жаным садағасы,
Жаным — арым садағасы.
5614. Тәні сұлу — сұлу емес,
Жаны сұлу — сұлу.
5615. Тәңір алды — таразы.
5616. Тәңір асыраған тоқтыны бөрі жемейді.
5617. Тәңір мен ата-ананың алғыс-қарғысы бірдей.
5618. Тек жүргенше тегін істе.
5619. Тек жүрсең, тоқ жүресің.
5620. Тек жүрсең, тоқ жүресің, аш та болсаң.
Көп жүрсең, жер танысың, жас та болсаң.
5621. Текті сөзге темір қақпа да ашылады.
5622. Телміріп алған теңгеден,
Терлеп алған тиын артық.
5623. Тең ұстай алмаған,
Тақ ұстай алмайды.
5624. Темірді кеннен ізде,
Бақытты терден ізде.
5625. Темірді қызуында соқ.
5626. Темірдің бір басы ыстық, бір басы суық.

5627. Темірді тат жейді,
Жүректі дерт жейді.
5628. Тебінді жерде жылқы өлмес.
5629. Тегі жақсы тек жүреді,
Текелі киік жай жүреді.
5630. Тегі жаман тойда тонын сұрайды.
5631. Тегінді біл, терең біл.
5632. Тез қасында қисық ағаш жатпайды.
5633. Тез түземегенді сөз түзейді.
5634. Теке де болса, сүті болсын,
Қоян да болса, еті болсын.
5635. Тентек өзін дәу санар,
Жантақ өзін бау санар.
5636. Тентек шоқпар жинайды.
5637. Теңгелі жерде теңдік жоқ.
5638. Тең құрбыңнан кем болсаң, жем боласың.
5639. Тең теңімен, тезек қабымен.
5640. Теңіздің дәмі тамшысынан белгілі.
5641. Теңін тапсаң, тегін бер.
5642. Тере білсе, тезек те қызық.
5643. Терең құдықтың суы тәтті.
5644. Темір кесең, қысқа кес, ұзарту оңай.

5645. Темір мен темірді көмір қосады,
Ер мен ерді өмір қосады.
5646. Темір соқсаң, оттан аяма,
Білімің болса, көптен аяма.
5647. Темірші көміршіге үйір.
5648. Теміршінің қолында, темір иман айтады.
5649. Тентек болсаң, асады,
Жуас болсаң, басады,
Ортаншы болсаң, бағың асады.
5650. Тентекке тіл жаңғырық.
5651. Терең ой батырмайды тұңғиыққа,
Таяз ой тіреп тынар бір тұйыққа.
5652. Терлі өлмейді, борышты өледі,
Қайғылы өлмейді, қарыздар өледі.
5653. Тесігін тығындаса, жыртығы көрінеді.
5654. Тесік жыртыққа күліпті.
5655. Тесік моншақ жерде қалмас.
5656. Тиген сөз — тығын,
Тимеген сөз — шығын.
5657. Тоғыз жыл тоқ болсаң да,
Тобық етін тастама.
Алты жыл аш болсаң да,
Асық етін жеме.
5658. Тоғыз қабат торқадан
Тоқтышақтың терісі артық.

5659. Тоғыз қатынның толғағы бір күнде келіпті.
5660. Тоғышардың тұқымы қысыр қалады.
5661. Тозаққа үйренген пейішке төзбейді.
5662. Тозар елдің жанжалы,
Озар елдің арманы бітпес.
5663. Тозбас жасау жоқ,
Бас білмес асау жоқ.
5664. Тозған елді там жияр.
5665. Тозған ел — жанжалды, озар ел — арманды.
5666. Тозған қазды топтанған қарға алады.
5667. Тозғындаған аққуды шалғындаған қаз ілер.
5668. Тояттаған құс жеміне түспес.
5669. Тойға барсаң, тойып бар,
Торғын торқа киіп бар.
5670. Тойғанға жұтқан еңбек.
5671. Тойғанға жұтқан еңбек,
Жалқауға жатқан еңбек.
5672. Тойған кісі болдым демес,
Болдым дегені тойғаны емес.
5673. Тойған жерге тоғыз кел.
5674. Тойған қыз төркінін танымас.
5675. Тойғанша же, терлегенше істе.

5676. Тойдан қыныңа жақ.
5677. Тойдан тобықтай.
5678. Тойда тоныңды сұрама.
5679. Той дегенде құбас домалайды.
5680. Тойдың болғанынан боладысы қызық.
5681. Той күні қыз таңдама,
Жауынды күні ат таңдама.
5682. Тоймасқа берме, толмасқа құйма.
5683. Той өкпесіз болмайды.
5684. Тойдың тамашасына бақпа, тағылымына бақ.
5685. Тойсаң, тәуба қыл.
5686. Той сылтауымен тон бітер.
5687. Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп
сақалынан айрылыпты.
5688. Тоқал қатын тон пішпес.
5689. Тоқал өгіз мінгеннің қолы тоқтамайды,
Тоқал қатын алғанның аузы тоқтамайды.
5690. Тоқал,
Тоқал тоқтамас,
Тоқал байын жоқтамас.
5691. Тоқалы күшті болса,
Бәйбіше байдан безеді.
5692. Тоқ қонақ сыйларға жақсы.

5693. Тоқпын деп тасыма,
Жоқпын деп жасыма.
5694. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.
5695. Тоқсанымыз жиылып, тоқты жыққан батырмыз.
Сексеніміз жиылып, серке жыққан батырмыз.
5696. Тоқтықтан сорлық шығар.
5697. Тоқты тоймас,
Шөміш кеппес.
5698. Тоқылдақтың төубасы таусылмас.
5699. Тоқымашы кәртейсе, бөзден айрылады,
Зергер кәртейсе, көзден айрылады.
5700. Толарсақтан би қойсаң,
Бақайшыққа май қоймайды.
5701. Толмай жатып «толдым» деме,
Болмай жатып «болдым» деме.
5702. Толықсып аққан дөрия — мейірбанды кәрия.
5703. Тон киген тоңбайды,
Тонау алған оңбайды.
5704. Тоң айырған май жейді,
Дос айырған бо.. жейді.
5705. Тоңған тонын,
Адасқан жолын,
Жұтаған жұртын мақтайды.
5706. Тоңған тонын мақтайды,
Адасқан жолын мақтайды.

5707. Тоңда жатқан мал сорлы,
Торға түскен құс сорлы.
5708. Торғай ұрсаң, тілмен ұр,
Бірі тимесе, бірі тиеді.
5709. Топырақ күйсе құтаймайды,
Білім жұтаймайды.
5710. Төске қашқан түлкіні өрен жүйрік қайырап.
Сүйреңдеген қызыл тіл сүйгенінен айырап.
5711. Топырақтай көп сөзден,
Тобықтай түйін артық.
5712. Торғай, жаңбыр жауса, баласын қорғайды,
Бұршақ жауса, басын қорғайды.
5713. Торғай тоғыз жұмыртқалайды,
Біреуі бұлбұл болады.
Өрмекші он жұмыртқалайды,
Біреуі бүйі болады.
5714. Торқа кигізсең, томар да әдемі.
5715. Торқалы төрде отырады,
Тонды есікте отырады.
5716. Тотықұс жүнін көріп түрленеді,
Аяғын көріп қорланады.
5717. Тоты түгімен әсем,
Бұлбұл үнімен әсем.
5718. Тоты тілінен торға түсер.
5719. Төбеде тұрсаң, танауыңды шүйірме,
Төменде тұрсаң тізе, бүгіп иілме.

5720. Төбелеске бергісіз араша бар,
Хан ұлына бергісіз қараша бар.
5721. Төбеңе тік тас атсаң,
Тисе, өзің қақсайсың.
5722. Төбең көкке жетсе де,
Аяғың жерде болар.
5723. Төбесіз жер болар,
Жері жазық дала болса.
Төресіз ел болар,
Заңы ашық жаңа болса.
5724. Төлге төл қосылса — егіз,
Көлге көл қосылса — теңіз.
5725. Төлге төл қосылса, үйшік толар,
Жіпке жіп қосылса, ұршық толар.
5726. Төлді таңдайынан қақпа,
Баланы маңдайынан қақпа.
5727. Төрде адамы бардың
Есіктегісін кісі ұрмайды.
5728. Төрде орын барда төменге отырма.
5729. Туа білмейді, жүре біледі.
5730. Туа мүкіс жазылмас.
5731. Туған ай тураған етпен тең.
5732. Туған әкеңе де турасын айт.
5733. Туғанды жатқа санама,
Есекті атқа санама.

5734. Туған жерге туыңды тік.
5735. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
5736. Туған жердің қадірін, шетте жүрсең, білерсің.
5737. Туған қатын туырлығын жейді.
5738. Туғанына бұрғаны — биді Құдай ұрғаны.
5739. Туғаныңды көрмедім, өлгеніңе жыламаймын.
5740. Тумаған сиырдың уызынан дәметпе.
5741. Тумақ болса, өлмек бар.
5742. Тумақ, өлмек бәрі хақ.
5743. Тумаң бар, туысқандай болмайды,
Тұрман бар, құйысқандай болмайды.
5744. Тураушыда туғаның болсын.
5745. Турасын айтқан туысына жақпайды.
5746. Туып бие соймаған,
Тұтам қазы жемеген.
5747. Туырлығы жырттық үй төреге жақпас,
Турасын сөйлеген ер ханға жақпас.
5748. Туыс таласса, жаттың тойы болады.
5749. Туыстың қолындағысын білгенімен,
Ойындағысын білмейсің.
5750. Тұяқты тұяқ жібермейді.
5751. Тұқымына қарама, қоқымына қара.

5752. Тұл болсаң да, құл болма.
5753. Тұлпардан тұяқ қалар,
Сұңқардан қияқ қалар.
5754. Тұлпарды алтын тағамен тағаласа,
Есек те емексіп аяғын көтереді.
5755. Тұлпардың оттауы бір болса да,
Жусауы басқа.
5756. Тұлпардың өз тұяғы өзіне ем.
5757. Тұлпардың өз тұяғы өзіне дәрі.
5758. Тұлпардың өз тұяғы өзіне жеңіл.
5759. Тұлпардың өз тұяғы өзіне май.
5760. Туысы бірге түртпейді,
Түбі бірге кетпейді.
5761. Туысы жақын — жақын емес,
Қонысы жақын — жақын.
5762. Туыс көбейсе, үйір көп,
Дос көбейсе, мейір көп.
5763. Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас,
Үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас.
5764. Тұз жемеген түйе оңалмайды.
5765. Тұзы жоқты көзі жоқ та біледі.
5766. Тұзға түкірген тоздай.
5767. Тұяқ түрленбей мал күрленбейді.

5768. Тұлпардың тұяғы,
Сұңқардың қияғы.
5769. Тұлпардың ізі бітпейді,
Тұяғы кетпейді.
5770. Тұлпар желіде танылады.
5771. Тұлпар қорада тұрса,
Көңілі далада тұрады.
5772. Тұлпар түбін табады,
Жақсы елін табады.
5773. Тұлпар шаба жетіледі,
Сұңқар ұша жетіледі.
5774. Тұмау аяғы — құрт,
Тұман аяғы — жұт.
5775. Тұмса тұсақ — қызғаншақ,
Тұмса бие — құлыншақ.
5776. Тұрақсыз адам тұрлаулы сөзден қашады.
5777. Тұрғанды тұрып же,
Жүргенді қуып же.
5778. Тұр-тұрдан хабар келсе,
Ұйқыдан маза кетеді.
5779. Түбі бірге түптейді,
Түбірі бөлек жіктейді.
5780. Түбінде бардың орны бар.
5781. Түбіне жеткізбес көл жоқ,
Суы шықпайтын шөл жоқ.

5782. Түгел сөздің түбі бір,
Түп атасы — Майқы би.
5783. Түгендегеннің малы түгел.
5784. Түгін тартса, май шығады.
5785. Түзде бұзауы жамырағанның
Үйде айраны төгіледі.
5786. Түз мысығы үй мысығын қуыпты.
5787. Түйе артқаннан өлмейді, тартқаннан өледі.
5788. Түйе — байлық,
Қой — мырзалық,
Жылқы — сәндік.
5789. Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты.
5790. Түйеге — дақ,
Жылқыға — пышақ.
5791. Түйеге мінген қазақ
Төрт ауыз өлең біледі.
5792. Түйеге мінген Құдайға жақын.
5793. Түйеден жирен шықпас,
Тілазар үйден шықпас.
5794. Түйеден жығылсаң, шудасын түсейді.
Жылқыдан жығылсаң, жалын түсейді.
Сиырдан жығылсаң, мүйізін түсейді.
5795. Түйе көп болса, жүк симайды.
5796. Түйе қараған, жауға жолығар,
Сиыр қараған, тойға жолығар.

5797. Түйе қотыр болса,
Ботасын былғайды,
Ботасы келесін былғайды.
5798. Түйелі кісі қырға,
Түйесіз кісі сырға.
5799. Түйе — малдың төресі.
5800. Түйе мінген қой ішіне жасырына алмас.
5801. Түйе нардан туады,
Иім жардан туады.
5802. Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен көр.
5803. Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді.
5804. Түйені түгімен, биені бүгімен.
5805. Түйені түгімен, өгізді жүгімен.
5806. Түйенің бәрі қоңыр шұнақ.
5807. Түйенің өзі түйе, құмалағы түйе емес.
5808. Түйенің танығаны жапырақ.
5809. Түйе өлген жерде жүк қалар.
5810. Түйе сойған ешкі сойғаннан дәмеліпті.
5811. Түйе судан сән үшін емес, жан үшін малтайды.
5812. Түйесін құбас десең, иесіне тиеді.
5813. Түйе тұзға келеді,
Күйеу қызға келеді.

5814. Түйе ұрлаған да, түйме ұрлаған да ұры.
5815. Түйменің инесіз күні жоқ.
5816. Түйін-түйін сырыңды,
Түбінде бір шын ашар.
5817. Түйін шешілмесе, кесіледі.
5818. Түк таппаған буаз итін жүгіртеді.
5819. Түкіріктің түбі — борыш.
5820. Түлкі алған итте сын жоқ.
5821. Түлкі алса, бүркіт,
Ала алмаса, лау мінген шүршіт.
5822. Түлкі етке келер,
Қоян шөпке келер.
5823. Түлкі жатарында жер таңдамайды.
5824. Түлкі қайырымдылықты айтып қақсай берсе,
Тазыңа сақ бол.
5825. Түлкінің қуы бөктерді қыстайды.
5826. Түлкіні түлен түртсе,
Арыстанның аузына өзі барып түседі.
5827. Түлкі тұмсығынан ілінер.
5828. Түлкі түгінен жазады.
5829. Түнгі асты таңда ішем деу —
тамақтың тоқтығы.
Құдай алдында ақыретте алам деу —
шаманың жоқтығы.

5830. Түнде көруді үкіден,
Күндіз көруді бүркіттен үйрен.
5831. Түнде ұшқаныңды жасыра біл,
Күндіз тышқаныңды жасыра біл.
5832. Түнде ұшқаныңды, күндіз түтініңді жасыра біл.
5833. Түн ұзарса, түс көбейеді.
5834. Түрікпен түсінде байиды.
5835. Түске дейін кек сақтаған кәпір.
5836. Түске дейін мүйіз,
Түстен кейін киіз.
5837. Түс — түлкінің боғы.
5838. Түстік жерге өтірік айтсаң,
Кешке ізіңмен барады.
5839. Түстік өмірің болса, кештік мал жи.
5840. Түсі игіден ісі игі артық.
5841. Түсімді сұрама, ісімді сұра.
5842. Түсіңе сенбе, күшіңе сен.
5843. Түтінсіз от болмайды,
Нұқсансыз жігіт болмайды.
5844. Түтіннің аштылығын мұржа білер.
5845. Тыймаған ауызда пәле бар.
5846. Тымырсық болса, ер оңбас,
Тоңға жатса, мал оңбас.

5847. Тынымсыз бүлдіреді,
Тынымды тындырады.
5848. Тыныш құлақ, сау бас,
Бас сауында аулақ қаш.
5849. Тырнадан би қойсаң, басыңнан қиқу кетпес.
5850. Тырнадан жасауыл қойсаң,
басыңнан қиқу кетпес.
5851. Тырнақты тық, шашты шаш.
5852. Тышқанның да сауыры бар.
5853. Тышқан ініне кіре алмай жүріп,
Құйрығына қалжуыр байлайды.
5854. Тышпаған кө..ке боқ жуымайды.
5855. Тігілмеген етігіңді мақтама.
5856. Тігілмеген киімді тар санама,
Қол жетпеген байлықты бар санама.
5857. Тізеден суға, белден тоба.
5858. Тіземнен сүріндірсең де, тілімнен сүріндірме.
5859. Тізерлеп күн көргенше,
Тік тұрып өлген артық.
5860. Тікен гүлін қорғайды,
Ара балын қорғайды.
Жаман малын қорғайды,
Жақсы арын қорғайды.
5861. Тікеннен гүл, заһардан бал.

5862. Тік сөз тамырды теседі,
Сыпайы сөз қылышты кеседі.
5863. Тіл астынан тіл іздегеннен без,
Тырнақ астынан кір іздегеннен без.
5864. Тіл — босағада жатқан арыстан,
Байқамасаң, басыңды жейді.
5865. Тіл буынсыз, ой түпсіз.
5866. Тілге ерік берсең, елге қадірің кетеді.
5867. Тілге шешен, күшке мешел.
5868. Тіл дәмдіні, көз арлыны ұнатар.
5869. Тілдің жаманы басқа оралғы,
Әйелдің жаманы аяққа оралғы.
5870. Тілдің ұшы жоқ, жүректі жарады.
Сөздің дүзі жоқ, жерді жарады.
5871. Тілегенмен бақ келмес,
Қайғырғанмен пәле кетпес.
5872. Тілеп алған тізеге жетпейді.
5873. Тіл ерді қабырға салады,
Нарды қазанға салады.
5874. Тілеушінің бір беті қара,
Бермеушінің екі беті қара.
5875. Тіл — жүйрік емес, шын — жүйрік.
5876. Тіл — жүректің жаршысы,
Көз — сезімнің айнасы.

5877. Тіл қылыштан өткір, қылдан нәзік.
5878. Тілмен тікен де алады.
5879. Тіл сүйексіз болғанымен, тістен өткір.
5880. Тіл тиексіз.
5881. Тіл тіліп түсер нар кескен,
Сөз өткір жебе тау тескен.
5882. Тілі бөтеннің ділі бөтен.
5883. Тілін көрсетіп, тісін жасырғаннан без.
5884. Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір.
5885. Тіреу болмай, тілеу болмайды.
5886. Тірліктің алды қуаныш, арты өкініш,
Өмірдің алды ыстық, арты суық.
5887. Тірлік тырбынтады,
Ездік қынжылтады.
5888. Тірі адамның аманы жоқ,
Өлген адамның жаманы жоқ.
5889. Тірі болып санда жоқ,
Өлі болып көрде жоқ.
5890. Тіріге үй табылар,
Өліге көр табылар.
5891. Тіріде базары бірдің өлгенде мазары бір.
5892. Тірі сыйға тоймайды,
Өлі дұғаға тоймайды.

5893. Тіріде сыйласпаған
Өліде жыласпайды.
5894. Тіс өссе, күш өсер,
Тіс таусылса, күш таусылар.
5895. Тістеуік жылқы тісін көрсетпейді.
5896. Тіс төгіліп, тіл қалады.
5897. Тістің құны — отыз қой.
5898. Тістің суықтығынан ауыз күймейді,
Көздің ыстықтығынан бет тоңбайды.
5899. Тістің үгітілгенін тіл білер.
5900. Тісіме қарама, ісіме қара.
5901. Тісің тісіңе тимесе — ас,
Тізең жерге тимесе — ат.
5902. Тісі шыққан балаға
Шайнап берген ас болмас.

У

5903. У ішкен бір өледі,
Ант ішкен мың өледі.
5904. Удан уайым жаман.
5905. У жасаған удан өледі,
Найзагер найзадан өледі.
5906. Уағдада қу тұрмас,
Қаңсыған шелекте су тұрмас.

5907. Уағында жемеген ас ескіреп,
Уағында істемеген іс ескіреп.
5908. Уайым дертті жыбырлатады,
Ұят бетті жыбырлатады.
5909. Уайым — ердің қорғаны.
5910. Уайым түбі — теңіз,
Батасың да, кетесің.
Тәуекел түбі қайық,
Мінесің де, өтесің.
5911. Уайым ұйқыңнан айырады,
Күйік сұрқыңнан айырады.
5912. Уайым ұлғайса, дертке айналады.
5913. Уақтан ұл туса, ағашқа күн туады.
5914. Уақыт — ағын су.
5915. Уақыт тасты да тоздырады.
5916. Уақыттың өткені — бақытыңның өткені.
5917. Уақыттың ісі қиын.
5918. Уақытты сен аяласаң,
Уақыт та сені аялайды.
5919. Уақыты бардың — бақыты бар.
5920. Уәде — Құдай сөзі.
5921. Уәзіріне сырын алдырған хан —
Қақпанға түскен аң.
5922. Уыз ішпеген төл шеген,
Су ішпеген жер шеген.

Ұ

5923. Ұғымы жоқтың жұғымы жоқ.
5924. Ұзақ сапарға тұлпар шығады,
Биік шыңға қарағай шығады.
5925. Ұзында өшім, қысқада кегім жоқ.
5926. Ұзынның ұшына, тереңнің
түбіне жетуден тайынба.
5927. Ұзынсыз қысқа болмас,
Үлгісіз ұста болмас.
5928. Ұзын тіл жалап-жұқтауға ғана жарайды.
5929. Ұзын тіл өмірді қысқартады.
5930. Ұйқы деген дұшпан бар,
Тұла бойды талдырар.
Жолдан, істен қалдырар,
Дұшпаныңа алдырар.
5931. Ұйқы мен өлі тең.
5932. Ұйқы орын талғамайды.
5933. Ұйқышыдан мал жайын сұрама,
Есерден ел жайын сұрама.
5934. Ұйқышы қойшыдан үреген ит артық.
5935. Ұйым — ердің қорғаны.
5936. Ұқпасқа айтқан сөз зая,
Келмеске жылаған көз зая.

5937. Ұқыпты етегін жабады,
Ұқыпсыз ұятын табады.
5938. Ұқыптының біреуі бес,
Ұқыпсыздың жиғаны еш.
5939. Ұлар етін жегенге үйрек еті топырақ татиды.
5940. Ұл бала алтыда ақыл иесі, он бесте отау иесі.
5941. Ұлға отыз үйден,
Қызға қырық үйден.
5942. Ұлға сөйлегеннің ұрт еті ойылады,
Қызға сөйлеген қырқа асады.
5943. Ұлды болдың — қызды болдың.
5944. Ұлдың жаманы үй тентек болады.
5945. Ұлдың ұяты әкеге,
Қыздың ұяты шешеге.
5946. Ұлды ұяға, қызды қиянға.
5947. Ұл қалтаға, қыз жағаға қарайды.
5948. Ұл — қоныс, қыз — өріс.
5949. Ұл — орнындағы ту,
Қыз — айдыннан ұшатын қу.
5950. Ұлсыз үй думансыз,
Қызсыз үй қонақсыз.
5951. Ұлсыз үйдің малы қайырылмас,
Қызсыз үйдің жүгі жиылмас.
5952. Ұл таппас ана болмас, тұрарын айт.
Мал таппас бала болмас, құрарын айт.

5953. Ұл тентегі би болады,
Қыз тентегі күң болады.
5954. Ұл туасың, ұятын бірге тумайсың.
Қыз туасың, қиялын бірге тумайсың.
5955. Ұл туғанға күн туады.
5956. Ұл туса — тұрағың, қыз туса — шырағың.
5957. Ұлы бардың қыраны бар,
Жоқтаушы артында ұланы бар.
5958. Ұлығың әділ болмаса, дауға барма,
Қаруың сай болмаса, жауға барма.
5959. Ұлығың жемір болса, еліңде береке жоқ.
5960. Ұлығың шайтан болса да, әмірін тұт.
5961. Ұлы жақсымен бірге отырсаң,
Алтындаған тумен тең.
Қызы жақсымен бірге отырсаң,
Жалтылдаған гүлмен тең.
5962. Ұлы кісі ұлық болмайды,
Жемісті ағаш биік болмайды.
5963. Ұлық болсаң, кішік бол.
5964. Ұлықтың бабы жақтауда,
Ақылсыздың бабы мақтауда.
5965. Ұлылар жүрген жерде ұрылар жүреді.
5966. Ұлыңа қолыңды төменнен бер,
Қызыңа қолыңды жоғарыдан бер.

5967. Ұлың болса, өлем деме,
Білімің болса, өшем деме.
5968. Ұлыңды ұлыққа жұмса.
5969. Ұлың жақсы болса, жарқыраған күн туар.
Ұлың жаман болса, қап-қараңғы мұң туар.
5970. Ұлың жақсы болмаса, келін қайырар.
Қызың жақсы болса, ерін қайырар.
5971. Ұлың жақсы болса,
Ұлы тауға шыққаның.
Ұлың жаман болса,
Өлтірмей көрге тыққаның.
5972. Ұлың жаман болса,
Еліңнен көрме, еніңнен көр.
5973. Ұлың көңілшек болса, атының соры.
Қызың көңілшек болса, басының соры.
5974. Ұлың қор туса, зор тусын.
5975. Ұлың өскен сайын, уайымың да өседі.
5976. Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол.
Қызың өссе, қылықтымен ауыл бол.
5977. Ұлың өссе, ұлы үлгілермен ауылдас.
Қызың өссе, қызы үлгілермен ауылдас.
5978. Ұлың туған басы болғанша,
Үйің туғанның басында болсын.
5979. Ұлың Ұрымға, қызың Қырымға.
5980. Ұлы өскен ұзын, қызы өскен қысқа киеді.

5981. Ұлы сыбаға айтпасаң да, ірілік сөз айтпа.
5982. Ұлы таудың ығы бол.
5983. Ұңғысы кең балтаның сабы жуан,
Кеңірдегі жуан бастықтың қарны жуан.
5984. Ұра алмаған ұлы таяқ көтереді.
5985. Ұра берсең, Құдай да өледі.
5986. Ұра берсең, тұлпар тулақ болар,
Қуа берсең, сұңқар қордақ болар.
5987. Ұрғашы түлкі ін сақтар,
Еркек түлкі тұз сақтар.
5988. Ұрласаң, ұрады.
5989. Ұрлық ине ұрлаудан басталады.
5990. Ұрлық қылсаң, өлесің,
Шөп жесең, қақаласың.
5991. Ұры басынып ұрлар,
Қонақ таңдап қонар.
5992. Ұры бүлікке құмар,
Шыбын шірікке құмар.
5993. Ұрыға мал құтаймас.
5994. Ұры жете алмайтын жаяудікін алады,
Сұрай алмайтын таяудікін алады.
5995. Ұры жете алмайтын жаудан алады,
Сұрай алмайтын жаманнан алады.

5996. Ұры жолда қалдырады,
Тонаушы шөлде қалдырады.
5997. Ұры кәртейсе, сопы болады,
Жезөкше кәртейсе, бүбі болады.
5998. Ұры — көптің жиені.
5999. Ұры кө.. қуыс.
6000. Ұры кісі басқаның малын жейді,
Өзінің арын жейді.
6001. Ұры — қасық, ел — теңіз.
6002. Ұры қосыларда бірінің аузын бірі жалайды.
6003. Ұры айрыларда ит болып таласады.
6004. Ұры қуыстанғыш келеді.
6005. Ұры малын түзден қайырады,
Еріншек малын үйден қайырады.
6006. Ұрымен жақын болсаң, ұятқа қаларсың.
Бөрімен жақын болсаң, қораға шабарсың.
6007. Ұрымын дегенше, құрыдым де.
6008. Ұрымын дегенше, ұрдым де.
6009. Ұрыншақ ат арық болар.
6010. Ұрыны қарақшы ұрады.
6011. Ұрының үйі көп, біреуінен алады, біреуіне береді.
6012. Ұрыны түн асырма,
Түн асырсаң да, күн асырма.

- Бөріні бел асырма,
Бел асырсаң да, кері асырма.
6013. Ұры өле-өлгенше ақпын дейді.
6014. Ұрыс-керіс — ойсыздың қаруы.
6015. Ұрысқақ қоразға шыр бітпес.
6016. Ұрыспай айрылған
Ұялмай қосылады.
6017. Ұрыспас ұл болмас,
Керіспес келін болмас.
6018. Ұрыста тұрыс жоқ.
6019. Ұрысы күшті болса, иесі өледі.
6020. Ұрысы күшті болса, иесі өлер.
Тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер.
6021. Ұрыс ырысты қашырар,
Ынтымақ халықты асырар.
6022. Ұры танысқанша,
Қасқыр қыр асқанша.
6023. Ұры түн асқанша,
Бөрі қыр асқанша.
6024. Ұры ұрлығын қойса да,
Ұры атағы қалмайды.
6025. Ұста алдында қолыңды тарт,
Шешен алдында тіліңді тарт.
6026. Ұста барда қолыңды тый,
Ұстаз барда тіліңді тый.

6027. Ұстаға қойғанша, қоймаға қой.
6028. Ұстаз атын шәкірт шығарады.
6029. Ұстаз бермегенді өмір берер,
Ұстаз көрмегенді өмір көрер.
6030. Ұстаздан шәкірт озады.
6031. Ұстаз өлсе, шәкірт — мирас,
Аға өлсе, іні — мирас.
6032. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы.
6033. Ұстазыңды ұлы өкеңдей сыйла.
6034. Ұсталы ел озар,
Ұстасыз ел тозар.
6035. Ұстамен жақын болсаң,
Мүйіз кесерін аларсың.
Қайықшымен жақын болсаң,
Дауыл күні кемесін суға саларсың.
6036. Ұстамен жақын болсаң, ісің бітер.
6037. Ұстаның айласы көп, ақылы жоқ.
6038. Ұстаның да ұстазы бар.
6039. Ұстасы жақсының ұстамы жақсы.
6040. Ұста, ұстадан нұсқа.
6041. Ұсынған мойынды қылыш кеспейді.
6042. Ұт кіреді — үйге құт кіреді.
6043. Ұшқан құс, жүгірген аң — бәрі тамақ.

6044. Ұшқын ұлғайса, өртке айналар,
Уайым ұлғайса, дертке айналар.
6045. Ұштығы түгіл, пұштығы да жоқ.
6046. Ұшу үшін қанат керек,
Білу үшін талап керек.
6047. Ұшы қайырылған біз қорлық,
Көп отырған қыз қорлық.
6048. Ұялған сыбағасынан құр қалар.
6049. Ұялған тек тұрмас.
6050. Ұялмаған өлең айтады,
Әуелі ат қосады,
Дарпаз машық көрсетеді.
6051. Ұялмаған өлеңші болады.
6052. Ұялмаған ұялтады.
6053. Ұялмас бетке, сорақы (талмас) жақ бітеді.
6054. Ұяң адам ұялшақ келеді,
Ұятсыз адам сұраншақ келеді.
6055. Ұят — иманның қабы.
6056. Ұят келсе, кәріге келеді,
Жастың несі кетеді.
6057. Ұятсыздың тілі мың құлаш.
6058. Ұятсыз сұлудан ұятты шұбар артық.
6059. Ұятты әйел жерін жейді,
Ұятсыз әйел ерін жейді.

6060. Ұятты ибасын сақтайды,
Ұятсыз қимасын боқтайды.

Ү

6061. Үзіп жеген үнемге жатпайды.
6062. Үй бақанға, жүк атанға сүйенер.
6063. Үйде өскен бұзау,
Түзде өгіз болмас.
6064. Үйде туып, түзде өлген қызда арман жоқ.
Елде туып, жауда өлген ұлда арман жоқ.
6065. Үйде шешен, дауда жоқ,
Үйде батыр, жауға жоқ.
6066. Үйді қатын түзейді,
Сөзді ақын түзейді.
6067. Үйді қырық еркек толтыра алмайды,
Бір әйел толтырады.
6068. Үйдің жақсы болуы ағашшыдан,
Баланың жақсы болуы нағашыдан.
6069. Үйдің жылы, суығын
Қыс түскенде білерсің.
Кімнің алыс-жақынын
Іс түскенде білерсің.
6070. Үйеме дастарханға үйренген үй жұтамай қалмайды.
6071. Үйленбегенді үйіңе жолатпа.
6072. Үйленгенше өз ұлың,
Үйленген соң кісі ұлы.

6073. Үй менікі демеңіз, үй артында кісі бар.
6074. Үйректің жұмыртқасын тауық басар,
Балапаны шыққан соң суға қашар.
6075. Үйректі тұғырға зорлама,
Тауықты көлге зорлама.
6076. Үйренбеген періштеден
Үйренген шайтаным артық.
6077. Үйреніскен жау атысқанға жақсы.
6078. Үйсе — көп, үлесе — аз.
6079. Үй тентегі қазан бұзар.
6080. Үйім армандағыдай болса,
Жарым алғандағыдай болса.
6081. Үйінде асы жоқтың, көңілінде хошы жоқ.
6082. Үй ішінен үй тіксе, жылулыққа тән.
6083. Үй іші толған жансың,
Бір-біріңе мейман жансың.
6084. Үйінде асы жоқтың,
Түзде досы жоқ.
6085. Үйінде жілігі бардың
Қоғамда ілігі бар.
6086. Үйінде озған түбінде озады.
6087. Үйінді таспен қоршама, доспен қорша.
6088. Үйіңе келсе, үйдей күнәсін кеш.

6089. Үйің жаман болса, күйің жаман.
6090. Үйір жолбарыстан кемпір қорықпас.
6091. Үйірлі құлан ақсағын білдірмес.
6092. Үйірінен айрылған саяқ сорлы,
Таяққа сүйенген аяқ сорлы.
6093. Үлкен адам кішірейген сайын үлкейеді.
6094. Үлкен ауру ас батпаудан,
Үлкен қырсық асқақтаудан.
6095. Үлкен бастар, кіші қостар.
6096. Үлкен жақсы жағаласаң,
Орамына бір келтірер.
Үлкен тауды жағаласаң,
Баранына бір келтірер.
6097. Үлкен құрмет қылса,
Кіші қызмет қылар.
6098. Үлкен тау баранына келтірер,
Үлкен кісі орамына келтірер.
6099. Үлкен ұры кіші ұрыға сенбейді.
6100. Үлкен үйдегі күлсе,
Кіші үйдегі езу тартады.
6101. Үміт өлмейді.
6102. Үмітсіздік — шайтанның ісі.
6103. Үндемеген ауызда пәле бар.

6104. Үндемеген пәле бар,
Екі ұртында шала бар.
6105. Үндемеген үйдей пәледен құтылады.
6106. Үндемей қапқан ит жаман,
Білінбей шапқан жау жаман.
6107. Үндемесең, дау алар,
Жата берсең, жау алар.
6108. Үнемшіл үйін гүл етер,
Сырапқор үйін тұл етер.
6109. Үргедек бұрын өледі.
6110. Үркер жатқанша жамбасқа келген соң,
Жаз болмай несі қалды.
6111. Үркер жерге түспей, жер қызбайды.
6112. Үркерлі айдың бәрі қыс.
6113. Үркер суға түссе — құт,
Жерге түссе — жұт.
6114. Үркер туса, сорпа да ас.
6115. Үріккенде түйе жаман,
Қорыққанда хан жаман.
6116. Үріккен ел қоныс таңдамайды,
Үріккен мал өріс таңдамайды.
6117. Үріккен сауысқан биік ұшады.
6118. Үш баланы өсіргенше,
Үш шаһар абат болады.

6119. Үш көзді жыннан қорықпа,
Екі беткей жүзден қорық.
6120. Үш күн жоқтау естіген аруақтың арманы жоқ.
6121. Үштің айы — күштің айы.

X

6122. Хайуан таяқ жеген жерін ұмытса да,
Тамақ жеген жерін ұмытпайды.
6123. Халық айтпайды,
Халық айтса, қалт айтпайды.
6124. Халық қаласа, хан түйесін сояды.
6125. Халық қартаймайды.
6126. Халықтан салт қалады,
Батырдан даңқ қалады.
6127. Халықтан сұрай-сұрай, тау асарсың,
Сұрамасаң, жазықтан адасарсың.
6128. Халықтың бағы шайқалса,
Ханның тағы шайқалады.
6129. Халқын алдаған би оңбайды.
6130. Хан азарында қарашамен қас болады,
Би азарында қайырымсыз баймен дос болады.
6131. Хан азса, халқын қырады.
6132. Хан аузының қақпағы — мал.

6133. Хан әділдіктен тайса,
Халқымен қастасады.
Би әділдіктен тайса,
Қамшымен достасады.
6134. Хан болса да, қатын тілін алады.
6135. Ханға барған адамның ыңыршағы
үш күн тулайды.
6136. Ханға жақпаған халыққа жағады,
Байға жақпаған ғаріпке жағады.
6137. Ханға жараған ісім тазға жарамапты.
6138. Ханда қырық адамның ақылы болса,
Биде қырық адамның ары болсын.
6139. Хан жайлы болса, халық кетпейді.
Ер жайлы болса, қатын кетпейді.
6140. Хан қасында қарақшы.
6141. Ханды Құдай алайын десе,
Қарашамен қас болар.
Байды Құдай алайын десе,
Дәулетіне мас болар.
6142. Хан екі айтпайды.
6143. Хан екі сөйлесе, қалғанымен тең.
Ер екі сөйлесе, өлгенімен тең.
6144. Хан еріксе, қара халық ханның
ойыншығы болар.
6145. Хан қасында қарашаң болса,
Қара жерде кеме жүргізесің.

6146. Хан қателесе, халықтың соры.
6147. Ханнан бала ұлық,
Баладан ана ұлық.
6148. Ханның абыройы қайтайын десе,
Халқымен қарсы болады.
Байдың бағы қайтайын десе,
Дәулетіне мас болады.
6149. Ханның жемірінен, қатынның
шарқысынан сақта.
6150. Ханның қадірі қашса, қазыға жүгінеді.
6151. Ханның қайраны, ердің қайраты шексіз.
6152. Ханның қасында болғанша, судың басында бол.
6153. Ханның қаһары болғанда, қайраны да болады.
6154. Ханның ісі қараға түседі,
Шалдың ісі балаға түседі.
6155. Ханның ісі қараға түсіпті.
6156. Хан сыртынан жұдырық.
6157. Ханы қайқы болса, биі бүкір болады.
6158. Ханың соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр.
6159. Ханша хан тұсында,
Қатын ер тұсында.
6160. Хан ханымға сілтейді,
Ханым қалыңға сілтейді.

III

6161. Шабан болсаң да, шалағай болма,
Олақ болсаң да, салақ болма.
6162. Шабандоздың қолы қатты, тақымы тас.
6163. Шабаннан желмес туады,
Сараңнан бермес туады.
6164. Шабан үйрек бұрын ұшар.
6165. Шабыспақ оңай, табыспақ қиын.
6166. Шағала келмей жаз болмас.
6167. Шағала келмей жаз болмас,
Шаңқан болмай боз болмас.
6168. Шағым өлтіреді,
Мақтау жеткізеді.
6169. Шағынған елін аңсайды,
Сар ала қаз көлін аңсайды.
6170. Шайқап сөйлеме, алды-артыңды байқап сөйле.
6171. Шайнаған бұйырған емес, жұтқан бұйырған.
6172. Шайтанға күл жейсің бе десе, майы бар ма депті.
6173. Шайтан шалқыса, періште қалқиды.
6174. Шайтан шалқыса, періште қарпиды.
6175. Шаққанның тілі ашты,
Жылағанның көз жасы ашты.

6176. Шақпақ,
Шақпақты отқа берген ақымақ.
6177. Шақырғанда бармасаң,
Шақырғанға зар боласың.
6178. Шақырған жерге бар,
Шақырмаса, көрінбе.
6179. Шақырғаннан қалма, шаққаннан қаш.
6180. Шақырусыз тойға барғанша,
Қарусыз көрге бар.
6181. Шала молда дін бұзар.
6182. Шалатын палуанның көті қисық.
6183. Шалғынға бермес тақыр бар,
Қазанға бермес бақыр бар,
Еркекке бермес қатын бар.
6184. Шалғыншыға шалдырмаса,
Жауға алдырмайсың.
6185. Шалдың сөзі — бал.
6186. Шалқайғанға шалқай,
Пайғамбардың ұлы емес.
6187. Шалыс бассаң бір қадам,
Таба алмассың марқадам.
6188. Шам оты жылынуға келмес.
6189. Шам өз білтесін күйдіреді,
Өз маңайын жарытады.

6190. Шандырайыл болмаса,
Құйысқаның не керек.
Күйінері болмаса,
Туысқаны не керек.
6191. Шаңырағың шағылса, сағанағың сау қалмас.
6192. Шап айылмен қос тартып,
Құйысқандай болмайды.
Кескілесіп жүрсең де,
Туысқандай болмайды.
6193. Шапанды жамағанды көріп едік,
Тақияны жамағанды жаңа көрдік.
6194. Шапқан аттың аяғы жер таниды,
Білімді жігітті ел таниды,
Өзіне серік болар қаруды ер таниды.
6195. Шапқан озар, жатқан қалар.
6196. Шапшаң жүрсең, шаң жұқпайды.
6197. Шаруаның иті де ұрғашы болсын.
6198. Шатаққа түскен шашын жұлдырар.
6199. Шатқанақты айырса, көтен ішек бос қалар.
6200. Шашу оңай, жинау қиын.
6201. Шашы өскеннің ауылы көпір,
Мұрты өскеннің өзі көпір.
6202. Шәкірт болмаған ұстаз болмас.
6203. Шебер адам — елдің шегесі,
Шешен адам — елдің кемесі.

6204. Шеберден олжа, шешеннен сауға.
6205. Шебердің қолы көпке ортақ.
6206. Шебердің қолы ортақ.
6207. Шебердің қолы таниды,
Олақтың көзі таниды.
6208. Шебер — көптің апасы,
Шешен — көптің атасы.
6209. Шебер ісімен, балуан күшімен.
6210. Шеге тағаны сақтайды,
Таға тұлпарды ақтайды,
Тұлпар ерін сақтайды,
Ер елін сақтайды.
6211. Шегірткеден қорыққан егін екпес.
6212. Шексіз қайғы болмайды,
Шектеусіз қуаныш болмайды.
6213. Шені бардың ұйқысы қанбас,
Тоны бардың ұйқысы келмес.
6214. Шерді сергітер — күлкі,
Терді сергітер — ұйқы.
6215. Шерлі өлмейді, борышты өледі.
6216. Шетен жерінде көгерер,
Ер елінде көгерер.
6217. Шетен жерінде, шешен елінде.
6218. Шетте жүріп тарығарсың,
Өз еліңді сағынарсың.

6219. Шешек өзіңді алар,
Өзіңді алмаса, өңіңді алар.
6220. Шешеміз бізді туғанда да қалжа жеген.
6221. Шешенді жаңғалақ жеңеді.
6222. Шешендік күш — шындық.
6223. Шешенді мылжың жеңер.
6224. Шешен жұлқынса, сөз шығады,
Қотыр жұлқынса, қан шығады.
6225. Шешеннен ноған туады,
Жүйріктен шабан туады.
6226. Шешеннің таңдайы,
Батырдың маңдайы жазық.
6227. Шешеннің сөзі — мерген,
Шебердің көзі — мерген.
6228. Шешеннің сөзін тыңда,
Шерлінің шерін тыңда.
6229. Шешеннің сөзі шекер,
Мылжыңның сөзі бекер.
6230. Шешенің судай төгілген,
Тыңдаушың бордай егілген.
6231. Шешеннің тілі ортақ.
6232. Шешеннің тілі — шебердің бізі.
6233. Шешен сөз бастар,
Батыр қол бастар.

6234. Шешен шешіліп сөйлейді,
Тәкаппар кәсіліп сөйлейді,
Ала өкпе есіріп сөйлейді,
Іші білгіш, тілі доғал кешігіп сөйлейді.
6235. Шешесі қыдырмашының қызы бастаншыл.
6236. Шешесін көріп қызын ал,
Ұстасын көріп бізін ал.
6237. Шешесін көріп қызын құш,
Шелегін көріп суын іш.
6238. Шикі ет ауырмақ үшін.
6239. Шойын қара, шойын қараның ойын қара.
6240. Шолақ айғыр жылқың болғанша,
Шой табан атың болсын.
6241. Шомылған бойын сергітеді,
Оқыған ойын сергітеді.
6242. Шошқа алдына түртінеді,
Тауық артына тарпынады.
6243. Шошқаға ерген балшыққа аунар.
6244. Шошқа да шошқаны жармайды.
6245. Шөлдегі құдық күлмен тең.
6246. Шөлдегі шұқанақ суға тоймас.
6247. Шөлде өскен кесіртке суды көріп у депті.
6248. Шөлдеп ішкен қара су шекер емей немене.
Төбінгімен біткен мал бекер емей немене.

6249. Шөлдің қамысы болмайды,
Жаманның намысы болмайды.
6250. Шөмелені шөбім бар деме,
Несиені малым бар деме.
6251. Шөлде жүрген дуадақ
Көл қадірін білмейді.
Көлде жүрген қоңыр қаз
Шөл қадірін білмейді.
Тауда жүріп, таста өскен,
Ағайыннан басқа өскен
Ел қадірін білмейді.
6252. Шөп жаманы — қоға,
Құс жаманы — шажа.
6253. Шөп те басынан қурайды.
6254. Шөптің басы, жел тұрмаса, қимылдамайды.
6255. Шуақ бар жерде көлеңкеге орын жоқ,
Жақсы бар жерде жаманға орын жоқ.
6256. Шүрегей атқанның үш күндік талтаңы бар.
6257. Шүрегей үйрек атқанның жарым күн талтаңы бар.
Кекілік атқанның кештілік кердеңі бар.
6258. Шұбар ат мінгеннің көзі тыныш,
Шұбар қатын алғанның көңілі тыныш.
6259. Шыбын басына бақ қонса,
Самұрық сәлемге келіпті.
6260. Шыбын да аңқаудың аузын аңдайды.
6261. Шығасыға иесі басшы.

6262. Шығасыда сескенсең, кіресіде дәметпе.
6263. Шығасы шықпай, кіресі келмейді.
6264. Шығысы жаман қамысты
Су ішінен өрт шалар.
Пейілі жаман адамды
Түйе үстінен ит қабар.
6265. Шыдамды еңбек, алғыр ой,
Анық досың біліп қой.
6266. Шыққан көз орнына түспес.
6267. Шыққан қыз шиден ары.
6268. Шыққан тауың биік болса,
Лақтырған тасың алысқа кетер.
6269. Шымшығаның батпайды,
Қалжыңың батады.
6270. Шымыр көпке, шыбын көпке,
Сиқым көпке, қиқым көпке.
6271. Шынайы екі дос иненің жасуындай жерге сияды.
6272. Шын аңшының алдына аңның өзі келеді.
6273. Шынар аман болса, шыбығы жетілер.
6274. Шын берілген жүрек талдамайды,
Шын ғашық алдамайды.
6275. Шын би сөзіңе бағады,
Сұм би көзіңе бағады.
6276. Шындық — тат баспайтын асыл.

6277. Шындықтың сүйегі қатты, дәні тәтті.
6278. Шын ер жеңсе, тасымас,
Жеңілсе, жасымас.
6279. Шын семсерден сын семсер өткір.
6280. Шын сөз босағадан шыққанша,
Өтірік сөз жеті қырдан асады.
6281. Шын сөз — қысқа,
Асыл сөз — нұсқа.
6282. Шыншыл екі айтпайды,
Бетті қинайды.
Өтірікші екі айтады,
Атты қинайды.
6283. Шырағың қаншалық болса, жарығы соншалық.
6284. Шырай күйдіреді, мінез сүйдіреді.
6285. Шідерлі атың өз атың,
Өрелі атың бос атың.
6286. Шилі жерден су шығар.
6287. Шіркін, менің өз үйім,
Кең сарайдай боз үйім.
6288. Шіріген шөпті мал жақтырмайды,
Шіренген адамды ел жақтырмайды.
6289. Шірік ағаш өрнекке келмес.
6290. Шірік ағаш тіреу болмайды,
Тоқсандағы шал күйеу болмайды.

Ы

6291. Ықтырмаң болмаса, желге өкпелеме.
Ел сыйларың болмаса, елге өкпелеме.
6292. Ықтырмаң болмаса, желге,
Сыйларың болмаса, елге өкпелеме.
6293. Ықылас пен ынтымақ —
Бітер іске болсын тап.
6294. Ылай судың өткелі мен жазымында белгі жоқ.
6295. Ылдисыз өр болмайды,
Босағасыз төр болмайды.
6296. Ымды түсінбеген дымды да түсінбейді.
6297. Ымыраны бұзбақ — жаманның ісі,
Қатарды бұзбақ — шабанның ісі.
6298. Ынсап, ұят, терең ой —
Асыл зейнет біліп қой.
6299. Ынта — ырыс бұлағы,
Бұрынғы — бүгінгінің айнасы.
6300. Ынтымақ болмай іс оңбас.
6301. Ынтымақтың иығы биік.
6302. Ынтымақ істі бітірер.
6303. Ыржаң қызға — тыржаң күйеу.
6304. Ыржық қызға тыржық күйеу жарасады.
6305. Ыржық қызға тыржық күйеу,
Қисық тамға қыңыр сүйеу.

6306. Ырыздығыңды сұрап жеме, теріп же.
6307. Ырымы жаман бала ит құрықтайды.
6308. Ырым ырыс болмас.
6309. Ырыс алды — ынтымақ.
6310. Ырысқа қарап ұл өсер,
Қонысқа қарап мал өсер.
6311. Ырыс қашса да, туыс қоймайды.
6312. Ырыстың алды да, қырсықтың алды да — әйел.
6313. Ырысы қайтқанның иті ұры кеткен соң үреді.
6314. Ысқырып атқан киіктің обалы жоқ.
6315. Ыштансыздың түсіне екі қары бөз кірер.

I

6316. Издеген жетер мұратқа.
6317. Издеген мұратына жетеді.
6318. Издеген табады,
Сұраған алады.
6319. Издегенің пайда,
Қара сиырың қайда.
6320. Издеген иірімнен ине табады.
6321. Изденген сұраған,
Жамаған құраған.

6322. Іздеп алған аурудың емі табылмас.
6323. Ілгері басқанның иті отайды.
6324. Ілім — бұлақ,
Білім — шырақ.
6325. Ілім — іштегі нұр,
Өнер — сыртқа салынған түр.
6326. Інгенімді қараймын деп, мінгенімнен айрылдым.
6327. Інісі жақсы болса, ағасының аузы босайды.
6328. Іргеңнен өрт шықса,
Үйіңе ұшқыны тиеді.
Ауылдан тентек шықса,
Салқыны елге тиеді.
6329. Іргесі биік елді жау алмас,
Аузы берік елді дау алмас.
6330. Іреп сойған сойғылыққа жақсы,
Айтып қойған соңғылыққа жақсы.
6331. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады.
6332. Іріген сүт ішті бұзар,
Іріткі сөз істі бұзар.
6333. Ірімшік алғанның майы жоқ,
Құлын сойғанның тайы жоқ.
6334. Ісек тоқтыны қорғайды.
6335. Іші өткеннің арты білер.
6336. Ішпес жерде су бар,
Жемес жерде шөп бар.

6337. Іште бүкпе болғанша, сыртта талау болсын.
6338. Іштей туған қайғыдан ыңқылдаған дерт артық.
6339. Іштен соқыр туғанға сүттің ақ
екенін ұқтыра алмайсың.
6340. Іштен шыққан жау жаман,
Ұрысы күшті дау жаман.
6341. Іштен шыққан шұбар жылан.
6342. Ішілмеген ас умен тең,
Кісі кірмеген үй көрмен тең.
6343. Ішің күйсе, тұз жала,
Сыртың күйсе, мұз қала.
6344. Ішіп тоймаған, жалап тоймайды.
6345. Ірімшіктің өзі тұрғанда,
Сарсуына қайдан жол болсын.
6346. Ірі істі ойлаған асылады ғылымға,
Бұрысты ойлаған бас ұрады зұлымға.
6347. Іскердің іші пыспас.
6348. Іс оңына басарда, шыбыш лақтап, тоқты туар.
6349. Істемеген салақ жаман,
Жаңсақ естіген құлақ жаман.
6350. Істі ине тікпейді,
Ікемді қол тігеді.
6351. Істі ине тікпейді, қол тігеді.
6352. Істік те, түстік те күймесін.

6353. Істің ақыры жігіттің қырына қалар.
6354. Істің жүйесін танымасаң,
Түйіннің шиесін танымайсың.
6355. Істің жүйесін таппаған,
Түйіншектің шиесін таппайды.
6356. Ісі мерездің ішінде ит өліп жатса, білмессің.
6357. Ісім жақсы деме, халыққа ойлат.
Суды таяз деме, таяққа бойлат.
6358. Ісің ақ болса, көпке сал,
Жорғаң қатты болса, өрге сал.
6359. Ісің әділ болса, дұшпаныңды дос етесің.
Сөзің содыр болса, досыңды қан етесің.
6360. Ісіңді көпке бер,
Көпті Құдайға бер.
6361. Ісің оңға басарда, қарға салсаң, қаз ілер.
Ісің қырсыққа шабарда, сұңқар салсаң, аз ілер.
6362. Ісі оңның алды сайрап жатады,
Ісі терістің алды тайғақ жатады.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Бұл томға енген мақал-мәтелдердің мәтіндері ҚХР-ның Үрімжі қаласында жарық көрген «Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі» атты жинақтың негізінде дайындалды¹. Құрастырушысы — Ясин Құмарұлы. Ол туралы толық мәлімет алуға мүмкіндік болмады. Басылымның құрылымы туралы айтар болсақ, кітап жергілікті зерттеуші Әуелқан Қалиұлы жазған «Беташар» атты алғысөзден және А-дан бастап, Я-мен аяқталатын әліпби тәртібі бойынша жасалған 6000-нан (алты мыңнан) астам мақал-мәтелдер мен олардың түсіндірмесінен тұрады. Әліпби бойынша белгілі бір мақал немесе мәтел беріліп, оның мағыналық түсіндірмесі көрсетілген. Әліпби тәртібі мәтіннің алғашқы сөзінің басқы әрпі бойынша басталып, әліпбилік орналасуы бойынша соңына дейін жалғасады. Сөздіктегі мақал-мәтелдер мен оның түсіндірмесі біртұтас жеке жиынтықты құрап, бірін-бірі мағыналық толықтырып отырған. Томға сөздіктегі мақал-мәтелдердің түгелдей дерлік бөлігі алынды. Олар текстологиялық тұрғыда сараланып, әліпбилік жүйемен түзілді және реттік сандармен нөмірленді.

Кітаптағы Ә.Қалиұлының зерттеуіне қарағанда, Қытай қазақтары мақал-мәтелдерінің жиналуы, жариялануы және зерделенуі ХХ ғасырдың 50-жылдарынан басталады. Оларды қазақ, ханзу халықтарының Жуң Жиң Уын (Ауыз әдебиетінің назариясы. «Шанхай әдебиет-өнер баспасы», 1980), Б.Кәсейұлы (Қазақ әдебиетінің тарихы. «Шыңжаң халық баспасы», 1996), Уаң Жиң (Мақал-мәтелдер назариясы. «Хунан ағарту баспасы», 1982), Би Шуң (Қазақ ауыз әдебиетінің назариясы. «Орталық

¹ Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі. Сөздікті жазған Ясин Құмарұлы. — Үрімжі, «Шыңжаң жастар-өрендер баспасы», 2009. — 785 б.

ұлттар даму баспасы», 2006) сынды тарихшы, әдебиетші және фольклортанушы ғалымдары зерттеп, еңбектер жазған. Ал 70-жылдардан кейін қазақтың халық мұралары жүйелі түрде «Қазақ мақал-мәтелдері», «Қазақтың би-шешендері» (Шыңжаң халық баспасы), «Жоңғо қазағының мақал-мәтелдері» (Құрастырғандар: О.Қанапин, Қ.Сүлейменұлы, С. Мәжитұлы, К.Мұқажанұлы) және «Қазақ мақал-мәтелдерінің таңдамалылары» (бұл жинаққа 350 мақал-мәтел енген) деген атпен жеке-жеке жинақ күйінде жарияланады. Кейінгі жылдары таңдаулы үлгілері «Үш топтама», «Шыңжаң аз ұлттарының мақал-мәтелдері» (жинақта қазақтың 500-дей мақал-мәтелі берілген) атты фольклорлық жинақтар мен оқулықтарда жарық көрген.

Үрімшілік шығарушының алғысөзінде Ө.Қайдардың, Б.Адамбаевтың ғылыми еңбектерін басшылыққа алғаны туралы айтылады. Дүние жүзінде мақал-мәтелдердің түсіндірме сөздігі басылымын жасау үрдісі бұрыннан бар. Қазақстанда мақал-мәтелдерін түсіндірме сөздігін алғаш жазып, жариялаған академик Әбдүәли Қайдар². Я.Құмарұлының «Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігінде» мақал-мәтелдердің қайталанбауына және олардың түрлі нұсқаларын жариялауға ерекше мән беріледі. Үрімжі басылымында мақал-мәтелдің мәтіні мен оның түсіндірмесі былай берілген:

*«Ақымақ адам епшіл келеді,
Ақылды адам көпшіл келеді.*

Ақымақ адам өз қара басының қамын ойлайды, барлық жақсыны өзіне қарай ептейді. Ақылды адам өзін де, көпті де ойлайды, көппен бірге болғанда ғана істің оңға басатынын біледі»³.

Жинақта кейбір мәтіндердің сөздері, тіркестері өзгертіліп, болмаса қысқартылып алынғаны байқалады. Мысалы, «*Аз тапсаң да, адал тап*» деген мақалдың бір ғана әрпі алмастырылып, «*Аз тапсаң да, алал тап*» болып өзгертілген.

² Қайдар Ө.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). — Алматы, «Толғанай Т» баспасы, 2004. — 560 б.

³ Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі. Сөздікті жазған Ясин Құмарұлы. — Үрімжі, «Шинжаң жастар-өрендер баспасы», 2009 ж. 49-б.

Себебі, Үрімжі, Құлжа, Шәуешек, Қашқар аймағы ерте заманнан мұсылман діні күшті дамыған аймақ болғандықтан, тұрғылықты халықтарының тіліндегі «халал» (адал, таза) сөзін қазақтар «алал» күйінде алғанын көреміз. Мәтінде көрші халықтармен араласу әсерімен болған сөздер көп болмаса да, кездесіп отырады.

Үрімжі басылымында Абай Құнанбайұлының мақал-мәтелге айналып кеткен даналық сөздері өз атымен және авторсыз түрде беріліпті. Авторлық туынды болғандықтан, оларды ғылыми жинаққа енгізген жоқпыз.

Томға ұсынылған мақал-мәтелдерде Қытай қазақтарына тән диалектілер, жергілікті, кәсіби, араб, парсы және қытай тілінен енген сөздер де кездеседі. Оларға томның ғылыми қосымшаларында қажетіне қарай түсініктер берілді. Томға еніп отырған мәтіндер Үрімжі қаласында жарық көрген «Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі» атты басылым бойынша дайындалып, кирилл әрпінде алғаш рет жарияланып отыр.

Қ. Орынғали

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет-қайымды жаратушы, Ислам дінінің баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: Алла — жалғыз, Алла — мәңгілік, ол тумады да туылмаған, әрі оған ешкім тең емес.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәниде істеген қылықтарын таразылап, біреулерін — жұмаққа, басқаларын тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Атап айтқанда, Мұса (Моисей) мен Иса (Иисус) осындай өкілдер болды. Мұхаммед — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен 23 жылда толық түсті.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. басқа өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз тамаша есімдері көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Әзірет Әли (Әли Әбу Талип, т.ж.б.-661) — «әділ халифтердің» төртіншісі және соңғысы. Мұхаммед пайғамбардың немере інісі және күйеу баласы (қызы Фатиманың күйеуі). Осман өлгеннен соң 656 жылы халиф болып жарияланды. Оны Египет, Ирак, Мекке және Медине қолдады. Бірақ Сирия билеушісі Муавиямен

Пайғамбардың жесірі Айша қарсы болды. Бұл мұсылмандардың Әли жақтастары (шииттер) және оның қарсыластары (суниттер) болып екі бөлінуінің басы еді. Екі жақтың арасындағы қайшылықтардың салдарынан өзі де қайтыс болады. Әли суниттер үшін қарапайым пенде, адалдықтың, батырлықтың, қайырымдылықтың үлгісі ретінде қалса, шииттер үшін ол Мұхаммедтің тікелей мирасқоры, оның Алламен байланысын жалғастырушы. Кей шииттік секталарда дүниеде теңдесі жоқ жан ретінде бағаланады. Қазақтар арасында Әли есімі «Әзірет Әлі», «Әзіреті Әлі» тұлғасында аталып, оған үлкен құрмет білдіріледі.

Барақ (Көкжал) батыр (шамамен XVII ғ. соңы—XVIII ғ. ортасы)—батыр. Найман тайпасының ергенекті-көкжарлы руынан. «Көкжал Барақ» деген атпен бүкіл қазаққа белгілі болған тарихи тұлға. Көкжал атануына орай жорамалдар көп. Алайда бұл атау қайсарлығы, ерлігі үшін берілгені анық. Ертістің оң жағалауынан Алтай тауларына қарай кететін кең алқапты қалмақтардан тазартуға қатысқан. Алакөл жағалауы, Шыңғыстау, Тарбағатай баурайында жоңғарларға қарсы ұрыстарда ерлігімен көзге түскен. Барақ Жайыл қырғынында 69 жасында опат болған.

Есім хан — Шығай сұлтанның ұлы. Қазақ хандығының астанасы Түркістанда тұрып билік жүргізген. Сұлтан кезінде-ақ, ағасы Тәуекел ханмен екеуі Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді қазақ хандығы құрамына қосқан. 1598 жылы ағасы қайтыс болған соң, хан тағына отырады. 1599 жылы Бұхар хандығымен шарт жасасып, Ташкент қаласы мен оның айналасын Қазақ хандығына қосып алады. Осыдан бастап Ташкент екі ғасыр бойы Қазақ хандығы билігінде болды. Есім хан билік құрған заманында өз елінің салт-дәстүрлерін құрметтей отырып, заң-ережелерін шығара бастады. Бұрыннан келе жатқан «Қасым ханның қасқа жолы» атты ережелерді басшылыққа ала отырып, заңды одан әрі толықтыра түсті. Күнделікті көшпелі тұрмыстағы даулы мәселелерді шешуде азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарда «ата-баба жолы» басшылыққа алынды. Есім ханның бұл ережелері халық көкейінен орын тепкендіктен, «Есім ханның ескі жолы» деп атап кетті.

Жәдік, Жантекей, Қарақас, Молқы — Керейдің он екі руының төртеуі.

Қасым хан (шамамен 1445 ж. т. — 1518 немесе 1523 ж. қ.б.) — қазақ ханы, Жәнібек ханның баласы, Бұрындық ханның бас қолбасшысы, Бұрындық хан биліктен кеткен соң Қазақ хандығының тағына отырады. Қасым хан билігі тұсында қазақтар мен Шайбани әулеті арасында Сырдария жағасындағы қалалар үшін бірнеше шайқастар болды. Мемлекет іргесін нығайту мақсатында, халық жадысында «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен сақталған заң-ережені енгізеді. Қадырғали Жалайридің айтуынша, Қасым хан Сарайшықта қайтыс болған.

Қорқыт (VIII ғ.) — абыз, күйші, аңыз кейіпкері. Ватикан архивінде Қорқыт туралы «Расул пайғамбар заманына жақын кезде (VII-VIII ғ.) Баят (Сырдария) бойында Қорқыт ата атты бір ер болыпты. Оғыз ішінде барлық уәлаятты ол өзіне қаратып, неше түрлі ғажайып сөздер сөйлеуші еді. Ісі болса, бәрі оның алдына келіп кеңес сұрап, ол не бұйырса, соны қабыл етер еді» деген дерек бар. Ел аузында «Қорқыт айтты» деген мәтелдер жиі кездеседі. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Қорқыт — асқан күйші ғана емес, қазақ музыкасының, ән-күй өнерінің атасы.

Құнанбай (1804-1886) — би, аға сұлтан. Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер. Құнанбай жасынан палуан, найзагер болды, қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласты. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрып, Құдайға құлшылық етушілерге арнап тәккия (қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырады. Құнанбай — аса күрделі тұлға, билік тізгінін ұстаған кезіндегі қайраткерлігі қарама-қайшылықтарға толы. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын — қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шариат жолын қатар ұстанды. Ел арасында Құнанбай айтты деген нақыл сөздер кең таралған.

Қыдыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қыдыр бейнесін көне

архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Майқы би (*Байқы, Байки, Байқу*)—ежелгі қазақ қоғамында аңызға айналған тарихи тұлға, атақты би, шешен. Әділ билігімен, шешендік сөз өнерімен түркі халықтары арасында кең тараған. Майқы би есімі қазақтардың шығу тегі жөніндегі көптеген аңыздарда жиі кездеседі және Дешті Қыпшақта түркі қауымдарының негізін құрушы ретінде ұдайы айтылады. Халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын заңға айналдырып, қоғамдық қару етуде Майқы бидің алатын орны ерекше. Халық арасында кең тараған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би» деген мақал бар. Майқы би түркі халықтары әлі бөлінбей тұрған кезде өмір сүрген әрі әділдігімен, әрі шешендігімен аты көп айтылғандықтан жалпытүркілік қайраткер дәрежесіне көтерілген.

Сүлеймен — Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

СӨЗДІК

Абат /п/ — бай, берекелі

Адарғы — кілем, алаша тоқығанда пайдаланатын, өрмек жіптерін асты, үсті етіп бөліп көтеріп тұратын жұқа тақтайша түріндегі аспап.

Адырақпай — өпербақан, ұрда-жық

Ажығұнық /ж.с./ — бері жығыл десе, ары жығылатын қырсық адам

Ақпан-тоқпан — ақпан айында болатын үш-жеті күндік қатты суық, амал

Ақым — көрдің өлік жерленетін орны, қуысы

Алал /а/ — адал

Алшын — шөбі шабылған, оты тозған жерге сол жылы қайтадан шыққан шөп, шиен

Аша /ж.с./ — аяқ

Әйдік — үлкен, ірі, дәу; жақсы, тамаша

Әулекі — өзін-өзі ұстай білмейтін дарақы, даңғой, әумесер

Бақыл — сараң, тойымсыз

Бидайық — тұрымтай, қаршыға тұқымдас жыртқыш құс

Гүлстан /п/ — гүлденген жер, ел

Ғаріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Ғазиз /а/ — ардақты, қымбатты

Далда — таса жер, қалқасын

Жаужұмыр — шөл, шөлейт өңірлерде өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік

Жаһаннам /а/ — діни ұғым бойынша, дүние салғаннан кейін күнәға батқандар баратын жер. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады.

Жәннат /а/ — бақ. Діни ұғым бойынша, о дүниеде күнәдан таза адамдардың баратын орны (жұмақ, пейіш). Жәннат — бұлақтар мен сулары мол, саялы бақ. Онда дәмі өзгермейтін сүт өзені, шарап, бал өзендері ағады. Жәннатты Ридуан бастаған періштелер күзетеді.

Жемтір /ж.с./ — жұлма-жұлма, тозған

Зымыстан /п/ — қорлық, дозақ

Илат — жарамсыздық

Кәлла /п/ — бас

Кеусен /к.с./ — дәндей берілетін садақа, төленетін ақы, алым

Көлтек /ж.с./ — жарамсақ, жағымпаз

Қайбана /ж.с./ — қатардағы қарапайым, жай

Қар /п/ — жеңіл мінезді, суық жүрісті

Қаридар /ж.с./ — мұқтаж, зәру

Қира /ж.с./ — тентек, сотқар

Қолау — жылқы (тай, құнан т.б.) аяғынан ақсап қалатын ауру

Құмайық /к.с./ — құмай

Лепес — айтылған сөз, лебіз

Машайық /а/ — діни басшы, тәрбиеші

Мекер /а/ — айлакер, қу

Нәмәрт /п/ — сараң; айтқан сөзінде тұрмайтын, опасыз

Сәурік — жаңадан үйір ала бастаған жас айғыр

Тәлей /а/ — бақ, несібе

Үргедек — қорқақ

Үстірік — сүргі

Хатира /а/ — естелік

Шажә — таудың шынар басын мекендейтін, дауысы ащы құс.

Шарқая /ж.с./ — бұзақы, ұрысқақ, ашушаң

Шобыр — қарабайыр, көнбіс

Шыбжық — ұшқалақ

Шыр /к.с./ — ынтымақ, бірлік, татулық; нәр, маңыз; күш, қуат

Хараб /а/ — быт-шыты шығу, құру, жойылу

Химат /а/ — құндылық

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алатау — Орта Азия мемлекеті мен Ресейдің Сібірдегі тау жотасының жалпы атауы. Оларға Күнгеі Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатаулары жатады.

Арыс — Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзен, Сырдарияның оң жақ саласы. Ақсу-Жабағылы қорығына жақын Шақпақ бұлағынан (Қаратау мен Талас Алатауының аралығында) бастау алып, Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының Талапты ауылы маңында Сырдария өзеніне құяды.

Бағдат — 1921 жылдан қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансұр 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары (Насреддин Туси, Әл-Фараби т.б.) оқып, білім алған.

Балқан — мұндай жер атауы Орта Азияда да, Еуропада да кездеседі. Бүгінгі Түрікменстанның солтүстік батыс бөлігінде Балхан атты аласа таулы аймақ бар. Оңтүстік Еуропадағы осы аттас түбек Кіші Азиядан Мәрмәр теңізі, Босфор, Дарданелл бұғаздары арқылы бөлінеді.

Еділ — Еуропадағы ең үлкен өзен, Валдай қыратынан басталып, Каспий теңізіне құяды.

Жайық — Каспий теңізі алқабындағы өзен. Ол Ресейдің Башқұртстан, Челябинск, Орынбор әкімшілік аймақтарының және Қазақстанның Орал, Атырау облысының территориясымен ағады.

Қаратау — Еуразия түркі тілдес халықтар қоныстанған аймақтардағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Қаратау атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Иран, Шыңжаң автономиялық ауданы, Кавказ, Қырым т.б.) жиі кездеседі.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысында Ніл өзені бойында құрылған ертедегі мемлекет. Қазіргі таңда ірі араб мемлекеттерінің бірі. Астанасы — Каир қаласы.

Мысыр жерін адам баласы палеолит дәуірінен мекендей бастаған. Б.З.Б. 4-мыңжылдық шамасында Ніл өзені бойына жиналған тайпалар (протосемит, бербер, кушит т.б.) өзара араласып, Мысыр халқы қалыптасты. Мысыр жерінде Батыс және Шығыс мәдениеттері біріктірілді. Мәдениеті ежелгі дәуірде антикалық мәдениеттің, кейіннен Еуропа және мұсылман мәдениеттерінің бастау болды.

Үрім, Рұм — Шығыс халықтары орта ғасырда Византияны осылай атаған. Сол халықтардың фольклоры мен әдебиетінде Рұм атауы өте алыс, ғажайып тамашаның символы ретінде қолданылған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/ж/ — жергілікті

/қыт/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Адамбаев Б.* Мақал-мәтелдер. — Алматы, 1996.
2. *Адамбаев Б.* Халық даналығы. — Алматы: «Рауан», 1996.
3. Ақылдың көзі. Ел аузынан жинап, құрастырған, алғы сөз, түсініктерін жазған филология ғылымдарының кандидаты Қыдырәлі Саттаров. — Алматы: «Жазушы», 1990.
4. *Әлімбаев М.* Мақал-мәтелдер, жұмбақтар. — Алматы, 1978.
5. *Ғабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. Өңделіп, толықтырылып үшінші басылуы. — Алматы: «Мектеп», 1974.
6. *Егеубаев О.* Қытайдағы Қазақ фольклоры // Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.23: Хикаялық дастандар. — Астана: «Фолиант», 2005. — 360 б.
7. *Қасқабасов С.* Ойөріс (Фольклор туралы). — Астана: «Астана полиграфия». 2009. — 320 б.
8. Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі / Сөздікті жасаған *Ясин Құмарұлы*. — Үрімжі: «Шыңжаң» жастар-өрендер баспасы, 2009.
9. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5 том. — Алматы, 2004.
10. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. Қазақ фольклорының тарихы. Том 1. Жалпы ред. басқарған — ҚР ҰҒА-ның академигі *С. Қасқабасов*. — Алматы: Қазақпарат, 2008. — 812 б.
11. *Мұстафаұлы С.* Тұрақты сөз тіркестеріндегі жергілікті ерекшеліктер (Қытайдағы қазақтар тілі материалы бойынша). — Алматы: «Қазақ университеті», 2003. — 170 б.
12. Тозған қазды топтанған қарға жейді (Шешендік сөздер, халық мақал-мәтелдері). Құрастырып, алғысөзін жазған *Балтабай Адамбаев*. — Алматы: «Рауан», 1991. — 192 б.

13. *Турманжанов Ө.* Қазақ мақалдары мен мәтелдері. — Алматы, 1935.

14. *Үрімова Р. К.* Қазақ тілінің аймақтың мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің этноқұрылымдық сипаты. Автореферат. — Алматы, 2009.

15. *Хайдар Ө. Т.* Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). — Алматы: Толғанай «Т», 2004.

16. Арабско-русский словарь / Составитель *Х. К. Баранов*. — Москва, 1968.

17. Древнетюркский словарь. — Ленинград: «Наука», 1969.

18. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова*. — Алматы: «Дайк-Пресс», 2001.

19. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 томдық / Жалпы редакциясын басқарған — *А. Ы. Ысқақов*. — Алматы: «Ғылым», 1974-1986 жж.

20. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст.: *Т. Жанұзақов, С. Омарбеков, Ө. Жүнісбек* және т.б. — Алматы: «Арыс», 2006. 1-том. — 752 бет.

21. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған — профессор *Т. Жанұзақов*. — Алматы: «Дайк-Пресс», 1999. — 776 б.

22. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / Құрастыр. *І. Кенесбаев*. — Алматы, 1977.

23. Персидско-русский словарь / Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — Москва, 1970.

24. Татарско-русский словарь. — Москва: «Советская энциклопедия», 1966.

25. Турецко-русский словарь. — Москва: «Русский язык медиа», 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

К настоящему времени подготовлены и изданы 66 томов. Вышли в свет тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов дастанов религиозно-нравственного содержания, одиннадцать томов дастанов романического (любовного) содержания, одиннадцать томов исторических поэм, двадцать томов героического эпоса, один том генеалогических дастанов, один том загадок и два тома пословиц и поговорок. Десять томов включают в себя публикации казахского фольклора в Китае. В дальнейшем публикация лучших образцов казахского фольклора будет продолжаться.

Вниманию читателей 67 тома представлены пословицы и поговорки казахов, проживающих в Китайской Народной Республике. В настоящее время в Китае проживает 1,5 миллиона казахов. Собранное в казахской диаспоре Китая народное наследие составляет объем 10 томов. Это немалое наследие, осмысленное с научной точки зрения, систематизированное, оно имеет непреходящее значение для всех казахов, проживающих как в Казахстане, так и в России, Туркмении, Узбекистане, Иране, Монголии. Об этом Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев так говорил в своем выступлении на II Курылтае казахов: «Волею судьбы, вынужденные покинуть родину наши предки и их потомки оставили богатое духовное наследие. И наша задача –

бережно собрать и представить его не только казахам, но и всему миру».

10 томов серии (23-32 тома) вышли с подзаголовком «Казахский фольклор в Китае» («Новеллистические дастаны» — 23, 24 том, «Романические дастаны» — 25, 26, 27 тома, «Исторический эпос» — 28, 29, 30 тома, «Генеалогические дастаны» — 32 том). Большая заслуга в их подготовке к печати принадлежит профессору Оразанбаю Егеубаеву.

В этом году составители серии вновь вернулись к фольклору китайских казахов и подготовили пословицы и поговорки, собранные в диаспоре. Научная новизна тома состоит в том, что они собраны непосредственно у проживающих там казахов и приводятся по изданному в Урумчи сборнику 2009 года «Толковый словарь казахских пословиц и поговорок».

Необходимо отметить, что публикация этих пословиц и поговорок имеет большое значение не только для казахов, проживающих в Китае, — это общенациональное богатство, национальная кладовая.

Вышеуказанный том был издан принятым для мусульман Китая арабским шрифтом, мы приводим материал на кириллице. Нашей задачей было стремление высветить региональный фольклор. В последние годы развитию изучения регионального фольклора придается большое научное значение. Так, представляет интерес собирание и изучение пословиц и поговорок Южного Казахстана, а также граничащих с ним Узбекистана, Каракалпакии, которые нашли отражение в сборнике Қыдырәли Сәттарова «Ақылдың көзі». Исследование регионального фольклора будет продолжено и отражено в издании «Бабалар сөзі».

Региональные пословицы и поговорки дадут возможность для дальнейшего углубления отечественного литературоведения и откроют новые возможности научных исследований.

Очередной том серии «Бабалар сөзі», в соответствии с основными принципами этого многотомника, снабжен научными приложениями. Научные приложения включают в себя сведения о пословицах, сведения об исторических личностях, толкования значений арабских и персидских слов, указатель топонимических названий; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Объем тома — 29 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art continues preparation and publication of the volumes of the Collection of Kazakh folklore «Babalar sozi», performed within the State program «Madeni Mura» («Cultural Heritage»).

At present period 66 volumes have been prepared and published. Thirteen volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious dastans and moral content, eleven volumes of dastans with romantic (love) content, eleven volumes of historical dastans, twenty volumes of heroic dastans, one volume of genealogical dastans, one volume of riddles and two volumes of proverbs and sayings. Ten volumes include the publication of Kazakh folklore in China. The publication of the best examples of Kazakh folklore will be further continued.

The proverbs and sayings of Kazakh people living in China have been presented to the readers of the volume 67. Currently 1.5 million of Kazakh people live in China. Chinese national heritage collected in the Kazakh Diaspora includes 10 volumes. This is a significant legacy which is realized from a scientific point of view, systematized and is essential for all Kazakh people living in Kazakhstan and Russia, Turkmenistan, Uzbekistan, Iran, Mongolia. The President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev has mentioned in his speech at the II Kuryltay of Kazakh people: «By the chance of fate, forced to leave their homeland, our ancestors and their descendants have left a rich spiritual heritage. So our task is to carefully collect and present it to not only Kazakh people but also worldwide».

10 volumes of the series (23-32 volumes) have been published under the subtitle «The Kazakh folklore in China» («Novelistic

dastans» — 23, 24 volumes, «Romantic dastans» — 25, 26, 27 volumes, «The historical dastans» — 28, 29, 30 volumes, «Genealogical dastans» — 32 volume). Professor Orazbay Egeubayev has contributed much to the preparation and publishing.

This year the compilers of the series have again returned to the folklore of Kazakh people living in China and prepared proverbs and sayings which have been collected in the Diaspora. Scientific novelty of the volume is that they have been collected from the Kazakh people who live there and are included into the collection of 2009 «Glossary of Kazakh proverbs and sayings».

It should be noted that the publication of these proverbs and sayings has a great importance not only for the Kazakh people living in China — this is a national value and national treasure.

The above mentioned volume was published in Arabic script accepted by Muslims in China, we present the material in the Cyrillic alphabet. Our goal was to highlight the regional folklore. In recent years the development of a regional study of folklore is of great scientific significance. The collection and study of proverbs and sayings of Southern Kazakhstan and its neighboring countries such as Uzbekistan, Karakalpakstan, which is reflected in the collection of Kydyrali Sattarov «Akyldyn kozi», represents a great interest. Regional folklore studies will be continued and reflected in the publication «Babalar sozi».

Regional proverbs and sayings will provide the opportunity for the further deepening of domestic literature and open up new opportunities for scientific research.

In accordance with the basic principles of this multi-volume edition, the volume of the series «Babalar sozi» includes scientific annexes. Scientific applications include information about proverbs, information about historical personalities, the meaning of Arab and Persian words, index of toponymic names; bibliography, summary in Russian and English languages.

Size of the volume — 29 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
Мәтіндер	
Қытай қазақтарының мақал-мәтелдері	11
Ғылыми қосымшалар	
Томға енген мәтіндерге түсініктеме	445
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	448
Сөздік	452
Жер-су атаулары	454
Шартты қысқартулар	456
Пайдаланылған әдебиеттер	457
Резюме	459
Summary	461

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

67 том

КАЗАХСКИЕ ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*
Редакторы: *Ү.С. Тілегенова*
Техникалық редакторы: *Э. Заманбек*
Компьютерге терген: *Е. А. Сманова*
Компьютерде беттеген: *М.О. Ногайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2497

Теруге 15.01.11 жіберілді. Басуға 22.03.11 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 29,0. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №255.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-228-8



9 786012 922288